

Қазақстан Республикасы
Мәдениет, ақпарат және
қоғамдық келісім
министрлігінде 2002 жылы
3-мамырда тіркеліп,
№2904-Ж куәлік берілген

ҚАЗАҚ ТАРИХЫ

Ай сайын шығатын
республикалық ғылыми-
әдістемелік журнал

Меншік иесі – “Қазақ тарихы” ЖШС

№8 (185),
ТАМЫЗ
2020 ЖЫЛ

1993 жылдың шілде
айынан бастап шығады

БАС РЕДАКТОР –
Әбділдабек САЛЫҚБАЙ

ЖАУАПТЫ РЕДАКТОР –
Нұргүл ҚАСЫМҚЫЗЫ

АҚЫЛДАСТАР АЛҚАСЫ:

Х.Әбжанов, М.Қойгелдиев,
Т.Омарбеков, – т.ғ.д. акад.;
Б.Аяған, Ә.Мұқтар – т.ғ.д., проф.;
Д.Сәтбай, С.Сымағұлова, Ұ.Ыс-
мағұлов – т.ғ.д. доц.; Н.Әлімбаев,
Д.Салкынбек, Қ.Құнафина
– т.ғ.к., доц.; Т.Шаңбай –
ф.ғ.к. проф. С.Дүйсен – п.ғ.к.,
Қ.Қарамандаев – тарихшы-
зерттеуші.

С.Әбішқызы – тұңғыш бас
редактор. Б.Матеева – ұс-
таз-әдіскер. Ш.Танмамбетова,
Г.Серікбаева, С.Ишебаева,
Ұ.Елшібай – озат ұстаздар.

Басуға 12.08.2020 ж. жіберілді.
Пішімі 84 x 108^{1/16}.
Шартты б.т. – 5. СТР
басылым. Бағасы келісімді.
Таралымы – 1380.
Индекс – 75748.

Редакцияда беттеліп-қатталып,
"Акимбаев" ЖК-де басылды.

Авторлар қазақша ғылыми-
теориялық мақалаға орысша,
ағылшынша, орысша мақалаға қа-
зақша, ағылшынша, ағылшынша
мақалаға қазақша, орысша резюме
ұсынуға міндетті. Мақаланың ғы-
лыми нақтылығына, тілінің жа-
тықтығына автор жауапты.

Ал ұстаздар журналға 1
жылға толық жазылған тү-
біртегінің көшірмесін салуы
қажет. Авторлардың байлам-
тұжырымдары редакция көзқара-
сымен сәйкеспей де мүмкін. Кө-
шіріп басылса не пайдаланылса,
сілтеме жасалуы тиіс.

Журнал ҚР БҒМ Білім және
ғылым саласындағы бақылау
комитеті (БҒСБК) ұсынған
тізімде бар.

Журнал в списке рекомендо-
ванных ККСОН МОН РК.

МАЗМҰНЫ

Ғылыми зерттеулер мен танымдық мақалалар

Тұрдығұл Шаңбай. Абай музейі – даналық музейі.....	2
Гүлфайруз Қайырғалиева.	
Әбіш Кекілбаев шығармаларындағы тарихи тұлғалар	6
Әсем Қоспағарова. Жазушы Д.Досжанның "Ақ орда" шығармасы.....	9
Динара Маратова. Су Бейхайдың зерттеулері	12
Жанар Смаханова. Су Бейхайдың "Қазақтың жалпы тарихы" оқулығы.....	15
Нұрсұлу Дүйсенова, Сымбат Игілікова.	
Е.Бекмахановтың Шоқан Уәлиханов туралы жазбалары	18
Өтеген Исенов. Пугачев бастаған	
шаруалар соғысына қазақтардың қатысуы.....	22
Гүлбану Избасарова. 1824 жылғы реформа нәтижесі	24
Гаухар Бақаева. Қазақстандағы архив ісінің ұйымдастырылуы	28
Д.Әбенев, Б.Әбеннова, А.Избанова.	
Ақтөбе губерниясындағы ашаршылық.....	30
Айдын Әбденев. Мұнай құбырлары басқармаларының қалыптасуы.	33
Болат Нығметов. Атырау облысының еңбекшілері.....	36
Ақмарал Ералина. Қостанайлықтардың тылдағы ерен еңбегі.....	39
Мәдина Қадырбаева. Бөкей ордасы мен	
Торғай облысындағы мектептердің ашылуы	41
Сәуле Мәлікова. Өлке тарихының қайнар көзі.....	46
Минсара Қараманова, Сәуле Есенгелдиева.	
Елбасы Н.Назарбаевтың "Тарих толқынында" еңбегі.....	47
Досан Қаумен, Тілеген Садықов. Адам капиталы түсінігі мен түрлері	49
Ерке Қонбай. Қазақстандағы ішкі көші-қон ахуалы	52
Ұзақбай Исмағұлов. Тарихшы-ғалым Әбу Төкенов	56
Талдыбек Нұрпейіс, Жұмахан Арынов.	
Преемственность идей искусства саков	58
Талгатбек Аминов.	
Экономика Казахстана в новых геополитических условиях.....	61
Даурен Майхиев. Историческая роль Нурсултана Назарбаева	63
Мейрбек Турадилов, Шымырбай Нартбаев.	
Из истории изучения наскальных писем Туркестанского края.....	68
Сауле Багдатова. Региональные ассамблеи народа Казахстана	70
Гульмира Купенова.	
Российская этнополитика второй половины XIX века.....	72

Оқыту. Әдістеме. Тәжірибе.

Динара Игенбаева. Ислам және отбасы құндылықтары.....	76
Көңіл айту. Болаттай берік болыңыз. Жақпаны шырақ, мінгені пырақ болсын.....	76
Бибігүл Жәкиева. Қашықтан оқыту – бүгінгі күннің талабы	77
Светлана Төлегенова. Жарқын болашаққа бастама	78
Қаныш Садыр. Сақ патшайымы Томирис	79
Ғайзат Елубай. Өлеңдер.	80

«Талант мені таны деп ешкімді жазадан алмайды, талантты танып алады» деген еді даңдайыр, даңғыл жазушы Мұхтар Әуезов. Сол кемеңгер айтқандай, әлдеқашан исі қазақтың төлқұжатына, ұлттық құндылығына айналуға тиіс Хакім Абай «мені таны деп ешкімді жазадан алмады», ал «талантты танып алуға» біздің өреміз жетпеді. Сондықтан қалың елі, қазағы ғана емес, оқымыстылардың өзі әлі күнге дейін осынау адамзаттың асыл перзентін тани алмай келе жатқандай көрінеді бізге. Тани алмағаны – басын көпшілігіміздің Абайдың мектеп бағдарламасындағы біреу өлеңінен басқасын біле бермейтінімізде. Ал барлық шығармасын білем деушілердің жекелеген өлеңдерінің он шақты, кейде жиырма шақты шумағының үш-төртеуінен әрі аса алмауында. «Махаббатсыз – дүние дос» па, әлде «Махаббатсыз – дүние дос» па, «Жүрегімнің түбіне терең бойла» ма, әлде «Жүрегімнің...» де деген сияқты жұмбақ сөздерінің мәнісін ұғып, мәнін түсінуде әлі ортақ пікірге келе алмай жатқанымызда. Өйткені Абай мұхиттай алып та тұңғыш терең болса, біз соның жағасындағы жылтырап жатқан бұлақтай ғанамыз... Сондықтан осынау мерейтойды пайдаланып, абайтануға аз да болса ұмтылыс жасап көру үшін Абайдың «Жидебай-Бөрілі» мемлекеттік тарихи-мәдени және әдеби-мемориалдық қорық-музейінің директоры, ҚР Тарих және қоғамдық ғылымдар академиясының академигі, филология ғылымдарының кандидаты, ҚР Мәдениет қайраткері, ҚР Білім беру ісінің үздігі, Шәкәрім атындағы СМУ-дың және М.Қозыбаев атындағы СҚМУ-дың құрметті профессоры Тұрдықұл Шаңбай мырзаны әңгімеге тартқан едік.

Тұрдықұл ШАҢБАЙ:

АБАЙ МУЗЕЙІ – ДАНАЛЫҚ МУЗЕЙІ

– Құрметті Тұрдықұл Қасенұлы! Әуелі қазақтың бас ақыны, хакім Абайдың музейіне басшы болып келуіңізбен «Қазақ тарихы» журналының редакция алқасы мен ақылдастар кеңесінің және Шәкерім атындағы Семей мемлекеттік университетінің 1984 жылғы түлектері атынан құттықтаймын! Бұған дейін Ғылым академиясы мен Қазақ энциклопедиясынан, Әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік университеті мен Шәкерім атындағы Семей мемлекеттік университетінен, «Түркістан», «Шәкерім», «Лев Гумилев» сынды атаулы энциклопедияларды жасаудан, «Алаштану» орталығының ісін ілгері бастырудан жиған қыруар біліміңіз бен тәжірибеңізді енді Абай атамыздың музейін жандандыру мен ұлттық құндылыққа айналған мол мұрасын халыққа насихаттау ісіне жұмсайтыныңызға бек сенеміз! Дәстүр жалғастығы деген осы шығар?! Абай музейінің ашылуы кемеңгер жазушы Мұхтар Әуезовпен, әйгілі абайтанушы ұстазымыз Қайым Мұқаметханұлының есімдерімен тікелей байланысты. Өзіңізді Кәкеңнің избасар шәкірті десек, артық айтқандық емес. Тікелей сол кісінің жетекшілігімен дипломдық жұмыс жазып, студент кезіңізде Абай музейіне барып жүртініңіз жадымда. Таңдаған тақырыбыңызға байланысты сол кезде үлкен шу болғаны да есте шығар?!

– Жылы лебізіңе үлкен рахмет, Әбеке! Қалайша есімде болмасын... қазақтың біртуар данасы, қайсар

ғалым Қайым аға маған студент кезімде Еңлік пен Кебек сюжетіне жазылған шығармаларды салыстыра зерттеу туралы тақырып беріп, дипломдық жұмыс жазып едім ғой. Көкең жарықтық оқыған дәрістерінде Абайдың ақындық мектебін талдағанда Алаш алыптары туралы да там-тұмдап сыр суыртпақтаушы еді... Осы тақырыпқа қатысты барлық жарық көрген шығармаларды салыстыра зерттеп жүргенімде, ішінде әлі ақталмаған Шәкерімнің «Еңлік-Кебек» поэмасын да қарастырған едім. Шу содан басталды ғой... Мағауия Абайұлының поэмасының екінші нұсқасы екен деп қалдым деп құтылып едім. Сонда ұстазым Қайым ағаға да сөз келіп еді-ау. Талайды бастан өткерген арыстан жүректі алыптың еш саспағанын сонда көріп едік.

Шындығында, жақсы айттың. Дәстүр жалғастығы болсын... Хакім Абай музейінің ашылуына, оның қалыптасуына музейдің директоры ретінде ұстазымыз Қайым ағаның істеген еңбегі ұлан-ғайыр. Оны байырғы жыршылардай сағаттап толассыз жырлауға болады. Ол бөлек тақырып... Бұл туралы баспа бетінде недәуір айтылып жүр.

Мың мысалдан, бір мысал келтіріп өтейін. Абайдың орыс достарының қолдауымен сол заманда Семейде өлкетану музейі ашылғанда соған Абай қазақ тұрмысынан көп дүние тапсырған ғой. Кейіннен Абай музейі ашылғанда соларды іздеп тауып, осы музейге әкелген де Қайым аға болатын. Қазір осы дүниелер Абай музейінің ең құнды жәдігерлері санатында.

Жалпы, ұстазымыз Қайым ағаның харекеті тұнып тұрған ерлік қой.

– Мынау адамзат баласының басына жұқпалы індет, «жаман тымау» келіп, баршамыз үйге тығылғанда Абай музейіне басшы болып бардыңыз... Күтпеген жерден ең қиын кезеңде мұндай жауапты жерге апарып қойғанына қарағанда, нақтылы мемлекеттік деңгейде тапсырмалар берілген болар. Осыны оқырман қауымға таратып айта отырсаңыз... Соңғы бес айда өзіңізді көрмек тұрмақ, телефонмен тілдесудің өзі мұң болып кетті ғой...

– Әбеке, асырыңқырап жіберген сияқтысыз... Дегенмен, сеніп тапсырған соң, жауапкершілік еселене түсетіні де рас. Жинақтап айтсақ, негізінен алдыға қойған мақсаттар мен жұмыстарды шартты түрде екіге бөлуге болады. Біріншісі – мерейтойға дайындық, екіншісі – музейдің ғылыми мазмұны туралы үлкен тапсырмалар...

Алдымен мерейтойға дайындық мәселесіне тоқталсақ. Үкіметтің арнайы шешімімен хакім Абай музейіне қатысты барлық тарихи-мәдени орындарды жаңартуға, қалпына келтіруге мол қаражат бөлінгенінен ел іші хабардар. Енді сол қаражатты игеріп, игілікке жаратуға кірісетін кезде мен басшы болып келдім. Бел шешіп кірісуге тура келді. Жұмыс ұшан-теңіз, уақыт өте тығыз... Енді сол жүргізіліп жатқан кешенді жұмыстарды жүйелеп айтсақ мынадай: құрылыс-жөндеу жұмыстары, абаттандыру жұмыстары, қайта жаңғырту жұмыстары, музейлендіру жұмыстары және ғылыми-танымдық жұмыстар.

Жалпы, Абайдың «Жидебай-Берілі» мемлекеттік тарихи-мәдени және әдеби-мемориалдық қорық-музейі сегіз бөлімшесі (экспозициясы) бар, ерекше мәдени-танымдық орталықтандырылған мекеме. Олар: Үржар ауданы Мақаншы ауылындағы «Әсет Найманбайұлы музей-үйі», Абай ауданында «Шәкір Әбенов музей-үйі», «Көкбай мешіт-медресесі», Жидебайдағы «Абайдың музей-үйі», «Жидебай» қорығы, Шәкәрімнің «Саят қора» экспозициясы, Берілідегі «Мұхтар Әуезов музей-үйі», Семей қаласындағы «Алаш арыстары және М.Әуезов» музейі, «Ахмет Риза мешіті мен медресесі», «Абайтану музей-үйі» және Абайдың «Жидебай-Берілі» мемлекеттік тарихи-мәдени және әдеби-мемориалдық қорық-музейінің Бас ғимараты-музейі.

Байқайсыз ба, осы аталған кешенді мәдени-тарихи құрылымдардың көбінде құрылыс-жөндеу жұмыстары жүріп, енді сол жұмыстар толық аяқталып келеді. Барлық бағытта бір сәтте басталған құрылыс-жөндеу жұмыстары қызу жүрген шақта 700-ден астам адам тартылған кездер болды. Сол жұмыстардың дұрыс жүруі, пандемия кезінде тәртіп сақтату оңай болған жоқ. Осы жауапты сәттерден абыроймен шықтық деп айта аламыз.

– Иә, Тұрдықұл Қасенұлы! Әңгіме ауанына қарағанда музей қызметкерлеріне оңай соқпаған сияқты. Құрылыс-жөндеу жұмыстарынан кейін болатын қайта жаңғырту және музейлендіру жұмыстарының ерекшеліктеріне тоқталып өтсеңіз.

– Рахмет, Әбеке! Сіз атаған екі жұмыс – музейдің болмысы мен мазмұнын ашатын жұмыстың ерекше түрлері. Қайтажаңғырту – таза құрылыс-жөндеу жұмыстарына жатпайды, ол, негізінен бұрыннан бар мәдени құндылықтарды қалпына келтіру, сақтау, жарқыратып жаңарту, яғни шығармашылық жұмыс. Оны арнайы маманданған «Қазқайтажаңғырту» мекемесінің мамандары жүргізді. Атап айтсақ, Жи-

дебайдағы «Абайдың музей-үйі», «Шәкәрімнің «Саят қорасы» экспозициясы», «Ұлжан-Зере» кесенесі, Берілідегі «Мұхтар Әуезов музей-үйі», Семей қаласындағы «Ахмет Риза медресесі мен мешіті», «Абайтану ғылыми-зерттеу орталығы» (бұрынғы бас ғимарат), міне, осы экспозицияларда толық қайта жаңғырту жұмыстары жүрді. Онымен айналысатын мамандардың қолынан шыққан жұмыстардан кейін, аталған бөлімшелерге өң кіріп, жанданып кетті десем артық айтқандық емес.

Мен мынау сексен жылдық тарихы бар, сансалалы Абай музейін үлкен бір мәдени-тарихи планета сияқты көз алдыма елестетемін. Қазақтың ой-санасының Ордасы ғой бұл. Сондықтан оған құрметтің ерекше болмағы заңдылық деп білемін.

Ал, музейлендіру жұмысы – музейдің мазмұны, музейдің жүрегінің лүпілдеп соғуы... Оған мол қаржы бөлініп, бұл бағыттағы жұмыстарды да осы сала бойынша маманданған мекеме жүргізуде. Музейтану саласында «музей ғимаратының жобасы» деген ұғым бар. Ғимараттың дұрыс жобалануы – музейдің мазмұнын толықтырады. Өзіңіз байқап отырсыз, музейдің Бас ғимараты кейіннен арнайы жобаланып салынған ғимаратқа ауысты. Ғажап болды. Бір-бірімен бірлестікте үндестік тауып тұрған музей ғимараттары академиялық стилімен өзгеше ансамбль құрып, тұтастығымен асқақ көрінеді.

Ал, музейдің ішкі мазмұнына келсек, экспонаттардың орналасуы, тұтас экспозиция мәдениеті жүз пайыз өзгеріске түсіп, ХХІ ғасырдың талабына сай дайындалып жатыр. Мұндағы тачекрандар, аудиодид, 3Д тағы басқа, цифрлық жаңарулар музейдің халықаралық талаптарға сай өзгерістерінің көрінісі.

Дегенмен, бір нәрсені есте мықтап ұстаған жөн. Абай музейі – даналық музейі. «Адамзаттың бәрін сүй бауырым деп» тұтас адамзатты даналық пен туыстыққа шақырған Абайдың даналығын көрсету музейдің басты мақсаты. Оны ешқандай жаңа технология ауыстыра алмайды. Тек заманға сай осы мазмұнды түсіндіруге қызмет етеді.

– Мынадай қиын кезеңде осынша қыруар жұмыстың ығытын табу, оңтайға келтіру оңайға соқпасы анық. Оның үстіне Абайға құрмет – қазақ мәдениеті мен әдебиетіне, қала берді ұлттың құндылығы мен халықтың болашағына құрмет болғандықтан, недәуір қаржы-қаражат бөлініп, қаншама жұмыс күші жұмылдырылып жатыр екен. Сондықтан жаңа басшы ретінде өзіңіз де тың идеяларыңызды, жаңаша бағыт-бағдарыңызды ала келген болар, соны жүзеге асыруға барын салып жатқан шығар деп үміттенеді көпшілік. Осы тараптағы ойларыңызды ортаға салсаңыз...

– Рас айтасыз, бұл айтылған жұмыстар айсбергтің су бетінде қылтып, көрініп тұрған жағы. Тоқсан пайыз жұмыс ол ғылыми-зерттеу жұмыстар, музей қорындағы материалдармен жұмыс, музейге келетін адамдармен жұмыс, конференциялар, дөңгелек үстелдер, тақырыптық кештер, тағы басқалар. Осы бағыттағы Абай музейінің мазмұнына келсек, оның өзін бес тарапқа жүйелеуге болады: хакім Абай, данышпан Шәкәрім, кемеңгер Мұхтар, Абайдың ақындық мектебі және Алаш алыптары.

Ең бастысы, Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы «Абай және ХХІ ғасыр» атты мақаласында Абай музейіне ерекше назар аударып былай деген еді: «...Абайдың «Жидебай-

Берілі» мемлекеттік тарихи-мәдени және әдеби-мемориалдық қорық-музейіне ерекше көңіл бөліп, ғылыми-танымдық жұмыстармен айналысатын орталыққа айналдыру керек».

Бұл сөз бізге үлкен жауапкершілік жүктейді. Музей басшысы мұны өзіне тікелей тапсырма деп түсінуі керек. Ғылым теориясымен, методологиясымен айналысқан маман ретінде ойланып келіп, «*ғылыми-танымдық жұмыстармен айналысатын орталыққа айналдыру үшін*» ең алдымен музейге алысқа құлаш сермейтін «Ғылыми концепцияның» керектігіне көзіміз жетті. Сол үшін музейдің жаңа ғылыми концепциясы әзірленді. Бұл ғылыми концепция жеті ғылыми бағыттан тұрады. Аса маңызды болғандықтан, оны жинақтап айтып өтейін.

Ғылыми концепцияның басым бағыты: хакім Абай, данышпан Шәкәрім, ғұлама Мұхтар, Алаш алыптары және Абайдың ақындық мектебі. Осы бағыт бойынша «Абайтану мәселелері» 100 томдық сериялық ғылыми-зерттеу жинағы қолға алынды.

Концептуальды бағыт бойынша: «Абай музейі. 80 жыл» тарихи-мәдени және әдеби-мемориалдық энциклопедиясы дайындалып жатыр.

Іргелі бағыт бойынша, «Хакім Абай және Алаш алыптары» (Еркіндік пәлсапасы), т.б. монографиялар дайындалуда.

Оқу-әдістемелік бағыт бойынша, «Абайды оқы, таңырқа» жинағы дайындалуда. Шығармашылық сайысында үздік шыққан оқушылардың шығармаларының жинағы.

Өзекті мәселелер бағыты бойынша, Жидебай қорығына арналған «Жидебай» атласы дайындалуда.

Музейдің жүйелі бағыты бойынша, музейтану мәселелеріне арналған буклеттер, кітапшалар, күнтізбелер (календарлар), откриткалар шығару қолға алынды. **Ағымдық бағытта** телехабарлар, дәрістер, сұхбаттар, экспедициялар.

– Бәрекеді! Әлгінде «Абайтану мәселелері» 100 томдық сериялық ғылыми-зерттеу жинағы қолға алынғанын айттыңыз. Осыны таратып айтсаңыз.

– Иә, кейде менен 100 томдық деген көп емес пе деп сұрайды. Мен айттым, біріншіден, музейдің 80 жылдық тарихында аса мол қор жиналған. Міне, солар, ғылыми айналымға түсіп, барлық зерттеушілерге қол жетімді болуы керек деп. Сондай-ақ, музей осы концепция бойынша елімізде абайтану саласы бойынша қайсыбір салада үйлестірушілік (координаторлық) жұмыс атқарады. Мәселен, жоғарыда аталған сериялық ғылыми жинаққа тек музей қызметкерлерінің ғана еңбегі емес, тұтас еліміз бойынша Абай әлеміне қатысы бар барлық ғалымдармен байланыс орнатылып, олар да тартылады. Сондай-ақ, абайтанудың өткен тарихы да назардан тыс қалмайды. Жинақтап айтқанда, музейдің ғылыми концепциясының аясында осындай бағыттарда жұмыстар басталып кетті.

– Тұреке, өзіңіз ғылым теориясымен, методологиясымен айналысқан ғалым ретінде алдыңызға қандай мақсат қойып отырсыз? Абай музейі – біздің түсінуімізше, ғылыми-шығармашылық орталық. Ендеше жаңа адамның көзқарасымен қарағанда болашақта музейге қандай өзгерістер жасау қажет?

– Өте орынды сұрақ. Мен жауапты Сіздің екінші сауалыңыздан бастайын. Басты мақсат, әрине, музей мәртебесін барлық салада көтеру. Ол үшін не істеу

керек? Музей қызметкерлерінің дені жастар. Бұл мені қуантады. Сол жастардың, жасқанып, жасып жүргенін емес, жарқырап жүргенін қалаймын. Шын мағынасындағы терең мамандарға айналуына бар күшімді, бар білгенімді салмақпын.

Ол үшін, ең алдымен, сырттан берілетін «басы артық» жұмыстарды тоқтаттым... Екіншіден, әрі ең қажеттісі, әрқайсысының шығармашылық тұрғыдан жеке-жеке өсуіне мүмкіншілік жасадым. Мысалы, мына мәселе бойынша мына еңбекті сен дайындайсың, сенің атыңнан шығады деп, әрқайсысына бейіміне қарай ғылыми жұмыстар тапсырдым. Ол жұмыстардың дұрыс дайындалуын өзім қадағалаймын. Осылайша бір-екі жылда өзіне сенімді, мықты мамандар тобы қалыптасып, мәдени-ғылыми әлемде өз «мінезін» көрсетсе деген армандамын. Басқаша айтқанда, жасқамай, жол көрсету...

Сондай-ақ, өзім де хакім Абай әлемін зерттеуде ақпараттық деңгейде қалмай, сол әлемнің ішіне кіретін ғылыми-методологиялық жолдарды іздестірудемін. Осы тұста, қазақтың классик жазушысы Мұхтар Әуезовтың кемеңгерлігіне қайранмын. Жарты әлем «Ленин жолы» деп шарқ ұрған заманда (оқулықтағы тапқарты еске алыңыз: «Ленин жолы әппақ, Байдың жолы батпақ»), даналықпен, халқына, адамзатқа – Абай жолын ұсынды. Абай жолының Адамзатты ізгілікке бастайтынын сол саптаяққа ас құйып, сабынан қарауыл қараған әсіресақ заманның өзінде тани білді. Алаш алыптарының арманын қайыспай көтерді.

Алғаш, хакім Абайды асқақтатқан – Алаш алыптары. Олардың көрегендігіне де бас имеске амалың жоқ. Көп ізденіп «Хакім Абай және Алаш алыптары» (еркіндік пәлсапасы) деген еңбекті жазып бітірдім. Сондай-ақ, өзіңіз білесіз, Мәскеуде атақты «Художественная литература» баспасы бар. Соның директоры, менің досым, көрнекті орыс жазушысы, академик Георгий Владимирович Прякин екеуміз хакім Абай өміріне қатысты пәлсапалық эссе жазып бітірдік. Жақында Мәскеуде жарық көрмек. Бұл халықаралық деңгейдегі тойға тартудың бірі болмақ. Сонымен қатар, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университетінің ректоры, академик Ерлан Бәтәшұлы Сыдықовтың қолдауымен «Жидебай» атты үш тілде атлас дайындаудамыз. Бұл атлас Лондон қаласынан жарық көреді деп жоспарлануда. Әлем Лев Николайұлы Толстойдың «Ясная Поляна» қалай таныса, хакім Абайдың «Жидебайын» да асқақтата таныту – біздің мақсатымыз. Қорық-музейлер әлемде көп. Мәселен, жоғарыда аталған «Ясная Поляна» қорығы 412 гектар жерді алып жатса, «Жидебай» қорығы 6400 гектар жерді алып жатыр. «Ясная Поляна» әлем біледі, келушілер де көп. «Жидебай» қорығының аумағы одан он есеге көп, бірақ танылу жағы он есеге төмен... Бұл бағытта істелетін жұмыс шаш етекпен.

– Үкіметтің қаулысымен 10 тамыз – Абай күні болып жарияланып, мемлекеттік мерекелер күнтізбесіне енгізілді. Бұл – үлкен қуаныш. Алғаш естігенде қандай әсерде болдыңыз?

– Қуанышты бір сөзбен айтып жеткізу, әрине, қиын. Бұл, біріншіден, елдік тәуелсіз сананың айқын көрінісі. Екіншіден, хакім Абайдың асыл қазынасын өз деңгейінде құрметтеп насихаттауға, тұтас қазақ мәдениетінің көжигегі көркем болуына ашылған жол деп қабылдадым.

Біздің музей, осы ерекше күнге орай «Абай жә-

не ХХІ ғасыр: болашақпен сұхбат» атты онлайн халықаралық ғылыми-практикалық конференция ұйымдастырды. Сол күні таңғы тоғыздан кешкі тоғызға дейін музей қызметкерлерінің күшімен түрлі мәдени-әдеби шаралар өткізілді. Бұл мерекені еліміз тұтасымен, қалыптасқан жағдайға қарамастан кең атап өтті.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Нұр-Сұлтан қаласындағы Абай ескерткішіне тағзым етіп, гүл шоқтарын қойды. Қазақстандықтарды құттықтап сөз сөйледі. Менің ойымша, Абай күні – даналық мерекесі. Абайды құрметтеп, осындай мереке күнін белгілеу, шындығында да жоғарыда айтқанымдай елдік сананың өсуі, жаңа форматтағы бөлекше түлеудің белгісі. Мен осыған сенемін.

– **Байқауымша, Семейдегі Абай музейінде көп өзгеріс, мол жаңалық болатын сияқты. Сол жаңалықтардың басты-бастыларын атап өтсеңіз...**

– **Біріншіден**, музей ашықтық принципін ұстанады. Бас ғимараттың жаңаша шешіммен музейлендірілгенінің арқасында алдыңғы алаң кеңейіп, қала тұрғындарының келіп демалуына мүмкіншілік жасалды. Сонымен қатар, музей алаңына хакім Абайдың екі ұлымен түскен суретінің негізінде мүсін орнатылмақ. Осының барлығы Абай музейін қаланың жүрегіне айналдырып, өзгеше бір жаңа серпін бермек.

Екіншіден, бұрын музейдің бас ғимараты болған, «Мәңгілік Ел» көшесі жағындағы ғимарат тұтасымен «Абайтану» ғылыми-зерттеу орталығына айналмақ. Онда дөңгелек үстелдер, түрлі басқосулар өткізуге мүмкіншілік жасалған. **Үшіншіден**, бас ғимаратта балаларға арнап безендірілген арнайы бөлме-зал бар. Онда келген балалардың ойнап, демалуына бар-

лық жағдай жасалған. **Төртіншіден**, бас ғимаратта әдеби кафе бар. Онда әріптесіңізбен келіп әсеріңізді сусын, кофе, шай алып, шөліңізді басып, сұхбат құруға мүмкіншілік жасалған. **Бесіншіден**, аулаға керемет шамдар орнатылған. Кешкілік алаңдағы орындарда отырып дем алып, хакім Абайдың рухымен сырласуға мүмкіндігіңіз бар. Осының барлығы келушілердің ыңғайына орайластыра жасалған.

Жоғарыда шет жағасын айттық, қазіргі инновациялық технология музейдің ішкі экспозициясына көп жаңалық әкелді. Ол – бүгінгі күннің талабы. Келушілерге музейдің берер жаңалығы аз емес. Оны келіп көру керек. Әрине, музейдің ішкі экспозициясы толық біткен соң, оның барлық форматта қолжетімді болуын қолға аламыз.

Ал, музей қызметкерлері жаңа ғылыми концепция аясында көптеген зерттеу жұмыстарын бастап кетті. Абай музейі қайта түлеген қырандай болмақ. Соған сәттілік тілейік. Сөз соңында айтарым, хакім Абайды қазақтың биік нысанасы ретінде танытуға ұмтылған жүйелі зерттеу еңбектерге қолдау жасау барлығымыздың парызымыз болмақ.

– **Бәрекелді! Істеріңізге игілік, ізгі қадамдарыңызға сәттілік тілейміз! Осы ойластырған істердің жүзеге асуына тілектеспіз!**

– Рахмет, Әбеке! Игі бастамаларымызға қолдау көрсетіп, уақыт бөліп, арнайы сұхбат алып жатырсыз! Мұны маған емес, Абайға деген құрмет деп есептеймін! Құдай қаласа, алдағы уақытта «Қазақ тарихы» журналымен әріптестік бірлестікте тығыз жұмыс жасаймыз деп сенемін!

– **Алла соған аман жеткізсін!**

Сұхбатты жүргізген
Әбділдабек САЛЫҚБАЙ.

Редакциядан: ҚР Тарих және қоғамдық ғылымдар академиясының академигі, Шәкерім атындағы СМУ-дың және М.Қозыбаев атындағы СҚМУ-дың құрметті профессоры Тұрдықұл Қасенұлы бұдан әрі «Қазақ тарихы» журналымен әріптестік бірлестікте жұмыс жасап, әдеби-мемориалдық қорық-музейдің жаңалықтарымен бөлісіп тұруға уәде етті. Сондықтан редакция алқасы Абайдың «Жидабай-Бөрілі» мемлекеттік тарихи-мәдени және әдеби-мемориалдық қорық-музейінің директоры Тұрдықұл Шаңбайды ақылдастар кеңесінің мүшелігіне қосуды құп көрді. Ендеше ақылдастар кеңесінің жаңа мүшесін оқырманға толық таныстырайық.

ШАҢБАЙ ТҰРДЫҚҰЛ ҚАСЕНҰЛЫ (1959 ж.т.) – әдебиеттанушы, философ, географ, саяхатшы.

Семей Мемлекеттік педагогикалық институтын (филология), ҚР Ұлттық Ғылым академиясының М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының аспирантурасын (әдебиет теориясы), Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университетін (география), Лев Гумилев атындағы ЕҰУ-дың магистратурасын (философия), Лев Гумилев атындағы ЕҰУ-дың докторантурасын (философия) бітірген.

Алматыдағы ҚР Ұлттық Ғылым академиясы, М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты «Әдебиет теориясы және әдебиеттану методологиясы» бөлімінде ғылыми қызметкер, аға ғылыми қызметкер, Әл-Фараби атындағы ҚазМУ-дың филология факультеті «Әдебиет теориясы» кафедрасында аға оқытушы, ҚР МАК-інде ғалым-хатшының орынбасары, «Қазақ Энциклопедиясы» Бас редакциясында әдебиеттану, өнер және тіл білімі редакцияларының координатор-меңгерушісі, Әлеуметтік-гуманитарлық орталықтың бастығы.

Шәкерім атындағы СМУ жанындағы Шәкерімтану ҒЗО-ның директоры, әрі университет ректорының ғылым бойынша кеңесшісі, СМПИ-дағы Қазақ әде-

биеті кафедрасының, Философия және саясаттану кафедрасының меңгерушісі болды, әрі университет ректорының ғылым бойынша кеңесшісі, ҚАЗИГЗУ-дың жанындағы Алаштану ҒЗО-ның директоры, әрі университет ректорының ғылым бойынша кеңесшісі.

Ғылыми бағыттары: теориялық әдебиеттану, пәлсапа, мәдениеттану, география, этнос тарихы және ғылым методологиясы. Ғылыми-энциклопедиялық басылымдар дайындаудың маманы: «Түркістан» халықаралық энциклопедиясы, «Ежелгі Қазақстан», «Алтын Орда», «Күншығыс», «Аманаты Алаштың», «Біздің Мағжан» және «Шәкерім», «Лев Гумилев», «Манаш Қозыбаев» тұлғалық энциклопедиялары, т.б.

Негізгі ғылыми еңбектері: «Ғылыми сұхбат әлемі», «Ұғым мәдениеті», «Шәкерімнің Ар білімі», «Алаш қозғалысының» пассионарлық қуаты, «Алаш пәлсапасы» және т.б.

Марапаттары: М.Х.Дулати медалі; ҚР Тәуелсіздігіне 20 жыл медалі; ҚР Тәуелсіздігіне 25 жыл медалі; Жамбыл Жабаев медалі; Лев Гумилев медалі, ҚР ғылымын дамытуға сіңірген еңбегі медалі; М.О.Әуезов медалі; «Алаш» алтын медалі; «Алаш» күміс медалі; Мағжан Жұмабаев медалі, т.б.

ӘБІШ КЕКІЛБАЕВ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ТАРИХИ ТҰЛҒАЛАР

Гүлфайруз ҚАЙЫРҒАЛИЕВА,
тарих ғылымдарының кандидаты, Х.Досмұхамедов
атындағы Атырау мемлекеттік университетінің
қауымдастырылған профессоры міндетін атқарушы

Еліміз өз тәуелсіздігін алған жылдары мемлекеттіліктің нығаюына үлес қосқан қоғам және мемлекет қайраткері, халық жазушысы Ә.Кекілбаевтың шығармаларындағы ерекше тақырыптың бірі – тарихи тақырып. Белгілі тарихшы С.Өтениязов өзінің «Кекілбаев шығармаларындағы тарихи тұлғалар» мақаласында бұл жайында былай деп жазады: «Ә.Кекілбаевтың тарихи тұлғаларға арналған еңбектерін негізінен екіге бөліп қараймыз: Бірінші, әдеби-көркем шығармалардағы тарихи тұлғалар (Абыл, Сүйінғара, Бекет ата, Шыңғыс хан, Ақсақ Темір, Әбілқайыр хан, Абылай, т.б.). Екінші, ғылыми зерттеулерінде қамтылған тарихи тұлғалар. Олар негізінен: Қарабура, Шотан батыр, Төле би, Қазыбек би, Әйтеке би, Әбілқайыр, Барақ сұлтан...» [1].

Ә.Кекілбаевтың тарихи тұлғаларды қамтып өтетін шығармалары қатарында «Күй», «Үркер», «Елең-алаң», «Абылай хан» және басқа да әңгіме, роман, дастандары бар. Оларда Шыңғыс хан, Ақсақ Темірден бастап, Абыл, Бекет ата, Әбілқайыр хан, Қарабура әулие, Шотан, Сүйінғара батырлар, Әйтеке би, басқа да тарихи тұлғалар бейнесі сомдалады және тарихи талдаулар беріледі.

Қазақ тарихындағы тарихи тұлғалардың бірі, Әбілқайыр хан заманындағы саяси-мемлекеттік істерге араласқан қайраткер Бөкенбай батырға қатысты біраз мәліметтер жазушының «Үркер» романында баяндалады. Онда жазушы Бөкенбай батыр туралы былай дейді: «он сегіз арыс Алшынды былай қойғанда, күні кеше нөқта аға болып қосылған Жетірудың өзінде қанша шора, қанша жақсы бар! Басқаны былай қойғанда, Жиымбет Бөкенбайдың өзі неге тұрады! Қазір қазақтың бар назарын бір өзіне аударып отырған сол емес пе! Қарақұмдағы қаптап жүрген қыл құйрық кімдікі. Бөкенбай мен Есеттікі. Өзге қазақ руларынан қысастықты көп көрген кім? Бөкенбай мен Есет. Соның бәрін жеңіп шығып, ел алдында абырой-атаққа ие болған кім? Бөкенбай мен Есет. Оларға мал жағынан тек Садырдың Жомарты мен Матайдың Бөртесі, Кетенің Балпашы ғана жуықтай алар. Бірақ, соңына ерткен жан жағынан Бөкенбай мен Есетке олар да маңайлай алмас. Күні кеше ғана екеуінің алдында қатарымызға қостық, бұрынғы көзтүрткіге бұдан былай жол бермейміз деп құран ұстап анттасқан үш арыстың игі жақсылары олардың сөзін бүгін көп жерге тастай қояр дейсің бе? Ендеше қазір ең сөзі өтімді қазақ сол Бөкенбай! Көрші-қолаңнан қысастықты көп көріп, жұмылған жұдырықтай тас түйін қол да соның соңында. Төңіректегі жаумен де

ең көп ұстасқан сол» [2, 320-б.].

Бөкенбай батыр есімі бірқатар географиялық атауларда да сақталған. Мысалы Ақтөбе облысы Мұғалжар жеріндегі бұрынғы карталарда сақталған «Бөкенбай суы» атты жер атауы батыр жайлаған қоныстың орны болып табылады. Тағы бір атау Бөкенбай батырдың әкесі Қара батырдың есімімен «Қара батыр шыңы» топонимикалық атауы Ресей жерінде бар. Бөкенбайдың әкесі Қара батыр бейітінің Ресейдің Орынбор облысының жерінде екенін ескерсек, көршілес Ресей жерінде де батыр әулетіне қатысты біраз деректер барын дәлелдейді.

Бөкенбай Қараұлының туған жерінде оның есіміне қатысты бірқатар жер-су аттары бар. Олардың бірі «Бөкенбай шоқысы» атты биік төбе. Ақтөбе облысы территориясындағы Ырғыз – Шалқар қатынас жолының бойындағы Талдысай бекеті салынған биік шың «Бөкенбай шоқысы» деп аталады. Р.Ілиясова: «*Ырғыз жерінде әлемге әйгілі Жаманшың (Жаманшит) кратеріне метеорит бір миллион жыл бұрын құлаған екен. Ертеде оны Жамантау деп атапты. XVIII-XIX ғасырларды бұл жақты зерттегендердің еңбегінде және карталарда Жамантау мен Бөкенбай шоқысы аталуы жиырмасыншы ғасырдың бірінші жартысынан басталса керек. Екеуінің де пайда болу кезеңі тым ерте заманда болса да, Бөкенбай шоқысының сол метеориттің дәулей күшінен қона қалғанына күмән жоқ. Екеуінің де аралары жақын. Қазір бірі – табиғаттың, екіншісі тарих құпиясының куәсі болып тұр*», – деп атап өтеді [3]. Халық арасында бұл төбенің «Бөкенбай шоқысы» атануына қатысты аңыз сақталған. Ол бойынша Бөкенбай батырдың қолы қалмақтармен осы төбе маңында болған соғыстардың бірінде жеңіліске ұшырайды. Шоқының бір жағынан батырдың әскері, екінші жағынан қалмақтардың қолы алмакезек шабуылға шығып, соңында қазақтардың қолы шегінуге мәжбүр болады. Жаудан шегінген батыр аздаған қолымен осы төбедегі үңгірге барып жасырынады. Осы аралықта үңгірдің аузына өрмекші торын құрып тастайды. Аузында бұзылмаған өрмекші торы бар үңгірді көрген жау оның ішін тексермей жөніне кетеді. Таң ата батыр атымен шың басына шығып, ер үстіндегі құс жастығын тіліп жіберіп, мамықты шашып жібереді. Қауырсын қаптап ұшып жау бақылаушыларына дейін жеткенмен, қарақұсқа таланған құстың қауырсындары деп есептеген олар жайбарақат отыра береді. Осы сәтті пайдаланып Бөкенбай өз сарбаздарымен жауға тұтқиылдан шабуыл жасап, жеңіске жетеді. Бөкенбай жеңіске

жеткен осы биік төбені кейін халық «Бөкенбай шоқысы» атаған деседі. Келесі бір аңызда осы төбенің жанында қалмақ пен қазақ әскері кездесіп, екі жақтың батыры жекпе-жекке шығады. Шың басына бес қаруын асынып арғымағымен шыққан батыр бейнесі шың үстінен аса сұсты көрінеді. Жау батырын шың басынан лақтырып жібергенін көрген жау үрейлене кері шегініпті. Міне, осыдан кейін бұл шыңның «Бөкенбай батыр шоқысы» деген атауы пайда болыпты.

Бұл шоқы жайында Ә.Кекілбайұлының «Үркер» романында да біраз суреттеледі: *«Бөкенбай екеуі Бірғыз өңіріндегі қатқыл таусылып, шоқалақ-шоқалақ құм басталып, ұлы шөл енді-енді күш ала бастайтын жерде аспаннан тау жауғандай оқыр-шоқыр боп қонжыған Жаманшыңның күн батысындағы қара ойдың қақ ортасында ерттеулі қара арғымақтай қақшия байланған жеке шоқының маңына ұлыс-ұлыстан үсті-үстіне құйылып бақпан қара нөпір қалың қолдарды көрген сайын бір масаттанып қалатын. Олар мынадай атой шоқыны әдейі таңдап алған-ды. Содан бері «Бөкенбай шоқысы» атанып кеткен бұл нысана биікті бес жағынан бес жота орағыта жататынды. Терістігінде – шөкен інгеннің екі тік өркешіндей Қызыл айыр мен құбылаға қарай өңмеңдей ұмсынған қаражал Қабанқұлақ, шығысында ойқы-шойқы Жаманшың, құбыла бетінде – едірейе-едірейе қараған Қызылқабақ шоқылары, батысында – бұлыңғыр мұнар ортасында көгере қарауытқан Темірастау. Құба қалмақ пен қара қалмақтың арасындағы шұбырынды жол бұл арадан бір қиян. Осынау далиған кең қойнауға не болып, не қойып жатқанын қашан тас төбесінен түскенше ешкім білмейді. Ал енді шартараптан қыбырлап келе жатқан қарайған болса, жағалай бес қара жалдың көлеңке қуыс-қуысына тығылып ап аңдып жатқан шолғыншылар мен қарауыл шоқылардың басындағы сақшылардың байқамай қалуы еш мүмкін емес. Көрді-ақ, үстеріндегі жалпылдақ киімдерінің екі жерін жалп-жалп қағып, оба басынан ұша жөнелген қарақұс боп белгі беріп, ойға қарай жүгіре жөнелер-ді. Ол қақ ортадағы Бөкенбай шоқысының басындағы сақшылардың көзіне қалай да түсер еді» [2, 357-б.].*

Қалыптасқан тарихи кезеңде қазақ руларының басын біріктіріп, ел қорғаны боларлықтай беделді тұлғаның болмауы елдігімізге қауіп төндірген жоңғарлардың дүркін-дүркін шапқыншылығы қарсаңында үлкен сын болды. Хан-сұлтандар жекелеген шағын жасақтарын құрып, қол бастағанмен, бүкіл елдің ішкі саяси тұтастығын қамтитындай ортақ күш ұйымдастыра алмады. Билік басындағы тұлғалардың өз жұртын басқарудағы әлсіздігі Қазақстанның қорғаныс қабілетіне нұқсан келтіріп, хан билігінің жекелеген жүздер мен тайпалар тіпті рулар деңгейінде бытырауына соқтырды. Дегенменде қазақ билеушілері мен беделді тұлғалары ел басына күн туған шақта өзара бақталастық пен тартысты ұмытып, жауға бірлесе қарсы тұру үшін күш біріктіріп, ортақ пікірге келе білді.

Осы мақсатта 1710 жылы Қарақұмда Кіші жүз бен Орта жүздің өкілдерінің құрылтайы өтті. Құрылтайдың күн тәртібіндегі басты шаруа Жоңғар хандығының шабуылына қарсы біріккен жасақ құру мәселесі болды. Құрылтайға Кіші жүздің барлық бөлімдерінің: алты ата Әлімнің, он екі ата

Байұлының, Жетірудың рулары, Орта жүзден найман және қыпшақ руларының рубасылары, беделді би-батырлары қатысты. Мәслихат өткен жер Арал теңізі маңындағы Қарақұм аймағын мекендеген Әлімұлының Қаракесек руының көші-қон жерлері болғандықтан, бұл жиын кейде «Қаракесек жиыны» деп те аталды. Осы мәслихат туралы жазбаша мәлімет оны жазып қалдырған орыс саяхатшысы Яков Петрович Гавердовскийдің жазбаларының негізінде сақталды. Я.Гавердовский құрылтай туралы ол оқиғадан жүз жылға уақыт өткеннен кейін Солтүстік-Шығыс Арал маңын жайлаған Әлімнің Шекті және басқа да руларынан 1803 жылы жазып алады. Я.Гавердовскийдің жазбалары тарихшы И.Ерофеева атап өткендей, саяхатшының ақпарат берушілері сол бір атышулы жиынға қатысқандардың ұрпақтары болуымен құнды болып келеді. Екіншіден, құрылбайдан бері, яғни 1710 жылдан 1803 жылға дейін өте ұзақ мерзімнің өте қоймауы да әсер етті. Сондықтан оның мән-жайын білетіндер әлі де халық арасында бар еді. Осы құрылтайда қабылданған шешім шын мәнісінде батырлардың ықпалымен қабылданды. Біздің заманымызға жеткен мәліметтерге қарағанда, құрылтайда делегаттар арасында алдымен екі ұсыныс болған. Оның бірі – жоңғарлардың шабуылына көніп, олардан қайырым сұрау, екіншісі – атамекенді тастап ауа көшіп кету. Ондағы ойлары жоңғардың шабуылына көнсе, олар шабуылдарын тыйып, тынышталар, бізде өз жөнімізбен кетерміз деген үміт. Қап тауына ауа көшіп кетсе, жерге ие болған жау соңымыздан қуалай бермес деген есептері еді. Бәрі де алысты ойламас парасатсыз ұсыныстар. Осы екі ұсыныстың да қазақ деген халыққа сын екелер абыройсыз жол екенін түсінген Бөкенбай батыр оларды тоқтатып, өзінің дуалы сөзімен елді күрес жолына бастай білді. Егер де сол тұста Бөкенбай ел алдында беделі бар сыйлы тұлға болмаса, қос жүздің жақсысы мен жайсаңы жиналған алқалы жиын оны қолдамас еді. Демек Бөкенбайдың оған дейінгі оқтын-оқтын болып отырған Еділ қалмақтарымен соғыстарда көзге түскен батыр болуымен, әрі беделді рубасы, экономикалық ықпалы бар мол дәулеттің иесі болғаны да әсер еткен сияқты. Ал егер осы оқиғаның көркем әдебиеттегі сипатталуына тоқталсақ: *«... Бөкенбайдың не ойлап отырғанын сол қоңқақ мұрынға қарап біле беруге болады. Мұрынының ұшына күлкі ойнаса, Бөкенбайдың көңіліне онша жаға қоймайтын сөз айтылып жатқаны. Қоңқақ мұрын қорс ете қалса – Бөкенбайдың әбден шамырығып отырғаны. ... Қазір Бөкенбай сөз сұрамақ. Өне ұлы жиынның қақ ортасында қара шоқыдай қарауытып отырған алпамса кісінің оң қолы қимылдағандай болды. Сары үйек жыландай шұбар ала дойыр қамшысын сылқ еткізіп ортаға тастай салды.*

– Жамағат! – деді қажыңқы дауыспен жайбарақат тіл қатып. Мынау ұры жортар қалың бытқылдың ортасына неге келіп отырмыз? Қазақтың қай заманнан бергі дау-дамайын кідіртіп келе жатқан киелі төрелерінің бірі бұйырмай, шағыр мен жүзген арасында бұқпантайлап бұл отырысымыз не отырыс? Жетіскендіктен ғой дейсіңдер ме? Бойымызда, ең болмаса, ашыған қымыранның қышқылындай қыжыл болса, осы бір олақ қатынның ышқыр бауындай шұбалар да жатар керегіме дауды тоқтататын уақытымыз жеткен жоқ па! Біз мұнда алышып алшымыздан түсіп мәслихат

құрып, қырмызы бет қызыл сөздің тайтаңдаған тақымын қызықтап отырғанымызда ана жақта артта қалған қатын-балаға қалмақ дігірлеп жатпағанына көзіміз қайдан жетеді? Қылышын белдеуіңе байлап, найзасын шаңырағыңа шаншып іргеде жау жатқанда мына көргілесіміз буаз қыздың құдалығында қалың малға дауласқандай ұят әңгіме көрініп отыр маған. Менің айтарым, бұдан былай әрі ырғалып, бері жырғалатын уақыт жоқ. Қап тауына жеткенше: «Е, сендер келе жатыр екенсіңдер ғой, үстімізден баса-көктеп өте қойыңдар!», – деп қоғадай иіліп, қамыстай жапырылып, құлдық ұша қояйын деп отырған көршілерді сендер көріп отырмасаңдар, мен көріп отырғам жоқ. Көк сүңгілерін көкіректеріңе тіреп тұрып алар әлі. Өз жерін жауға алдырып жаурап келе жатқан жалаң иін қазақтарға жып-жылы баспанасын оп-оңай бере салып башқұрттардың бастарына ат тепті ғой деп пе едіңдер? Ормандай орыспен осы күнге дейін тайталасып келе жатқанда, борбайлап босып келе жатқан боз өкпе қазаққа жүрегі шыдамай, оларға не көрініпті? Қашып бара жатып төгетін қанды неге біз осы атамекенімізде ақтық деміміз таусылғанша шайқасып жүріп төкпейміз? Қыршын боздақтарымыздың төгілген қаны мен атабабаның езіз моласын аттай шапқанда, ол жаққа барып көсегелерің көгере қоятынын қайдан біліп отырсыңдар? Өз басым осы ата қонысымда мол болып қаламын. Бірақ тірлігімде күн шығыстан босып келе жатқан қазақты көрсем де, мейманасы асып, бөсіп келе жатқан ойратты көрсем де, қанжарым сынғанша қарнап, найзам сынғанша шаншып бағам, – деп ашуға тұншықты да, қолын бір сілтеп отыра кетті» [2, 340-б.].

Бөкенбай батыр Қараұлы XVII ғасырдың екінші жартысында 1669 жылы дүниеге келіп, 1742 жылы өмірден өткен. Бұл жөнінде Ә.Мұқтар батырдың он жетінші ғасырдың екінші жартысында дүниеге келгендігін тарихи деректердегі Бөкенбайға қатысты мәліметтерді салыстыра келіп, Бөкенбай батыр 1667 жылдардың шамасында өмірге келген деп санайды [4, 43-б.].

Қазақ мемлекеттілігінің дербестігін сақтап қалуға үлес қосқан Бөкенбай батырдың хандықтың ішкі саяси істеріне араласуы Қарақұм мәслихатынан басталады. Одан кейін 1710-1742 жылдар аралығында Бөкенбай батыр Әбілқайыр ханмен бірге Қазақ ордасында орын алған маңызды оқиғаларға белсене араласты [5, 73]. XVIII ғасырдың басында қазақ жері жан жағынан әр түрлі шабуылдарға тап болды. Ең қауіпті дұшпандар батыстан – Еділ қалмақтары, шығыстан – ойраттар еді. Қалмақ ханы Аюке 1697 жылғы орыс үкіметімен жасалған келісімшарт негізінде Ресей мемлекетіне қарасты Оңтүстік Орал мен Еділ бойының халықтарына шабуыл жасамауға уәде берген еді. Осыдан кейін Аюке өз беделі мен жерінің көлемін ұлғайту мәселесін әлі де орыс билігіне өтпеген қазақ, өзбек, қарақалпақ жерлері арқылы шешуге ұмтылды. Осы тұста Қазақстанның оңтүстік өңірлеріне Жоңғар хандығының да жойқын шабуылдары басталды.

Жазушының еңбектеріндегі тарихи тұлғалар Атырау-Маңғыстау аймағындағы өлке тарихын зерттеуге де оң ықпалын тигізеді. Атыраулық жергілікті ақын-драматург, шежіре зерттеуші Б.Қорқытов бұл мәселелер жайында күні бүгінге дейін ірі ұлт-азаттық көтерілістерді басқарған батырларды

болмаса, ел арасында есімдері айтылатын XVIII-XIX ғасырлардағы ақын-жыраулардың шығармаларында кездесетін батырлардың есімдері ескерілмей келгенін «Атырау билері мен батырлары» атты кітабында былай деп жазады: «біз батырың қайсы десе, әуелден басы ашық Исатай мен Махамбеттен басқаны айта алмадық. Елі үшін еңіреп, халқы үшін қан жұтқан Атақозы, Өмір, Темір, Сүйінқара, Досан, Ағатай, Итемген, Табылды, Құлбарақ, Жапарберді, Мыңбай, Сұлтанкелді, Көктаубай, Төремұрат, Нарынбай, Өтен, Тұрлан, Өтепқали сияқты батырларды біле тұра ауызға алмадық. ... Қасиетіңнен айналайын халықтың жадынан құдіретті не бар? Сол ерлердің есімін аздырмай-тоздырмай ауыздан-ауызға көшіріп баз-баяғы қалпында бүгінге дейін жеткізді. Десек те, солардың өзін есімін, ерлігін бүгінгі ұрпақ біле ме?», – деп жазады [6, 9].

Бір ерекшелігі, Ә.Кекілбаев тарихтағы осындай қым-қиғаш оқиғаларды асқан ыждағаттылықпен зерделеп, шығармаларында тарихи оқиғаны көркемдікпен сипаттап жазды. Ол өз шығармаларындағы тарихи тақырыптар арқылы отандық тарихқа деген халықтың қызығушылығын оятып қана қойған жоқ, оны насихаттап отырды. Жазушы шығармаларынан (мысалы «Күй») атақты Дәуімшар, Сүйінқара секілді батырлар бейнесін тани аламыз. Қорыта келе айтарымыз, Әбіш Кекілбаевтың шығармаларындағы тарихи тұлғалар мен тарихи тақырып әлі де арнайы зерттеу нысанына айналары сөзсіз.

РЕЗЮМЕ

В произведениях писателя А.Кекильбаева есть очень много тем, касающихся истории казахского народа. Его роман «Уркер» знакомит нас со многими историческими личностями, о которых можно почерпнуть интересные сведения, особенно о жизни Букенбай Батыра – соратника знаменитого казахского хана XVIII века Абулхайыра. Героями его произведений стали и другие личности, такие как Даумшар, Суйнкара.

In the works of the writer A.Kekilbayev there are a lot of topics related to the history of the Kazakh people. His novel "Urker" introduces us to many historical figures, about whom you can get interesting information, especially about the life of Bukeibai Batyr - a colleague of the famous Kazakh Khan of the XVIII century Abulkhayyr. The characters in his works of steel and other personalities such as Daumshar, Suinkara.

ДЕРЕКТЕР МЕН ӘДЕБИЕТТЕР

1. **Өтениязов С.** Әбіш Кекілбаев шығармаларындағы тарихи тұлғалар <https://e-history.kz/kz/publications/view/1690> (4.11.2019).
2. **Кекілбайұлы Ә.** Он екі томдық шығармалар жинағы. – Алматы: Өлке. – Т.3. 1999. – 400 б.
3. **Ілиясова Р.** Бөкенбай шоқысы. //Алтын орда. 2009, – №47, – 19-25 қараша.
4. **Мұқтар Ә. Қ.** Тарих тұңғығындағы тұлғалар. (XVIII-XIX ғғ.). Ғылыми мақалалар жинағы. – Алматы: Арыс. 2008. – 240 б.
5. **Кайырғалиева Г.** Қазақ қоғамындағы батырлар институты. Атырау: Атырау-Ақпарат, 2018. 222 б.
6. **Қайрғалиева Г. Х.** Досмұхамедов – дәстүрлі қазақ қоғамын зерттеуші // Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті Хабаршысы. №3. 2018. 30-63 б.

ЖАЗУШЫ Д.ДОСЖАННЫҢ «АҚ ОРДА» ШЫҒАРМАСЫ: тарихи шындық пен көркемдік шешім

Әсем ҚОСПАҒАРОВА,
Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті

«Ақ Орда» – төрт бөлімнен тұратын, кең көлемді шығарма. Ол Елбасын тұлға ретінде, ұлт көсемі ретінде танытатын бірден-бір туынды. Ал ұлт көсемі дегеніміз елдің тізгінін ғана ұстайтын тұлға емес, оның болашағы үшін де, бүгінгі үшін де жауап беріп, оның бар қуаныш-мұңына ортақтасып, әрдайым елімен болатын адам. Елсіз ері танылмайды, ерсіз елі танылмайды. Бұл тұрғыдан алғанда Елбасының тұлғалық бейнесі барлық сынға жауап береді деуге әбден болады. **Бұған Нұрдаулет Ақыштың мына бір сөзі дәлел:** «*Іс жүзінде 1989 жылдан бастап ҚР бірінші басшысы болып сайланған жиырма жыл уақыт ішінде өзінің қандай деңгейдегі басшы екендігін тек өз елінде ғана емес, сыртқы жұрттарға, халықаралық қауымдастыққа жан-жақты таныта білгені мәлім. Әрбір мемлекеттің азаматы өз Елбасы жайында толық мағлұмат алуға құқылы екендігін және көптеген кісілер үшін мұның қажеттілік екендігін сезіне білу дәуір талабы. Уақыт өткен сайын Н.Назарбаев бейнесі жаңа фактілермен, тартымды штрихтармен толыға бермек. Бұл тақырыптағы шығармалардың ең көлемдісі – танымал жазушы Д.Досжанның төрт бөлімнен тұратын «Ақ орда» атты романы. Елбасы бейнесі анығырақ көрінген шығармалардың бірі ретінде атауға әбден болады» [2, 124].*

Романның прологында қазақтардың Алтын Ордадан бөлініп, дербес хандық ретінде өзінің Ақ Ордасын жеке тіккен сонау жылдардан тартып, тәуелсіздік тұғырына жету жолдарына шолу жасалған. «Терістік пен батыс шекараны түгелімен алып, түп етекте басып отырған ормандай орыстың кеуделеген патша ағзамына сөзін өткізе алмаған Әбілқайыр ханға (Тоқайтемір нәсілінен Барақханның баласы, шын аты Әбусағид) өкпелеп, ат құйрығын кесіп, жолбарыс жүректі, өз-Жәнібек қасына немере інісі Керейді қосып, қарауындағы қалың қазағын ілестіріп Алтын Орда хандығынан бөлініп шығады. Бұл 1465 жыл еді. Ол заманда телегей теңіз, бір жағасында тұрған кісіге келесі жағасы көрінбейтін, ұйыса өскен қалың тоғайлы Шу өзенінің бойына, Қозыбасы деген қонысқа тамам қазақты көшіріп әкеледі. Өз алдына Қазақ хандығын құрады. Қазақ хандығының атын Ақ Орда деп атайды. Бұл баяғы көне Қаратау құйымшағына орын тепкен, Сығанақ қаласын астана етіп, көк байрағын көтерген Бату тұқымдарының Көк Ордасы, я болмаса найқала аққан Еділ бойына орнығып, он сан ноғай мен бұлғын терісін киген бұлғар, башқұрт аралас, орыспен іргелес Алтын Орда ұлысы да емес. Жошы әулетінен, тарих қарашаңырағынан қоймай жүріп өз еншісін өзі бөліп алған – қазақтың төл мемлекеті – Ақ Ордасы осы болатын...

... Басымыздан тайып кеткен бағымыз 1991 жылы 16 жеттоқсанда қайта қонды, түп-тұқиянымыздың көз жасы, су боп аққан қаны, әр төбенің басында шошайып қалған обасы, тамшылаған тері жаратқан иенің назарына түсті, тәуелсіз ел болдық. Жалпыхалықтық референдум таңдап, тауып, өз Президентін өзі сайлап алды. Қиын болса да нарық реформасы жүріп жатыр. Сарыарқаның төріне Ақ Ордамыз орнады».

«Халық санасындағы таза қазақ мемлекеттігінің бастау бұлағында Ақ орданың атын дүркін-дүркін

еске алып, жүректің төріне шығарып, келешекте 550 жылдығын, я болмаса 600 жылдығын атап өтетін күнге де жетерміз! Біз жетпесек, ұрпағымыз жетеді, иншалла! Ұлтымыздың тарих көрпесін жамылып жатқан кезеңді оқиғаларын атап өту дәстүрін қайталамасақ та осынау Қазақ хандығы – Ақ орданың жеке дара бөлініп шығу мерзімін алдағы уақытта ел-елдің санасына мықтап сіңіре бергеніміз мәлім» [1, 8].

Шығармада әрі қарай автор болашақ Президенттің балалық шағы жайлы әңгімелеп, ата-анасынан алған тәлім-тәрбиенің нәріне көркемдік көзін жүгіртеді. Осы арада бір атап айтатын жағдай – романның таза көркем шығарма үрдісімен жазылған тұсы да осы балалық шаққа қатысты жылдардың суреттері. Бала Нұрсұлтанның әкесі Әбіш, анасы Әлжан, ұстазы Тәура және айналасынан табылатын басқа да нақты адамдардың бейнелерінің сомдалуында таза көркемдік үрдістің белең алып кететін сәттері де жоқ емес. Әсіресе, бала Нұрсұлтанның әкесі Әбіш бейнесін сомдауда автордың деректілікке аса бағынбағанын байқауға болады. Ол кісінің еңбекқорлығы, жайбасарлыққа төзімсіздігі, адалдығы әр тұстан аңдағайлап көрініп отырады.

Автордың Елбасының балалық шағын суреттеуге беталысы, негізгі айтары төрт бөлімді романның басында түйін сөз ретінде берілген. «*Балалық шақ, сосынғы жастық өмір – соңына бұрыла қараған кісінің артында жасып, сағымға оранып, бұлым-бұлым жасыл белеске айналып алыста қалған ғажайып бір сурет секілді. Үзік-үзік суреттен, ой толғанысынан, сезім ағынынан бас құрап барып тұтастай панорама – үлкен атан жілікті романның сұлбасын құрайды, шынайы шығарма болып, шаңырақ көтереді. Өз алдына отау болып бөлініп шығады.*

Нұрсұлтан Әбішұлының жастық шағын тап әлгідей үзік сурет, эскиз үлгісімен, бөлек-бөлек әңгіме ретінде жазып шыққанымыз содан. Кісі санасында қалған үзік-үзік естелік суреттері секілді» [1, 9].

Үшем секілді үш шоқы – «Үшқоңыр жайлауы» бала Нұрсұлтанның қозы, лақ қайырып, тастан-тасқа секіріп, армансыз ойнаған жері. Әркімнің туған жері өзіне ыстық, өскен өлкесі өзіне қымбат. Президент Нұрсұлтанның «Үшқоңыр» өлеңінен де осыны аңғаруға болады.

Кез келген шығарманың негізгі арқауы – тарихи шындық. Бірақ ол шындық көркем шығармаға сол қалпы енбейді, автордың қиялымен бірге бітісіп көркем шындыққа айналады. Романдағы бала Нұрсұлтанның балалық шағы оның айналасындағы адамдар арқылы барынша шынайы суреттелген.

Бала Нұрсұлтан жасынан еңбекқор болып өседі. Мұны еңбекке баулыған әуелі әкесі болса, екіншіден өзінің өзгеге қамқорлық танытсам дейтін санасының ерте оянуы еді. Романда оның бала бола тұра, үй шаруасына емін-еркін араласып, тіпті үлкендер атқаруға тиіс шаруаны бір өзі болып тындыратын тұстары көптеп кездеседі. Бір мысалы ретінде мына үзіндіге көз жүгіртсек: «*Үйдің бітпейтін былыққан шаш етек шаруасына қолқабыс жасады: сиырдың астын тазартты, аулаға су септі, балтаны отын жанына сүйеп, ақаны шөмелеге шаншыды, ағаш жаратын*

жаңғырық дөңбекті домалатып ас үйдің іргесіне қойды, шаппа шотты қайрады, бұтағы сынған қара ағашты балталады... ой-ой-о-и-и!.. самаурынға шоқ салды, дастарқан жайды!.. апасына су әкеп берді!.. әкесінің етігін жуып, күнге кептірді!... самаурынға шоқ салды, дастарқан жайды!..» [1, 21].

Тау шатқалынан бастау алған Шамалған өзеніне шомылып, таудың саумал самалымен тыныстаған бала, бұзау мініп, жарысып, ойын ойнап, алысып күн батырған бала, мектеп табалдырығын аттап, әліппеге бас қойған бала бал күндерін есте ұмытуы мүмкін емес.

Бала Нұрсұлтанның алғашқы ұстазы Тәура апайы еді. Ол – бала Нұрсұлтанға білім баспалдағын алғаш аттатқан адам ғана емес, сонымен қатар өз қатарластарынан артық ойлауға, өмірдің үлкен белестері туралы алғаш ой жүгіртуіне себепші болған тұлға. Тәура – балаларға ұстаздық мейірімімен бірге, аналық қамқорлығын таныта білген жан. Жүзінен иман нұры төгілген, жаны ізгі, көзінен шуақ шашатын ұстаз бала Нұрсұлтанның есінде ғұмырлық азық боларлық білім берген тұлға ғана емес, сондай-ақ адамгершілік асыл қасиеттердің айнымас бір мысалы ретінде де сақталды. Ол анаға тән асыл қасиетпен мұның басынан сипайтын, «Кішкентай оқымысты» деп еркелететін. Бала Нұрсұлтанның болашағынан зор үміт күткендердің бірі осы болатын.

Романның «Бал дәурен» деп аталатын бірінші бөлімінің алғашқы тарауы «Тәура» деп аталуының өзінде үлкен мән жатыр. Елінің ертеңінің нық сенеріне айналар тұлғаның алғашқы ұстаздан алған тәлімі оның кейінгі өміріне әсер ететіні, бала кезінде бойына дарыған асыл қасиеттері ертеңгі күнде де көрініс беретіні, барлығы да осы тарауда анық көрсетілген.

Автор Әбіш арқылы сол кезеңнің шындығын да көрсете алды. Кейіпкердің мына сөзінен сол кездегі қоғамның көрінісін анық көре аламыз: «... Сендер-ақ шаршап қалады екенсіңдер!... Жүрміз ғой өзіміз, колхоздың өзімізге ұқсап, қысы-жазы демалыс дегенді білмей, таңның атысы, күннің батысы – белді бүгіп отыру дегенді білмейміз ешқашан. Сондағы жыл аяғында еңбеккүнге деп алатынымыз үш қап бидай мен жалғыз жабағы. Әлі қыстау жөнделіп біткен жоқ, шөп тасылмай жатыр, тірәктірі құрғыр шашылып қалды, малшыларды ылдига көшіру керек... ой-бой-о-и-и!..» [1, 22].

Ол кезең халық үшін аса қиын кезеңдердің бірі болды. Нұрсұлтанның әкесі Әбіш кейінірек зағип боп, екі көзінен айырылады. Ол ешкімге зияны жоқ, шаруақор, момын адам еді. Әбіш атқан оғы жерге тимейтін аңшы болған, көзінен айырылған соң ол да қалады. Анасы Әлжан да жаратылысы бөлек жан, алдағыны болжай алатын, көреген ана. Бірақ не анасының, не әкесінің ғұмырлары ұлдарының бүгінгі жеңісін көруге жетпеді.

Романның бас кейіпкерінің келбетін бір өзінің қасиеттерімен, әрекеттерімен ашу мүмкін емес. Әрбір шығармада негізгі кейіпкерді барынша аша түсетін, оның бүкіл болмысын айнытпай бере алатын өзге де кейіпкерлер болады. Бұл романдағы сондай кейіпкерлер – Әбіш пен Әлжан.

Әбіштің баласын тірлікке ерте бастан араластыруы жай емес еді. Оны романдағы әке сөзінен көруге болады: «Жасынан бейнетке түспеген бала өскесін бозекпе күйінше қалады, қабырғасы сөгіліп, арам тері шықсын!» [1, 27]. Әкесінің бұл әрекетін бала Нұрсұлтан да жақсы түсінді. Әкесіне еш қарсы келген емес. Айтқанын екі етпейтін. Себебі, еңбек ащы болғанмен, жемісі тәтті болатынын бала ерте бастан-ақ түсінген еді. «Әкенің қимылдап қалайық дегені жай айтыла салғанымен, былайғы бұл көкеңнің сыбағасы – ауыр бейнет, ақ тер, көк тер болып қайта сілтеу, жарқабақтан арық

ою, тас теру. Қабырғасы сөгіле жаздап тастақты арнадан арық қазып шығару» [1, 26].

Әбіштің «Жасынан еңбекке шыңдалған бала ерте жетіледі, қиындыққа мойымайтын шымыр боп өседі... Жазу солай екен деп жалқаулықтың қамытын киіп өтер жайым жоқ. Өлгенше тыртысып еңбегімді еміп өтем, ол да еңбегін еміп өссін. Ертеңді күні ешкімге жалынбайды!» деген сөздері романның алдағы бет алысынан хабардар ететін айғақ еді. Әкенің бұл сөздері баласының болашағын айқындап берген алғашқы қадам іспетті.

Сан түрлі ауыртпалықтарды, өзіне жат ортаның оғаш қылығын көре жүріп, алуан түрлі сынақтардан өтуі Елбасының азамат ретінде, қайталанбас тұлға ретінде қалыптасуының алғышарттары еді. Оның үстіне партияның қаталдығы, өзімен қатарлас жұмысшылардың ортасындағы адамгершілікпен қатар, адам шыдамас қатігездіктері де Елбасының одан әрі жетілуіне ықпал жасап отырды.

Романда өмір шындығын көрсететін оқиғалар мен әлеуметтік мәселелер, жеке адамдар тағдыры кең суреттеледі. Автор роман оқиғасын нанымды, дәлелді, көркем баяндай келе, шығармаға өзек болған оқиғаларды, кейіпкерлер арақатынасын шынайы суреттейді. «Ақ Орда» да дәл осындай романдардың қатарына жатады.

Президенттің табандылығы мен тапқырлығы, көшбасшылығы, қабілет-дарыны романда түрлі оқиғалар арқылы әртүрлі деңгейде кеңінен көрініс тауып отырады. Әсіресе, шешім қабылдауға келгенде Елбасының көрегендігін автор білгірлікпен суреттейді. Оған романдағы Елбасының астананы көшіру туралы шешімі әбден дәлел бола алады.

Өзінің өмірлік жолында Елбасы сан түрлі қиындықтарға кезігеді, бірақ олардың барлығы оның шымырлана түсуіне, оң сабақ алуына да септігін тигізді. Әр түрлі көлеңкелі істерге азғырып, өзі о бастан шырақ етіп бағыттаған бағдарынан ауытқымау үшін әрекет ететін пиғылы жаман, ниеті теріс жолдасы Атабектің шырмауына жас Нұрсұлтан түсе қоймайды. Атабектің Нұрсұлтанды мерт қыламын деген жоспары да іске аспайды. Азғыруға ермейтін, ардан аттамайтын, имандылыққа бекіген кейіпкердің бұл қасиеті оның о баста қалыптасқан, бойына біткен адамгершілік негізінің мықтап дарығанын көрсетеді.

Елбасының Днепродзержинсктегі оқуы мен Теміртаудағы қорытпашылық қызметі – оны еңбекқорлыққа, адалдыққа, күреске, үнемі әрекет етуге, оның өмірлік ұстанымдарының қалыптасуына, мақсат-мұраттарының орнығуына үлкен ықпал етеді. Теміртаудағы қорытпа пешінде қорытпашы қызмет атқарып жүрген кезі бас қаһарманның өміріндегі аса күрделі кезеңдердің бірі еді. Себебі, қызуы қатты алып пешпен, одан бұрын ондағы отпен жұмыс істеу әрдайым ажалмен алысумен тең болатын. Оған романдағы Нұрсұлтанның әріптесі Борис Васильевич Яговитовтың: «Домнаға денсаулығы мықты кісілер шыдайды, шібі қоразға ұқсаған шенеунікті үстел бағуға жібереміз. Оттың аузында жүру оңай ма. Көбі белі шыдамай ауысымға шықпай қалады. Ал, Сұлтан жасынан еңбекке сылынып өсіпті. Қиындықтан бойын тартпай істейді.

Он жеті жасымда басыма тас түсті, көмірдің тасы. Аздап миым шайқалды. Жиырма бірде зіп спекткі көтерем деп қабырғам сынды, башпайым жаншылды. Отызымда кокс жәшігіне соғылып тізем шытынады. Горновой болғанша әбден сілем қатты сөйтіп. Сұлтанның әлі еш жері шытынаған жоқ, дін аман» [1, 86-88], – деген сөзі дәлел.

Қазақстан тәуелсіздігінің алғашқы жылдарындағы,

тіпті кейінгі кездегі орын алып, айтылатын әңгімелердің барлығы да оқырманға бұрыннан таныс. Қалың оқырманға онсыз да таныс дүниені қайталау жазушыға сын болар еді. Сондықтан ол сол оқиғаларды қайталап қалумен шектелмеу үшін түрлі формадағы ізденістерге барған. Оны аңғару қиын емес. Атап айтқанда, мемлекет өмірінде орын алған әрбір ерекше мәселеге немесе салаға бас қаһарманның қалай араласқандығын жеткізу үшін автор сөз еткелі отырған мәселесіне жеке тоқталып, соған орай жеке тақырып беріп әңгімелейді. Романды парақтау барысында автордың деректілікке көбірек жүгінгендігін, тарихи, саяси мәні бар оқиғаларды сол қалпы өзгеріссіз бергенін көреміз. Сондықтан көркемдіктен гөрі деректіліктің сипаты басым романның сондай бөлімдерін жете зерделеп, талдап жатудың қажеті шамалы.

Бірақ бұл романды толық көркем талдамау деген сөз емес. Ірі тарихи оқиғалар орын алғанмен, олар шығармада көркемдік шешімін таба білген. Мұны, әсіресе, автордың жекелеген оқиғалардағы Елбасының ішкі сезімін, психологиясын беру барысындағы суреттеулерінен байқауға болады.

Романдағы тәуелсіздіктің он бес жылы ішінде Елбасының арқа сүйегені – өзінің айналасына топтасып, жоғары деңгейде қызмет еткен қайраткер тұлғалары. Олардың қайсысы қандай қызметте болғанын, қандай оқиғаларға араласқанын романды оқу барысында табуға болады. Назар аударатын жәйт, ондай тұлғалардың есімі романда көп атала бермейді, әрі олардың есімдері де санаулы ғана.

Романдағы тағы бір ерекшелік – бас қаһарманның сөз саптасы өзгеше болып келеді. Олар мынадай: «Ой, көке, ит байласа тұрғысыз Үшқоңырдың иен жайлауында колхоздың сыры мен қойын күйсете жайып жүргеніміз жетпей ме» (26-б.), «құда қаласа кетеміз» (65-б.), «құдай қаласа» (75-б.), «неғыласың көке» (84-б.), «Иә, құдая, көрсеткеніңе шүкір» (158-б.), «қалып кетіп жүрмесін» (205-б) және т.б.

Байқап отырсақ, мұнда автор мұсылманшылықты да барынша көрсеткісі келген. Бас қаһарманның тіліне осы қолданымстарды тиек ету арқылы автор оны кәдімгі «құдайына қараған» пенденің кейпінде суреттейді. Барша адамзаттан ардақ тұтып отырған Елбасын бір сәтте қарапайым етіп суреттейді.

Автордың көзқарасы бұл оның шығармасымен біте қайнасып жататын құбылыс. Туындының бойында автордың араласпайтын жері болмайды, ол ондағы болып жатқан оқиғаларға тікелей араласып, өз ойын білдіріп отырады. Біз талдап отырған романда да солай.

Сондай-ақ кез келген туынды үшін автордың барлық сала аясындағы білімі де маңызды рөл атқарады. Шығарманың мінсіз болуы автордың дүние көзқарасына, білімінің тереңдігіне тікелей байланысты. Мысалы, «Ақ Орда» романындағы Д.Досжанның саяси білімі терең, тарих туралы толғамдары кең, шежіреден де хабары бар екеніне көзіміз жетеді. Бірақ романды оқу барысында «автордың діни сауаты қандай» деген сұрақ туындауы мүмкін. Мәселен, шығармада қаламгер діни терминдерді қолдануда біршама ауытқуларға жол берген. Мысалы, Сауд Арабиясының королі Фахд Ибн Абдель Азиз Елбасы Н.Әбішұлынан «...мұсылман елі туралы не айтасыз?» [3.162-б], – деп сұрайды. Мұнда елі сөзі өз төл мағынасында дұрыс қолданылмаған. Немесе автор мұсылман сөзін ислам сөзімен алмастырып қолдануы шарт еді. Дінде мұсылман деп ислам дінінің шарттарын орындап әрі сол дінді ұстанатын адамды айтады. Бірақ осы романда қаламгер сөздердің орнын ауыстырып қолдануы әбден мүмкін. Оның себебі – бас қаһарманды жан-жағынан ашу үшін түрлі әдіс-тәсілдерді қолдану.

Дегенмен, мына үзіндідегі автордың «мұсылман діні» тіркесін қолдануы әлгі біз сөз еткен автордың бастапқы қолданысының оның тарапынан әдейі солай бергеніне көзіміз жетеді. «Фахд ибн Абдель Азиз сырт көзге ғана сұсты екен – Зайырлы мемлекет басшысы ретінде мұсылман діні туралы не айтасыз? – деп сауал қойды. Айтуға жеңіл болғанымен қиын түйіні мол кедергіні көлденең тастағаны, бұл анау-мынау алпауыт ақыл иесі аттап өте алмайтын сауал екені, бұған сүріну – бітімгершілік мәмілеге үлкен сызат түсіргенмен бірдей екені белгілі бол қалды. Сауд королі мәртебелі қонағына сынақ қойып отыр. Әрбір дін адамшылықты, кісілікті марапаттайды, ал, қазақтар үшін мұсылман дінінің салмағы неде дегенді мезгеп, түкпірлеп түсінегісі келеді.

Нұрсұлтан Әбішұлы тосылып қалмады.

– Ислам – қазақтар үшін бірыңғай теологиялық таным мен киелі элементтердің жиынтығы емес. Ислам – қазақтар үшін моральдік құндылықтар, ғасырлар бойы қалыптасқан мінез-құлық кодексі, психологиялық қалып, салт-дәстүр сипаттарын орнықтырған тұтас жүйе. Жаратқан иеге жалаңаш жалбарыну деп түсінбейміз, моральдік құндылықтарымыздың жиынтығы, бас қояр құбыламыз деп түсінеміз. Тұжырып айтсақ: ар-ұят, адамгершілік каноны.

Мына сөзді естіген король Абдель Азиз маңдай әжімі тереңдеп, жанарын жартылай жұмып ойланып отырып қалды.

– Моральдік құндылықтар каноны дейсіз ғой сонда!

– Иә, біз үшін дін ислам – моральдік құндылықтардың қайнар көзі, мінез-құлық кодексі, салт-дәстүр сипатын қалыптастырушы ұлы тетік.

– Мәртебелі Президент мырза, мына жауабыңыз мені үлкен адамгершілік мұраттарға жетелеп отыр. Бек ризамын сізге!

– Діни тәубә етушілік десек, тынысымызды тарылтқанымыз, Құран қарпі мен рухын көтере ұстайық десек: мұсылмандық біздер үшін дүние-танымдық идеал, этикалық символ» [4, 163].

Көріп отырғанымыздай мұнда Елбасының жалпы ойтапқыштығы, рационалды ойлай алу қабілеті, жоғары интеллекті жан екендігі барынша айқын көрінеді. Автордың осы үзіндідегі Елбасының ойы ретінде берген пікірін президенттің осы уақытқа дейінгі халыққа жолдауларынан да кездестіруге болады.

Романда сондай-ақ автор: «Жаналғыш мүңкір-нәңкір періштесі» (298-б), – деп қолданады. Мұнда да қаламгердің діни сауатына күмән тууы мүмкін. Себебі, жаналғыш періште – Өзірейіл.

Романның ең негізгі басты оқиғалары, Елбасының білгірлікпен жүргізген саясаты, кемелділікке құрылған басшылық әрекеттері «Атлантиданы іздеу», «Реформа», «Астана архитекторы» деген бөлімдерде жүйелі әңгіме арқауына айналған. Бұл бөлімдерде көбіне ел басынан өткен түрлі саяси оқиғалар, елі үшін қам жеген Елбасының көрегендікпен қабылдаған шешімдері суреттеледі. Жай ғана суреттелмейді, автордың көзқарасымен баяндалып, жүйелі әңгімеленеді. Бас қаһарманның жүргізген саясаты мен оның қабылдаған жаңа үдерістерін, батыл шешімдерін жете талдайды. «Қазақстанның қадамы күрт өзгерген себебі – Қазақстанның адамы өзгергенінде. Ұлт жолына басымды бәйгеге тіккен адаммын», – дейді Елбасы. Осы бір жолдарда қаншама мән-мағына жатыр. Біріншіден, автор осы арқылы Нұрсұлтанды Отанын сүйетін, елін құрметтейтін азамат ертіңде көрсетсе, екіншіден, елі үшін батыл қадамдарға тек өз елін, жерін шынайы сүйген адам ғана тәуекелге бел

буып, тегеурінді әрекеттер жасайтынына оқырманның көзін жеткізеді. **Мұнымен қатар Елбасы:** «*Ары, намысы, туған топырағы үшін жанын садақа ететін осындай текті халыққа, өз басымды ұлым деп, Президентіміз деп төбесіне көтерген халыққа, арғы-бергідегі алаш азаматтарының бірде-бірінің пешенесіне бұйырмаған бақытты – төтелеп айтса, тәуелсіз мемлекет құрудың басы-қасында болу бақытын бұйыртқан ел-жұртына басы жерге жеткенше қызмет етуден артық ештеменің қажеті жоқ, осы қиын жолда бойындағы барша қажыр-қайратын білім-білігін аямай жұмсауға бар. Бұл – тәуекелдің дүдәмал сөзі емес, шынның жүзіне тура қарап айтылған жүрек тебіренісі*» [1, 317]. – дейді. Осының барлығын автор көркем шындықпен аастастыра білді, өмір кеңістігін роман кеңістігіне айналдырды. Бұл қаламгердің жемісі, жеңісі деп білеміз.

Романның «Ақ Орда» аталуының өзінде үлкен мән жатқанына көңіл аударсақ, жазушының тақырып таңдай алу шеберлігі мен оны романның жалпы құрылым-мазмұнымен ұштастыра білу қабілетін байқаймыз. Жазушының осы роман арқылы жеткізгісі келген ең басты нәрсе – бұл кешегі тарихты бүгінмен салыстыру, кешегі күннің алып мемлекеті Ақ Орда – бүгінгі тәуелсіз Қазақстан. Екінші жағынан «Ақ Орда» – тәуелсіз елдің астанасы, ұлт ошағының орталығы. Міне, осының бәрін аядай ғана туынды арқылы жеткізген автордың ерекше қыры да осы болса керек.

Шындығында, біз қарастырып отырған романның авторы да осыны көздеген. Қалың бұқараға Елбасының ел үшін еткен ерен еңбегін, адал қызметін дұрыс бағытта насихаттау, дұрыс жеткізу – романда автор көздеген мақсаттардың бірі. Сан дәуірді өткеріп, бүгінгі азат елдің

ұрпағы атанып отырған, Елбасыдай ұлды шығарған елдің болашағының зор болатынына жазушының сенімі мол, өз басшысымен бірге әлі сан белестерді бағындыратынына да күмәні жоқ.

РЕЗЮМЕ

Статья рассматриваются основы мастерство на писание через художественного восприятие современных тем и художественную праву в романах выдающегося писателя Д.Досжанана.

Трудность жизни героев и их борьбу за нее, писатель передает через выводы и позиции собственного «Я».

Ключевые слова: автор, персонаж, метафорическое изображение, диалог.

The complexity of the lives of the characters struggle through life and the writer's own position and their own conclusion. In this article, will be considered by contemporary themes and artistic solutions and analyzed the writing skills of the writer D.Doszhana.

Keywords: author, character, metaphorical image, dialog.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. **Досжан Д.** Ақ орда. – Астана: Елорда, 2005. – 528 б.
2. **Ақыш Н.** Д.Досжан шығармашылығы жайлы. XX ғасырдағы қазақ әдебиеті. 2001-2011. – 640 б.
3. «Үш қанат» (философиялық поэма), «Айқын», 1 мамыр, 2010 ж.
4. «Елорда – Елбасының еренғайып ерлігі» // «Егемен Қазақстан», 17 маусым, 2009 ж.

ШЕТЕЛ ҒАЛЫМДАРЫ ҚАЗАҚТАР ТУРАЛЫ

СУ БЭЙХАЙДЫҢ ЗЕРТТЕУЛЕРІ:

дәстүрлі қазақ қоғамындағы отбасы, бала тәрбиесі мәселелері

Динара МАРАТОВА,
Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университетінің докторанты

Адамзат мәдениетінің асыл қазыналарының бірі – әр түрлі ұлттардың өз балаларын тәрбиелеу нормалары мен дәстүрлерінің жүйесі. Қолданыстағы тәрбие формаларының таңғажайып Әр түрлілігінің артында тарихқа еніп кеткен және өз кезегінде мәдениеттің ең терең, архаикалық қабаттарына негізделген белгілері де көрінеді. Заманауи тұрғыдан қарастырсақ, «балалық шақ» тарих пен мәдениеттің жемісі деген түсінік жаңалық болып табылмайды. Әр түрлі халықтар арасындағы дәстүрлі өмір салты мен мінез-құлықтың тарихи-этнографиялық сипаттамалары ежелгі кезеңдерден бастау алады.

Кемелденген қоғам ең алдымен адам қамын ойлаумен ерекшеленіп, атқаратын істердің ең маңыздысы – отбасының құндылығын айқындау, өсіп келе жатқан ұрпақты, яғни балаларды тәрбиелеу, олардың қоғамда алар орнының дұрыс болуы, құқықтарының сақталуы болып табылады. Ел тұтқасын ұстайтын азаматтарға өнегелі тәрбие беру – бүгінгі күн тәртібіндегі

маңызды мәселе. Балалардың бойында отансүйгіштік, білімділік, адамгершілік қасиетін ұнамды мінезін рухани, имандылық құндылықтар арқылы бойына сіңіре білу керек. Себебі, бұл ұлт болашағының қамы.

Қытай ғалымы, тарихшы Су Бэйхай өзінің ғылыми-зерттеу бағытында қазақ халқына тән мәдениеттің тарихын зерттеуге ерекше мән берген. Ол қытай жерінде орналасқан қазақтардың тұрмысы, салт-дәстүріне ерекше көңіл бөліп, зерделей білген [1]. Біз ғалымның зерттеулері негізінде қазақ халқының отбасы, бала тәрбиесіне қатысты қарастырған ой-пікірлеріне зерттеу тақырыбымыздың аясында талдау жасамақпыз.

Дәстүрлі қазақ қоғамында ұрпақ тәрбиесіне атабабадан ғасырлар бойы сақталған салт-дәстүрді сіңіре отырып, олардың құқықтарын сақтау және тәрбие беруді жан-жақты қарастырды. Қазақ халқының ұлт болып қалыптасуының белгісі отбасын құруы болып табылады. Өзіндік тәртібі, ережесі, соған сәйкес

қалыптасқан дәстүрі сақталған отбасы – бұл бала тәрбиесіндегі ең басты рөл атқаратын әлеуметтік орта [2]. Халқымыздың тарихи даму жолы салт-дәстүрлердің көптігімен ерекшеленеді. Отбасында балаға деген сүйіспеншілік, оларды еңбекке баулу, үлкендерді құрметтей отырып, туған-туыстармен тығыз байланыс орнату, көрші-қолаңмен достастық құрып, адамгершілік негіздегі ізеттілік көрсету дегеніміз ұлтымыздың тұрмыстық қалпына байланысты болып табылады. Қыздарды тұрмысқа беру, келін алу, құда-жеужат атану, қалың мал, ажырасудың негізінде болатын бата бұзу, жетім балаларды асырап алу, отбасылық тұрмысты әмеңгерлікпен жалғастыру сынды дәстүрлер ұлтымыздың отбасылық құндылықтарға ерекше мән бере отырып, кез келген отаудың босағасы берік болуына толыққанды жағдай жасағанын көре аламыз.

Жоғарыда аталғанның барлығы ата-ананың балаға қатысты міндеті болса, осындай отбасында тәрбие алған балаға да парыз болатын міндеттемелер жүктеледі. Мысалы, қазақ отбасындағы баланың міндеті – қартайған ата-анасына құрмет көрсету, айтқанына бойынұсынуы, қартайған шағында оларды бағып-қағу. Шындығында, дәстүрлі ұғымда «қазақы тәрбие» алған бала ешқашан да өзінің ата-анасына, бауырларына, тіпті қоғамға залал келтірмесі анық. Ата-анасына ерекше құрмет көрсететін балалары, үлкендерді сыйлай отырып, «баланы бауырға салу» салты арқылы өздерінің тұңғыш балаларын солардың бауырына салған. Осы арқылы оларға деген құрметтерін, ықыластарын білдірген. Аға буын мен келешек ұрпақтың сабақтастығы да осы сәттен басталары анық [3].

Қазақ халқының рухани өмірінде ислам мәдениетінің үлкен әсері бар. Тұтастай алғанда, исламдағы отбасы мен бала құқығының сақталуы, шариғаттың жалпы ұстанымы қасиетті Құран Кәрімде көрсетілген. Төрткүл дүние тарапынан қарастырсақ та, бала құқығын сақтау, оның отбасында дүниеге келуінен басталады. Үйленіп, үй болу әр адамның басына түсетін жағдай. Әркім өмірде өз сыңарын тауып, шаңырақ көтеріп, сәби сүйісі келетіні анық. Ислам діні бұл ретте үйленуге тыйым салмайды. Керісінше, екі жұптың бір бүтін болуын қалайды. Құран Кәрімде үйленудің әр түрлі пайдасы бар екендігін, жұбайлар арасында сүйіспеншілік орнап, бір-біріне сүйеніш болатынын айтады. Үлкендерге жастарды үйлендіруді бұйырады. Бұл бұйрық міндеттілік емес, тек рұқсат ретінде қабылдануы тиіс. Отбасын құру, бала сүю – адамның Алла берген еншісі. Жекелеген белгілеріне сәйкес мұсылман отбасының өзіндік ерекшеліктері бар. **Мұсылман отбасы ең әуелі некеге тұру арқылы құрылады.** Неке құрған кезде адамның бойында қалыптасқан көзқарастар тыйылып, жаны таза ұрпақ өмірге келеді. **Екіншіден,** мұсылмандық шарттарды ұстанған отбасылар Аллаға деген берік сеніммен өмір сүреді. Отбасындағы адамдарды өзара туыстық сезім және Аллаға деген сенім байланыстырады. Олар қандай да болмасын қиындыққа төзіп, сабырлық сақтайды. Отағасы өз жанұясы мүшелерінің иманды, ибалы болып тәрбиеленуін қадағалайды. **Үшіншіден,** мұсылман отбасы мүшелері арасындағы қарым-қатынас сүйіспеншілік пен бауырмалдыққа негізделеді. Ата-ана балаларын кішкентай кездерінде қалай мөпелеп бақса, олар да қолдан келгенше жақсылық жасауы керек. Сондай-ақ, отбасын құрған ерлі-зайыпты мұсылманның арасында сүйіспеншілік, ілтипат болуы тиіс. Ер адам өз жұбайына жақсы ықыласын, мейірімін төгеді. Ері өз әйеліне қолғабыс етіп, оны күші жетпеген іске жұмсамағаны жөн. **Төртіншіден,**

мұсылман отбасы мәдениетті. Мұсылмандар рухани тұрғыдан даму жолында білім алып, өз балаларын да оқытады. Білім алуды ешқашан тоқтатуға болмайды. Осылайша мұсылман отбасы білімді, мәдениетті жанұяға айналады. **Бесіншіден,** мұсылман отбасындағы адамдар өзінің туыс-туғандарымен берік қарым-қатынаста болады. Себебі, Алла Тағала адамдарға туған-туыспен жақсы қарым-қатынас орнатуды бұйырған. Сол сияқты мұсылман өзінің көршісімен де жақсы қатынаста тұруға тиісті.

Ислам діні ең алдымен баланың тегіне, ұлтына немесе нәсіліне қарамастан өмір сүруге және денсаулығын сақтауға деген құқықпен қамтамасыз етеді. Баланың негізгі мүдделерін сақтай отырып, отбасы, яғни ата-анасы балаға махаббат пен қауіпсіздікті, қамқорлықты қамтамасыз ететін негізгі орта болып табылады. Ата-ана баланың табиғи және моральдық қажеттіліктерін өтеп отыруы қажет. Ата-ананың міндетіне балаларды сүйіспеншілікпен тәрбиелеуді, оларға махаббат нұрын жаудыруды жатқызады. Себебі мейірімділікпен өскен бала ғана болашақта мейірімді болады. Мейірімділік жүректі жібітіп, оның жұмсақтығын жоғалтпауын қамтамасыз етсе, қатыгездік пен салқындық керісінше жүректі қатайтады.

Бала ең алдымен ата-ана тарапынан өздеріне үлгі боларлық көркем тәрбие алуға құқылы. «Отан отбасыдан басталады» деген даналықты еске алсақ, Пайғамбарымыз (с.а.с.): «*Әкенің бала алдындағы міндеті – жақсы ат қою және жақсы тәрбие беру*» дегеніне мән берсек, ата-анаға балаларын тәрбиелеуге қатысты үлкен жауапкершілік жүктеліп отырғанын аңғарамыз. Демек, бұл жауапкершіліктің мәні баланың Алла тағала тарапынан сеніп тапсырылған аманат ретінде танылуына мүмкіндік береді. Мұсылман діні бала құқықтарын сақтауды басты мәселе ретінде санайды... **Белгілі жазушы М.Жұмабаев балаларды тәрбиелеу туралы:** «...жер жүзіндегі басқа жан иелерімен салыстарғанда, адам баласы туғанда өте әлсіз, зағып, осал болып туады. Малдың төлі туа сала аяқтанады. Тауықтың балапаны жұмыртқадан жарылысымен жүгіріп кетеді. Ал адам баласы туғанда іңгалаған айғайы мол бір кесек ет. Ақыл-есі жоқ. Денесі тым әлсіз. Өсуі, ұлғайуы сараң, тым шабан... Мінекей, адам баласы осылай өте әлсіз боп туып, аса сараң өскендігінен, оның денесіне, жанына азық беріп, өсуіне көмек көрсетпей, яғни оны тәрбие қылмай болмайды». – деп жазады [4]. Сондықтан да балаға қатысты ұстанатын құқықтардың қатарында ең маңыздысы – баланың отбасында өнегелі тәрбие алуға құқығы болып табылады. Отбасы шағын мемлекет, әрбір шағын мемлекеттің асыл мұраты, ең басты міндеті – бала өсіріп, оған өнегелі, жақсы тәрбие беру. Балалар – ата-анасының Алладан берілген өмірдегі ең үлкен сыйы мен аманаты. Осы аманаты үшін ата-аналар Алла алдында жауап береді. Баланың дүниеге келуімен жанұяға қуаныш пен береке кіреді, жұбайлар арасындағы қарым-қатынас нығаяды. Сондықтан да балаға тәрбие беру жолында жанұя ерекше орында болады да, оның орнын қоғамдық тәрбиенің кез келген саласы ауыстыра алмайды. Отбасындағы ер мен әйелдің негізгі міндеті – балаларды өмірге келтіре отырып, оларға айналадағы мәдени, әлеуметтік ортаның құндылығын қабылдап, ұрпақтың, ата-бабаның, ұлы адамдардың ақыл-кеңесін, өмірлік тәжірибелерін бойына сіңіре отырып, қоршаған ортаға, адамзат қоғамына пайда әкелетін тұлға ретінде тәрбие беру. Балалар туғаннан бастап әке-шешесінің ықпалымен өмірге бағыт ала отырып, олардың берген тәрбиесінен сусындайды.

ХІ ғасырда Жүсіп Баласағұн бабамыз баланың отбасындағы тәрбиесіне қатысты:

*Қатты тәртіп көрсе бала күнінде,
Өнерімен қуантады түбінде.*

*Бала нені білсе жаспан, ұядан –
Өле-өлгенше соны таныр қиядан.*

Өнер-білім берем десең басынан,

Бер оқуға балаларды жасынан,

Ата-анадан өсіп ұрпақ тараған,

Жақсы-жаман болса, бала – соларда, – деген.

Осы ретте ата-ана бала тәрбиесіне ерекше мән беруі қажет. Отбасындағы ерлер мен әйелдердің жауапкершілігі бірдей болғанымен, әйел табиғаты ер адамдардан бөлек қарастырылады. Ана – отбасының ұйтқысы, үйдің ажары болуын көбірек ойлап, соған жаратылысынан бейімделуге тиіс жан. Қоғамдық дамуда әрбір жанұяда тәрбиеге ең алдымен, шаңырақ иесі – отағасы жауапты болса, әйел-ана – босағаның алтын тірегі, отбасының айрандай ұйып отыруы да әйел затының қолында.

Қазақтың ұлы ақыны А.Құнанбаев әйелдердің, аналардың отбасында алатын орнын ерекшелейді. Ол, «адамның бойында кездесетін жақсы қасиеттердің барлығы дерлік ананың ақ сүті арқылы жаралғанын» айта отырып, осы қасиеттерді айқындау үшін адамның тәрбиесіне мән беру қажеттігіне көңіл бөледі. **Жетінші қара сөзінде Абай:** «Жас бала анадан туғанда екі түрлі мінезбен туады. Біреуі ішсем, жесем, ұйықтам деп туса, біреуі – білсем екен демектік. Не көрсе соған талпынып, жалтұр-жұлтұр еткен болса, соған қызығып, аузына салып, дәмін татып, тамағына, бетіне басып қарап, сырнай, керней болса дауысына ұмтылып, онан ер жетіңкірегенде ит үрсе, мал шуласа да, біреу күлсе де, біреу жыласа да тұра жүгіріп, «ол немене», «ол неге үймеді», «бұл неге бүйтеді» деп, көзі көрген, құлағы естігеннің бәрін сұрап, тыныштық көрмейді. Мұның бәрі өмірге жаңа келген нәрестенің жан құрамы, «білсем екен, көрсем екен, үйренсем екен» дегені», – деп, баланың танымдық дүниесінің қалыптасу бағыттарын айқындайды [5].

Сондықтан да, балалардың ең басты құқығы дұрыс тәрбие алу жолындағы жанына ең жақын тәрбиешісі әйел адам болуы да бекер емес. Балаларды жақсылап тәрбиелеу үшін әйел кісінің өзі де тәрбиелі, білімді, мейрімді, төзімді болуы керек. **Ұлы грек философы Платонның** «Ұлтыңды сақтаймын десең – қызыңды тәрбиеле, рухыңды сақтаймын десең – ұлыңды тәрбиеле!» деген қанатты сөзінің астары да осыдан ашылғандай. Ата-анасы өз балаларына дұрыс тәрбие, білім беріп, туғанда жақсы ат қойса, Алланың ризалығына бөленеді, ал бала тәрбиесіне көңіл бөлмеген әке-шеше жан азабына душар болады. Өкінішке орай, ата-анасының аялы алақанының жылуын көрмей, тағдырдың тауқыметін тартып, теріс жолға түсіп жүрген жетім балалар саны күн санап артып келеді. Солардың қатарына ата-анасынан дұрыс тәрбие алмаған балалар да жатады. Өйткені олар түбінде қоғамға жат істерге бой алдырады, сол себептен де бала тәрбиесіне тиісті көңіл аудармай, немқұрайды қарау адамның өзіне, балаларына, тіпті қоғамға да зиянын тигізеді. Ата-анасымен жылы қатынаста болып, дұрыс тәрбие алған балалар көпшіл, ақжарқын, мейрімді, өзгелерге қамқорлық жасауға ұмтылатын болып өседі.

Әлеуметтік өмірден қол үзген, өзінің ішкі жан-дүниесі түсініксіз болған тұйық адамдар ішкі қайшылығын жеңе алмай, қоғамдық өмірдің сыртқы сипатына нұқсан келтіреді. Осындай адамдардың қатарына жататын «әлеуметтік жетімдер» тағдырдың

әр түрлі тәлкегіне ұшырап, ата-анасынан айырылып, сыртқы қоғамдық ықпалымен өмір сүріп, ержетуге мәжбүр болатындар. Ата-анасынан ажыраған балаларды жақсылап тәрбиелеу, олардың құқықтарын аяққа таптамау – қоғамның алдындағы зор міндет. Далада қалған балаларға қамқорлық көрсетуді мемлекет өз мойнына алады. Яғни, оқыту, тәрбие беру, үлкен өмірге аттандырып, үйлендіру мемлекеттің ісі. Ата-анасынан, туған-туыстарынан айрылған баланы өз қамқорлығына алып, тәрбиелеу, білім беру – қайырымдылыққа жатады. Көшедегі баланы алып, бағып-қағу – сауапты іс. Ал, егер оған қамқор болатын ешкім табылмаса, онда бұл бүкіл қоғамға сын.

Қазақ халқы баланы асырап алуға қатысты мәселені қалай қарастырғаны «Қазақстан» ұлттық энциклопедиясында төмендегідей талданады: «Қазақ халқында бала асырап алу әкмесіне жете мән берілген. Көбінесе, ұрпақтар жалғастығы үзіліп қалмасын деген ниетпен перзент сүюге қабілетсіз, не ұлы жоқ отбасына ет жақын, сүйек шатыс туыстары бала беріп, қамқорлық жасаған. Бұл әктіні кейін құпия ұстауға міндеттенген. Жалпы, қазақ ұғымында «асырау», «асыранды» деген сөздер итке, малға қатысты айтылып кемсітушілік астары болғандықтан да, әдетте отбасы, ағайын-туыс арасындағы құпия сыр ретінде сақталатын осы құқықтық – адамгершілік іс-әрекетті «бауырына басу», «баланы көйлекшең туу» деп астарлай жеткізген», – делінген [6].

Тарихқа көз жүгіртсек, Кеңес билігі орнағанға дейін қазақтың дәстүрлі қоғамында «жетім бала» деген түсінік болмады. Себебі, қазақ қоғамында ұстанған құқықтық ережелерге, салт-дәстүрлерге сәйкес ері қайтыс болған әйелді әмеңгерлікпен қайын ағасы немесе қайын інісіне күйеуге берген. Мұндағы басты ұстанып отырған қағида – жетім-жесірге қамқорлық немесе жетім баланы өз руынан шетке шығармау. Ұрпақ жалғастығы деген ұғым да осы.

Қазақ халқында бала асырап алудың негізгі себебі – адамның тіршілікте жиған-терген дүние-мүлкіне мұрагер ету, сонымен бірге тұқымы жойылып кетуден қорқып, көбінесе өкпенің атын жалғастыратын шаңырақ иесі ету көзделген. Бала асырап алудың екінші бір себебі, өзінен туған бала жалғыз болса, ер жеткен соң ол жалғызсырамас үшін, оның інісі не, қарындасы болсын деп ағайын-туғанның да баласын асырап алу сақталуда. Кей жағдайда бөтен елдердегі таныстары, жақын туыстары дүниеден өткенде оның баласы жетімсіремеу үшін де баласын асырап алу дәстүрі сақталған. Бала асырап алу барысында орындалатын басты ғұрып – мал сойып, той жасап, ер балаға асықты жілікті, қыз балаға тоқпан жілікті ұстатқан. Жұрт алдында балаға жілік ұстату ғұрыпы екі жақтың да бала алу, бала беру ісіне ризалығын білдірудің куәлігі іспетті болған. Бөтен рудан алынған бала жетім болса да, барлық жоралғылар жасалып, заңды ұрпақ есебіне енеді де, өгей әкенің туыстарының, тіпті жеті атаға толмаған ағайындарының қыздарына үйленуге тыйым салынған. Асырап алынған бала ержеткен соң кеткісі келсе, оған ешкім де қарсылық білдіре алмаған. Балаларға ержеткенше қамқорлық жасау – асырап алған әке-шешесінің міндеті. Отбасында асырап алған бала ата-анасы қайтыс болғанда артында қалған мұраға толыққанды мұрагер болып қалған.

Жалпы қазақ халқының бауырмалдығы, балаға деген қамқорлығы ерекше. Оған ел басына түскен екінші дүниежүзілік соғыс кезінде ата-анасыз қалған өзге ұлт балаларын асырап алуы куә. Н.К.Крупскаяның: «балаға деген қамқорлықты славяндар шығыс халықтарынан үйренуге болады», – деген сөзі де текке

айтылмағаны айқын көрінеді [7].

Дәстүрлі қазақ қоғамы бала мүддесін, оның құқығын, қамқорлық көрсетуді жоғары қояды. Сол себептен де ата-ана балаға өзінің махаббатын, ыстық көңілін және қауіпсіз өмір сыйлау міндетін өз мойнына ала отырып, бала тәрбиесінде олар балаға үлгі бола алуы тиіс. Ерекше айта кететін жағдай, Ислам діні қыз бен ұл баланы алаламай, ата-ана тарапынан қамқорлық көруде тең құқыққа иелендірген. Олардың тамақ, киім, денсаулықтарына күтім, білімі үшін ең алдымен ата-аналары жауапты. Баланың толық өскеніне дейін оны қамтамасыз ету әкеге міндеттелсе, қамқорлық көрсету шешесіне жүктелген. Баланың адамгершілік қасиеті, көп ретте отбасындағы өзара қарым-қатынастың қалай қалыптасқанынан, ата-ананың өз баласына деген көзқарасына, сүйіспеншілігіне байланысты болып келеді. Бала мінезіне шамалы болсын теріс пікір келтіретін адамдар арасында өмір сүрсе, кейін ол қоғам үшін үлкен мәселеге айналады, ал бала бойындағы адалдық пен адамгершілік сіңген ортада өссе, уақыт өте ол ізгілікті жемістерін береді.

Адамның отбасы шаңырағының астында өткізген балалық шағы, өмірінің соңына дейін жол көрсетер жарық тәрізді. Бұл қоғамның құрылымында да байқалады. Әлеуметтанушы ғалымдардың айтуынша, отбасы мүшелері балалық шақ пен жастық шақтарында жақсы немесе жаман, яғни қалай жетілсе, қоғам да соған орай түрленеді. Осы жағдайда ертеңгі қоғамды құрайтын балаларымызды, жастарымызды мықты мінезді, сенімі бар, тәрбиелі, дені сау және рухани күші жоғары болып жетілуінің әдістерін табу қажеттілігі бар.

Әрбір ұлттың қай кезде болмасын алдында тұратын ұлы мұраты – өз ісін, өнегесін, өмірін жалғастыратын ұрпақ тәрбиелеу. Сан ғасырлар бойы сақталып келе жатқан діни ережелерді, салт-дәстүрлерді, жаңа әлемдік талаптарға сәйкес заң жобаларын ұстанған қазақ халқының алдыңғы қатарлы өзекті мәселелердің бірі – балалар панасыздығы болуы өкінішті жағдай. Кез келген мемлекетте ұрпақ жалғастығының сақталуы оның тәрбиелі болуымен ұштасады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. **Су Бэйхай.** Қазақтың жалпы тарихы: Ерте заманнан – XX ғасырдың алғашқы жартысына дейін. // Төрт томдық зерттеу. XV-XIX ғасырлар аралығындағы Қазақ хандығы. Аударма, зерттеу, факсимилие. – Алматы: «Асыл кітап» баспа үйі, 2019. 3-том. – 608 б.

2. **Арғынбаев Х.А.** Қазақ халқындағы семья мен неке. – Алматы: Ғылым, 1973. – 326 б.

3. **Су Бэйхай.** Қазақ мәдениетінің тарихы. - Алматы: Дәуір-Кітап, 2013. - 495 б. Б. 518-519.

4. **Жұмабаев М.** Педагогика. Алматы, 1992. Б. – 13-14.

5. Абай энциклопедиясы. Абайдың қара сөздері. Алматы: «Атамұра», 1995. – 712 б.

6. «Қазақстан» Ұлттық энциклопедиясы. Алматы: Қазақстан энциклопедиясы, 1999. – 720 б.

7. Қазақ халқының салт-дәстүрлері. Алматы: «Рауан», 1994. – 210 б.

ГТАХР: 03.20

СУ БЭЙХАЙДЫҢ «ҚАЗАҚТЫҢ ЖАЛПЫ ТАРИХЫ» ОҚУЛЫҒЫ және оның құрылымы туралы

Мақала Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің № АР 05133970 «Қытай тіліндегі Қазақстан тарихына қатысты қолжазбаларды жинақтау, жүйелеу және зерттеу: Су Бэйхай «Қазақтың жалпы тарихы» (4 томдық қолжазба)» жобасы аясында дайындалды.

Жанар СМАХАНОВА,
Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық
университетінің докторанты

Бұл мақалада қазақ тарихы ғылымының дамуына зор үлес қосқан қытайлық қазақ тарихшысы Су Бэйхайдың еліміздің сонау ерте заманнан XX ғасырға дейінгі тарихы жазылған «Қазақтың жалпы тарихы» атты оқулығының құрылымы туралы айтылады. Аталған оқулықтың қазақ тіліне аударылған зерттеу нұсқасының несімен құнды екенін, басқа да қолданыстағы оқулықтармен салыстыра қарастыруға талпыныс жасалады. Өзге ұлттың тарихшысының еңбегі болғандықтан, тікелей аударылып қана қоймай, сыни тұрғыда қарастырылып, ғылыми редакторлықтан өткен бұл еңбектің тарихнамамызға қосылған жаңа тыныс екендігі туралы қорытынды жасалады.

Кіріспе. Қазақ елінің тарихын жүйелеп баяндау

ұзақ жылдар бойы КСРО тарихының құрылымдық-тақырыптық шекарасына тиесілі болғаны аян. Осылайша Қазақ елінің тарихы әлемдік тарихи даму контекстінен тысқары оқылды. Қазақ қоғамының тарихи ойының дамуын да қолдан тежеу мақсатында Қазақ тарихының өткенін зерттеу кеңестік кезеңде ғана пайда болды деген жаңсақ ұғым да болды. Ал, шын мәнінде сонау орта ғасырда-ақ қазақ жерінде Әбілғазының «Түрік шежіресі», Қадырғали Қосымұлының «Жылнамалар жинағы» сынды керемет дүниелер жазылды. Бұл зерттеулер күні бүгінге дейін бізді сонау өткен заманмен байланыстыратын алтын көпір екені даусыз.

Қазақ қоғамын, тарихын зерттеу Ш.Уәлиханов, А.Байтұрсынұлы, Ө.Бөкейхан, М.Тынышпаев, С.Асфендияров сынды қазақ зиялыларының еңбек-

терінен көрініс тауып жатты.

Қазақстандағы тарих ғылымы КСРО Ғылым академиясының қазақстандық базасы құрылуымен жаңа белеске көтерілді. Соның нәтижесінде Ш.Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының құрылуы тарихшылардың жаңа зерттеулерін қалыптастырды. Институт ғалымдары Д.А.Баевский, А.П.Кучкин, А.М.Панкратова, Б.Д.Греков, т.б. қолға алуымен «Қазақстан тарихы. Көне заманнан бүгінгі күнге дейін» атты академиялық басылымы әзірленді. Бұл басылымның негізінде мектеп оқулықтары және басқа да оқу құралдары әзірленуі тиіс болғандықтан, оның маңызы зор болды.

Алғашқы томы 1957 жылы, екінші томы 1959 жылы шыққан бұл «Қазақ ССР тарихы» атты академиялық басылым жоғары оқу орындарындағы тарих факультеттерінде негізгі оқулық ретінде пайдаланылды. Осы еңбектің негізінде жоғары және орта білім беру мекемелерінде оқытылатын «Қазақ ССР тарихының» бағдарламасы, хрестоматиясы және оқу құралдары әзірлене бастады. Бұл үдеріс бүгінгі күнге дейін жалғасын тауып келеді. Әрине, одан бері бұл академиялық басылымның мазмұнына өзгерістер енген болатын.

Ол өзгерістер тарих ғылымының қарыштап алға дамуымен, сондай-ақ жаңа археологиялық және жазба деректердің пайда болуымен байланысты. Дегенмен, еліміздің тарихы жоғарыда аталған кеңестік іргелі еңбектер негізінде жазылып, қарастырылып келгенімен, 90-жылдардың басында Тәуелсіздік алуымызбен өзіндік тарихымызды жазу, оны оқулықтарға бейімдеу үдерістерінде өзгерістер де ене бастады. Тарихымыз толық қопарылып, түбегейлі зерделеніп, іргелі оқулықтар жазылып бітті деуден аулақпыз. Оған әрине ең алдымен кеңестік идеологияға әбден құрсауланған әдіснамадан шығудың қиындығы да өз әсерін беруде. Әдіснамадағы өзгерістермен бірге тың деректердің табылып, басқа ел ғалымдарының еліміз туралы зерттеген зерттеулері тарихымызды қайта қарастыруда маңызды рөл ойнамақ.

Өзектілігі. Бүгінгі әңгіме кеңестік авторлардың оқулығынан бөлек, тың дүние – көрші қытай елінің қазақтану ғылымы Су Бэйхайдың қазақтардың көне заманнан XX ғасырдың бірінші жартысына дейінгі баяндаған тарихына арналған оқу басылымы туралы болмақ. **Бұл еңбек «Қазақтың жалпы тарихы» деп аталып, төрт томнан тұратын қолжазба түрі автордың өз қолымен елімізге жеткен.** Анығын айтқанда 1998 жылы қолжазба авторы Қазақстанға іссапары аясында бұған дейін өзінің «Қазақ мәдениетінің тарихы» кітабын қазақшаға аударған т.ғ.д., профессор Тұрсынхан Зәкенұлына қолжазбаны аманаттап табыстаған. Бұл туралы осы еңбектің қазақшаға аударылған нұсқасындағы кіріспе сөзінде Т.Зәкенұлы өзі толық айтып өтеді [4].

Талдау. Су Бэйхай – қытай ұлтының тарихшысы. Оқу орындарында оқытушы болып қызмет еткен. 40-жылдары үкіметтік тапсырысымен қытай қазақтарының қоғамдық-тарихи ахуалын зерттейді. Біршама тарихи еңбектердің авторы. **«Қазақтың жалпы тарихында» қазақ тарихының тамырын тереңдете түскен. Байырғы халқымыздың этно-территориясында мекен еткен көне сақ, үйсін, ғұндар құрған мемлекеттерді мемлекеттілігіміздің бастауы деп алады.** Кеңестік тұстағы әдіснамамен жазылған және орта білім беру мекемелеріндегі тарих оқулықтарының жазылуында сүйенетін академиялық бес томдығымызда ортағасырлық мемлекеттер тура-

лы бұндай толыққанды мәлімет жоқ [1]. Бұның өзі осы оқулықтың маңыздылығын көрсетсе керек. Дегенмен, оқулықта әдіснамалық принцип тұрғысында, саяси тұрғыда кеткен кемшіліктер мен көзқарасындағы ауытқушылықтар кездеседі. **Сондықтан, еңбектің қазақшаға аударылған нұсқасы қолжазбасынан ондағы мәліметтер мен ғылыми түсіндірулер жүргізіле отырып зерттеле аударылған үлесімен құнды.** Бұл да болса ұлттық құндылыққа толы тарихымызды ұрпаққа сапалы біліммен жеткізу. Бұл міндетті оқулықтың қазақ тіліндегі ғылыми редакторы т.ғ.д., профессор Д.Махат кәсіби тұрғыда орындап шықты [3]. Тарихымызға берілген осындай бір құнды мәліметті негізге ала отырып, кезінде бұрмаланған тарихымыздың алдында жаңа қоғамның талабына сай, қазақ тарихын табиғи қалпына келтіру, оны ғылыми тұрғыдан дәйектеу арқылы халқымызды қазіргі әлемдік өркениетке таныта білу, қажет болған жағдайда оны мойындату міндетін алуымыз керек.

Оқулықтағы қазақ тарихына берілген баға туралы Т.Зәкенұлы былай дейді: *«Қытай ғалымы мемлекеттілік тарихын зерттеу бойынша өз елінде қалыптасқан зерттеу әдісін, ғылыми-теориялық ұстанымдарды пайдаланып отыр. Нақты айтқанда, қытай тарихшылары қытай жерінде қалыптасқан кез-келген мемлекетті мейлі ол таза хан ұлты (қытайлар) тарапынан құрылған немесе басқа да бөгде халықтар тарапынан құрылған болсын, егер олар қазіргі қытай территориясында пайда болған болса, оның бәрін қытай мемлекеттілігінің тарихи бастаулары ретінде қарайды. Су Бэйхай мырза дәл осы ұстанымды қазақ тарихын, оның мемлекеттілік дәстүрін зерттеуге пайдаланып отыр. Бір Су Бэйхай ғана емес, мұндай ұстанымды Қытайдың өзге де ғалымдары төл зерттеулерінде пайдаланып келеді. Аталмыш еңбектің басты ерекшелігі – Қытай тарихнамасындағы осындай зерттеу әдістерін қазақ тарихына қолдануы. Бұл да болса қазақ тарихының әлемдік аренада қаншалық мән-маңызға ие екенінің бір көрінісі»* [5].

Бұл мәселелер болашақта білім беру мекемелеріндегі мемлекеттік маңызы ерекше пән бойынша оқулықтың құрылымын өзгертіп, мазмұнын байытар сөзсіз. Әсіресе, бұл еңбекте біздің тарих оқулықтарының мазмұнында кездесе қоймайтын қазақ жерінде сақтардан кейін ірге қалаған **Ұлы иүзейлер (ұлы юэцжи) мемлекеті туралы баяндауы көп нәрсені аңғартса керек.**

Ежелгі заманнан XX ғасырдың бірінші жартысына дейінгі аралықтағы қазақ тарихын қытай тарихшысы бұл еңбегінде төрт кезеңге бөліп қарастырған. Тарихшы халқымыздың шығу тегін және мемлекет болып қалыптасуының бастауын сонау сақ, үйсін дәуірінен бастап қарастырған. Түркеш қағанатына қазақтың алғашқы мемлекеті деген анықтама да берген. Еңбекте қазақ тарихының хронологиялық шеңбері кең көрсетілген. Қолжазбада қазақ халқының этникалық тегіні сақтар заманына апарды [2].

«Қазақтың жалпы тарихы» атты бұл оқулықтың құрылымы хронологиялық ретпен жүйеленген. Алғашқы томында қазақ халқының шығуын тереңнен зерттеп, этникалық құрылымына, қазақ жеріндегі алғашқы қауымдық құрылысқа тоқталып кеткен. Тіптен, қазақ тарихының бастауы – шежіреге де аса мән беріп, оны дерек көзі ретінде де пайдалана білген. *«...XVIII ғасырда Цин патшалығының кейбір оқымыстылары мен ұлықтары қазақ шежіресіне қатысты көптеген мәліметтер жинады. Олардың кейбіреуі Сун Цюньнің (松筠) «Синьцзянды танып-*

иеру» (新疆识略), Ван Тинцзиуэнь (王廷楷) «Батыс шекараны басқару естеліктері» (西陲总统事略), Бо Хэнниң (傅恒) «Батыс өңір картиналары» (西域图志), Цун Юанның (椿園) «Батыс өңірде көрген-білгендері» (西域闻见记), Ци Юньшидің (祁韵士) «Батыс шекара туралы маңызды шаралар» (西陲要略) қатарлы кітаптарда көзге түседі. Бұл кітаптар бүгінде Пекиндегі Гуоң мұражайында сақтаулы тұр... Қытайдағы қазақтар арасында да қазақ шежіресінің әр түлі қолжазба нұсқасы таралған. Олардың қазір жинақталғаны 20-дан астам...» [6] деп, шежіреге қатысты құнды дерек көздерін атап өтіп, қазақ халқының шежіре тарату дәстүрі де індетте зерттесе, бағалы тарихи мәліметтер бере алатынын тағы бір мәрте дәлелдей түсті.

Сонымен қатар, автор қазақ тарихына қатысты деректер мен зерттеулер мәселесінде кеңестік зерттеушілердің еңбектерін де назардан тыс қалдырмаған. Оқулықтың бірінші томында «Дүниежүзіндегі елдер мен ұлттардың қазақ тарихына қатысты деректері мен зерттеулері» деген тақырып та арнап, онда былай деп көрсеткен тұсы да бар: «Қазақстандық ғалымдар патшалық Ресей кезінде немесе Кеңестік дәуірде болсын, бәрінде де ғылымды дамытуға қажыр-қайраттарын аямай жұмсады. Олардың қазақ тарихын зерттеу бағытындағы аяқ алыстары да тез болды. Қиын күндерде таяу заманғы әдебиеттің негізін қалаушы Абай Құнанбаев Патшалық Ресейдің отаршылдығын айыптап, халқын береке-бірлікке, жауға қарсы жұдырықтай жұмылуға шақыратын өшпестей өлең-толғауларын жазды. Махамбет Өтемісұлы Ресей отаршылдарымен жан алып, жан беріскен шайқастарда өлеңді де қару етіп, жауына жай оғындай атылды. «Сырым Батыр» дастаны қазақ халқының отаншылдық ерік-жігерін жан-жақты бейнелейтін шығарма. Сәкен Сейфуллиннің «Қазақ тарихына қысқаша шолу» және «Қазақ әдебиетінің тарихы» еңбектері, Асфендияровтың «Қазақтың ертедегі салт-дәстүрлері» кітабы түгелдей қазақ халқының тарихи дамуынан мағлұмат беретіндіктен, отаршылдардың қолсұғуына ұшырап, патриоттық сезіммен жазылған бұл дүниелерді оқырмандардың оқуына тиым салды. Сонымен бір уақытта, қазақ тарихшылары сонау 1941 жылы «Қазақ тарихына шолу» атты кітапты жарыққа шығарды, 1957 жылы тағы да екі томдық «Қазақ тарихы» баспадан шықты. 1979 жылы бес томдық «Қазақ тарихы» жарық көрді, 1972 жылдан бастап 12 томнан тұратын «Қазақ Совет энциклопедиясы» үздіксіз басылып шықты» [7]. Бұл да болса автордың қай кезде болмасын көршілес аймақтардың ғалымдарының еңбектерін де зерделеу тарихнаманы байыта түсетінін қолдағаны болса керек. Бұл көзқарасты бүгінгі буынның тәуелсіз ел тарихын зерттеп, зерделеуде және оқытуда пайдалана алсақ, тарихымыз туралы толыққанды көзқарастар қалыптасары сөзсіз.

Түркеш, Қарлұқ қағанаттары туралы, қазақты құраған тайпалардың XIII-XV ғасырлардағы тарихы туралы түрлі деректер арқылы автор өз ойын еңбектің екінші томында келтіреді. Үшінші томы қазақ хандығы кезеңін, сол кездегі Абылай ханның ішкі-сыртқы саясаты туралы, Ресейдің қазақ жеріне қатысты саясаты туралы талдауларына арналған. Соңғы бөлімі Синцзяндағы қазақтардың жаңа тарихына арналған.

Қорытынды. Көріп отырғанымыздай Су Бэйхайдың бұл оқулық-зерттеуі қазақ тарихнамасын тың ойлармен толықтыра түскен. Оқырмандарға бұл ең-

бек әрі зерттеу түрінде де тарамақ. Өйткені, қазақ тіліндегі нұсқасы жоғарыда атап өткеніміздей ғылыми түсіндірмелермен толықтырылған. Бұл құрылым жоғары оқу орындарының студенттеріне зерттеу дағдысын да қалыптастыруға көмегін тигізбек. Алғашқы түпнұсқасымен де танысқысы келетін әрі қытай тілін меңгерген оқырманға оқулық соңында қолжазбаның факсимиле түрі ұсынылған. Кітаптың аударма нұсқасының бұл құрылымы деректерді талдау бойынша да, яғни зерттеушілік құзыреттілікті қалыптастыруға септігін тигізбек.

Су Бэйхайдың «Қазақтың жалпы тарихы» оқулығы білім берудің жаңартылған мазмұны жүйесінде білім алушылар, зерттеушілер мен болашақ зерттеушілердің білімін, біліктілігін қалыптастыруға септігін тигізеді анық. Терең талдау жасау арқылы аударылған бұл еңбектің құрылымы тарихи материалдардың сапасы мен мағыналық тереңдігіне баға да бере түсті.

РЕЗЮМЕ

В данной статье рассказывается о структуре учебника «Общая история казахов» китайского историка-казаховедца Су Бэйхай, который внес значительный вклад в развитие казахской исторической науки, его труд охватывает историю нашей страны с древнейших времен до XX века. Наша задача в контексте статьи заключается в том, чтобы показать данный труд актуальным. Предпринята попытка сравнение ценности исследовательской версии этого учебника, переведенной на казахский язык, с другими существующими учебниками. Как работа историка другой нации, делается вывод о том, что эта работа, которая была не только непосредственно переведена, но и критически рецензирована и научно отредактирована, является новым дыханием, добавленным в нашу историографию.

This article tells about the structure of the textbook «General History of the Kazakhs» by Chinese Kazakh historian Su Beihai, which will make a significant contribution to the development of Kazakh historical science, covering the history of our country from ancient times to the twentieth century. The task is to make this issue relevant in the context of the article. An attempt will be made to compare the value of the research version of this textbook translated into Kazakh with other existing textbooks. As a work of a historian of another nation, it is concluded that this work, which was not only directly translated, but also critically reviewed and scientifically edited, is a new breath added to our historiography.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қазақстан тарихы: көне заманнан бүгінге дейін. Бес томдық. Алматы: «Атамұра», 2010.
2. Қайыркөн Т., Махат Д. Су Бэйхайдың қолжазбасына деректанулық талдау // Қазақ тарихы, 2019. - № 5 (172). – 16-б.
3. Махат Д., Смаханова Ж. Исследование рукописного труда по истории Казахстана китайского ученого Су Бэйхай // Сборник статей по материалам XIX-XX международной научно-практической конференции «История, политология, социология, философия: теоретические и практические аспекты», г. Новосибирск, 2019. - №4-5(14). – С. 24-28.
4. Су Бэйхай. Қазақтың жалпы тарихы (ерте заманнан – XX ғасырдың алғашқы жартысына дейін). 1-том. Алматы: «Асыл кітап», 2018.- 26-44-б.
5. Бұл да сонда.
6. Бұл да сонда, 85-б.
7. Бұл да сонда, 105-б.

Е.БЕКМАХАНОВТЫҢ ШОҚАН УӘЛИХАНОВ ТУРАЛЫ ЖАЗБАЛАРЫ

Нұрсұлу ДҮЙСЕНОВА (Дюсенова),
Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың аға оқытушысы, т.ғ.к.,
ҚР БҒМ ҒК «Ғылым Ордасы» ғылыми-
библиография бөлімінің жетекші маманы,
Сымбат ИГІЛКОВА (Игиликова),
Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың оқытушысы,
PhD докторант, ғылыми-библиография бөлімінің бастығы

Қазақ тарихын қалыптастыруда Ермұхан Бекмахановтың рөлі ерекше. Тұңғыш кеңес тарихшыларының бірі, әрі бірегейі, кеңес тарих ғылымында доктор атағына ие болған азамат Бекмахановтың тағдыры бөлек. Ол жайында пікір айтқан аузы дуалы, мықты академиктер Б.Д.Греков, А.М.Панкратова, Н.М.Дружининдер кеңес тарих ғылымын жасаушы азаматтар деуге болады. Олар Бекмахановқа қатысты пікірлерін ешуақытта өзгертпеген. Тіпті Бекмахан әулетінің Абылай ханның ұрпағы екендігі, Ал Ермұханның Абылайдан тараған 7-буын екендігі де соңғы күндері ғана ашық айтыла бастады. Оған дейін ешкім «жұмған аузын ашпаған» болатын.

Тарихшының жары Халима апай өз естелігінде: «1943 жылы жазда ежелгі дәуірден сол кезге дейінгі кезеңді қамтитын «Қазақ ССР тарихы» Алматыда жарық көреді. Кеңес республикаларының тұңғыш дербес тарихын жазудың бастамасы болған және беделді ғалымдар күш салғандықтан бұл кітап, бірден көзге түсіп, Сталиндік сыйлыққа ұсынылады. Бірінші сыннан сүрінбей өтеді. Бірақ авторлардың қуанышы бірнеше жылға созылған дауға, ал Бекмаханов үшін трагедияға айналады. Сталиндік сыйлық жөніндегі комитеттің соңғы мәжілісінде КСРО ҒА корреспондент мүшесі Яковлев «Қазақ ССР тарихы» орыстарға қарсы жазылған, зиянды кітап деген пікір айтып, сарапшыларды шошытады. Оның ойынша, отан тарихы біртұтас КСРО тарихы, яғни интернационализм принципіне сай келуі тиіс болатын. Бұл сталиндік тұжырымдамаға сай келетін қасаң, догматтық ұлы державалық шовинистік көзқарас еді. Осы кезде 1943 жылы 28 маусымда Ермұхан Мәскеуде «Қазақтардың Кенесары Қасымұлы бастаған азаттық күресі» деген докторлық диссертация қорғайды. Осыдан кейін оған ашықтан-ашық ауыз салып, жала жабуды бастайды», – деп жазады. Өз тарихын түгендеймін деп жүріп, басы дауға қалған Бекмаханов өмірі осыдан кейін-ақ күрт өзгеріп сала берді. Қуғындалды. Сотталды. 25 жылға кесілген тарихшы ГУЛАГ-қа айдалады. Алайда, заман өзгеріп, кейін оны сот қайта ақтап алды.

Қайтыс боларының алдында тарихшы батыр Баукеңе: «Үлгере алмай кетіп барам. Кешіріңіз» деген екен. Бауыржан Момышұлы: «Қадірін білмеппіз ғой тірі кезде деп боздар сорлы қазақ мен өлгенде». Осы сөзімді Қанышқа, Мұхтарға арнап жазған едім. Інім едің – сенімен қоштасып басыңа қойып тұрмын. Жатқан жерің торқа болсын.

Әрқашан да есімдесің, бауырым! Жылаушы Б.Момышұлы», – деп жазыпты [1]. Тірі кезінде қадіріне жете алмағанымыз рас. Сол кездері тарихшыны аяқтан шалмағанда қаншама құнды дүние жазылар еді, қаншама құнды тарих тірілер еді. Амал не, кеңестік қоғам соған мәжбүр етті.

Халима апамыз тағы бір сұхбатында Ермұхан ағамыздың ерекше қасиеттері туралы былайша сыр шерткен болатын: «Ерекең де сондай қатал, шыншыл, ешқашан өтірік сөйлемейтін, сондықтан өтірік сөйлейтіндерді де ұнатпайтын кісі еді. Өз дегенін тура айтып, нақты істейтін. Бірде-бір бастықтың алдында кезек күтіп отырмайтын. Кіріп кетеді де, өзіне керегін айтатын. Адамдар арасындағы сүйкімі керемет болатын да, бір кісі оған қарсы келмейтін. Екеуміз бірге өмір сүрген жиырма жылда мен де бірде-бір рет ол кісінің бетіне қарсы келіп, «сен» деген емеспін. Үнемі «сіз» дейтінмін. Оқуға берілген, кітапқұмар еді. Ленинградта жүргенімізде үш-төрт сағаттап букинистік дүкендерді аралап, тарихи кітаптар іздейтін. Сондай күндердің бірінде Шоқан Уәлихановтың 1904 жылы шыққан кітабын тауып алып, баладай қуанғаны есімде. Өнерге жан-тәнімен ғашық еді. Үйіміз театрдың жанында болды да, үнемі кешкісін «аздап таза ауа жұтып келейін» деп кетеді де, содан бір-екі сағат өткеннен соң бір-ақ оралады. Сол арада бір қойылымды көріп үлгереді екен ғой. «Біржан-Сара» операсын сондай жақсы көруші еді. Өзі де домбыра тартып, пианинода ойнайтыны бар-ды. «Мен егер ғалым болмағанда, әртіс болар едім» деп күлуші еді». Жарының осындай естеліктерін оқығанда нағыз ғалымға тән, ер азаматтарға тән қасиеттері бойынан табылған керемет адам болған екенін мойындаймыз. Ғылым жолында көптеген қиыншылықтарды басынан өткергенін білеміз. Сол кезеңдеріне шолу жасасақ.

Академик Н.М.Дружинин «Жігері мұқалмаған адам» атты естелігінде (бұл еңбек те мұрағатта сақтаулы) оқулықтың жасалу барысы мен ғалым туралы ойын былай жеткізеді: «Гитлер әскері Мәскеуге өршелене ұмтылған 1941 жылдың қатерлі қазан айында КСРО Ғылым академиясы институттарының негізгі кадрларын шығыс облыстарға жедел көшіру туралы шешім қабылдады. Ғылыми қызметкерлердің көпшілігі Қазан, Свердлов, Ташкент және Алматыға тап болды. Біздің топ, тарихшылар мен заңгерлер астанадан аттанғандардың соңғы легі еді. ...Тар вагонда бөшкеге түскен балықтай иық тіресе отырып, судан да, астан да тарығып, бір айдан астам уақыт жолда болып, ақшақар жер бетін қымтап, аяз

да бүре бастаған шақта Алматыға іліктік... Ө дегенде қайда тоқтайтынымыз мәлімсіз болды: эвакуациямен келгендер шағын қаланы толтырып тастапты; республика басшылары бізді астанаға ұрымтал Жамбыл, Шымкент сияқты қалаларға жөнелтуге тырысты. Алматыға бізден бұрынырақ келген жетекшіміз А.М.Панкратова қайраткер кісі болатын, жергілікті әкімдерге барып, Мәскеу тарихшыларының білікті тобы Ұлы Отан соғысы жүріп жатқан айбынды күндерде бір жерде жиын отырса, Қазақстан үшін айтарлықтай пайдалы іс тындырады, оларды бір-бірінен айырмау қажет депті. Шынында да, А.М.Панкратовадан өзге бұл топта КСРО тарихының бес маманы (Д.А.Баевский, М.П.Вяткин, Н.М.Дружинин, Я.Я.Зутис, А.П.Кучкин), ал жалпы тарихтың бес білгірі (Р.А.Авербух, С.И.Ленчнер, А.Ф.Миллер, Ф.И.Нотович, Ф.В.Потемкин) болатын. Нәтижесінде, біз қалалық партия комитетінің санаттан тыс дәріскерлері болып тағайындалып, бірден-ақ қазақ мектептерінде тарих пәнін оқытудың әдістеме құралын әзірлеуге кірістік. Бұл жұмысты ұйымдастыру Қазақ КСР Халағаркомының мектептер басқармасының бастығы Е.Бекмахановқа жүктелді. Жап-жас, қызуқанды нәм жігерлі бұл жігітті Мәскеуде көргенмін, әріптесім Я.Я.Зутисінің семинарында шұғылданатын... Сонымен Е.Б.Бекмаханов екеуміз әдістеме құралдың саяси және рухани қажеттігін дәлелдейтін ғылыми тұжырымдама әзірлеуге кірістік. Жұмыс үстінде мен Ермұханның тарих пәнін терең білетінін, Кеңес Одағының патриоты болумен бірге өз халқын да жан-тәнімен сүйетінін және тарихи ізденіспен шұғылдануға құштарлығын аңғардым. Екеуміз комиссариат кеңсесінде неше күн тапжылмай отырып, тарихи очерктің жалпы сипаттамасы, тақырыбы мен көлемі, ғылыми-әдістемелік тұжырымдамасын анықтайтын мақалалардың жобасын жасадық. Тұжырымдама дайын болған соң көлемді жұмысты тарихшылар тобы бөліп алып, Ғылым академиясының Қазақ филиалының өзіміз бастасып-аяқтасып жатқан, әр алуан киім-кешек пен жүктерге толы бөлмесінде отырып жазуға кірістік. Әдістеме құрал бірнеше тәулікте әзір болды. Тоқетерін айтқанда, сол еңбек 3-4 аптада көп таралымымен баспадан шықты...»

Орыс тарихшыларының көмегімен жазылған әдістеме құрал мектептерге ұсынылды. Жедеғабыл әзірленген құралдың оқулықты ауыстыра алмайтыны түсінікті. Демек, Қазақстан тарихын егжей-тегжей әспеттеген оқулыққа ділгірлік өзгерген жоқ, тек оны кім жазады және қашан? (Ел тарихын түгендемек болған зиялылардың 1937-1938 жылдардағы жау іздеген науқанда бірі қалмай жер жастанғаны жұртшылыққа мәлім). «Кездейсоқ жағдайда туып және жедел әзірленген, соған қарамастан қиын уақыттағы рухани сұранысты толық қанағаттандырған алғашқы еңбегіміздің сәтті шығуы Қазақстанның (...) саяси басшылары алдына А.М.Панкратова мен Е.Б.Бекмахановтың одан да мәндірек мәселе қоюына мүмкіндік берді...», – депті Н.М.Дружинин жоғарыда аталған естелігінде.

Ермұқан Бекмаханов 1946-1947 жылдары Қазақстан Ғылым академиясы Тарих, археология және этнография институты директорының орынбасары қызметін атқарып жүрген кезінде «Большевик Казахстана» журналының 1947 жылғы №9 санында Қазақстандағы тарих ғылымының жағдайы және міндеттері жайлы көлемді мақала жариялаған еді. Автор мақаласында тарих ғылымының өзекті мәсе-

лелерін талдап, ғылыми методологиялық ойларын ортаға салған еді. Еңбек тарих ғылымындағы кейбір пікір-талас тудыратын мәселелерді талдаудан басталған. «Төңкеріске дейін жазылған Қазақстан тарихы туралы тарихи әдебиеттердің кеңес тарихшысы үшін құндылығы жоқ деп бір жақты қарауға болмайды, бұл мәселені тек шенеуніктер ғана емес, академиктер Вельяминов-Зернов, Радлов, Бартольд, Левшин, Аристов, Потанин және басқа да көрнекті орыс ғалымдары зерттеген, олардан қалған ғылыми мұраларда аса бай деректік материалдар бар және бірқатар мұрағат құжаттары алғаш ғылыми айналымға енгізілген, осы жағынан алғанда аса құнды», – деп бағалаған. Ол аталған авторлар еңбектеріне сыни тұрғыдан қарау қажеттігін де ескертті. Қазақ тарихшылары арасынан көрнекті қазақ ғалымы Шоқан Уәлихановтың Шығыс Түркістан мен Жоңғария, қазақ және қырғыз халықтары тарихы жайлы еңбектерінің құндылығы, Құрбанғали Халид, Омар Қарашевтің қазақ тарихына, этнографиясы мен мәдениетіне қатысты еңбектерінің маңыздылығы аталды. Е.Бекмаханов Қазан төңкерісіне дейін қазақ тарихына қатысты еңбек жазған қазақ зиялылары есімін белгілі себептермен толық атамағанымен, осы кезеңде жазылған тарихи еңбектерге: «Егер төңкеріске дейінгі орыс тарихшылары еңбектерінің ғылыми методологиялық жағы әлсіз және оларға ұлыдержавалық орыс шовинизмі рухы тән болса, төңкеріске дейінгі қазақ тарихшыларында деректерге сын көзімен қарамаумен қатар буржуазиялық ұлтшылдық пиғыл күшті әрі ашық көрінді», – деген сипаттамасын берді [6].

Енді, Бекмахановтың Шоқан Уәлиханов туралы жазылған қолжазбасына келсек. Ш.Уәлиханов туралы 2-3 қолжазба Ғылым ордасының мұражайында сақтаулы. «Чокан Валиханов – выдающийся просветитель – демократ» атты еңбегін қарап шықтым. Еңбекте Шоқан ғұмырнамасынан бастап, еңбектеріне ғылыми талдау жасалған. Қазақтың ұлы ғалымы, XIX ғасырдың екінші жартысында Қазақстанда туған демократтық, ағартушылық мәдениеттің тұңғыш өкілдерінің бірі, шығыстанушы, тарихшы, фольклоршы, этнограф, географ, ағартушы Шоқан Уәлиханов (толық аты-жөні – Мұхаммед-Қанапия, ал Шоқан анасы еркелетіп қойған ат) 1835 жылы қарашада Құсмұрын бекінісінде дүниеге келді. Оның балалық шағы әуелі Құсмұрында, ал сосын ата-баба қонысы Сырымбетте өтті. Бұл – Солтүстік Қазақстанның ең шұрайлы жерлерінің бірі, Шоқанның бала кезінде салған суреттерінен көрініс табады. Ол туралы естеліктерге сүйенсек, Шоқан тез есейген. Бала кезінің өзінде ересек адамдарша ой жүгіртіп, сөз қозғайды екен. Бала Шоқанның рухани жағынан толысуына әжесі Айғанымның тигізген әсері орасан зор, ол үшін халық даналығының сарқылмас қайнар көзіндей болады. Халықтың озық дәстүрі мен салт-санасының қорғанындай болған әжесі туралы естелік Шоқанның бүкіл ғұмырына жетіп артылады. Тіпті Батыс Сібір генерал-губернаторының арнайы тапсырмаларын орындаушы офицер болып жүрген Шоқан әжесінің қазасын естіген кезде, соңғы сапарға шығарып салу үшін Сырымбетке құйындай жетеді. Жанына жақын аяулы жанның қазасына бейжай қарай алмаса керек. Ежелгі дәстүр бойынша, сұлтанның балалары «жеті жұрттың тілін біл» деген ескі қағида негізінде бірнеше шығыс тілін үйренуге тиіс болды. Бұл дәстүр ол кезде де сақталатын. Шоқан бала күнінен-ақ шығыс тілдерін еркін оқып өсті. Араб тілін меңгерді, ұйғыр жазуын үйренді. Шоқанның бала кезіндегі ерекше бір әуестігі –

сурет салуы еді. Шоқан ғалымдығы, әскери қызметтегі орны, зерттеушілігі жайлы жиі сөз қозғалады. Ал оның көркем суреттесі, ішкен асын жерге қоятынын ұмытып кетеміз. Сурет өнерін жастайынан үйренді. Оған себеп болған орыс суретшілері еді. Құсмырын бекінісінде Уәлихановтар отбасымен бірге тұрған топографтар мен геодезистердің Шоқанның суретті меңгеруіне көп әсері болды. Шоқанның тағы бір қыры – поэзияға жақындығы. Оның шығыс халықтарының поэзиясына ықыласы ерекше болған. Оны досы, белгілі публицист Н.М.Ядринцев *«Шоқан ақын жанды адам еді, әрі оның қиял күшінде шек болмайтын»*, – деп жазған екен. Кішкентайынан араб өлеңдеріне қызығып өсті. *«Жеті жұрттың тілін»* біліп қана қоймай, өнерін, мәдениетін зерделеп өскен дарынды Шоқан артына осыншама мол мұраны қалдырды. [2]

Шоқан мұрасын зерттеушілердің бірі – Әлкей Марғұлан. Шоқанның жазбалары соның зерттеулері арқылы оқырманға жетті. Ғалым өзінің бір жазбасында Шоқанның қолжазбалары, естеліктері оның бауыры Қоқышта қалғанын жазады. *«Ең кенже ұлы Қоқыш (Ермұхамед) 1927 жылғы қыл өңештен қайтыс болды. Сыпайы, биязы, зорлығы жоқ, момын кісі. Серілік құруды, жүйрік ат, бүркіт, қаршыға ұстауды жақсы көріп, дәрігерлік ісіне де қатынасты. Мінезі Абайға, Махметке ұқсайды. Үйіне кітап жинап, көп оқыған кісі. Білімді көбінесе Шоқаннан, Мақыдан, Махметтен алған, білетін саңлақ, ойшыл кісі. Шыңғыстың, Шоқанның бар мұрасына, қымбатты дүниелеріне ие болған. Шоқанның барлық әскери киімдері, оның көп кітаптары, жазған қолжазбалары, орыс жазушыларынан келген көп хаттар, фотосуреттері барлығы Қоқыштың қарамағында болды. Оның көбін Шоқанның әйелі Айсары Жетісудан өзімен бірге алып келеді»*, – дейді Әлкей Марғұлан. Шоқан мұрасы көп зерттелді. Соған қарамастан, кейбір жазбалары әлі де зерделенетін тұстары бар деген пікір білдірген болатын өз еңбектерінің бірінде.

Қолжазбада Шоқан Уәлиханов Қапалға 1854 жылы Қашқария сапары қарсаңында келгенін баян етеді. Мұнда ол Ұлы жүз аңыздарын жазып алумен шұғылданған. Екінші рет 1864-1865 жылдары келіп Қапал ауылының, Қапал қаласының тарихын зерттеген. Осы зерттеуінде Қапал бекінісінен 40 шақырым жерден Қапал батырдың қабірін тауып, анықтайды. Бекініске Қапал атын беруге Ш.Уәлихановтың *«Жоңғария очерктері»* жазбаларындағы *«Қапал стансасы Қапал батырдың есімімен аталған»* деген пікірі түрткі болды. Қапал батыр Ұлы жүздің Дулатынан тарайтын Жаныс руынан шыққан. Шоқан Уәлихановтың деректеріне сүйенсек, Қапал батыр Тәуекел хан мен Есім хандардың кезінде Сыр мен Жетісу бойындағы қалмақтарға қарсы жорықтарда ту ұстаған батырдың бірі, қолбасшысы болған делінеді. Қапал батырдың ескерткіші Талдықорған-Өскемен тас жолының Қапалға бұрылған жерінде қойылғандығы баяндалады. **Тәнеке батыр Кенесары ханға орасан зор қолдау көрсетіп, ханның қырғыз еліне Жетісу өңірі арқылы өтуіне үлкен ықпал жасайды. Ал осыдан кейін қырғыз манаптарының Ресей патшалығына сатылып, Кенесарының басын алып, Қапал, Аягөз арқылы Омбыға жібергенін естіген Тәнеке батыр Жетісу жерінен Матай, Садыр, арғы беттен Қызыл елінің руларынан 2000-ға жуық қол жинап барып, қырғыз манаптарын аямай жазалайды, құлдыққа жегеді [3].** Бұл туралы Ермұхан Бекмаханов қорғаған ғылыми еңбегінде атап өткен болатын.

Сонымен қатар қолжазбада: *«Ғылым жүзінде мүлдем белгісіз болып келген, мәдениеті бай*

Қашқарияда елді зерттеудің маңызы өте зор еді. Шоқан Уәлихановтың Қашқарияға сапар шегуіне себепкер болған ең алдымен ұлы географ Семенов-Тяньшанский еді. Семенов-Тяньшанский Г.Х.Гасфортқа: Генерал-губернатордың қарамағында істейтін офицерлердің ішінде Қашқарға қырғыздардың ұлттық киімін кигізіп жіберген күнде өзінің білімі мен дарындылығы арқасында, жалғыз Қашқар емес, бүкіл Алтышаһардың бүгінгі жағдайы жөнінде Россия үшін аса бағалы мәліметтер жинап және сол кездегі Қытай Түркістанда болып жатқан бүліктердің себептерін анықтап, дұрыс түсінік бере алатын бірден бір офицер тек қана Уәлиханов», – деп атап көрсетеді.

1858 жылдың жазында татар саудагерінің киімін киген Шоқан ұзақ жолға жолай керуенмен аттанады. Ш.Уәлиханов өз күнделігін жол бойы, яғни керуенге қосылған Әлімбай атанған күнінен, Қарамола шатқалынан бастап 2 қазан 1858 жылы Қашқарияға жеткенге дейін жазып отырды. Бұл күнделік Ыстықкөлден Қашқарға дейінгі жолды баяндайтын өзінің ғылыми құндылығымен қымбат құжат. Венюков М.В., Проценко, Захаров, Голубев және тағы басқалардың зерттеулеріне дейінгі бұл жалғыз ғана зерттеу болып табылады.

Келген күнінен бастап Шоқан Қашқария тарихымен танысып, бұл өлке туралы нақты мәліметтер жинауға, әсіресе, Кіші Бұхарияның саяси жағдайы туралы жиган мәліметтерін барлық деректер арқылы дұрыстығына көп көңіл бөледі. Шоқанның өжеттілігі мен батылдығының арқасында көптен бері белгісіз болып кеткен белгілі географ Адольф Шлагинтвейт Қашқариядағы тағдырын біледі. Көптен бері орнығып, қалыптасқан тәртіп бойынша Қашқарияның қақпасы ол кезде Еуропа ғалымдары үшін жабық еді.

Шоқан мұндағы сирек кездесетін кітаптар мен қолжазбаларды жинауға көп көңіл бөлді. Мұндағы қиыншылық Қашқарияда кітап сауда дүкендері атымен жоқ болатын. Бұл жөнінде Уәлихановтан кейін Қашқарияға сапар шеккен Зеланд: *«Книгопечатание для Кашгара как бы составляет неизвестное открытие... нигде не заметил я книжных лавок, а в домах не видел намека на книги»* деп жазады. Бірақ Шоқанға кітап жинауда көптеген сонда танысқан достары қол үшін береді. Солардың арқасында Шоқан Уәлихановтың Қашқардан Тазкиряи Сұлтан Бұғрахан, Тазкиряи Ходжаган (Қожалар тарихы), Абумұслим Мауризи және т.б. сирек кездесетін шығыс қолжазбаларын алып келеді. Шоқан тау жыныстарының коллекциясын, нефрит түрлерін, гербарий, нумизматика мен керамика ескерткіштерін, этнографиялық бұйымдар алып келеді.

Уәлиханов сапарының ең басты нәтижесі – Алтышаһардың немесе Қытайдың Нан-Лу (Кіші Бұхара) провинциясы, шығыстағы алты қаласының жайы туралы деген күрделі еңбегі болды. Бұл Шығыс Түркістан халықтарының тарихы мен географиясы, әлеуметтік құрылысы жөнінде толық мағлұмат беретін алғашқы ғылыми еңбек еді. Жаңа материалдарды қамтуы және мәселені терең талдауы жағынан Ш.Уәлихановтың еңбегі біздің отандық ғылымымызға қосылған үлкен байлық болды және күні бүгінге дейін өзінің маңызын жоғалтқан жоқ. Қашқария тарихы мен халқының өмірінен толық мағлұмат алу үшін, жазба деректерден басқа, осы елдің тілі саналатын ұйғыр тілін үйренеді. Міне, осының арқасында жергілікті халықпен араласып, олардың салт-дәстүрін, халық әндерін жазып алды. Қашқария тарихынан басқа елдің қоныстану,

этнографиялық, сауда және экономикалық жағдайларымен де жақсы таныс болады. Қашқария барлық Орта Азия мемлекеттерімен, әсіресе, Қытай мен Үндістанмен сауда қатынастарын жүргізді. Осыған байланысты Ш.Уәлиханов керуен жолдарының маршруттары мен олардың сауда айырбасын анықтайды. Шоқан Уәлихановтың Қашқариядағы сапары ұзаққа созылмады. Қоқан мен Семейден келген саудагерлердің ішінен біреуі керуен ішінде орыс агентінің бар екендігі туралы сыбыс таратады, міне, осыдан кейін Шоқанға бұл жерде қалу қауіпті болды. Шоқан Уәлиханов өзінің бұл саяхатын он ай, төрт күнде ойдағыдай аяқтап, 1859 жылдың он екінші сәуірінде Верныйға (Алматыға) келеді [4].

«Кіші Бұхара басқа да Азия халықтарына тән нәрсе мануфактураның жоқтығы, тек қолөңбегімен, мұның өзі де өте нашар дамыған, тек қағаз өндірісінде ғана қолданылады», – дей келе Шығыс Түркістанның әрбір қаласы немен айналысатынын, ішкі жағдайларға қаншалықты өнімінің жұмсалатыны мен қайда немен айырбас жасау үшін қаншалықты жіберілетінін және бұдан түсетін пайданың қаншалықты екендігін анықтайды. Уәлиханов Шығыс Түркістанның өнеркәсіп жағдайының төмен болуы мен экономикалық жағдайына нашарлығын *«ретсіз салынған салық, өнеркәсіп пен сауданың дамуына өз ықпалын тигізеді»* деп көрсетеді. Шығыс Түркістанның экономикасының дұрысталуы тек мұның сауда қатынастары арқасында ғана, себебі, ертеден бұл жер сауда жолдарының орталығы болғандықтан Қытай товарлары Орта Азияға және керісінше келіп жататын. Қашғар қаласы өзінің ірі базарларымен атақты. *«Ферғана алқабынан сауда жолдары Қашқарға Теректі арқылы өтетінін сонау Птоломей кезінен белгілі екенін айта келе Шоқан – қазіргі таңда Орта Азия Қашқардан, әсіресе, шай және Алтышардан мақта, жібек, хашиш»* – әкелетінін айтады. Сонымен Шоқан Уәлиханов Шығыс Түркістанның тек экономикалық-саяси жағдайларын ғана емес сонымен бірге бұл елдің ертеден келе жатқан тарихына да үңіледі. Қоғамдық құрылысы мен әлеуметтік жағдайларын жете зерттеп, талдау жасайды. Уәлихановтың Орта Азия мен Шығыс Түркістанды зерттеуші ретінде ғылымға сіңірген еңбегін бүкіл дүние жүзілік ғылым тегіс мойындады. Еңбектері орыс, ағылшын, неміс және француз тілдерінде жарияланады. 1858 жылы Ш.Уәлиханов Қашқарияға Марко Поло мен Геофан (1603) кейін, бірінші болып барды. «Алтышардың немесе Қытайдың Нан Лу провинциясының (Кіші Бұхария) шығыстың алты қаласының жағдайы туралы (1858-1859 жж.)» әйгілі шығармасы осы кезде дүниеге келді. 1860 жылы

Шоқан Соғыс министрінің шақыруымен Петербургқа келіп, мұндағы ғылыми ортамен танысты [5].

Ш.Уәлиханов сондай-ақ өлкені басқаруды қайта құру шараларына да ат салысты. Бұл жөніндегі оның ұсыныстары үкімет атына жолдаған «Даладағы мұсылмандық туралы», «Көшпелі қырғыздар туралы», «Сот реформасы туралы жазба» деген еңбектерінде көрініс тапқан. Мінекей, осы мәліметтерді толығымен тарқатқан тарихшы Шоқан еңбегін өте жоғары бағалап отыр. Өзінің пір тұтқан адамдарының бірі екенін де атап өтеді. Бекмаханов тек қана Шоқан емес, Абай, Ыбырай сынды ұлы ағартушыларымыздың да еңбектері жөнінде көлемді мақалалар жариялағанын білеміз. Ғалым тек тарих саласындағы ғалымдар емес, иісі қазаққа еңбегі бар ғұламалар, әдебиетшілердің де еңбегімен жете таныс болып, тіпті ауыз әдебиетін жинаушы да болған. Оған куә Орталық ғылыми кітапханасындағы Сирек қорда сақтаулы Бекмаханов жинап тапсырған қолжазбалар еді. Кітапхана қорына бестен астам қолжазбаны ғалым тапсырған екен. Олар, 1946 жылғы «Мақалдар», 1945 жылғы «Кенесері Наурызбай қақындағы өлең, жырлар, әңгімелер», 1946 жылығы «Абылай туралы», т.б. қолжазбалар.

Қаншама ғалымдардың Ермұхан Бекмаханов туралы естеліктерін оқи отыра осындай қорытынды жасауға болады. Әрбір ғалымның тұлғалық қасиеті, зиялылығы – оның мұраларында. Ол дүниеден өтсе де тарихта қалады. Ал тарихта қалатын оның мұраларындағы идея нағыз дарын иелерін тауып, оны ұлт игілігіне сай ізденуге бағыттай түсетіндігі белгілі.

Ұлттың тарихы мен мәдениеті, руханияты жолындағы қай ғалымның болсадағы міндеті – оның тазалығын сақтап, ұрпақ тарапынан әділ баға берілуіне мүмкіндік жасау. Е.Бекмахановтың ғылыми мұралары бүгінгі бізге осы қасиетті үйретті.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. **Сәрсекке М.** Ермұхан Бекмаханов. Ғұмырнама. – Астана: Фолиант, 2010. – 12 б.
2. **Бекмаханов Е.** Чокан Валиханов – выдающийся просветитель – демократ. Рукопись. Ф23. Оп 1. Д73.1-2 с.
3. **Бекмаханов Е.** Жеті томдық шығармалар жинағы. – 7 т. (Естеліктер). – Павлодар: «ЭКО» ҒӨФ, 2005. – 21-б.
4. Қазақстан тарихы (көне заманнан бүгінге дейін). Очерктер Алматы., 1994. - 10-15 бб.
5. Қазақстан тарихы (көне заманнан бүгінге дейін). 5 томдық (1-2 томдар). - Алматы, 1996. - 21 б.
6. **Омарбеков Т.** Ғалымға ішкі мәдениет, ғылымға өре керек // Қазақ әдебиеті. – № 29. – 18 шілде. – 6-б.

ӨЗ КАФЕДРАҢЫЗДЫ РЕСПУБЛИКАҒА ТАНЫТЫҢЫЗ!

“Қазақ әдебиеті және мемлекеттік тіл”, “Қазақ тарихы” журналдарында «Тарих (не Әдебиет, Тіл) кафедрасы сөз алады» айдарымен **ЖОО-дағы Қазақ тілі, Әдебиет не Тарих (Қазақстан тарихы, дүние жүзі тарихы, т.б.) кафедраларының** іс-тәжірибесі жарияланады.

Шарт: әр кафедрадан кемінде 5 адам (не оқытушы-профессорлар құрамы) 1 жылға толық жазылып, 1) барлығының түбіртегін, 2) барлық кафедра мүшелерінің бірігіп түскен сапалы фотосын және 3) кафедраның соңғы 2-3 жылдағы

жетістіктері туралы 0.5–1 беттік мәлімет, 4) қанша адам жазылса, сонша оқытушының 2–2.5 (1 жылға жазылса, 4 бет) беттен аспайтын шағын зерттеу не танымдық мақаласын жіберуі тиіс.

Ал жазылушылар саны 12-ден асқан жағдайда журнал мұқабасының ішкі 2-3-беттеріне кафедраның (не факультеттің) тыныс-тіршілігін көрсететін түрлі-түсті 5-6 фотосурет қоса жарияланады.

Редакция алқасы.

ПУГАЧЕВ БАСТАҒАН ШАРУАЛАР СОҒЫСЫНА ҚАЗАҚТАРДЫҢ ҚАТЫСУЫ: КЕЗЕҢДЕСТІРУ

Өтеген ИСЕНОВ,
тарих ғылымдарының кандидаты,
Ө.Сұлтанғазин атындағы Қостанай мемлекеттік
педагогикалық университетінің профессоры

Кеңестік кезеңде Қазақстандағы ұлт-азаттық қозғалыс пен шаруалар соғысының тарихы зерттелген еңбектер жарияланды. Емельян Пугачев бастаған 1773-1775 жылдардағы орыс шаруалары соғысына Кіші жүз және Орта жүз қазақтарының қатысуы, соғысқа қатысуларының саяси себептері, соғыстың барысы, соғыс ошақтарының қамтыған географиялық аймағы тарихының мәселелері кеңестік тарихшылар, М.Вяткин [1], Мавродин В.В. [2], Рязанов А.Ф. [3], Бекмаханов Е.Б., Семенюк [4], Г.И. Басин В.Я., Киреев Ф.Н. [5], Бекмаханова Н.Е. [6], Буганов В.И. [7], Сүлейменов Б. С., Басин В.Я. [8], Асфендияров С. [9], Шойынбаев Т.Ж. [10], Қасымбаев Ж.Қ. [11], Табылдиев Х.Б. [12], тағы басқа да ғалымдардың зерттеулерінде жарияланды. Авторлар еңбектерінде бұқараның көтеріліске шығу себептеріне жауап беруді мақсат ете отырып, шаруалар соғысы жылдарындағы қазақтар қозғалысының жекелеген проблемаларын ғана қарастырды. Сонымен қатар қазақтардың шаруалар соғысына қатысуы туралы тарихы «Қазақ ССР тарихындағы» Н.Нүсіпбеков [13] жазған арнаулы тарауда, Е.Бекмахановтың, Г.Семенюктің Н.Бекмаханованың [4] еңбектерінде қамтылды. Бұл жұмыстар мол архивтік мәліметтер негізінде талданып, Қазақстандағы қозғалыс туралы нақты қорытындылар кеңестік тарихнамалық методология тұрғысынан жасалғаны мәлім. Кеңестік тарихнамада көтерілістер тарихи сипаты жағынан Ресей шаруаларының крепостнойлық (басыбайлы – Ө.И.), феодалдық құрылысқа қарсы бас көтеруі деген баға берілді. Е.Пугачевтың өмірбаяны [14] мен оның жорықтас серіктерінің аты-жөні мен олардың өмір жолдарының тарихы [15], ол бастаған шаруалар соғысының барысы, Е.Пугачевтың қазақ хан-сұлтандары Нұралы хан Әбілқайырұлы, Досалы сұлтан, Сейдалы сұлтан Досалыұлымен, Абылай ханмен кездесулері мен хат-хабарлар алысқан елшілік сапарларының тарихы [16] туралы архив құжаттары кеңестік дәуірде «Қызыл архив» тарихи журналдары арқылы көпшіліктің игілігіне айналды.

Патша үкіметі қазақтардың бұрынғы қоныстары мен мал жайлайтын жайлаулары мен қыстаулары болған Жайық өзенінің ішкі бетіне өтуіне тыйым салды. Тыныш отырған қазақ ауылдары мен шаруалар қосындарына казактардың себепсіз жасаған тонаушылық жорықтары жиі орын алған [6, 26-27-б.]. Қазақ қоғамындағы қордаланған саяси және әлеуметтік шешімін таппаған күрделі мәселелер 1773-1775 жылдарғы шаруалар соғысына қатысуына себеп болды. Мұндай жүргенсіздіктің бәріне патша үкіметінің билігі отаршылдықтың «көзілдірігімен» қарап отырды. Патша үкіметіне қараған қазақтардың көңіл-күйін білген Емельян Пугачев өз серіктеріне: «Бұл жерде көшіп жүрген Орда жұрты бізді қолдайды. Бізге қосылады, біздің

келгенімізге қуанады» [14, 177-б.], – деген.

Жайық қалашығына келгенде Пугачев адамдарының 45 зеңбірегі болған [15, 165-б.]. «Қазақтардың көшпенділік өмірі оларды дәуірдің негізгі оқиғаларынан сырт қалдырмады. Олар Ресейде не болып жатқаны туралы жалпы жайттарды да біле алды. Сол кезде II Екаторинаның орнын III Петр ауыстырыпты деген лақап жұртты сеңдей соғылыстырып, абыр-жытты Патша қамалдарын басып алу және үкімет әскерімен кескілескен ұрыста манифестерді кеңінен тарату жөніндегі және Пугачевтың қазан айының басындағы табыстары қазақ халқы арасында көтерілісшілерге деген ықыластың артуына ықпалын тигізді. Көтерілісшілердің әскері тұрған Жайық бойына қазақтар біртіндеп те, топ-топ болып та келіп жатты» [6, 35-б.]. Қазақ жасақтарының бір бөлігі Пугачев армиясына қосылып, 1774 жылдың 24 тамызында Царицының түбегінде талқандағанға дейін көптеген жеңістерді де, жеңілістерді де бірге бастан кешіп жүрді.

Орынбор бекінісіне келген Пугачев армиясының сапында 2 440 адам болған. Жайық казактары 500 адам, Илецкіден – 300; орынборлық – 600; бекіністерден тұтқынға алынған солдаттар – 1540, қарғалы татарлары – 500 адам. Басты қаруы – 20 зеңбірек және 10 бөшке оқдары [15, 169-б.] болғанын архив мәліметі растайды.

Профессор Н.Бекмаханова деректері бойынша, Пугачев армиясының құрамында 6000 қазақ сарбазы соғысқан [6, 78-б.]. Бұл мәліметтерді архив деректері де қуаттайды. Қазақтар жасағы да әскери казактардың құрамы тәрізді атқыштар, атты әскерлер, жаяу әскерлер жасақтары болып үшке бөлінген. Ат үстінде соғысу әдісін жақсы меңгергендіктен, қазақ жасақтарының көпшілігі атты әскерлер құрамында болған [6, 80-б.]. Сонымен қатар ұйымдастыру жағынан Пугачев армиясымен байланысы жоқ, Төменгі Жайық бойында қыс айларында өз бетімен соғыс жүргізген Байбақты, Табын, Тама, Кердері руларының жасақтарының болғанын зерттеулер дәлелдейді [6, 35-б.]. Мұндай жасақтар Пугачевқа үлкен көмек көрсетті. Пугачевтықтардың Орынборды қоршауға алуына жанама да, тікелей де көмегі болды. Өйткені олар дала жолымен қалаға азық-түлік тасыған керуенді өткізбеді, қамауда қалғандарға көмекке орталық Ресейден жіберілген үкімет әскерлерімен тікелей ұрыс салды, жергілікті гарнизондардың жылқыларын айдап әкетіп, көліксіз қалдырды, азық-түлік пен су алуға шығармай, дала жұмыстарына жібермей әбден құтын қашырды. Олардың қимыл көрсетіп жатқан аудандарының жағдайы Кіші жүзде 1773 жылғы қыркүйекте жаңа түрге енген. Қазақ жасақтарының басым көпшілігі Жетіру және

Байұлы ұрпақтарынан құралған [6, 99-б.].

1773 жылдың қысында Орынбор қалашығын аштық жайлаған. Аштықтан қалжыраған әскери гарнизон мен қала тұрғындарының қала бекінісінен шыққандарын Пугачевтың армиясы тұтқыңға алып отырған [6, 78-б.].

Соғыс қимылында, Байбақтыдан шыққан қазақтар Қожақар, Бузулук, Сұндай қамалдары төңірегінде Жайық қалашығының Бузулук бекінісінде, Елек қалашығында, Қиыл өзенінде – Тасты және Карташев казактарының хуторы орналасқан жерде әрекет жасаған. Алаша жасақтары Астрахань мен Гурьев қалашығының түбінде ұрыс жүргізген. Жағалбайлы руының жасақтары Ор бекінісін қоршауға алған. Жайық қалашығы мен Бузулук бекіністерінде Табын, Тама, Беріш, Кердері, Шөмекей руларының ру басылары мен старшындары бастаған жасақтары әскери қимылдар жүргізген [6, 100-б.].

1775 жылдың көктеміндегі қазақ жасақтарының басында – Тама руынан Сейдалы сұлтан; Табын руынан – Тіленші Бөкенбайұлы (Бөкенбай батыр Қарабатырұлының баласы. – Ә.И.), Қалыбай Босқынбайұлы, Ысық, Қарашағыр, Алшын Бұқпанұлы; Шекті руынан – Іздебай, Есенгелді, Орысбай, Танымберді, Дәулет, Шөлекұлы, Алаша руынан – Шегір батыр Бөрілі Датауұлы, Жағалбайлы руынан – Жолбарыс, Нұрабай, Тотай батырлар болды. Олардың жасақтары бес мыңға жуық адамды құраған [6, 171-б.]. **Архив деректері қазақ жасақтарының соғыс қимылдарының барлығына қатысқандарын айғақтайды** [14-б.]. Патша үкіметінің отаршылдық саясатын жүргізудегі плацдармы болған Жайық бойындағы соғыс қамалдарын құртуға бағытталған қазақтардың әрекеті үкіметке ашық қарсы шығудың белгісі болды. Ондағы мақсат, Каспий теңізі жағалаулары алқабы мен Нарын құмындағы айрықша маңызы бар жайылымдардарға баратын басты кедергіні құрту еді. Қараша айның екінші жартысында қазақтар Жайықтан өтіп, Котельный қамалы мен Гурьев қорғаны арасындағы жерге орналасты. Сонымен бірге қорғаныстың аралығындағы жүз жетпіс шақырым жерге қапталған олар әрең сыйып, ішкі жақпен топ-топ болып ағылған қазақтар әбден қаруланып алған, қамалдың сол жерінде өздерінің қияңқылық шабуылымен үрей туғызып, олардың қатары көбейе түскен. Сонымен бірге олар қамал казактарына отын-су, шөп үшін шығуға мүмкіндік бермейді, қайсыбіріне бас салып, аяусыз сабап, тонап, тұтқындап та әкетіп, малдың да бірін қалдырмай айдап әкетіп, казактардың тек даладағы шөбін ғана емес, ішкі жақтағы шөбін де түк қалдырмай таптап, өткен [6, 39-б.]. Қазақтар өздерінің қауіпсіздіктерін қамтамасыз ету мақсатында дала бекіністеріне шабуылдарын көбейткен. 1773 жылдың 24 қыркүйегінде Байбақты руынан шыққан көптеген қазақ жасақтары Сахарный бекінісіне шабуыл жасайды, біршама шайқастан кейін қазақтар бекіністен шегінеді, соның өзінде қазақтардың жиырма адамдық қарауылын қиратып, бір жүзден астам жылқысын айдап алып кетеді [6, 40-б.]. Қазақ жасақтарының шекаралық бекіністерге мейлінше батыл шабуылдауы 1773 жылдың қараша-желтоқсан айларында байқалады [6, 41-б.].

Көтерісшілердің Орынбор қаласын қоршауға алуы бес айға созылды және ол шаруалар соғысының тарихындағы ең жарқын беттерінің бірі болды [6, 69-б.]. Пугачевтің армиясының қимылы мен ұйымдастыруына еш қатысы жоқ, Кіші жүздегі өз бетімен болған қозғалыс 1774 жылдың наурызында Емельян Пугачев Орынбор түбінен Башқұртстанға кеткен соң қазақтар Төменгі Жайық, Красногорск, Самар дистанциялары мен Жайық және Еділ аралығында өз беттерімен күрес жүргізе берген [6, 95-97-б.]. Кіші жүз қазақтарының қимылы шаруалар соғысының шеңберіндегі бөлек бір буын ретінде көрініп, өзара төн көріністерімен қатар

кейбір ерекшеліктері де болған.

Кіші жүз жерінде Сырым Датұлы, Қара батыр, Атағозы Айтқұлұлы және Қайрақ, беріш руының жасақтарын басқарған старшындар – Иіқара Итемгенұлы, Қара Шоток және Құрбанбай, кердері руын – Жолан батыр, алаша руларын – Баймұрат басқарған. 1774 жылдың күзінде патша үкіметінің армиясы мен Жағалбайлы қазақ жасақтарының жеке қақтығыстары Орынбор және Жайық қалашықтарында болды. Негізінен әскери қимылдар Сахарной және Гурьев қалашығына қарай оңтүстік бағытта жүрген. Қазақ жасақтары сондай-ақ, Орынбордан Ор бекінісіне дейін және Самар Орск пен Сақмар дистанциясына дейін созылып жатқан Красногорск әскери бекініс линиясына белсенді қозғалыс қимылдарын жасады. Қазақ жасақтарына басшылық жасағандар: Байбақты руларының басында старшындар – Еселбайұлы Айдар, Сырым батырлар, өзге руларды – Жолбарыс Өміртайұлы, жеке қазақ жасақтарының басында татар – Асан Мұстаев, Бұлатай Смайловтар тұрған [6, 102-б.]. Қазақ жасақтарымен бірге соның ішінде Асан Мұстаев, Бұлатай Смайловтардың қатысуы патша үкіметінің отаршылдық саясатына қарсы өзге ұлттардың да өкілдері сардарлар бастаған көтерілісті қолдап қана қоймай, сарбаздар жасақтарына басшылық жасап, белсене араласқан түбі бір түркі халықтарының отаршылдыққа қарсы бас көтерудегі бірліктерін көрсетеді.

Патша үкіметі ұлт арасында алауыздықты өршітті. Бірақ патша үкіметінің мұндай арандатушылық саясатына қарамастан, орыс пен қазақ шаруаларын ортақ жаулары Ресей патша үкіметінің қанаушылық, отаршылдық саясатына қарсы ортақ күрес мүддесі біріктіріп одақтастырды. Қазақтардың көтеріліске қатысуы әр кезеңінде әр түрде сипатта болды. Адамдарды тұтқындау, малын тартып әкету сияқты жекелеген жағдайлар «шекаралық барымта» деп аталды. Бірақ қазақтар әрекетінің түп тамырын айқындаған бұлар емес-ті. Қазақ халқының күресі шаруалар соғысы жылдарында жаңаша түрге енді. Олар – кішігірім қалашықтармен бірге Орынбор, Орск, Гурьев, Жайық сияқты басқа да жақсы нығайтылған әскери бекіністерді қоршауға алып, ұйымшылдықпен шабуылдады, патша үкіметінің негізгі тірегі болып саналатын тұрақты армиясымен бірнеше күн бойы табан тіресіп айқас жүргізді. Саны жағынан жүздеген, тіпті мыңдаған адамға жетіп, жақсы қаруланған қазақ жасақтары ұйымшылдықпен әрекет жасады, бірқатар жағдайда 1773 жылдың күзінде Пугачев пен оның серіктері құрып, көтерілістің ақырына дейін орталық басшылығы ретінде өмір сүрген көтерілісшілердің мемлекеттік әскери алқасына бағынды. Көтеріліс қамтыған барлық аудандарға, соның ішінде Қазақстанға да көптеген манифестер мен указдар осы жерден тарап жататын. Қазақ жасақтарының бірқатары пугачевтықтардың Андрей Овчинников басшылық жасаған арнаулы жорық кеңсесіне бағынған. Олар Елек қаласында тұрып, көтерілісшілердің негізгі әскери күшінің әрекетіне тікелей басшылық жасау үшін құрылған болатын.

Қорыта келе, **біріншіден**, тұтасымен алғанда, шаруалар соғысы жылдарындағы қазақ халқының қозғалысы Пугачев армиясымен байланыста болсын-болмасын немесе көтерілісшілердің негізгі әскери күшінен бөлек жағдайда әрекет жасасын, әйтеуір Ресейдің самодержавиясына және оның езгісіне қарсы бүкіл халықтық күрестің құрамдас бөлігіне айналды.

Екіншіден, Емельян Пугачев бастаған көтеріліске қатысқан Кіші жүз қазақтарының қозғалысы төрт кезеңнен тұрады.

Бірінші кезеңі, 1773 жылы қыркүйегінен 1774 жылдың наурызына дейін. Бастапқы кезеңде Пуга-

чев манифестерінің ықпалымен құралған қазақ жасақтарының көтеріліс қимылдарының ұйымдаспаған стихиялы түрде жүруі. Ол екі бағытта – халықтың өз бетімен феодалдардың бастауымен күрес жүргізулері. Ал ақсүйек феодалдардың араларындағы әулеттік жанжалға байланысты екіге жарылғандығы. Олардың бір бөлігі өздеріне қолайлы сәтті күтіп жатса, қалғандары Пугачев армиясына көмек көрсетті.

Екінші кезеңі, 1774 жылдың наурызынан қоңыр күзге дейін. Осы аралықта күрес сипаты бұқаралық түрге енді, бірақ соның өзінде де бірқатар ірі феодалдар мен ру басы старшындардың бақылауымен жүріуі.

Үшінші кезеңі, 1774 жылдың аяғынан 1775 жылдың қыркүйек айына дейін. Бұл кезеңде, қозғалыс бұқаралық түрде жалғасын тапты. Әлеуметтік топтың араларында жіктелу тенденциялары да байқалып, қарапайым халық феодалдарға қарсы күрес жүргізе бастады.

Төртінші кезеңі, 1775 жылдың қыркүйегінен 1776 жылдың ақпанына дейін. Соңғы кезеңінде қозғалыс бәсеңдеп, қазақ даласындағы «Көктемір» атымен белгілі болған, ақиқатында табын руының қызы Сапура Мәтенқызының үндеуімен басталып, одан әрі жалғасын тапқан ұлт-азаттық қозғалыспен аяқталады.

РЕЗЮМЕ

Автор рассматривает историю участия казахских родов Младшего жуза в крестьянской войне 1773-1775 гг. под предводительством Емельяна Пугачева под именем Петра III. Отдельно автором изучается проблема по периодизации участия восставших казахов в крестьянской войне, на основе данных Красного архива.

The author considers the history of the participation of the Kazakh clans of the Younger Zhuz in the peasant war of 1773-1775. led by Emelyan Pugachev under the name of Peter III. Separately, the author studies the problem of the periodization of the participation of insurgent Kazakhs in the peasant war, based on data from the Red Archive.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Вяткин М.П. Емельян Пугачев. – Ленинград, 1951. – 40 с.
2. Мавродин В.В. Крестьянская война в России в 1773-1775 гг. – Ленинград, Изд-во: ЛГУ, 1961. – 588 с.

3. Рязанов А.Ф. Отголоски Пугачевского востания в Киргиз-Кайсацкой Малой Орды. // Советская Киргизия. 1924.

4. Бекмаханов Е.Б., Семенов Г.И. Казахи в Крестьянской войне 1773-1775 гг. – Уч. зап. КазГУ. Сер. историч., – Алма-Ата, 1963, вып. 12, ; Семенов Г. Казахи в восстании Пугачева. «Крестьянская война в России. Восстание Пугачева», Т. 2, – Ленинград, 1966. – С.156-167.

5. Басин В.Я., Киреев Ф.Н. Предисловие – В кн.: Казахско-русские отношения в XVIII-XIX вв. (1771-1867 гг.). Сборник документов и материалов. – Киреев Ф.Н. Баян Нурлы Гаянович, VIII, – Алма-Ата, 1964. – 575 с.

6. Бекмаханова Н. Легенда о Невидимке (Участие казахов в Крестьянской войне под руководством Пугачева в 1773-1775 годах). – Алма-Ата: Казахстан, 1968. – 190 с.; Бекмаханова Нейла. Көктемір туралы аңыз. / Орыс тілінен аударған С.Тәжіғұлов. – Алматы: Жалын, 1983. – 184 б.

7. Буганов В.И. Крестьянские войны в России в XVII-XVIII вв. – Москва, Изд-во: Просвещение, 1976. – 143 с.

8. Сулейменов Б. С., Басин В.Я. Казахстан в составе России в XVIII-начале XX в. – Алма-Ата: Наука1971. – 274 с.

9. Асфендияров С. История Казахстана. – Алма-Ата: Қазақ университеті. 1993. – 304 с.

10. Шойынбаев Т.Ж. Добровольное вхождение казахских земель в состав России. – Алма-Ата, Казахстан. 1982. – 279 с.

11. Касымбаев Ж.К. О характере и движущих силах народно-освободительного движения в период присоединения Казахстана к России. – Изв. АН КазССР. Сер. обществ. наук, 1982, № 3, – С.7-10.

12. Табылдиев Х.Б. Е.Пугачев отрядының Атырау аймағында болуы. // Коммунистік еңбек. – 2 октябрь 1970 жыл. Табылдиев Х.Б. Атырау қаласының тарихы (1917-1937 жылдар). – Алматы: Ш.Ш.Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты. – 2018. – 208 б.

13. Нусипбеков А.Н. Вопросы истории Казахстана (Избранные труды). – Алма-Ата: Наука, 1989. – 344 с.

14. Допрос Е.Пугачева в Тайной экспедиции в Москве в 1774-1775 гг. С предисловием С.Пионтковского. // Красный архив. Исторический журнал. Т. 1, (68). – ОГИЗ. СОЦЭКГИЗ. Москва 1935. – С. 159-237.

15. Допрос пугачевского атамана А.Хлопуши. // Красный архив. Исторический журнал. Т.3, (68). – ОГИЗ. СОЦЭКГИЗ. Москва 1935. – С. 162-171.

16. Красный архив. Исторический журнал. Т. 2-3. – ОГИЗ. СОЦЭКГИЗ. Москва 1935.

17. Ишенов Ә.И. Қазақ қоғамындағы тархандар институты тарихы (XVIII-XIX ғғ.). Монография. – Қостанай: Шапақ ЖШС баспасы, 2017 – 258-б.

1824 ЖЫЛҒЫ РЕФОРМА НӘТИЖЕСІ: Кіші жүздің ортаңғы бөлігінің билеуші сұлтандары (1824-1869)

Гүлбану ИЗБАСАРОВА (Избасарова),
тарих ғылымдарының докторы, К.Жұбанов атындағы
Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті
тарих және дінтану кафедрасының меңгерушісі

XIX ғ. басы – көшпелі қазақ қоғамында Ресей империясы билігінің әрі қарай тереңдей түскен кезеңі. Осы уақытта империя қазақтың Кіші жүзінің әкімшілік және аумақтық құрылымына өзгерістер енгізіп, реформа жасау жолдарын одан әрі іздестірді. Кіші жүздің ішкі құрылымын заңды түрде бекіту мен әкімшілік тәртіпке келтіру 1824 жылғы «Орынбор өлкесін басқаруды түрлендіруге қатысты Азия істері жөніндегі Комитеттің бекіткен пікірімен» реттелді. Бұл

реформа көптеген мәселелерді жартылай шешті, мысалға, Орданың үш бөлігінде сұлтан билеушілерді сайлау мен тағайындау, хан билігі институтының, соның ішінде Шерғазы Айшуақұлының тағдыры Орынбордың әскери губернаторы П.К.Эссеннің қарауына берілді.

1824 жылғы 31 наурыздағы Сыртқы істер министрі К.В.Нессельроденің Орынбор әскери губернаторы граф П.К.Эссенге жолдауында: «Жоғары мәртебелі император Орынбордың бас

билеушісіне бағынышты Оралдың арғы жағының (деректе зауральских – Г.Б.) қырғыздарын үш бөлікке бөлуді ұйғарып, оларды жалақысы мен басқа да жеңілдіктері бар әртүрлі билеушілерге басқартуды сеніп тапсырады», – деген [1, 8-п].

1824 жылы 13 тамызда Ералы ханның ұлы, Әбілқайыр ханның немересі сұлтан Темір Ералиев Ортаңғы бөліктің билеуші сұлтаны лауазымына ие болып, оған биліктің символдық белгілері: ту, алтын қылыш, грамота табыс етілді. Темір сұлтан Ортаңғы бөліктегі Шыңғыс хан ұрпағының арасынан жақсы жағынан көрінген атақтысы ретінде таңдап алынды.

Бұған дейін Темір Ералиев шөмекей руының билеушісі болса, енді оның бақылауына Әлімұлы тайпасынан шекті, төртқара, қаракесек, қарасақал және оның бір бөлімі қаракетке өтті [2, 284, 293-пп.].

Әрбір бөліктің өз шекаралары болды. Ортаңғы бөлік шығыс жағынан Шығыс бөліктен Степной бекінісінен оңтүстік бағытқа Жабық-Қарағай тауының жотасы, Қарсақ-Басы көлі және Сырдария өзені арқылы өтетін шекаралық шеп бойымен бөлінді. Бұл аймаққа Байұлының жаппас, алтын рулары мен алтыбас бөлімі; Жетіру тайпасынан: жағалбайлы, керейт, таманың бір бөлігі; Әлімұлы тайпасының жоғарыда атап өтілген рулары, сонымен қатар Орынбор шебінің жоғарғы жағында көшіп жүрген байғұстар (деректе байғұши – Г.Б.) орналасты [2, 321-п.]. Ортаңғы бөлікте 1825 жылы 21 000 шаңырақ болды [3, 46-б.].

Сұлтан Темірдің ордасы 1824 – 1825 жылдар аралығында жаз кезінде Құмақ және Қамысақылы, ал қыста Сүйіндік өзендерінің бойында орналасты [4, 39-п]. Билеуші сұлтан орталықтың берген нұсқауларын толықтай орындай алмады. Бір жағынан, оның денсаулығының нашарлығы болса, екіншіден, бұл аймақтағы қоныс аударып жүрген қазақ рулары Қайып ханның және оның ұрпақтарының қол астындағы ауылдар еді. 1825 жылдың желтоқсан айында П.К.Эссен К.В.Нессель-родеге Ортаңғы бөліктің билеуші сұлтаны Темір Ералиевтің ұзаққа созылған науқасы оны лауазымынан босатуға өтініш жазуға мәжбүрлеп отырғанын хабарлап, ол өз орнына келушіні толық мойынсұнуға уәде беріп, өзіне берілген туды Ор бекінісінде қалдыруды өтінгенін хабарлайды [5, 92-п.].

Орынбор әскери губернаторы осы жағдайларды және оған қатысты Ортаңғы бөліктің тоқыраған істерін ескере отырып, билеуші сұлтан лауазымынан босатады. Осы бөліктің жаңа басшысын сайлауға дейін сұлтан лауазымын уақытша атқарушы болып Медетғали Тұрдығалиев тағайындалады. Оның ордасы 1825 – 1827 жылдары Ор өзенінің бойында, ал қыста Ор бекінісіне таяу орналасты [4, 39-п.]. Оның кандидатурасына Шерғазы Айшуақов хан да келісім беріп, өз мөрін басты [5, 93-п.]. Бір қызығы, бұл кезінде Шерғазы мөрін басты кетіп, тілеу-қабақ өкілдері жол басшы болған Хиуа керуеніне қосылды және осы рулардың арасында қалып, Темір Ералиев лауазымынан босатылған соң, оған әскери губернатордың Ортаңғы бөлікті басқаруды сеніп тапсырылғаны туралы лақап әңгіме таратады [5, 92-93-п.].

Қазақ даласында империяның ресми құжаттарының мәні жоғары болғаны соншалық, Шерғазы Айшуақов отбасымен бірге керуенге ілесіп Хиуаға кетпек болғанда, шекті руының биі Иманшы Саңғырықов және молда Қаражігіт Бекбауов одан императордың келісімін немесе биліктің бұйрығын көрсетуді талап етті [5, 95-96-пп.].

Ортаңғы бөліктің билеуші сұлтаны лауазымына Қайып ханның ұрпағы Арынғазыны тағайындау туралы мәселе Орынбор әскери губернаторы тарапынан бірнеше рет ұсынылды. 1826 жылы П.К.Эс-

сен Мәскеуге келіп, Арынғазы Әбілғазыұлын өлкеге қайтарып және оны билеуші сұлтан етіп тағайындау туралы өз ұсынысын тағы қайталайды [5, 101-б.]. Бұл мәселе бойынша Азиялық комитет 1826 жылдың 8 қыркүйектегі отырыс журналында жазылғандай шешім қабылдады: «...сұлтанның еліне қайтару мәселесі шешілгенге дейін, Орданың Ортаңғы бөлігінің сұлтан билеушісі лауазымына оның інісі сұлтан Арду тағайындалады. Арынғазының Ордаға ертерек кетуі, оның (інісінің – Г.Б.) жүріс-тұрысы мен тыныштықты орнату үшін қолданатын шараларына байланысты болады...» [5, 101-п.]. Бірақ, астанада Арынғазыны өлкеге жібермеу туралы шешім қабылданып қойған болатын.

Орынборда жаңа билеуші сұлтан тағайындау туралы мәселе өте ұзаққа созылды. Петербор жаңа үміткерді таңдау жауапкершілігін әскери губернаторға жүктеді. Арынғазы сұлтан ауылдарының Ортаңғы бөліктің құрамына кіруіне байланысты, П.К.Эссенге билеуші сұлтан ретінде, Қайып ұрпағынан шыққан сұлтандарға көңіл аударуды ұсынды. Әскери губернатор Арынғазының кандидатурасына қанша тоқталса да, бұл мәселе оң шешімін таппайды. 1826 жылы әскери губернатор билеуші сұлтан лауазымына екі кандидатураны қарастырады. Біріншісі – сұлтан Сейдалы Нұралиевтің кандидатурасы болса, екіншісі – Мәти Мұхаметқалиев еді. Екі талапкер де Әбілқайыр ұрпағынан тараған сұлтандар болатын. Олар Орынборға шақырылды, бірақ қоныстарының алшақта орналасуына байланысты, сұлтандар межелі уақыттан кешігіп қалады [5, 106-п.].

1827 жылы Мәти Мұхаметқалиев билеуші сұлтан лауазымын атқарушы болып тағайындалады. Оның ордасы 1827 – 1829 жылдары Тобыл, Құмақ өзендерінің жоғарғы ағыстарында, қыста Аят және Тоғызқас өзендері бойында орналасады [4, 40-п.].

1823 жылы маусымда Жоламан Тіленші басқарған қазақ жасағы Милорадович басқарған орыс әскери отрядына шабуыл жасайды. Олар 22 адамды тұтқынға алып, құны 16340 сом құрайтын 154 жылқыны айдап кетеді [6, 140-құжат]. 1827 жылы Орынбор Шекаралық комиссиясы сұлтан Мәти Мұхаметқалиевке қазақ өңірінде сол 1823 жылдан бері тұтқында жүрген 9 башқұрт пен тептярларды іздестіру мен қайтарудың барлық шараларын алуды; тоналған мүлік үшін барлығы 12855 сом 63¼ тиын мөлшерінде төлем жинауды, осы шабуылға қатысқан қазақтарды ұстап, Шекаралық комиссияға әкеліп, тапсыруды бұйырады [6, 241-б.]. Бірақ М.Мұхаметқалиевке тапсырылған істер ұзақ уақыт өз шешімін таппады, сондықтан Орынбор оны әлсіз басқарушы ретінде танып, Ортаңғы бөліктің жаңа билеушісі етіп, Жүсіп Нұралиевті тағайындады.

Жүсіп Нұралиев 1786/1787 жылы туған, Нұралы ханның ұлы [7, 8-п.]. 1830 жылдың 22 сәуірінде Орынборлық қазақтардың Ортаңғы бөлігіне билеуші сұлтан лауазымын атқарушы болып тағайындалды. Ол 1829 – 1841 жылдары жазда Бұлдырты, Хобда және Елек өзендері бойында көшіп жүрді, ал қыста Красногор бекінісі маңында орналасты [4, 40-п.]. 1836 жылы 22 қаңтарда үздік қызметі үшін, оған әскери старшын дәрежесі берілді [8, 18-б.]. «Татарша» хат тани білген, ал орысша білмеген [7, 8-п.]. 1821 жылдың 10 ақпанынан бастап, Жетірудың табын мен тама руларының басқарушысы болды [7, 8-п.].

Деректерде Жүсіп Нұралиев сұлтанның қызметке ынталы және еңбекқор екені жиі жазылады [6, 240-241-б.]. Ол 1831 жылы Орынбор Шекаралық комиссиясының бастығына Ортаңғы және Батыс бөліктің қазақтары орнатылған шекараны ескермей, оны өз

бетімен кесіп өтіп жүргені туралы мәлімдеді. Тез арада екі бөліктің арасындағы шекара мәселесін шешу проблемасы туындады. Билеуші сұлтан лауазымын атқарушы Жүсіп Нұралиев Батыс бөліктің билеуші сұлтаны Баймұхаммед Айшуақовты қатыстырмай, бұл мәселенің түйінін өзі шеше алмайтынын хабарлады [9, 1-п.]. Қазақтар арасында түсінбеушілікті туғызған Елек қалашығы маңындағы жайылымдар болды. Ф.Бергтің басшылығымен «Комитет» белгілеген тәртіп бойынша, бұл жерден Ортаңғы және Батыс бөліктер арасындағы шекара өтеді [10]. Жердің жетіспеуі көшпенділер арасында осы аймақ үшін дау туғызды. Ж.Нұралиев бұл жерлерге «өз аймағым» – деп қарады, себебі мұнда негізінен оның қол астына қарайтын рулар мен тайпалар мекен етті. Шекаралық комиссия шекараны Хобда өзені құрайтынын көрсетті [9, 11-п.]. Екі билеуші сұлтан кездескен соң ғана, шекараның Хобда өзенінің сағасымен өтетіні шешілді. Енді Хобда өзенінің сағасымен жоғары көшетін табын руының қазақтары Ортаңғы бөліктің аймағында болып шықты. Көшпенділер Ж.Нұралиевтің басқаруына ауысуға өз келісімдерін беріп, бұл шешімді билеуші сұлтандар қолдады [9, 11-п.].

Жер үшін дауды осылайша Ортаңғы бөліктің пайдасына шешіп, Ж.Нұралиев Изобильныйдан Угольныйға дейінгі аймақта жергілікті және дистанция басшыларын тағайындады. Дистанция басшыларының міндеттері анықталды. Ж.Нұралиев өзіне көмекшілікке сұлтан Махмұт Алғазыевті тағайындауды өтінді [9, 12-п.].

Империяның қол астындағы қазақтарға көршілес Орталық Азия хандарының шабуылы 1832 жылы Орынбор әскери губернаторы граф П.Сухтеленнің Петерборға бұл мәселе бойынша хат жазуына себепкер болды. Ол Сырдария қазақтары үшін төртінші билеуші сұлтан және сол кездегі үш билеушіге бір-бірден көмекші тағайындауды сұрады. Бұған келісім алған ол, алғашқыда, Ортаңғы бөліктің билеуші сұлтаны Жүсіп Нұралиевке көмекші тағайындап, оған Сырдария қазақтарын тапсырды [3, 47, 48-бб.].

1832 жылы 15 наурызда император Азиялық комитеттің Кіші жүздің оңтүстік бөлігін, яғни Сырдария маңында көшіп жүрген қазақтарды басқару үшін, сұлтан Әли Жолбарысовты тағайындау туралы шешімін бекітті.

Орынбор әскери губернаторы (1833-1842) В.А.Перовский 1841 жылдың 6 маусымында астанаға: «Орданың Ортаңғы бөлігінің билеушісі міндетін атқарушы, әскери старшын Ж.Нұралиев лауазымы бойынша әлсіз және кемшілігі көп болып шықты, денсаулығының нашарлығын сөз етіп әрекетсіз қалып, сонымен қатар шекара шебіне жақын ... қырғыздардың (қазақтар – Г.И.) қарақшылығын құптады, сол себепті Шекаралық комиссияның ұсынысына сәйкес, оны атқарып отырған міндетінен босату қызмет үшін пайдалы деп таныдым», – деп хабарлады [7, 5-п.]. 1841 жылдың 6 маусымында Ж.Нұралиев «әлсіздігі мен әрекетсіздігі» деген желеумен қызметінен босатылды [7, 8-п.].

Қызметінен бастылған Жүсіп Нұралиев Ресей империясының зейнеткерлік туралы Кодекстің 1389 бабы бойынша зейнетақыға ие болу құқығынан айырылады. 1841 жылы ол В.А.Перовскийге ұзақ мерзімді қызметін ескеріп, отбасымен бірге «мемлекеттік қамқоршылыққа» алуды өтінді [7, 6-п.]. Ол өтінішінде: «1821 жылдан қызметте жүріп әртүрлі лауазымды жұмыстар атқарып, басшылар тарапынан мақтаулар алдым, жеткілікті жағдайым болмағандықтан мен өкіметтің жәрдем ақысы болмаса, өмір сүре алмаймын», – деп көрсеткен еді. 1842 жылдың 31 қаңтарында оның 20 жылдық қызметін ескеріп, оған жыл сайын жәрдем ақы

есебінде 200 рубль күміс ақша беру шешілді [7, 18-п.].

1841 жылы шілдеде сұлтан Жүсіп Нұралиев ауыстырылып, оның орнына Арыслан Жантөрин тағайындалды [11, 85-б.]. Қазақстан тарихшыларының арасында осы уақытта билеуші сұлтан дәрежесінде қызмет еткен екі Арыслан мен Ахмет Жантөринді шатастыру бар. Арыслан – өлтірілген Жантөре ханның ұлы, Әбілқайырдың немересі, 1811 жылы дүниеге келген. Ахмет Жантөрин Қайып ханның ұрпағы, Шығыс бөліктің билеуші сұлтаны болған. Арыслан Жантөрин қызметке 1830 жылдың 23 маусымынан бастап кіріскен. 1830 жылы 12 маусымда Орынбор қазақтарының 9-дистанция бастығының көмекшісі болып тағайындалады. 1841 жылы 12 маусымда Орынбор қазақтарының Ортаңғы бөлігінің билеуші сұлтаны лауазымын атқарушы болып бекітілді [8, 41-42-бб.]. Оның ордасы Изобильная форпостына қарсы орналасқан еді [4, 40-п.]. 1843 жылы Орынбор Шекаралық комиссиясының мәліметі бойынша, Ортаңғы бөліктің халқы 22 206 шаңырақты және 52 330 адамды құрады [12, 1-п.]. Арыслан Жантөрин Орынбор әскери губернаторының өкімімен 1843 жылдың 14 тамызы мен 23 қыркүйегі аралығында сұлтан Кенесары Қасымовты ұстап, көтерілісті басып жаншу үшін, екі жүз жасағымен орыс әскерін қолдап, Орта жүзге бет алады. «Татарша» хат тани білген [8, 41-42-бб.]. 1844 жылы әскери старшын дәрежесін алады [8, 41-42 бб.]. Ф.Лазаревский А.Жантөриннің қызметін жоғары бағалады. Ол «билеуші сұлтандарға сонша билікті бере отырып, осы лауазымға ең лайықты, діндар, қабілеті өте жақсы және үздік мінезді сұлтандарды сайлау керек», – деп жазды.

Сонымен қатар, Шекара комиссиясының басшысы: «қазіргі уақытта Ордада осындай сыйпатқа лайық бір ғана сұлтан билеуші бар, бұл Ортаңғы бөліктегі сұлтан Арыслан Жантөрин. Барлық қырғыздар (қазақтар – Г.И.) оның мақтауға тұрарлық адалдығын және әділеттілігін айтып жүреді», – деп жазды [13, 18-п.].

Арыслан Жантөрин 1843 жылы өзі басқаратын бөліктегі қазақтарға шешекке қарсы екпе жүргізуді енгізуге тырысты. Аурудың халық арасында таралуы кезінде Орынбордан өлкеге дәрігерлер шақырды. Қазақтардың даулары мен қақтығыстық талаптарын шешу кезінде көзге түсті. 1855 жылы 8 шілдеде Есет Көтібаров бастаған қазақтар жасағының шабуылы кезінде өлтірілді [14, 10-п.].

Арыслан Жантөрин қаза болған соң, Ортаңғы бөліктің билеушісі ретінде сұлтан билеушісі Б.Айшуақовтың ұлы, 1815 жылы дүниеге келген Мұхамеджан Баймұхамедовтың кандидатурасы қаралды [15, 132-п.]. Мұхамеджан қызметті 1833 жыл 15 мамырда бастаған. 1839 жылы 22 қаңтарда 24 жасында хорунжи дәрежесіне көтерілді. 1841 жылы 28 ақпанда 8-ші дистанция бастығына тағайындалды. 1837 жылы ханзада Александр Николаевич Орынборда болған кезде, ұлы князьға таныстырылған қазақтардың ішінде М.Баймұхамедов бар еді. Ол орыс тілін жетік білген, жазып және оқи алған. «Татарша» хат тани білген [15, 132-п.].

Сұлтан хорунжи М.Баймұхамедов 1839 жылдың желтоқсаны мен 1840 жылдың маусым айлары аралығында полковник Баймұхаммед Айшуақов В.А.Перовскийдің Хиуаға қарсы жорығына жіберілген әскери экспедициясының жасағында болған кезде, бөліктің билеуші лауазымын атқарды. «Өзіне жүктелген барлық тапсырмаларды зор құлшыныспен және еңбек сүйгіштікпен атқарды, әсіресе, аталған экспедицияның қайтып оралу кезіндегі ауыр заттарды жүктеу үшін, түйелер жинау ісі пайдалы болды», – деген баға беріледі [15, 131-п.]. Билеуші сұлтан лауа-

зымын атқару кезіндегі еңбегі үшін 1841 жылы сәуірде сотник дәрежесін алды. 1846 жылдың 14 қарашасында адалдығы және Новопетровск бекінісіне жылқылар мен түйелер жинап жеткізгені үшін, әскери старшын дәрежесіне көтерілді [16, 3-п.].

1855 жылдың 15 қарашасында Орданың Ортаңғы бөлігіне билеуші сұлтан лауазымын атқарушы болып тағайындалды [16, 2-п.]. 1847 жылдың 25 ақпанында қызметке ынтасы үшін 3-дәрежелі «Әулие Анна» орденімен марапатталды [16, 3-п.].

1853 жылы Сырдариядағы Қоқан бекінісі Ақмешітті алуға қатысып, көрсеткен күш-жігері үшін подполковник дәрежесіне ие болды, ал 1855 жылы христиан еместерге қарастырылған 2-дәрежелі Әулие Станислав орденімен марапатталды [16, 5-п.].

1867-1868 жж. реформа бойынша, билеуші сұлтан-дар лауазымы қысқартылды. Торғай облысының генерал-губернаторы Л.Ф.Баллюзек Ортаңғы бөліктің билеуші сұлтаны М.Баймұхамедовтың еңбектерін жоғары бағалап, генерал-майор дәрежесімен марапаттап және оған алатын қаражатын қалдыруды ұсынды. «*Мұнымен бұл ордалықтың өршілдігі қанағаттанады, бірақ полковник Баймұхамедов шын мәнісінде Маңғыстауда және Үстіртте көшіп жүрген Батыс бөліктің тайпаларына жаңа тәртіпті енгізу үшін өте пайдалы, себебі ол адайлар арасында біршама салмағы бар бірден бір ордалық*»,— деп жазды генерал-губернатор [17, 2-3-пп.].

1869 жылдың 31 наурызында Орынбор генерал-губернаторының кеңсесінен император жарлығы бойынша М.Баймұхамедовке генерал дәрежесі беріліп және Орынбор губерниялық қазынашылығынан берілетін зейнетақы тағайындалғанын хабарлады [17, 4, 5-пп.].

Сонымен, Кіші жүздің Ортаңғы бөлігінің билеушілері Әбілқайыр ханның ұрпақтары, үлкен ұлы Нұралы мен төртінші ұлы Айшуақтың немерелері болды. Батыс және Шығыс бөліктермен салыстырғанда, мұнда тек үш сұлтан ғана атқарушы лауазымынан билеуші сұлтан лауазымына тағайындалды. Лауазымдық міндетті уақытша атқарушы билеуші сұлтанды, Орда бөліктеріне лауазымдық міндетке тағайындалған билеушіден айыра білу керек. Бұл екі санаттағы шенеуіктердің жа-лақылары әртүрлі болды. Сұлтан билеушілер жылына 1200 рубль күміс ақша, ал уақытша міндетін атқарушылар өз еңбегіне әртүрлі мөлшерлердегі нақты бір атқарған қызметтері үшін ақша мен сыйлықтар алды.

Ортаңғы бөлікте Нұралы ханның ұрпағы Жүсіп Нұралиев, 10 жыл бойы қызметте болса да, билеуші сұлтан лауазымын ала алмады. Егер Орданың алғашқы билеушілері бірден билеуші сұлтан болып тағайындалса, келесі билеушілер мұқият іріктеуден өтті. Бұл мәселені зерттеу көрсетіп отырғандай, билеуші сұлтан-дар лауазымына үміткерлер мен билеуші сұлтан міндетін уақытша атқарушылар бірнеше жыл бойы империяға қызмет істеп жүріп, Орынбор Шекаралық комиссиясы мен әскери губернатордың үнемі бақылауында болған. Олар өздерінің империя мен императорға деген адалдығын және тағайындалған лауазымға сәйкес қызмет жасау мүмкіндіктерінің барлығын дәлелдеді. Мысалға, қолдаушысы Г.Ф.Генс болған, Арыслан Жантөрин міндетті уақытша атқарушы болып үздік қызмет жасағанымен, 5 жылға дерлік уақыттан соң ғана билеуші сұлтан болып тағайындалды. Империялық әкімшілік лауазымға сайланғаннан кейінгі сұлтанның материалдық жағдайына да көңіл бөлді. Екі сұлтан билеуші лауазымын атқарушыға М.Тяукін (Батыс бөлік), Ж.Нұралиев (Ортаңғы бөлік) үшін Орынбор Шекаралық комиссиясы билеуші сұлтан жа-лақысын толық беруді сұрады. Бұл екінші сұлтанның

материалдық жағдайының нашарлау болуымен бай-ланысты еді.

Кәрілік, нашар денсаулық, осалдық, мінез-құлықтың «қосарлығы», жүктелген міндеттерді нашар орындау қызметтен алуға себеп болды, дегенмен бұл билеуші сұлтандарға әрдайым қолданыла берген жоқ.

Сонымен, 1824 жылғы реформадан кейін, империя Кіші жүзде басқарушылардың ортаңғы буынын қалыптастыру процесін жүргізді. Бірінші кезең-де, қазақтың Кіші жүзінің Ресей империясына қосылуы-ның бастаушысы, «Кіші Орданы басқару үшін Ресей үкіметінен мұрагерлік құқығын алған» Әбілқайыр ханның ұрпақтары билеуші сұлтандар лауазымдарын атқарды және осы лауазымдарды уақытша атқарушы болды. Дистанция және ауыл басшылары лауазымдарын ен-гізген соң, басқару қызметкерлеріне төре тұқымынан шыққан Қайып ұрпақтарының сұлтандарымен қатар, халықтың «қара сүйек» өкілдері де тартылды.

РЕЗЮМЕ

В статье на основе архивных источников и опубликованных материалов рассматривается служба султанов правителей Средней части Орды, образованной после реформы 1824 года. Вводятся в научный оборот новые материалы библиографического характера.

The article considers the service of the sultan rulers of the Middle part of the Junior Horde after the 1824 reform based on the archival sources and published materials. New biographical materials are put into use for the scientific purposes.

ДЕРЕКТЕР

1. Орынбор облысының мемлекеттік архиві (әрі қарай - ООМА). 6-қор. 10-тіз. 6528-іс.
2. Ресей мемлекеттік тарихи мұрағаты (әрі қарай - РМТА). 1291-қор. 81-тіз. 1823 жыл. 95А-іс.
3. **Мейер Л.** Киргизская степь Оренбургского ведомства // Материалы для географии и статистики России, собранные офицерами Генерального штаба. СПб., 1865. Т.10. 288 с.
4. ООМА. 6-қор. 10-тіз. 5634-іс.
5. РМТА. 1291-қор. 81-тіз. 1823 жыл. 95Б-іс.
6. Казахско-русские отношения в XVIII–XIX веках (1771–1867 годы). Сборник документов и материалов. Алма-Ата: Наука, 1964. 576 с.
7. РМТА. 1291-қор. 81-тіз. 1831 жыл. 145-іс.
8. История Казахстана в русских источниках XVI–XX веков / сост. Б.Т. Жанаев. Алматы: Дайк-Пресс, 2006. Т. VIII. Ч. 2. 968 с.
9. Қазақстан Республикасының орталық мемлекеттік архиві (әрі қарай – ҚР ОМА). 4 қор. 1-тіз. 300-іс.
10. **Избасарова Г.Б.** «Утвержденное мнение Комитета Азиатских дел относительно преобразования управления Оренбургским краем» 1824 года: подготовка реформы и ее реализация // Вестник Оренбургского государственного педагогического университета. Электронный научный журнал. 2016. № 4 (20). С. 108–118. (Online). ISSN 2303-9922. <http://www.vestospu.ru>
11. **Генс Г. Ф.** Из краткого исторического обозрения управления оренбургскими киргизами. 1844 г. // История Казахстана в документах и материалах: Альманах. Вып.1. Алматы: «Издательство LEM», 2011. 436 с.
12. ҚР ОМА. 4-қор. 1-тіз. 366-іс.
13. РМТА. 1291-қор. 81-тіз. 1852 жыл. 222-іс.
14. ҚР ОМА. 4-қор. 1-тіз. 2799-іс.
15. РМТА. 1291-қор. 81-тіз. 1830 жыл. 136 Б-іс.
16. РМТА. 1291-қор. 82-тіз. 1856 жыл. 17-іс.
17. ҚР ОМА. 25-қор. 2-тіз. 260-іс.

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ АРХИВ ІСІНІҢ ҰЙЫМДАСТЫРЫЛУЫ

Гаухар БАҚАЕВА,
ҚазҰлтҚызПУ-дың аға оқытушысы

Қоғамның кез келген саласының өткенін зерделеуде архивтің алатын орны ерекше. Әсіресе, тарихымызға қатысты көптеген объективті мәліметтерді архив қойнауынан ғана табатынымыз анық. Еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін тарихымызды ұлттық тұрғыда жазуда архив құжаттарына деген сұраныс артты, әрі құнды құжаттар ғылыми айналымға енгізілді. Бұл мекеменің жұмысы бірден жолға қойылған жоқ. Ол өз дамуында күрделі кезеңдерді басынан кешірді. Тәуелсіздік алғаннан кейін бірқатар отандық ғалымдар архив ісінің қалыптасуы мен даму тарихын ғылыми тұрғыдан зерттей бастады.

Қазақ архивінің тарихы XVIII ғасырдың 90-жылдарынан бастау алады. Ең алғашқы Қазақстандағы мамандандырылған архивтік мекеме – Бөкей Ордасының архиві. Ол Бөкей ордасы кезінен, яғни, 1794 жылдан ұйымдастырылды. Бұл архивта XX ғасырдың бас кезіне дейін еліміздің тарихына қатысты құнды құжаттар сақталып келді. Алайда, Азамат соғысы кезінде архив талан-таражға түсіп, кейбір істер мен тізбелер жоғалды. Қаржының тапшылығы, құжаттарды сақтайтын арнайы ғимараттың болмауы, білікті мамандардың жетіспеуі салдарынан архив дағдарысқа ұшырады.

РКФСР құрамындағы Қазақ Кеңестік мемлекеттілігінің құрылуы республикада архив жұмысын ұйымдастыру міндетін алға қойды. Кеңестік кезеңде Қазақстанда архив ісінің қалыптасуы мен дамуына 1918 жылғы 1 маусымда РКФСР Халық Комиссарлар Кеңесі қабылдаған *«РКФСР-да архивті қайта құру және орталықтандыру туралы»* декреті ықпал етті. Кейбір ережелердің анық және түсінікті еместігіне қарамастан, декрет архивтауды және құжаттарды сақтауды орталықтандыруға бағытталған жаңа социалистік мемлекеттің алғашқы заңнамалық актісі болды. Барлық мемлекеттік органдар мен ведомствалық мекемелердің архивтарындағы құжаттардың бәрі Біртұтас мемлекеттік архивтік қорды құрайтындығын көрсетті. Яғни, 1917 жылы 25 қазан айымен бітетін үкіметтік мекемелердің барлық істері мен хат-хабарлары Біртұтас мемлекеттік архивтік қорға келіп түсуі тиіс болды. Мемлекеттік архив қорын басқару Бас архив ісінің басқармасына жүктелді. Бас басқарма халықтық білім беру комиссариатының құрамына кірді [1, 8-бет].

1918 жылғы 1 маусымдағы декрет бойынша Бас архив ісінің басқармасы жоғары билікке тікелей бағынатын тәуелсіз орталық институт ретінде танылды. Қаулыда архив ісінің мынандай негізгі функциялары анықталды: құжаттардың сақталуын қамтамасыз ету, оларды сараптау, эксплуатациялық және ғылыми пайдалану, ведомстволық мекемелерді құжаттармен жұмыс бөлігінде бақылау қажеттілігі. Осылайша, мемлекеттік архив қызметі жүйесі құрылды, ол Бас архив басқармасымен бірге нақты міндеттері бар мүлдем жаңа әлеуметтік институт болып табылады.

1919 жылы 27 наурызда Халық Комиссарлар Кеңесі «Бұрынғы армияның архивтары мен істері туралы» қаулы қабылдады. Олар 1914-1918 жылдардағы империалистік соғыс кезеңіне жатады және «оларды дереу әскери комиссарлар өздерінің қорғауы» бойынша қабылдауы керек еді.

1919 жылғы 31 наурыздағы «Губерниялық архив қорлары туралы ереже» бірыңғай губерниялық архив қорларын құруды заңды түрде рәсімдеді. Губернияның атқарушы комитеттеріне «губерниялардағы архив ісін орталықтандыру аяқталғанша» архивтік істер мен құжаттарды дұрыс сақтау шараларын қабылдау тапсырылды. Губерниялық қаладан тыс орналасқан губерниялық, аудандық, болыстық және басқа архивтар талапқа сай ғимараттарда орналасуы керек болды. Губерниялық архив қорын басқаруға Архив ісі жөніндегі бас басқарма құрылды. Архив ісі туралы алғашқы декреттің ережелері ұлттық республикаларда, оның ішінде Қазақстанда архив құрылысын ұйымдастырудың құқықтық негізіне айналды [1, 8-9-бет].

РКФСР Халық Комиссарлар Кеңесінің 1918-1919 жылдарға арналған декреттері архив құрылысының барлық маңызды мәселелерін қамтыды, бұл барлық санаттардағы архив құжаттарын архивтік сақтауға қатысты болды. 1918 жылғы 1 маусымдағы декрет бұрынғы үкіметтік мекемелердің, 1917 жылы 25 қазанда өз жұмысын тоқтатқан Уақытша үкіметтің жазбалары мен істеріне қатысты архивтік мәселелерді заңды түрде рәсімдеді.

РКФСР Халық Комиссарлар Кеңесінің архив ісі туралы 1918-1919 жылдардағы қаулылары тұтастай архив құрылысының негізгі қағидаларын белгілеп берді, сонымен қатар архившылардың негізгі функцияларын – құжаттарды есепке алуды, мекемелерде іс жүргізу сатысынан бастап, оларды мемлекет сақтауға алуға және жаңа құрылған мемлекеттің мүддесінде ғылыми пайдалануға болатындығын анықтап берді. Архив ісі жөніндегі қаулылар Қазақстанда архив құрылысын ұйымдастыруда маңызды рөл атқарды.

Революцияға дейінгі кезеңде Қазақстан территориясы бұрынғы Ресей империясының әртүрлі әкімшілік орталықтарынан бақыланатын болғандықтан, қазақ халқының тарихын бейнелейтін отарлық институттардың архивтік құжаттарының едәуір жиынтықтары сол жерде, атап айтқанда Орынбор, Омск, Ташкент, Астрахань және т.б. архивтарда сақталған болатын.

Қазақстандағы алғашқы архив мекемелерінің аймақтық «өлкелік» архив қорын құруда Бас архив ісі басқармасының біріктірілген қызметі маңызды болды.

1919 жылдың жазында РКФСР Архив ісі бас басқармасының арнайы комиссияның отырысында РКФСР Бас архивінің республикалардың архив мекемелерімен байланысын орнату және оларды РКФСР-дегі архив құрылысына қатысты заңнамалық және басқа

да ұйымдастырушылық-әдістемелік материалдармен таныстыру үшін басқа кеңес республикаларына өкілдер жіберуге шешім қабылдады [1, 11-12-бет].

Алаш Орда ұлттық демократиялық үкіметі жойылғаннан кейін большевиктік ұйымдардың тікелей басшылығымен Қазақстанның барлық дерлік ірі аймақтарында Кеңес өкіметі орнады. В.И.Ленин қол қойған РКФСР Халық Комиссарлар Кеңесінің 1919 жылғы 10 шілдедегі Қырғыз (Қазақ) аумағын басқарудың революциялық комитетін құру туралы белгілі қаулысынан кейін, бұл комитет 1920 жылы тамыз-қазан айларында заңды түрде құрылған Қазақ Автономиялық Кеңестік Социалистік Республикасының болашақ мемлекеттік мекемелерінің нақты прототипі болды. 1920 жылы қазіргі Қазақстан Республикасының аумағында әртүрлі әкімшілік орталықтардан архив құрылысы процесін басқарған алғашқы архив органдары пайда болды. Бұрынғы отаршылдық режимнің мұрасы да осында айқын көрінді. 1919 жылдың аяғында Ташкентке келген РСФСР Бас архивының өкілі Орта Азияда архив мекемелері жоқ екенін анықтап, ол жөнінде 1919 жылы 22 желтоқсанда Ташкентте Түркістан істері жөніндегі Орталық Атқару Комитетіне хабарлайды. Бір айдан кейін, 1920 жылдың 21 қаңтарында Түркістан АКСР-нің Орталық архив ісін (Цулардел) ұйымдастыру туралы бұйрық шығарылды. Сол жылдың мамыр айында Түркістан Орталық Атқару Комитетінің тиісті қаулысы жарияланды. Осы жарлық бойынша Архив ісін орталықтан басқару басшылығына РКФСР Бас архивымен келісіле отырып Түркістан Орталық Атқару Комитетімен тағайындалды. Архив ісін басқару орталығының қызмет саласына Қазақстанның Жетісу және Сырдария облыстары кірді, Ақмола және Семей облыстарының аумағында 1920 жылы Омбыда Сібір Революциялық Комитеті құрған архив бөлімі жұмыс істеп тұрды, ал Қазақ Автономиялық Кеңестік Социалистік Республикасының аумағындағы – Орал, Торғай, Каспий маңы, Астрахань, Орынбор, Алтай РСФСР-дің облыстық және губерниялық архив мекемелеріне қарасты болды. Алғашқы уақыттарда Орынбор губерниясы мен Торғай облысында РСФСР Бас архивының Орынбор уәкілетті өкілінің қарасты Орынбор -Торғай губерниялық архивы құрылды [2, 8-бет].

Кеңес өкіметінің алғашқы жылдарында Қазақстанда архив ісін ұйымдастыруда РКФСР Бас архивы Орынбор комиссариаты қызметінің маңызы зор болды. ҚазАКСР-нің алғашқы астанасы Орынборда 1919 жылы 31 наурызда қол қойған Архивтік істер туралы декреттердегі мәселелер Қазақстан территориясының басқа өңірлеріне қарағанда жылдамырақ орындалып отырды.

Архив ісі басқармасының Орынбордағы уәкілетті қызметкері А.Михайлов 1919 жылдың қыркүйегінен бастап архив үшін маңызды болып саналатын архивтік істерді алу үшін, штаб пен ескі армия басқармаларын тексеруден өткізе бастады. Тексеріс барысында А.Михайлов тұрақты армияның штабтары мен басқармаларының архивтері «қорқынышты мөлшерде тоналып, жойылып жатқандығы» көз жеткізіп, бұл мәселе жөнінде губерниялық әскери комиссариатқа жазған хатында баяндайды.

Орынбор-Торғай губерниялық архивының жағдайына алаңдаған А.П.Чулошников 1920 жылы 26 мамырда Қазақ әскери-революциялық комитетінің ғылыми бөлімінің мәжілісінде орталық архив қорын құру туралы мәселені талқылады. Ғылыми бөлімі, ғылыми секторлар, содан кейін Халық ағарту комиссариатының (Нарком) академиялық орталығы Қазақстанда мемлекеттік архив қызметінің құрылуын

қамтамасыз ететін маңызды үкіметтік қаулылардың жобалары даярланды [3, 24-бет].

1920 жылы 15 шілдеде ҚазАКСР-нің Халық Ағарту Комиссариаты жанындағы ғылыми комиссияның отырысында, А.П.Чулошниковтың төрағалығымен архив мәселесі тағы да көтерілді. Бұл мәселе бойынша Халық Ағарту комиссариатының алқасында «... мемлекеттік үлгідегі орталық өлкелік (аймақтық) архив қорын құру мәселесін» шешу туралы шешім қабылданды.

1920 жылы 4-12 қазанда Орынборда өткен ҚазАКСР Кеңестерінің құрылтай съезінде, Бөкей хандығы, Орынбор, Торғай, Ақмола, Семей және Орал облыстарынан делегаттар қатысып, РКФСР құрамында автономиялы республиканың құрылуын жариялап, осылайша архивқа қатысты бірқатар мәселелер шешілді.

1920 жылы 9 желтоқсанда ҚазАКСР-нің Халық Ағарту Комиссариатының ғылыми бөлімі төрт бөлімге бөлінетін сектор болып қайта құрылды. Тұңғыш рет Бас архив басқармасы автономиялы республикалар территориясында архив құрылысына жауапты орган ретінде құрылды.

1920 жылдың 21 қыркүйегінде, Халық Комиссарлар Кеңесінің шешімімен, Қазан төңкерісі және РК(б)П – Партия тарихы (Истпрат) туралы материалдар жинау және зерттеу жөніндегі комиссия құрылды. Ол партия архивтарының болашақ қуатты параллель жүйесін және дүниежүзілік тартудың негізін қалады «құнды материалды» архивқа жинауға және ұйымдастыруға арналған. РКФСР Халық Комиссарлар Кеңесінің 1918 жылғы 1 маусымдағы қаулысына сәйкес, республикада жергілікті жерлерде архивтік құрылысты ұйымдастыруға жауапты мемлекеттік орган құрылды. Архив ісі бөлімі тәуелсіз мемлекеттік сала емес, мемлекеттік билік пен басқарудың жоғарғы органдарына бағынышты болғанымен, оның Республикалық Халық Ағарту Комиссариатына бағынуы кездейсоқ болған жоқ. РСФСР-де архив мекемелері Халық ағарту комиссариатына да мойынсұнды, оның үстіне сол кезде халық ағарту комиссариатында сауатты және білікті мамандар жұмыс істеді, бұл көбінесе оған халықтық ағарту комиссариатына жүктелген функциялар тән болды. Бірақ сонымен бірге архив ісі басқармасының функцияларын Халық комиссариаты бөлімінің құқықтарымен шектеуі архив жұмысын тиісті деңгейде орналастыруға мүмкіндік бермеді. 1921 жылдың сәуірінде архив ісі басқармасы архив ісін қайта құру қажеттілігін негіздеу және республикада бірнеше губерниялық қорлар құру туралы, Орынбор қаласында кеңестік кезеңге дейінгі және сол кездегі ең құнды және маңызды материалдар сақталатын Орталық өлкелік архив ұйымдастыру жөнінде баяндама жасалды.

6 маусымда архив ісі бөлімі барлық кеңестік, мемлекеттік, қоғамдық ұйымдар мен республика азаматтарына құжаттарды жинау және орталықтандырылған сақтау қажеттілігі туралы үндеу жолдады. Онда, атап айтқанда: «Замандастар үшін ғана емес, сонымен қатар болашақ ұрпақ үшін де, бүгінгі болып жатқан барлық оқиғалардың болашақ тарихы үшін де үлкен мән бар, оны ешкім де сынап алмайды, сондықтан Қырғыз Республикасында сақтау орталығын құру қажеттігі және онда 1917 жылғы революция оқиғалары мен біз өтіп жатқан жылдар туралы материалдар жиналады».

1921 жылы 1 қыркүйекте Қазақстан тарихындағы алғашқы аймақтық архив өз жұмысын бастады. Оның бірінші басшысы болып тағайындалған Арман Граньң жергілікті баспасөзде «Архивты сақтау

және қорғау» мақаласы жарияланды. Бастапқыда архив штат құрамы 5 адамнан тұрды: архив басшысы, бірінші және екінші санаттағы архившылар, кеңселер мен күзетшілер. Соған қарамастан, 1921 жылдың аяғында 19 мекеменің архивы сақтауға алынды, 2 мекеме есепке алынды, 11 мекеме архивы тапсырылды. 1921 жылы 20 желтоқсанда өлкелік архивтың штат саны 7 адамға дейін өсті, есепші және хатшы-машинист лауазымдары енгізілді.

1922 жылдың 24 қаңтарында Республиканың халық ағарту комиссариаты жанындағы Бас архив төрағасы Михайлов дайындаған Қазақ Автономиялық Кеңестік Социалистік Республикасының Орталық өлкелік архиві туралы алғашқы ресми ереже бекітілді. Архив Қазақстан территориясында мемлекеттік мекемелер, қоғамдық ұйымдар мен жеке тұлғалардың тарихи-ғылыми маңызы бар құжаттарын сақтайтын мәртебеге ие болды.

Қазақстанда архив ісін ұйымдастыруға, азамат соғысы, 1921 жылғы аштық кері әсерін тигізді. 1921 жылы Орынбор және Семей архивтары ғана жұмыс жасап тұрды. Қазақ халқының тарихына қатысты құнды архивтік құжаттар Орынбор архивына шоғырландырылды. Архив ісі жөніндегі бас басқарма 1920-21 жылдары Халық ағарту комиссариаты тарапынан қолдау таппады. Қазақ Автономиялық Кеңестік Социалистік Республикасын аймақтағы архив ісінің жағдайына тікелей назар аударуға мәжбүр етті.

Осы орайда, ҚазАКСР ХКК-нің төрағасы Сәкен Сейфуллин «архивтың сатылуына және жойылуына тыйым салынатындығы жөнінде» барлық кеңестік мекемелерге арнайы хат жолдады. 1922 жылы 8 желтоқсанда С.Сейфуллин барлық

кеңестік мекемелер мен кооперативті ұйымдарды тіркеуге алу жөнінде циркулярлы хатқа қол қойды. Бұл шаралар тез арада өз нәтижесін берді. Халық ағарту комиссариатының қызметі күшейе түсті. 1923 жылы 30 қаңтарда ҚазАКСР-нің Кіші Савнаркомының мәжілісінде кеңестік кооператив мекемелерінің архив материалдарын Орталық архивтың филиалдарына беру тәртібі туралы нұсқаулар жобасы тыңдалды [1, 21].

Қазақстанның архив құрылысының мәселелерін шешуде РКФСР мемлекеттік органдары тікелей белсенділік танытты. Бұрынғы патша үкіметінің институттары мен Уақытша үкіметтің халықаралық қатынастар жөніндегі архив ісі үлкен маңызға ие болды.

Қазақстандағы архив құрылысы РКФСР архив мекемелерінің бақылауына алынды. Ол өзінің қалыптасуының ең қиын кезеңінде архив ісін ұйымдастыруда айтарлықтай көмек көрсетті. Одақтық және автономиялық республикаларда ғылыми ұйымдастырылған мемлекеттік архивтар желісін құру, революцияға дейінгі өткен кезеңдегі мекемелердің қорларын есепке алу мен шоғырландыруды аяқтау міндеттері қойылды.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. М. Дакенов, Б. И. Нурпеисова, М. Ж. Хасанаев. Архивоведение. Алматы, 2003. - 140 б.

2. Сабденова Г. Мұрағаттану. Алматы, 2008. - 114 б.

3. Ахмет Аққали Қабиджанұлы. Қазақстандағы архив ісінің тарихы (1918-1991 жж.) - Алматы «Елтаным баспасы», 2013. - 382 б.

4. Максаков В. В. История и организация архивного дела СССР (1917-1945) М., 1969 г. - 430 с.

АҚТӨБЕ ГУБЕРНИЯСЫНДАҒЫ АШАРШЫЛЫҚ: себептері мен салдары

Д.ӘБЕНОВ, Б.ӘБЕНОВА,
тарих ғылымдарының кандидаттары, доценттер,
А.ІЗБАНОВА (Избанова),
тарих мамандығының 1-курс магистранты,
Қ.Жұбанов атындағы АӨМУ

Мақалада Ақтөбе губерниясындағы 1921-1925 жылдардағы ашаршылық, себептері мен салдары, аштықпен күрес және оның нәтижелері қарастырылады. Архив құжаттарына сүйене отырып, ашыққандар, жұқпалы ауруға ұшырағандар мен қаза тапқандар саны нақтыланып, халықтың әлеуметтік-тұрмыстық жағдайы баяндалады. Губкомитет пен ашыққандарға көмек комиссиясының ашаршылықпен күрес және оларға көмек мәселесі бойынша атқарған жұмыстары, үкімет тарапынан көрсетілген көмек көздері айтылады. Сондай-ақ ата-анасыз қалған ашыққан балалар, балалар үйінің жағдайы, балалар асханасы мәселесі де қозғалады.

Қазақ халқына ауыр зардаптарын тигізген, қазақ қоғамының дамуына орны толмас қайғы-қасірет әкелген ашаршылық, ол туралы шындық тарихымызды ұлттық тұрғыдан баяндаудағы өзекті мәселелерінің бірі болып табылады. Ашаршылық туралы әңгіме қозғалғанда, біз көп жағдайда 1931-1933 жж.

зұлматпен шектеліп қаламыз. Ал, 20 жылдардағы ашаршылық пен оның ащы сабақтарын әлі де толық біле-білмейміз. Сондықтан, бүгінгі ұсынылып отырған мақалада сол олқылықтардың орнын кішкене де болсын толықтыруға тырыстық. РК(б)П Орталық Комитетінің 1921 жылғы 17 шілдедегі үндеуінде ашаршылықты қуаңшылықтан көрмей, оның негізгі себебі аграрлық шаруашылықтың артта болуы, дамымағандығында және ауылшаруашылық мамандарының болмауында, көне техникалар мен құрал-жабдықтар, сонымен қатар Азамат соғысы мен Бірінші дүниежүзілік соғыстың да салдарында екені айтылады. Аталған себептермен қатар, елді жайлаған ашаршылық, халық тұрмысы мен ауылшаруашылығына үлкен соққы тигізген «әскери коммунизм» саясатының нәтижесіндегі төтенше экономикалық жағдайларға, жаңа экономикалық саясатына да байланысты туындады.

«Голод как фактор» кітабының авторы, әлеуметтанушы П.А.Сорокиннің 1922 жылы «Экономист» журналында жарық көрген «Голод и

идеология общества» мақаласында ашаршылықтың себептері жіті айқындалған. Ол аштықтың негізгі себебін большевиктердің жүргізген қисынсыз саясатынан көрді. Автордың «1921 жылға қарай коммунистік бағдарламаның жойқын салдары тіпті артта қалған шаруаларға да айқын болды. Олардың егістіктері өңделмей, керісінше арамшөптермен толды. Шаруалардың егетін құралдары да, жұмыс істеуге ынталары да болмады. Қалаларда адамдар шетінен өліп, зауыттар отынын жоғалтып, тоқтап қалды. Теміржолдар қирады. Ғимараттар қирандыға айналды. Коммунистердің өлімге апарған саясатының салдары халықтың мойнына жүктелді. Зауыттардағы толқулар мен шаруалар арасында митингілер мен тәртіпсіздіктер жиілеп кетті, мұндай жағдайлардың саны тез өсті», – деген жолдарынан-ақ ашаршылықтың қандай халде өткені түсінікті [1].

1920 жылдың күзінде губернияның статистикалық бюросының ауылшаруашылығы санағының толық емес қорытындысы бойынша, Ақтөбе губерниясында 46849 шаруашылық болып, ондағы 237446 адамның 120655-ін ерлер, 116791-ін әйелдер құрады [1]. Алайда 1920 жылы басталған жұт мал басының кемуіне, қазақ шаруашылығының күйреуіне алып келді. Губерниялық атқару комитетінің төрағалары Ряхов, Назаров, Сердюковтардың Ақтөбе губерниясындағы аштық туралы 1919-1922 жылдары Ленинге жолдаған баяндамаларында облыста үлкен зардапқа мал шаруашылығының ұшырағанын, малдардың қырылып, жұттың өршуіне мал дәрігерлерінің болмауын басты себеп ретінде жазған. Ал қуаңшылықтың әсерінен, шегірткенің жеп қоюынан бірнеше мың десятина жерлер жарамсыз болып қалды.

Облыста 1919-1920 жылдары астықтың шықпауы үлкен қиындық туғызды. Ал Темір, Ойыл аудандарында астық пен шөп зиянды жәндіктердің кесірінен түгел дерлік жойылды. Архив құжаттарында егіншілік пен мал шаруашылығынан зардап шеккен халық мемлекет тарапынан азық-түлік пен нан өнімдерімен қамтамасыз етілді делінген. 1921 жылы тағы егін егілді, алайда бұл нәтиже бермеді. Ал шілде айында нан өнімдері таусылды. Құрғақшылық, астықтың шықпауы, азық-түлік тапшылығынан ашаршылықтың басталуы кезеңінде облыстың 23% тұрғыны өзге өңірлерге, Өзбекстанға, Украинаға көшіп кетті. Қарабұтақ болысының өзінде 75% халық басқа жаққа қоныс тепкен.

Ашаршылық жылдарының басында губернияда жалпы 525249 адам болды, оның 291547-сі ересек адамдар, 233702-сі балалар. 1921 жылдың қаңтар айында аштар саны шамамен 361051 адамға жетсе, олардың 97309 ересек адамдар, 263743 балалар болды. Аштарға көмек ретінде губернияның басқару бөлімі 640000 рубль қаржы бөлген. Сондай-ақ басқада азықтай және тұрмыстық көмектер көрсетілді [2].

1921 жылдың шілде айында Қырғыз Орталық атқару комитетінің Мәскеуге жолдаған жеделхаты бойынша 5 губернияны – Ақтөбе, Орынбор, Орал, Бөкей және Адай губернияларын ашаршылық жайлады. Ал 1 тамызда Орынбор, Ақтөбе, Бөкей, Қостанай губерниялары ресми түрде аштыққа ұшыраған аудандардың қатарына жатқызылды. Ақтөбе губерниясынан Ақтөбе, Темір, Ырғыз, Ақбұлақ, Можар, Шалқар, Ойыл, Қарабұтақ уездері аштыққа ұрынды [3].

Архив құжаттарында тамақ таппай, әбден ашынған халықтың өлген малдар мен адам етін жеу сияқты фактілер де анықтала бастады. Ісініп кетіп, жүре алмай, жеткен жерлерінде құлап, өліп жатқандардың саны ұлғайды. Бұл мәліметтер ашқомның губкомға

жіберген хаттарында құпия түрде деп жазылған. Ашыққандардың арасында эпидемия таралып, онымен күресу мүмкін болмай кетті. 1921 жылдың 1 шілдесінен 1 желтоқсаны аралығында жалпы губерния бойынша 27372 адам ауырып, 3754-і оңалмай қайтыс болған. 20 қазаннан бастап Ақтөбе губерниялық атқару комитеті ашыққандарға көмек апталығын жариялады [4].

Тек 1 шілде мен 31 желтоқсан аралығында Ақтөбе губерниялық атқару комитеті мен оның төрағасы жанынан 10 комиссия құрылды. 2 шілде күні халықты қоныстандыру және орналастыру жөніндегі комиссия құрылды. Құрамына губерниялық егіншілік бөлімінің меңгерушілері еніп, оның төрағалығы Назаровқа жүктелді. 5 шілдеде жұқпалы ауруларға қарсы күрес жүргізу комиссиясы құрылып, оның төрағалық қызметін Н.Бондаренко атқарды. Бұған қосымша 12 шілде күні сүзек жұқпалы ауруымен күресу комиссиясы құрылды. Ал 13 шілдеде азық-түлік даярлау комиссиясы құрылып, оған губерниялық одақ меңгерушісі Қамбаров, губерниялық атқару комитетінің мүшесі Ұ.Құлымбетов және қазақ азық-түлік халық комиссариатынан Владычкин мүше болды.

16 шілдеде балалардың жағдайы мен өмірін жақсарту комиссиясы құрылды. Комиссия құрамына губерниялық халықты қамтамасыз ету бөлімінің меңгерушісі К.Арынғазиев, губерниялық азық-түлік комиссариатынан Соловьев, губерниялық жұмысшы, шаруа бөлімінің меңгерушісі Киленко, құқық қорғау бөлімшесінен Афанасьев денсаулық бөлімінен Попов кірді. Орынбор губерниясынан мүліктей және ақшалай қаражат қабылдау комиссиясының құрамына губерниялық әлеуметтік қамсыздандыру бөлімінің меңгерушісі Ұ.Құлымбетов, губерниялық финанстық бөлімнің меңгерушісі Ларионов, губерниялық одақтан Панченко, губерниялық азық-түлік комиссариатынан Ющенко және Халық шаруашылығы кеңесінен бір өкіл енді.

Кейіннен 3 тамызда әкімшілік комиссиясы, 10 қарашада станция бойларында жиналып қалған жолаушыларды түсіру, тарату, орналастыру комиссиясы, 18 қарашада рақымшылық жасауды (амнистія) іске асыру комиссиясы, 13 желтоқсанда кеңестерді сайлау бойынша губерниялық сайлау комиссиясы құрылды [5]. Бұл комиссиялардың міндеттері айқындалып, атқарған жұмыстары жөнінде апта сайын, ай сайын губерниялық атқару комитетіне ақпар беріп тұру жүктелді. Комиссиялар құрылып, аштықпен күресу жұмыстары нақты бағдарламалар бойынша жүргізіле бастады. Ай сайын орталыққа жасалған жұмыс бойынша есеп беріліп отырды. Ашыққандар үшін тамақтандыру пункттерін ашу, аштыққа ұшырамаған, жағдайы қалыпты губерниялардан жылу сұрау, халық арасында үгіт-насихат жұмыстарын жүргізу, Түркістаннан нан сатып алуға рұқсат ету, қарауыз, үйсіз қалған балаларға арналған балалар үйін көбейту, салық мәселелер қаралды [6].

Губерния жағдайына назар аударылғаннан бастап, ашқом жұмысы да реттелді. Ашыққандар эвакуацияланып, ауыл-аймақтарға тамақтандыру пункттері ашылды. Көше, қала, далалар тазалана бастады. Мерекелік шаралар, концерттер ұйымдастыру, қазақ әншілеріне қазақ тілінде әндер орындату арқылы аштықпен күресуге көмек ретінде қаржы жинады. Сондай шаралардың бірінде қазақ әншісі Әкімгерей Қостановтың қатысуымен 1004000 рубль жиналған болатын [7].

Алайда өліктерді қанша жинаса да, аштықтың күрделі түрде болғаны соншалық, адам денелері күн санап артты, олардың бәрін жинап-тазалау мүмкін болмады. Ал губерниядағы балалар үйінің жағдайы ауыр болды. Оларға берілетін азық-түлік пен киім-

кешектің жеткіліксіз мөлшерде болуы балалар үйін таратуға мәжбүрледі. Сондай-ақ балалар үйі аштар мен қарақшылар тарапынан тонаушылыққа жиі ұшырап отырды [8].

Ақтөбе губерниялық аштарға көмек комиссиясы төрағасының орынбасары Беркімбаевтың жазбасы бойынша, 1921 жылдың 1 тамызына дейін Түркістан республикасына 12177, ал Украинаға 4219 аш балалар көшірілген [9]. Ал 1 тамыз бен 20 қараша аралығында Түркістан республикасына 4254 қазақтар, Ресейге 3845 орыс, Польшаға 1348 поляк, Литваға 18 латыш, Австрия мен Германияға 38 әскери тұтқындар, барлығы 9293 адам көшірілген [10]. Тамақ іздеп елден шет аймақтарға босқандардың халі күннен күнге ауырлай түсті. Панасыз жетім қалған балалар саны көбейді. Қайыршының күйін кешіп, алақандарын жайған ауыл балаларын көру күнделікті жағдай секілді үйреншікті көрініске айналды. Ал аштан қырылған сәбилердің денелері далада, қала көшелерінде шашылып жатты. Осы жағдайларға байланысты 11 тамызда Ақтөбе губерниялық комитеті жанындағы балалардың өмірі мен тұрмыстық жағдайын жақсарту комиссиясының мәжілісі өтіп, қамқоршыларынсыз қалған балаларға арнап паналау үйін ашу, Ақтөбе станциясында босқын балаларға арналған тамақтандыру пунктін және сол пункттің жанынан 500 баланы уақытша паналататын жатақханалар ашу жөнінде қаулы қабылданды. Сонымен қатар губернияның Азық-түлік комиссариатына ашылатын балалар үйіне қажетті 18000 құрғақ тамақпен қамтамасыз ету мәселесін ұсынды [11].

1921 жылы қазан айында губерния комиссияның есептік жазбасы бойынша облыста аштыққа ұшырағандар мен көмекке зәру жандар саны 116679 адам, оның ішінде 26661 ересек, 89991 бала, қазақтар – 22077, орыстар – 94602 адамды құрады. Қараша айына дейін 21800 ересек адам, 6348 бала егінді алқаптарға көшірілді. Олардың ішінде өз еркімен қоныс аударғандар да кездесіп, бірақ олар эвакуация санағына енбей қалған [12].

Шалқар мен Ырғыз аудандарына бір вагон картоп жіберілді. Ырғызда екі 500 орындық асхана ашылды. Ауданда аштықпен күресу үшін азық табу мақсатында тұрғындарды балық аулау шаруашылығымен айналысуға шақырды. Темір ауданында 700 орындық, Ойыл ауданында 400 орындық тамақтану орны ашылды. Ойылда аштыққа ұшырағандар саны 24754 құрады.

Орталық төтенше жағдай комитетін аштарға көмек ретінде Ақтөбе қаласына, Шалқар, Ырғыз, Темір, Ойыл, Ақбұлақ, Қарабұтақ аудандарына барлығы 315 миллион рубль қаржы бөлді. Осы қаржы негізінде Ақтөбе қаласында 100 адамдық түнейтін үй салынды. Мәскеуден екі вагон бидай және Ташкенттен бір вагон ұн, бір вагон жеміс-жидектер, екі цистерна мұнай келіп, облыс халқына бөліп берді. 1921 жылы 46 тамақтану асханасы ашылып, губерния бойынша 15043 адам осы асханалардан тамақтанған.

Архив деректері бойынша 1921 жылдың қараша айына дейін малдың 55%-ы қырылса, мүлдем малсыз қалған тұрғындардың саны 75%-ға өсті. Губернияда аштықтың етек алғаны соншалық, тұрғындар қайың ағашының діңгегін азық қылып, киелі құс аққуға дейін, тіпті саз балшықтың кейбір түрлерін тамақ ретінде пайдаланған. Ал адам шығыны күннен күнге көбейді. Мысалы, 1921 жылы қарашада бір Ақтөбе қаласының өзінде 469 ересек адам мен 320 бала қайтыс болды. Ауруханада аштықтан 294 адам қаза тапқан.

1921 жылдың 1 желтоқсанына дейін Ақтөбе губерниясы бойынша 37140 адам үнемі азық-түлікпен қамтамасыз етілді. 1921 жылдың тамыз айы мен 1922

жылдың қаңтар айлары арасында Ақтөбе губерниясынан Түркістанға 10 мың адам, Орынборға 1000 адам эвакуацияланды. Сонымен қатар Ақбұлақ пен Жұрыннан 3907 адам Түркістан өлкесіне көшірілді [13].

Қараша айынан бастап Американдық балаларға көмек көрсету администрациясының (АРА) көмегі сұралып, қызметін Ақтөбе губерниясына ұсынды. 1921 жылдың 26 желтоқсанынан бастап Америкалық ұйым балаларды тамақтандыруға кірісті. 1922 жылдың ақпан айында 25 мың құрғақ азық (паёк) бөлінді. Олар Ақтөбе қаласы бойынша 3000 құрғақ азық, Ақтөбе ауданына – 6000, Ақбұлақ ауданына – 7500, Темір ауданына – 6500, Қосістек ауданына – 2000 құрғақ азық бөлді. Басқа аймақтардағы балаларға көмек көрсетуден Американдық ұйым мемлекет аралық қашықтыққа байланысты бас тартты [14].

Ақтөбе губерниясы Ойыл уездік атқару комитетінің 1921 жылғы 16 шілдедегі шешімі бойынша, бай ауқатты адамдарға ашыққандардың белгілі бір бөлігін түнейтін үй-жаймен, тегін тамақпен қамтамасыз ету міндеттелді.

РЕЗЮМЕ

В статье рассматривается вопросы голода в Актобинской губернии в 20-е годы XX века, его причины и последствия, а также борьба с голодом и его результаты. На основании архивных документов указывается количество голодающих, больных и умерших людей, а также описывается социальные и бытовые условия населения. Повествуется работа по борьбе с голодом губернского комитета и комиссии помощи голодающим. Рассматривается проблемы голодающих сирот, состояние детских домов, детских столовых.

Ключевые слова: голод, засуха, джун, статистика, губерния, уезд, волость, сельское хозяйство, эпидемия, комиссия, организация АРА, пункты питания.

The article deals the issues of hunger in the Aktobe province in 20 years XX century, its causes and consequences, as well as the fight against hunger and its results. On the basis of archival documents, the number of starving, sick and dead people is indicated, as well as the social and living conditions of the population are described. The work on the fight against hunger of the provincial committee and commission is narrated. The problems of starving orphans, the condition of orphanages, children's canteens are considered.

Keywords: famine, drought, jut, statistics, province, uезд, volost, agriculture, epidemic, commission, organization of ARA, food outlets.

ПАЙДАЛАНҒАН ДЕРЕКТЕР

1. Сорокин П.А. Голод и идеология общества // Квинтэссенция: Философский альманах. М., 1990.
2. Ақтөбе облысы мемлекеттік архиві (АОМА.), 3-қор, 1-тізбе, 7-іс. 5-п.
3. АОМА, 3-қор, 1-тізбе, 602-іс, 2-п.
4. Смағұлова С.Ө. Ақтөбе губерниясындағы ашаршылық (1921-1922 жж.). - Отан тарихы. - 2014. - №1. - 161-170-бб.
5. АОМА, 3-қор, 1-тізбе, 1-іс, 2-п.
6. АОМА, 3-қор, 1-тізбе, 216-іс, 4-п.
7. АОМА, 3-қор, 1-тізбе, 611-іс, 2-3-пп.
8. АОМА, 1-қор, 1-тізбе, 189-іс, 9-п.
9. АОМА, 3-қор, 1-тізбе, 604-іс, 5-п.
10. АОМА, 3-қор, 1-тізбе, 600-іс, 3-п.
11. АОМА, 3-қор, 1-тізбе, 601-іс, 11-п.
12. АОМА, 3-қор, 1-тізбе, 615-іс, 2-п.
13. АОМА, 3-қор, 1-тізбе, 603-іс, 6-п.
14. АОМА, 3-қор, 1-тізбе, 609-іс, 3-п.

МҰНАЙ ҚҰБЫРЛАРЫ БАСҚАРМАЛАРЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫ

(Батыс Қазақстан бойынша)

Айдын ӘБДЕНОВ,
Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік
мемлекеттік университеті география және
туризм кафедрасының аға оқытушысы,
тарих ғылымдарының кандидаты

Қазақстанда мұнай көздерінің басым бөлігі Батыс Қазақстан аумағында, ал бұл аймақ екі үлкен алаңға бөлінеді. Бірі – революциядан бұрын-ақ мұнай бере бастаған Ембі аудандары, екіншісі – қазыналы Маңғыстау түбегі.

Мұнай құбыры транспортының пайда болуы мен өрлеуі мұнайды өндірудің дамуымен қатар жүрді. Еліміздің мұнай өндіру мен өңдеу салаларының географиялық орналасуы сан түрлі. Революцияға дейін қара алтынды тасымалдау үшін жан-жануардың күшіне жүгінгені рас, өлкеде темір жолдың, құбыр көлігінің жоқтығы кәсіпшіліктерді қалыпқа келтіру басталған кезде айқын сезілді.

Батыс Қазақстандағы мұнай құбыры транспорты жүйесінің қалыптасуының тарихи алғышарттары мен маңыздылығы да бар, түп-тамыры сонау 30-жылдарға сай келеді. Орал-Ембі мұнайлы аймақтарын интенсивті түрде игеру (Доссор, Қосшағыл, Мақат, Темір, Жақсымай кен орындары) мен транспорттық коммуникациялардың құрылысына нақты тапсырмалар берілді, ол темір жол мен мұнай құбырларына да қатысты еді.

Ембі мұнай өңірі Кеңес өкіметі орнаған соң қайта гүлдене бастады. 1925 жылы «Ембімұнай» тресі құрылды. 1928 жылы «Ембімұнай» тресінде мұнай өндіру ісі 1920 жылмен салыстырғанда 8 есеге артты.

Кейінірек, 20-40-жылдары Орал-Ембі мұнайлы кен орындары аймағын басқару сұрағын «Ембімұнай» мемлекеттік тресі атқарды, оның құрамында 1929 жылы Солтүстік (Темір) мұнай аймағы құрылады [1, 12-16-пп.], қазіргі Ақтөбе облысының территориясына қарасты Темір, Ақбұлақ, Ойыл ауданының солтүстік-шығыс бөлігі, жалпы көлемі 62 мың шаршы шақырым құрайтын мұнайлы кен орындары қарады. Ақтөбе облысының мұнай кен орындарынан өнім алу Шұбарқұдық пен Жақсымай кәсіпшіліктерінен бастау алады. Аталған кәсіпшіліктердің мүмкіншіліктерін арттырғандықтан өндірілген мұнай мөлшері жылдан-жылға еселенді. Оған мысал: Шұбарқұдық кен орнынан мұнай өндіру 1936 жылы 1933 жылға қарағанда 2 есе артты, ал Жақсымайда – 4 есеге ұлғайды.

Мұнай өнімі артқан сайын оны тасымалдау проблемасы да арта түсетіні анық, бұрын негізінен темір жол мен су көліктері арқылы қажетті аймақтарға жеткізіліп отырылса, енді құбыр көлігін салудың маңыздылығы артты.

1932 жылдың алғашқы жартысында «Каспий-Орск» мұнай құбырын салу жұмысы басталды. Өзінің ұзындығы мен қуаты жағынан ол КСРО-дағы Баку-Батуми мұнай құбырынан кейінгі ірі құбыр болды. Салынғалы жатқан мұнай құбыры одақтық маңызы бар бірінші дәрежелі құрылыс еді. Сөйтіп, арада үш жыл өтісімен ұзындығы 709 шақырым болатын

бұл мұнай құбыры іске қосылды. 1935 жылдың 11-ші қазанында осы құбырмен алғаш рет Ембі мұнайы орталыққа айдалды [2, 33-п.].

Кәсіпшіліктердің кеңейуі, мұнай өндірудің артуы, барлық елдің көмірсутек шикізатына деген сұранысының еселенуі – транспорттық коммуникациялар құрылысы, темір жол мен мұнай құбырларын салу мәселелері үнемі басшылықтың бақылауында болды.

Ембі мұнай тресінде 1936 жылдың 14 қарашасында өндірілген шикізатты тиімді пайдалану мақсатында мұнай құбыры мен су құбырлары басқармасы құрылады, кейіннен 1938 жылы «Союзнефтепрод» Бүкілодақтық магистралды мұнай құбырлары басқармасына қарасты Гурьев бөлімшесіне ауысып, өз жұмысын жалғастырады. 1940 жылы бұл бөлімше «Ембімұнай» тресіне қарасты су құбырлары басқармасымен бірігеді, соның негізінде «Қазақстанмұнайкомбинаты» дүниеге келеді.

Мұнай өнеркәсібінде 50-жылдары, әсіресе, геологиялық барлау жұмыстарының қарқынды жүруімен ерекшеленеді, оған «Кеңкияқ» (1959 ж.), Өзен, Жетібай (1961 ж.) ірі кен орындарының ашылуы дәлел. Қорға бай кен орындардың ашылуы Батыс Қазақстанды еліміздің негізгі мұнайөндіру орталығына айналдырды. Ендігі кезекте өндірілген көмірсутек шикізатын тасымалдау мәселесіне назар аударыла бастады.

Республикада құбырлық тасымал жүйесі Маңғыстау түбегінің кен орындарының игерілуіне байланысты, әсіресе, 60-70-жылдары күшті қарқынмен дамыды. Мұнай өндірудің тез қарқынмен артуы мұнайды аралық мұнай құбырлары арқылы еліміздің мұнай өңдеу зауыттарына тасымалдау міндетін шешуді жүктеді.

Нәтижесінде, 1965 жылдың 16 маусымында Батыс Қазақстанның мұнайын тасымалдау үшін екі басқарма: Гурьев магистралды мұнайөнімі құбырлары басқармасы (Гурьев ММӨҚБ) мен Шевченко магистралды мұнайөнімі құбырлары басқармасы (Шевченко ММӨҚБ) құрылады.

Гурьев ММӨҚБ құрамына: диаметрі 12 мм, ұзындығы 726,193 км. болатын «Каспий-Орск» магистралды мұнай құбыры; түрлі диаметрлі, жалпы ұзындығы 680,590 км-ден асып жығылатын құрылыстары аяқталғалы жатқан мұнай құбырлары жүйесі; айдау стансалары Гурьев, Сағыз, Комсомол, Қосшағыл кәсіпшіліктерінде орналасқан ұзындығы 684,638 км. «Гурьев-Қосшағыл-Қаратон-Сарықамыс-Мұнайлы» су құбыры қарады.

Гурьев ММӨҚБ-ның міндеті Ембі мұнайын Гурьев, Орскі және Ярославтың МӨЗ-на жеткізумен тікелей айналысты, тасылған мұнай көлемі 1968 жылы 1583,2 мың тоннаға жетті [3, 12-п.].

Ал Шевченко ММӨҚБ-на: ұзындығы 141 км, диа-

метрі 529x7 мм болатын алты қыздыру пункті бар «Өзен-Жетібай-Шевченко» мұнай құбыры (1966 ж. қыркүйегінде қолданысқа берілді); «Өзен МАС (№1 алаң) – Бас МАС»; 6 артезиандық скважиналы «Сауысқан» САС; «Шевченко-Өзен-Сауысқан» телефон желісі және т.б. нысандар болды.

Өзен мұнайының басым бөлігі құбыр арқылы «ысытып айдау» әдісімен Шевченко қаласына дейін жеткізілініп, одан әрі теңіз жолымен Волгоград МӨЗ-на тасымалданды. Сонымен қатар, Ақтау қаласында мұнай қабылдайтын айлақты салу да қатар жүрді, ол дегеніміз Ақтау, Астрахань, Махачкала, Баку, Волгоград қалалары аралығында теңіздік коммуникацияның қалыптасуы. Маңғышлақ мұнайын тасымалдауға жағдай жасады.

1969 ж. 30 тамызда Мұнай өндіру министрлігінің бұйрығы бойынша Гурьев қаласында Оңтүстік магистралды мұнай өнімі құбырлары басқармасы (Оңт.ММӨҚБ) құрылады. Басқарма құрамына: Гурьев ММӨҚБ, Маңғышлақ ММӨҚБ, Орал аудандық МҚБ, «Арнайықұрылысжөндеу» басқармасы, Автокөлік кеңсесі, «Өзен-Гурьев-Куйбышев» мұнай құбыры құрылысына жауапты Ұжым енді. Оңт.ММӨҚБ қарамағында жалпы ұзындығы 2914 км болатын қолданыстағы магистралды және құрылысы аяқталғалы жатқан мұнай құбырлары болды [4, 2-п.].

Оңт.ММӨҚБ қабылдайтын мұнай тұтынушыларға құбырлар арқылы – Гурьевтің, Орскінің, Куйбышевтің МӨЗ-на, шойын жолмен – Гурьев, Орскі, Кременчуг, Ярослав МӨЗ және теңіз транспортымен – Волгоград, Саратов және Кременчуг зауыттарына қарай бағыт алды.

Алдыңғы қатарлы технологияны пайдалану, мұнай өндіру көлемін бірнеше есе артуының негізінде Оңт.ММӨҚБ-ның мұнай құбырымен өнімді тасымалдау көрсеткіші еселенді. Егер 1969 ж. 8731,2 мың тонна мұнай айдалса, ал 1970 ж. оның мөлшері – 12436,9 мың тоннаға жетті [4, 11-п.].

1970 жылы құбырлық мұнай тасымалы басқармасында елеулі өзгерістер орын алды, мұнайды тасымалдау мен жеткізуді жүзеге асыратын Бас басқарма құрылады, ол өз кезегінде мұнай кен орындарынан шикізатты қабылдау мен экспортқа шығару мәселесімен тікелей айналысуды қамтамасыз етті. 1970-ші жылдары трубақұбыр көлігі жүйесі даму жағынан мұнай мен газ өндіруден еш қалыспады, ал құбырлар жолының ұзындығы жылдан-жылға артып, тасымалданатын отын 4 есеге өсті.

Республиканың Бас мұнай тасымалы магистралдары – «Оңтүстікмұнайқұбыры» біріккен кәсіпшілігі бақылауында, яғни бұрынғы Гурьев (қазіргі Атырау) пен Маңғышлақ (қазіргі Маңғыстау) мұнай өнімдері тасымалы басқармасы және Өзен-Құлсары-Атырау-Самара мұнай магистралы басқармасы базасының негізінде құрылған. 1971 жылдың 2 маусымында Оңт.ММӨҚБ Шевченко қаласы маңындағы Өмірзақ ауылына көшірілді. Осыған байланысты, Маңғышлақ ММӨҚБ таратылады. Енді, Гурьев аудандық басқармасы, «Арнайықұрылысжөндеу» басқармасы және Автокөлік кеңсесі «Ембімұнай» кәсіпшілігінің құрамына енеді [5, 23-п.].

КСРО мұнай өнеркәсібі Министрлігінің 1975 жылғы қазанының 20-шы жұлдызындағы бұйрығы бойынша құрылысы қызу жүріп жатқан «Өзен-Құлсары-Куйбышев» мұнай құбыры құрылысының Ұжымы

да Оңтүстік басқарманың қарамағына толығымен көшеді.

1977 жылы Батыс Қазақстан ММӨҚБ құрылады. Батыс Қазақстан ММӨҚБ-ның негізгі өндірістік міндеттері:

- Ембі мұнайын Каспий-Орск мұнай құбыры арқылы Гурьев пен Орскі МӨЗ және Мартыши – 19 разъезд мұнай арнасы (1972 жылы салынған) арқылы Балықшы мұнай құбырлары басқармасына (МҚБ) жеткізу;

- Ярослав зауытына жөнелтілетін мұнайды темір жолға тиеу;

- «Ембімұнай» және тағы басқа тұтынушыларға қажетті мұнайды айдау. Бұған қоса, Батыс Қазақстан ММӨҚБ-на Батыс Қазақстан аймағының тұтынушыларын ауыз су және өндіріске пайдаланылатын су көзімен қамтамасыз ету жүктелді.

Өндірістік тапсырмаларды шешу үшін басқарма қарамағына жалпы ұзындығы 2,3 мың км трубақұбыр коммуникациялар желілері қарады, олардың ішінде мұнай құбырлары – 1536,5 км, су құбырлары – 805,1 км, 76 мұнай құятын резервуар ыдыстар, 25 МАС және 14 насосты станция жұмыс жасады.

БҚММӨҚБ-ның құрылғанына 10 жыл ішінде бірте – бірте базалардың, қоймалардың және цехтардың іріленуі, кеңейуі байқалды. Олар трубақұбыр транспортындағы күрделі жөндеудегі ең қажетті нысандарға айналды.

1980-1983 жж. БҚ ММҚБ-на қарасты мұнай құбырлары ұзындығының еселенуі жаңа учаскелердің еншісіне тиді. 1980 жылы мұнай құбырлары бөлімдерінде келесі учаскелер іске қосылды:

Қосшағыл – №3 МАС, ұзындығы 21,3 км, диаметрі 300 мм;

Кеңқияқ – Темір МАС, ұзындығы 42,5 км, диаметрі 350 мм.

Іске қосу кешендерінің үлкен жұмыстарын ескере отырып және Кеңқияқ-Орск мұнай құбырының 2-ші желісінің іске қосылуымен қатар, трубақұбыр транспортындағы шартты құжаттарды реттеу мақсатында Новоресей (Қазіргі Ақтөбе облысы, Хромтау ауданы) мұнай құбыры басқармасы (НРМБ) Батыс Қазақстан ММҚБ бір бөлігі ретінде жұмысын бастайды.

Осы мұнай құбыры басқармасы Ақтөбе облысында алғашқылардың бірі болды, 1985 жылы құрамына: №5 МАС, №6 МАС, Кеңқияқ МАС, Темір МАС, №7 МАС, Орскі қабылдау-өткізу пункті, ол Новоресей ауданының Новоресей поселкесінде шоғырланды.

Новоресей АМБ-на мұнай жеткізуші «Ақтөбе-мұнай» мұнайгаз өндірістік бірлестігі болды. Басқарманың қалыптасуы кезеңіндегі барлық қиыншылықтар, жұмыс барысын ұйымдастыру, мамандарды жұмылдыру, техникалық құралдармен жабдықтау мәселелерімен басқарма бастығы Мамонов Фердинант Абдрахимович пен бас инженер Жұмағалиев Байқадам Жұмағалиевич тікелей айналысты. Олар ұзақ еңбек тәжірибелері мол, жоғары санатты мамандар болған.

1988 жылы Оңтүстік басқарма қарамағында 27 бөлімше мен қызмет түрлері болды. Аталған бөлімшелерде маңызды рөлді мұнай құбырларын пайдалану мен тауар-көлік бөлімдері иемденді.

1989 ж. КСРО «Мемлекеттік кәсіпорындары» жөніндегі заңының өзгеруіне сәйкес, Оңтүстік

басқармада жаңадан бірнеше бөлімдер құрылады:

1. Астрахань аудандық мұнай құбырлары басқармасы (ААМБ);
2. Балықшы аудандық мұнай құбырлары басқармасы (БАМБ);
3. Құлсары аудандық мұнай құбырлары басқармасы (ҚАМБ);
4. Гурьев су даярлау мен сумен жабдықтау басқармасы;
5. Гурьев құрылыс-жөндеу басқармасы;
6. Маңғышлақ құрылыс-жөндеу басқармасы;
7. Апаттық жағдайлардың алдын алуға арналған арнайы басқарма;
8. Өндірістік қызмет көрсетудің орталық базасы;
9. Өндірістік-техникалық қызмет көрсету және қондырғылармен жабдықтау базасы [6, 150-п.].

1990 жылдың 1-ші қаңтарынан бастап Маңғышлақ АМБ, Теңіз су даярлау мен сумен жабдықтау басқармасы жойылып, орнына Астрахань АМБ мен апаттық жағдайлардың алдын-алу басқармасы дүниеге келеді [7, 121-п.].

Сол кезеңде Оңтүстік ММӨҚБ мұнаймен қатар, еділдің, оралдың, әмударияның суын қабылдау мен жеткізуді тікелей өз міндетіне алды.

Оңтүстік басқармаға мұнай жеткізуші ірі кәсіпорындар қатарында: «Маңғышлақмұнай», «Ембімұнай», «Теңізмұнай», «Қаражанбасмұнай» болды. Алынған өнім Гурьевтің, Ярославтың, Орскінің мұнай өңдейтін зауыттарына, Еділбойы және Кавказмаңы магистралды мұнай құбырларына, сонымен қатар жергілікті материалдарды өңдейтін Құлсары зауыты мен жалпы отын ресурсына зәру тұтынушыларға жеткізілді.

Ол мәселе тек құбырмен шектелген жоқ, мұнайды темір жол, теңіз және өзен жолдары арқылы да тасымалданды. Шөлді аймақтарда, елді мекеннен тым қашық аудандарда, құмды сусыз ең даланы басып өтіп, Үстірт таулы қыраты мен Бозащы түбегінің қатаң климатына қарамастан салынатын құбыр жолда құрылысшылардың еңбегі зор.

Ұзақ уақыт Қазақстан тек шикізат көзі ретіндегі бай олжа болып қала берді. Барлық мұнай құбыры басқармалары солтүстікке яғни, орталыққа қызмет атқарды, себебі өндірілген қара алтынды өңдеп, игеріп қолданысқа қажетті дайын материал етіп шығаратын зауыттар, цехтар қазақ жерінен алшақ салынды. Дегенмен, өз елімізде де бірнеше орталықтар салынды, бірақ олар толыққанды жұмыс жасамады.

Келтірілген мәліметтерді саралай келе, мұнай құбырлары басқармалары бірнеше рет өзгеріске ұшырағаны анық байқалады. Қазіргі кездегі мұнай тасымалдайтын трубақұбырлар жүйесі негізінен КСРО-ның өмір сүру кезеңінде қалыптасып, бірте-бірте дамыды.

Тәуелсіз Қазақстан үшін бірнеше мәселелерді шешу қажеттілігі тұрды, ең алдымен мұнайды бөлу мен тасымалдаудың ортақ жүйесінің құлауына байланысты жаңа реформаларды жүзеге асыруды талап етті. Экономикалық-саяси қатынаста дербес ел болды, әлемдік рынокқа қазақ мұнайын шығару бағыттарын айқындайтын ұзақ жылдық жоспарлар әзірледі, бұлар мұнай компанияларының мұнай экспортындағы ішкі, сыртқы қатынастарын дамыту арқылы Республиканың экономикалық әл ауқатын

еселеуге негізделді.

Атырау-Самара мұнай құбыры Кеңес Одағы құлағаннан кейінгі Батыс Қазақстан кен орындарының өнімдерін Ресейдің трубақұбыр жүйесімен байланыстыратын жалғыз құбыр болды және сол арқылы қазақстандық мұнайды әлемдік саудаға шығаруды қамтамасыз етті.

Жаңа жағдай елдің құбыр жүйесіне сапалық тұрғыдан тың талаптар қойды. Трубақұбыр көлігі жүйесін бір арнаға қалыптастыруда кәсіби мамандар мен ғылыми-тәжірибелік орталықтардың рөлі зор, себебі еліміздегі кен орындардың географиялық орналасуының алшақтығы, тасымалдау көлігіндегі жаңа технологиялық қондырғылардың жеткіліксіздігі мен Қазақстандық мұнайдың құрамындағы физикалық-химиялық қосындылардың күрделілігі себеп болды. Қазіргі таңда еліміздегі мұнайқұбырының жалпы ұзындығы шамамен 8 мың шақырымға жетіп отыр.

Отын-энергетикалық кешеннің бір бөлігі ретінде мұнай құбырлары транспортының мақсаты – көмірсутек шикізатын ішкі және әлемдік рынокқа жеткізумен маңызды. 1997 жылдың 1 қаңтарынан бастап Оңтүстік мұнай құбырлары басқармасы қайта құрылғаннан кейін, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылдың 2 сәуіріндегі №461 бұйрығы бойынша жүзпайыздық мемлекеттік акцияның негізінде «ҚазТрансОйл» Ұлттық мұнай тасымалдау компаниясы құрылып, бүгінгі күнге дейін елімізге қызмет етіп отыр.

Қорытындылай келе, мұнай құбырлары жүйесінің қалыптасуы Қазақстан тарихында көптеген мәселелермен байланысты. Ол алдымен кеңестік және мемлекетіміздің труба құбыр көлігінің дамуында ұстанған саясаты мен мұнай өнімдерін тұтынатын өндірістік орталықтарымен байланысты. Өз кезегінде, мұнай құбыры көлігі еліміздің отын-энергетикалық кешенінің басты бағыты және Қазақстан экономикасының дамуы мен тұрақтылығын сақтауда маңызды рөл атқарады.

РЕЗЮМЕ

В данной статье рассматриваются история становления и развития нефтепроводного управления в Западном Казахстане и их особенности.

Ключевые слова: нефть, нефтепровод, экспорт, экономика, политика, компания, промышленность, инвестиция, проект, энергоресурс, сырье.

This article discusses the history of the formation and development of the oil pipeline management in Western Kazakhstan and their features.

Keywords: Oil, pipeline, export, economy, transportation, political, history, industry, constructed, arterial.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Ақтөбе облыстық мемлекеттік мұрағаты (АОММ). 1622-қ., 2-т., 5-іс, 12-16-п.
2. АОММ. 13-қ., 5-т., 224-іс, 33-п.
3. Ресей мемлекеттік экономикалық мұрағаты (РМЭМ). 70-қ., 1-т., 2381-іс, 12-п.
4. РМЭМ, 70-қ., 1-т., 317-іс, 2-п.
5. Маңғыстау облыстық мемлекеттік мұрағаты (МОММ), 186-қ., 1-т., 144-іс, 23-п.
6. МОММ, 186-қ., 1-т., 974-іс, 150-п.
7. МОММ, 186-қ., 1-т., 953-іс, 121-п.

АТЫРАУ ОБЛЫСЫНЫҢ ЕҢБЕКШІЛЕРІ – соғыстың отты жылдарында

Болат НЫҒМЕТОВ,
тарих ғылымдарының кандидаты, С.Өтебаев
атындағы Атырау мұнай газ университеті

1941 жылдың 10 маусымында «Правда» газеті: *«Енді бізде бейбіт кәсіпорындар болуы мүмкін емес, әрбір зауыт, әрбір фабрика соғыс қажетін қанағаттандыру үшін жұмыс жасауы керек»*, – деп жазды. Ең қысқа мерзімде Атырау облысының кәсіпорындары соғыс жағдайына бейімделіп, тез қайта құрыла бастады. Ұлы отан соғысының бүкіл барысында майдан мен тылдың бірлігі айқын көрінді. 1941-1943 жылдар аралығында Кеңес Одағының қорғаныс қорына облыс еңбекшілері өздерінің бір күндік еңбек ақыларын өткізді. Гурьев банкі қызметкерлері – 2850 сом, Гурьев халыққа білім беру бөлімі мұғалімдерімен бірге 15794 сом, Гурьев қалалық сауда бөлімі 45377 сом, Гурьев аудандық партия комитеті 1562 сом ақшаларын жұмсады [1, 108-п.].

Мемлекеттік Қорғаныс қорына Гурьев облысының балықшылары да өздерінің сүбелі үлесін қосты. Жайық-Каспий мемлекеттік балық тресінің ұжымы 1941-1942 жылдары, 1943 жылдың бірінші тоқсанында бір күндік еңбек ақыларын қорғаныс қорына 18470 сом ақшамен және 64300 сом мемлекеттік әскери заем облигациясымен берген [2, 25-п.].

1941-1943 жылдары Баутино балық комбинатының жұмысшылары мен қызметкерлері Отанымыздың қорғаныс қорына мемлекеттік заем облигациясымен 3620 сом және бір күндік еңбек ақы 23332 сом ақша аударды [1, 55-п.]. Гурьев моторлы балық аулау станция жұмысшылары мен қызметкерлері қорғаныс қорына бір күндік еңбек ақыларын 15346 сом, мемлекеттік аулау базасы – 35367 сом, Гурьев Балық Одағының ұжымы – 2067 сом және Гурьев балық-құты комбинаты 41338 сом ақша аударды [1, 108-п.].

Гурьев қаласындағы Микоян атындағы ұжымшардың комсомолдары 10 000 сомға, алдыңғы қатарлы комсомол мүшелері Дүйсембай Адасов, Бошан Досалиев, Мұқан Досымбаев тағы басқалары әрқайсысы 2300 сомның заемына жазылды. №11 жүзбелі балық зауытының ұжымы түгелімен екі айлық еңбек ақыларына жазылып, оны 5 айда өтеп болуға міндеттенді. Бүкіл ұжым 150 000 сомның заемына жазылды. В.Поляков, С.Баженов, М.Габдулиев жолдастар әр қайсысы 5 мың сомға жазылып, басқаларға үлгі көрсетті. Гурьев балықшы ұжымшар одағының ұжымы отан қорғау күшін нығайтуға өз қаржыларымен көмектесу мақсатында екі айлық еңбек ақыларына жазылды. Айлық еңбек ақы қоры 11275 сом болса, заемға жазылған сомма 230645 сомға жетті, яғни 210 пайыз. Бұның ішінде 2720 сом қолма-қол төленді. Үй шаруасындағы әйелдер 850 сомды қолма-қол төледі [3, 1-б.].

1941 жылдың күзінде Қызыл Армия үшін жылы киімдер, іш киім жинау қозғалысы өріс алды. Балық-құты зауытының ұжымы халқымыздың бостандығы мен тәуелсіздігі үшін шайқасып жатқан жеңімпаз Қызыл Армия үшін жылы киімдерді көптеп жинап тапсырды. Соғыс басталғаннан бергі аз күннің ішінде зауыт ұжымы 24 байпақ, 7 қысқа тон, 10 мақталы шалбар, 12 мақталы күртеше, 10 жамылғы, 13 бөрік және т.б. жылы киімдер жинап тапсырды. Майдандағы жауынгерлерге жылы киімдер жинап тапсыруда, ұжымда ең алғашқы болып құты зауытының директоры Б.П.Титов, 1 жұп байпақ, 1 қысқа тон, тағы басқа да 6 түрлі жылы киімдерді берді. Қаңылтыр банкі жасау цехының бастығы Д.Көшмуханов 1 жұп байпақ, 1 бөрік, 2 жұп жылы шұлық; жұмысшы С.Калугина 1 жұп байпақ, 1 жамылғы, т.б. [4.] түрлі жылы киімдерін тапсырып, басқаларға үлгі көрсетті. Зауыт ұжымы Қызыл Армия үшін жылы киімдер жинап тапсыруға белсене қатысып отырды. 1942 жылы зауыт жұмысшылары 8 бөрік, 5 тері қолғап, 6 шолақ тон, 4 жұп байпақ, 13 жұп жүн шұлық жинап тапсырды [5.]. Балық-құты зауытының жұмысшыларының бұл көмегінен Қызыл Армия жауынгерлеріне деген қамқорлығы, олардың патриотизмі көрінген.

Гурьев облысының барлық тұрғындары Отанымыздың қорғаныс қорына қомақты үлес қосты. Қажетті ауыл шаруашылық өнімдерімен қатар, қосымша қорғаныс қорына жүн, балық, сүт, ет, май және тағы басқа өнімдерді тапсырды. Мәселен, Маңғыстау ауданының малшылары қорғаныс қорына 190 қой және Қызыл Армияға 540 ең жақсы жылқысын берді [6.].

Новобогат ауданының ұжымшаршылары қорғаныс қорына 600 шолақ пальто, 600 жұп етік, бөтенкі, 600 жылы шалбар, 600 гимнастерка, 600 бөрік, 1200 қолғап, 1200 жылы көйлек, 1200 кальсон, 1200 шұлау, 1200 орамал, 600 зат салатын қаптар, 1200 қол орамал, 600 кружка, 600 қасық, 600 белбеу, 100 ер-тоқым, 548 жылқы және 9 автомашина тапсырды [7, 122-п.]. Қызыл Армияға жылы заттарды жиыстыру барлық ұжымдарда қала маңындағы «Ракуша» ұжымшарында, Баутино балық зауытының ұжымдарында ұйымдастырылды. Тек, Баутино балық зауытының ұжымы 1941-1942 жылдарда Қызыл Армия жауынгерлері үшін 40 тон, 93 жұп байпақ, 20 былғары қолғап, 36 күртеше, 20 мақталы шалбар, 20 кальсон, 36 орамал, 45 төсек тыс, 64 жылы көйлек, 40 бөрік, 26 көпшік тысы, 75 қой, ешкі терілері, 221 жұп шұлық, 15 кг жүн, 9 тюлень терісін өткізді [8, 55-п.]. Жайық-Каспий мемлекеттік балық тресі 1941-1943 жылдың 1 тоқсанында Қызыл Армияға жылы

киімдер алу үшін 11 134 сом ақша жинады [9,25-п.]. Қызыл Армия жауынгерлеріне жылы киім-кешек, азық-түлікпен қатар сыйлықтар жіберілді. Жайық-Каспий мемлекеттік балық тресі пошта арқылы салмағы 35 тонна 495 кг жететін, жалпы құны 211 700 сомға есептелген әртүрлі сыйлықтар, оның ішінде 10 000 құты балық, 10,8 тонна кептірілген балық, 10 тонна тұздалған балық, 11 тонна май шабақтар, 120 кг уылдырық және 75 кг балық жөнелтті [10,1-п.]. Сонымен қатар, 1941-1943 жылдың бірінші тоқсанында Қызыл Армия жауынгерлері үшін әртүрлі сыйлықтар алу үшін 9 293 сом ақша жиналды [11,25-п.]. Жайық-Каспий балықшылары Сталинград шайқасы күндерінде халық шаруашылығының басқа салаларының еңбеккерлерінен қалыспай, көптеген балық өнеркәсібінің мекемелерімен салыстырғанда алдыңғы қатарда болды. Мәселен, «Ново-Лицевой» балық зауытының ұжымы 1942 жылдың қараша айының жоспарын 868 пайызға, жылдық жоспарды 189,8 пайызға орындауға қол жеткізген. Сол сияқты қажырлы еңбек нәтижесінде Шортанбай балық зауыты, Гурьев моторлы-балық станциясы, Каспий аң аулау және Жайық-Каспий тресі, №5, №7 жүзбелі зауыттар жоспарлы тапсырмасын 1942 жылдың 1 желтоқсанына орындады [12, 97-б.].

Соғыс жылдарында Гурьев және Шевченко балық одақтары жақсы қызмет атқарды. Сапалы және ірі балық аулау үшін күресте Гурьев балық одағына қарасты Микоян атындағы ұжымшар жеңімпаз атанды. Артель мүшелері жоспардан тыс 10 мың центнер балықты майданға және елге тапсырды. Отанымыз ұжымшаршылардың еңбегін жоғары бағалап, Мемлекеттік Қорғаныс комитетінің Ауыспалы Қызыл туымен марапаттады.

В.И.Ленин атындағы Гурьев құты комбинатының қызметкерлері Сталинград шайқасы күндерінде «Балықшы» танк колоннасын жасақтауға 182662 сом ақша жинады [13,28-п.].

А.И.Микоян атындағы ұжымшар балықшылары Мемлекеттік Қорғаныс Комитетінің ауыспалы Қызыл туын алды. Осыған арналған салтанатты жиналыста ұжымшар басқармасының төрағасы Х.Өтегенов ұжымшардың стахановшы балықшыларын мақтан тұтқан. Жиналыста жылдық жоспарды 535 пайызға орындаған өзенде балық аулаушылардың бригадирі Ф.Точилин, жылдық жоспарды 704 пайызға орындаған звеношы Е.Досубаев, жылдық жоспарды 534 пайызға орындаған орденді звеношы С.Дариев, т.б. балықшылар атап өтілді. 1943 жылы Қызыл Армияның ерекше қорына 3 мың пұт балық тапсырылғаны баяндалып, жиналыста балықшылар *«мұз асты балық аулауды дұрыс ұйымдастырып, 1944 жылдың 1 тоқсанын 250 пайызға орындауға және көктемгі балық аулауға тыңғылықты дайындалады»*, – деп сендірді [14,66-п.].

Алғабас ұжымшарының бастауыш партия ұйымының хатшысы Алпатанов Сағын Кремльге хат жазды. Онда «Қазақстан ұжымшаршысы» танк колоннасының жасақталуына «Алғабас» ұжымшары 240 000 сом, ал өзінің жеке жинағынан 60 000 сом ақша бергенін ұжымшаршылар балық өндірудің жылдық жоспарын 140 пайызға орындағанын баяндады [15,1-п.].

Сол сияқты Гурьев облысы Новобогат ауданы «Қызыл балық» ұжымшарының төрағасы Қ.Құрмашев өз жинағынан танк колоннасының жинақталуына 150 мың сом ақша беріп, ұжымшар балықшылары жыл-

дық жоспарды балық өндіруден 121 пайызға, ал мал шаруашылығын дамытудың мемлекеттік жоспарын, барлық мемлекеттік тапсырмаларды орындаған туралы хат жазды [15,5-п.].

Кремльге хат жолдаған Новобогат ауданының партия ұйымының хатшысы С.Құстанбаев «Қазақстан колхозшысы» танк колоннасының құрылысына миллионнан астам ақшаны ұжымшаршылар өздерінің жеке қорларынан жинап бергенін, ал «Қызыл-балық» ұжымшарының төрағасы Құрмашев Қуанәлі 150 мың сом, бұл бастаманы ұжымшаршылар қолдап Б.Шинтуганов Абу 22 мың сом, А.Туменов 6 мың, С.Нугманов 3 мың сом берді [16,4-п.].

Есбол ауданы ұжымшаршылары 1 млн. 505 мың сом ақша, «Передовик» ұжымшарының төрағасы Б.Шомиров 15 мың сом, «Передовик» ұжымшарының қызметкері Т.Сүлейменов – 7 мың сом берді [16,3п.].

Гурьев балық ұжымшар одағына қарасты «Жаңашаруа», «Жаңа тұрмыс», Бақсай ауданындағы «Путь Ильича» ұжымшары Бүкілодақтық социалистік жарысқа қатысып, 142 ұжымшаршы міндетті күндік еңбек нормасын артығымен орындады [17, 80-б.].

1944 жылы социалистік жарыста ҚК(б)П облыстық комитетінің балық өнеркәсібі бөлімінің ұсынуы бойынша алдыңғы қатарлы озат өнеркәсіп орындары аталды. Олардың ішінде, Гурьев балықшылар одағының Микоян атындағы ұжымшары (төрағасы Өтегенов, партия ұйымының хатшысы Досқалиев жолдастар) балық аулаудың жылдық жоспарын – 154,5, үшінші тоқсанның жоспарын – 248,4, қыркүйектің жоспарын – 118,8 пайызға, Гурьев моторлы балық аулау станциясы (директоры А.Жүнісов, партия ұйымының хатшысы Т.Досқалиев жолдастар) балық аулаудың үшінші тоқсанның жоспарын – 121,2 пайыз орындағаны атап өтілді [18,1-б.].

«Ұлы Отан соғысының дүбірлі кезеңінде, – дейді өзінің естелігінде дербес зейнеткер, соғыс жылдарында Микоян (қазіргі Жамбыл атындағы) ұжымшар төрағасы, Социалистік Еңбек Ері Хасан Өтегенов, – елдегі еңкейген кәріден бастап жас балаға дейін олардың барлық мақсаты да, арманы да майдандағы жауынгерлерге дем беріп, олардың ұлы жеңіспен оралуына арналды. Әрбір балықшы өздерінің міндеттерін жақсы түсініп, тапсырмаларын 300-400 пайызға дейін орындап жүрді. Ұжымшар балықшылары белгіленген жоспарды жыл сайын артығымен орындады. Олар майдан үшін жыл сайын 30-40 мың центнер балық аулап, жіберіп отырды. Осындай еңбектің нәтижесінде Отан Қорғау Комитетінің ауыспалы туын жеңіп алдық».

Ұлы Отан соғысы жылдарында балықшылар «Бәрі де майдан үшін! Бәрі де жеңіс үшін» деген ұранмен нағыз ерлерше еңбек етті. Соғыс жылдарында облысымыздың балық өнеркәсібінде 63 балықшы ұжымшар, сегіз жүзбелі зауыт, Шортанбай балық зауыты, Баутино балық комбинаты, С.М.Киров атындағы мемлекеттік аулау базасы, Гурьев балық консерв комбинаты, Жайық-Каспий тресінің екі балық өңдеу зауыты және моторлы балық аулау станциялары жұмыс істеді.

Олар өздерінің жанқиярлық еңбегімен жеңісті жақындата түсуге елеулі үлестерін қосты. Балық аулау қарқынын еселеп арттырып, мемлекеттік тапсырманың асыра орындалуын қамтамасыз етті. 1941 жылдың жоспары асыра орындалып, майдан мен тылға 550,7 мың центнер жоғары сортты балық аулап тапсырған. Бұл жарыста «Каспзверрыб» тресінің

ұжымы үлкен табысқа ие болды. Олар жылдық жоспардан тыс 10 мың центнер балық аулап, ондаған балықшы ұжымшарлар жылдық жоспарды мерзімінен бұрын асыра орындап шықты.

Әрбір балықшы екі-үш адамның міндетін атқарған. Микоян атындағы ұжымшардың В.Киселев жолдас басқаратын звеносы үш бірдей жігітін майданға аттандырып, екі адам қалса да 1941 жылдың өзінде екі жылдың жоспарын орындаған. Теңіз ауданының «Красный моряк» ұжымшарындағы М.Горбачев, И.Золотарев және В.Поляков жолдастар басқаратын звено мүшелері 1941 жылдың үшінші тоқсанының тапсырмасын 400 пайызға орындап шықты.

Отан соғысының отты жылдарында балықшылар бұрын-соңды болып көрмеген ерен еңбектің үлгісін көрсетті. Микоян атындағы ұжымшардың балықшылары мемлекеттік қорғаныс комитетінің ауыспалы Қызыл туын тоғыз ай бойына қолдарында берік ұстады. Облысымызда балық өнеркәсібін өркендетуде Құмар Жұмаханов, Шайқы Әбішов, Қалқан Төрешев, Қуанәлі Құрмашев, Жаңабатыр Сарбөпиев, Федор Федорович Филиппов, Елеусін Жазықбаев, Жалмұхан Бермағамбетов, Виталий Григорьевич Водовской, Қыдырбай Ещанов, Сатыбай Намазалиев, Ысмағұл Қосыбаев, Философ Лазарович Котельников, Есқайыр Наурызбаевтар орасан күш-жігер жұмсады. Еңбек ерлерінің кейінгі ұрпаққа өнеге болар жақсы дәстүрін, тамаша істерін, бүгінгі күні өлке балықшылары жалғастырып отыр [19, 62-63-бб.].

1942 жылдың желтоқсан айында Жайық-Каспий тресінің «Ново-Лицевой» балық зауытының жұмысшылары мен қызметкерлері Қазақстанның барлық балықшыларына үндеу жариялап, «Қазақстан балықшысы» атты танк колоннасын жасақтауға қаражат жинауға шақырды. Алғашқы күні зауыт ұжымы 140 мың сом ақша жинады, яғни бес күндік еңбек ақыларын танк колоннасын жасау қорына жіберді.

Гурьев балық-құты комбинаты қолма-қол 13 400 сом ақша жинап және бес күндік еңбек ақыларын аударды, ал А.И.Микоян атындағы ұжымшардың балықшысы Ф.Точилин өз қаражатынан 15 мың сом ақша өткізді [20.]. Гурьев облысы Теңіз ауданының балықшылары «Қазақстан колхозшысы» танк колоннасына жасақтауға 2 157 000 сом берді [16, 3-п.].

1941-1943 жылдары «Қазақстан балықшысы» танк колоннасын құрылысына, Гурьев моторлы-балық станциясы – 22 054 сом, Баутино балық зауытының ұжымы – 38 895 сом, Гурьев балық-құты комбинаты – 27 777 сом, Баутино балық аулау базасы – 46 181 сом, Астрахан балық зауытының ұжымы – 9750 сом ақша аударды [8, 108-п.].

Жайық-Каспий трест басқармасында балық аулау бойынша еңбек өнімділігі артып, 1940 жылы бір балықшыға шаққанда 45 центнерден, 1945 жылы 90 центнерге жетті. Алдыңғы қатарлы жұмысшылар мен ұжымшаршылар жоғарғы көрсеткіштерге жетті. Мәселен, «Ново-лицевой» балық зауытының тартым меңгерушісі С.Қисықбасов, құты зауыты жұмысшылары Б.Құбиева, Т.Балағаева, балық кесушісі А.Жақсыбаева, т.б. күндік тапсырмаларды 180-235 пайызға артық орындады. Еңбек өнімділігінің артуы балық өнеркәсібінде стахановшылдық қозғалыстың кеңінен өрістеуіне алып келіп, уақыт өткен сайын олардың саны арта түскен, мәселен, 1941 жылы 495 адам болса, 1945 жылы олардың саны

1759 адамға жеткен. Барлық балықшы-ұжымшарлар 1941-1945 жылдардағы өз жоспарларын ойдағыдай аяқтады. Ұлы Отан соғысы жылдарында Жайық-Каспий бассейнінің балықшылары мемлекетке 3 миллионға жуық центнер ысталған, кептірілген, дегдітілген және тоңазытылған балық өнімдерін, бекіре тұқымдас балықтардың уылдырығын, құтыларын, итбалық майын басқа да балық өнімдерін берді [21, 96-98-бб.].

Қорыта келе, облыс еңбекшілері өздерінің жанқиярлық еңбегімен жауды талқандауға қомақты үлес қосты. Соғыс жылдарында қарқынды жұмыс жасау үшін инфрақұрылым жасақталып, көптеген өндіріс орындары мен түрлі ұлт өкілдері эвакуацияға ұшырап, өлкемізге көшіріліп орналастырылды. Аймақтағы кәсіпшіліктердегі көптеген жұмыстар әйелдер күшімен атқарылды. Соғыс жағдайына сай қайта құрылған еліміздің барлық кәсіпшілігіне қарасты мекемелер жемісті еңбек етті. Ұлы Отан соғысының отты жылдарында қарапайым еңбек адамдарының қажырлы еңбегінің арқасында, майданға күндіз-түні қажетті өнімдері жөнелтіліп, жеңіс сағатын жақындатуға облыс еңбекшілері өздерінің сүбелі үлесін қосты.

РЕЗЮМЕ

В данной статье описывается героический труд Атырауских трудящихся в годы Великой Отечественной войны. А также на архивных материалах излагаются конкретные трудовые подвиги советских тружеников.

Ключевые слова: «Правда», Гурьевская область, Новобогатинский район, Союз рыбаков, колхоз.

Heroic labour of the Atyrau working classes in the years of Great Patriotic war is described in this article. Also on the archived materials the certain great deeds of soviet working classes are expounded.

Key words: “The truth”, Guryev region, Novobogatinsky district, Union of Fishermen, Collective farm.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. АОММ. 727-қор, 2-тізбе, 7-іс.
2. АОММ. 727-қор, 2-тізбе, 1-іс.
3. Социалистік құрылыс. – 1941. – 9 мамыр. – № 92.
4. Социалистік құрылыс. – 1941. – 4 қараша.
5. Социалистік құрылыс. – 1942. – 17 қараша.
6. Прикаспийская коммуна. – 1942. – 8 ноябрь.
7. ҚР ПМ. 708-қор, 5-тізбе, 2370-байлам.
8. АОММ. 727-қор, 2-тізбе, 7-іс.
9. АОММ. 727-қор, 2-тізбе, 1-іс.
10. АОММ. 1-қор, 5-тізбе, 233-байлам.
11. АОММ. 727-қор, 2-тізбе, 1-байлам.
12. Доскалиев К. Сражающемуся Сталинграду. – Алма-Ата: Казахстан, 1983. – 108 с.
13. АОММ. 727-қор, 2-тізбе, 2-іс.
14. АОММ. 23-қор, 1-тізбе, 68-іс.
15. АОММ. 369-қор, 1-тізбе, 2-іс.
16. АОММ. 369-қор, 1-тізбе, 7-іс.
17. Отты жылдар (құжаттар жинағы). – Алматы, 2004. – 194 б.
18. Социалистік құрылыс. – 1944. – 17 қыркүйек. – №187.
19. Нығметов Б. Жайық-Каспий өңіріндегі балық өнеркәсібі (1941-1991 жж.) Атырау: «Атырау-Ақпарат» ЖШС, 2018 ж. 224 бет.
20. Прикаспийская коммуна. – 1943. – 3 января.
21. Уженов В.С. Каспий-край рыбацкой славы. – Алма-Ата, 1987. – 183 с.

ҚОСТАНАЙЛЫҚТАРДЫҢ ТЫЛДАҒЫ ЕРЕН ЕҢБЕГІ

Ақмарал ЕРАЛИНА,
А.Байтұрсынов атындағы ҚМУ-дың
Қазақстан тарихы және философия
кафедрасының аға оқытушысы

Германияның КСРО-ның батыстағы өлкелерін уақытша басып алуына байланысты Қазақстан мен Батыс Сібірдің елдің халық шаруашылығына қосатын үлесі артты, бұл, әсіресе, өнеркәсіп ошақтарының жұмысының дамуынан айқын аңғарылды. Соғыс жағдайына байланысты Қазақстан Кеңестер Одағының басты қару шығаратын өлкелерінің біріне айналды. Бұл үшін ең алдымен республиканың экономикасын әскери өнім шығаруға жарайтын етіп қайтадан құру қажет болды, яғни, барлық өнеркәсіп ошақтары қорғаныс саласының сұраныстарын өтеуге арналған әскери өнімдерді шығаруға кірісті. Академик М.Қ.Қозыбаевтың жазуынша, бұл кәсіпорындардағы жұмыс күшін, материалдық-техникалық, қаржылық және еңбек ресурстарын қайта бөліп, өнеркәсіп қатынастарының жаңа жүйесін қалыптастырып, өндірістік қатынастарды жаңа талаптарға сәйкес қайтадан қалыптастыруды талап етті [1, 177-б.].

Тылдағы еңбекті ұйымдастыра білудің әрқашан соғыс қимылдарын талапқа сай жүргізе білу үшін маңызды зор екені белгілі. «Тыл әрқашан да, барлық соғыстарда да соғыс қимылдарының жүргізілуіне басты әсерін тигізді. Соғыс қимылдарының қалай жүргізілуі соғыстың жүру ерекшелігіне байланысты болды. Бұған соғыстың бұқара халықтың алға қойған мақсатына тигізген әсері қандай болғандығы мен осы соғыс қимылдары азат ету немесе басып алу мақсатымен жүргізілгендігі де басты әсерін тигізді» [2, 7-б.].

Соғыста жеңіске жету үшін әскери ғылымның, стратегиялық және оперативті жоспарлардың жақсы жасалуы жеткіліксіз. Бұл үшін елдің экономикалық және моралдық мүмкіндіктерін осы жоспарды жүзеге асыруға ұтымды қолдана білу керек. Қарсыластардан тылдың беріктігі, әскер мен тұрғын халықтың моралдық рухының басымдығы, армияның қару-жарағының жеткілікті әрі күшті болуы, әскери қолбасшылардың ұйымдастырушылық қабілетінің жоғары болуы, бір арнаға тоғысуы тұрақты болған жағдайда басым түсуге болады. Демек, бұл жағдай елде өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығының өркендеуі мен үлкен материалдық және адам ресурсының болуы және алдыңғы қатарлы қоғамдық және мемлекеттік құрылымның қалыптасуы, ғылым мен идеологияның дамуын қажет ететін еді.

Кеңестер Одағы халықтарының фашистік Германия мен оның одақтастарына қарсы жүргізген Ұлы Отан соғысының жылдарында тылдағы еңбекті ұйымдастыруға ерекше міндет жүктелді. Кеңес Одағы халықтарының басқыншы жауға қарсы күресінің тиімділігін арттыра түсу мақсатымен 1941 жылдың 30 маусымында Мемлекеттік Қорғаныс Комитеті құрылды. Бұл ұйымға мемлекеттегі барлық билік органдары шоғырландырылды. Мемлекеттік Қорғаныс Комитеті барлық партия, совет, комсомол ұйымдары мен әскери органды біріктіріп, оларды жауды жеңуге бағытталған елдің ішкі ресурстарын мобилизациялауға шоғырландырумен айналысты.

Халық шаруашылығын әскери жағдайға бейімдеу мен әскери экономиканы қалыптастыру аса

күрделі мәселенің бірі еді. Бұл жұмыстар арнайы жасалған жоспарға сәйкес атқарылды. Кеңес үкіметі осы жағдайды ескере отырып 1941 жылдың 30 маусымында 1941 жылдың 3-тоқсанына арналған «Халық шаруашылығын мобилизациялаудың жоспарын» қабылдады. Оның негізі соғыс басталмай тұрып жасалған болатын. Алайда, елдің батыс өлкелерін жаудың тез арада басып алуына байланысты партия мен үкімет басшылары «1941 жылдың төртінші тоқсаны мен 1942 жылдары Волга бойы (Поволжье) ауданы, Орал, Батыс Сібір мен Орта Азия және Қазақстанға арналған әскери-шаруашылық жоспары» атты бағдарламаны қабылдады. Бұл бағдарлама 1941 жылдың 16 тамызында қабылданып, осы өлкелердегі өнеркәсіп ошақтарының жұмысын әскери жағдайға бейімдеуге арналды. Осы жоспарды жүзеге асыру арқылы бұл өлкелерде әскери өнеркәсіпті өркендетіп, жаудың әскери техникалық басымдылығын жою көзделді.

Экономиканы әскери жағдайға бейімдеу үшін халық шаруашылығын партиялық басқаруға баса назар аударылды. Қазақстандағы халық шаруашылығын жаңа талаптарға сәйкестендіріп қайта құруда Қазақстан Компартиясының Орталық Комитеті маңызды міндет атқарды. Соғыс кезінде Қазақстанның халық шаруашылығына жүктелетін міндет бұрынғыдан да арта түсті. Республика тұрғындарының алдында жауапты да күрделі міндет тұрды. Ол Қазақстанның бай табиғи ресурстарын басқыншы жауды талқандау үшін жүріп жатқан соғыстың қажетін өтеуге жұмылдыра білу болатын.

1941 жылдың маусым айының аяқ кезінде Қазақстан Компартиясының Орталық Комитетінің V пленумы өтті. Бұл жиналыстың шешімінде: «Қазақстан Компартиясының Орталық Комитетінің пленумы осы қатерлі әрі қауіпті кезеңде барлық совет халқы социалистік ұлы Отанымызды фашистік басқыншылардан қорғауға бір кісідей бірігіп аттанады. Қазақстанның партия ұйымдары майданда жеңіске жету үшін тылдағы еңбектің атқаратын міндеті зор екенін ескере отырып, БК(б)П Орталық Комитетімен оның басшысы Сталин жолдастың қасына тығыз топтасады. Өнеркәсіптік және саяси белсенділікті бұрынғыдан да жоғары көтере түсіп, өнеркәсіп салаларының барлығы бойынша белгіленген жоспарларды мерзімінен бұрын орындайды... осы арқылы Қызыл Армияның, Әскери-Теңіз флотының және Авиацияның жауды талқандауына қолайлы жағдай туғызады», – деп атап көрсетті [3].

Қазақстанның барлық партия ұйымдарына жұмыстың барлық салаларын әскери жағдайға бейімдеп қайта құру үшін қандай шараларды жүзеге асыру керек екендігі нақтылап белгіленді. Бұл істі атқару үшін жұмысшылар қауымының отансүйгіштік сезімдерін күшейту, коммунистердің жетекшілік міндетін арттыру, өнеркәсіп ошақтарындағы еңбек тәртібін қатайту, әйелдерді шаруашылықтың барлық салаларында жұмыс істеуге кеңінен тарту көзделді.

Бұл үндеу Қостанай облысының тұрғындары та-
рапынан да жан-жақты қолдауға ие болды. Бар-
лық еңбек ұжымдарында осы мәселені талқылап,
қолдауға арналған жиналыстар өткізілді. Осындай
көпшілік қызу ат салысқан митингілер ет комби-
натында, «Первое Мая» өндірістік артелінде, «Дже-
тыгаразолото» комбинатында тағы басқа еңбек
ұжымдарында да өткізілді. Қостанайлықтар: «*Әр
адам өзінің жұмыс істейтін орнында күшін аямай,
уақытпен санаспай еңбек етіп, жауды жеңуге
үлестерін қосады. Егер қажеттілік туатын бол-
са, сүйікті Отанымызды қорғаушылардың сапына
тұруға да әрқашан әзірміз*» деген ортақ ұйғарым
жасады» [4, 131-б.] және олар осы тоқтамдарын іс
жүзінде дәлелдеп те шықты.

1941 жылғы 27 шілдеде Қостанай облыстық партия
комитетінің бюросы өтті. Онда «облыстағы қорғаныс-
көпшілік жұмыстарына арналған шараларды күшейте
түсу» мәселесі қаралды. Осы мәселені қарау арқы-
лы облыс аумағындағы кәсіпорындардың өндірістік
қуатын арттыра түсу мен қорғанысқа арналған әскери
өнімдердің көлемін көбейту, сапасын жақсарту және
тұрғындардың моральдық рухын көтеру мақсаты-
мен қорғаныс-көпшілік жұмыстарының жүргізілуін
бұрынғыдан да жақсарту түсу белгіленді [4, 135-б.].

Облыстық, қалалық, аудандық партия комитеттері
тылдағы жұмыстарды ұйымдастыру орталығына
айналды. Облыста халық шаруашылығын әскери
жағдайға бейімдеу қарқынды түрде жүргізілді. Соғыс
басталардан бұрын «Правда» газетінде жариялан-
ған мақалада өнеркәсіпті әскери жағдайға бейімдеу
үшін үлкен күш жұмсау қажет екендігі жазылған
болатын. «*Өнеркәсіп – майданның техникалық және
материальдық базасы. Бізде ешқандай «бейбіт
кәсіпорындар» болуы мүмкін емес. Әрбір завод пен
әрбір фабрика әскери мұқтаждықты өтеу үшін қыз-
мет етуге дайын болуға тиіс*», – деп жазылған еді
«Правда» газетінде жарияланған осы мақалада [5].

**Жұмысшылардың ерен еңбегінің арқасында
өнеркәсіп ошақтарында 1941 жылдың үшінші
тоқсанында шығарылған өнім осы жылдың екінші
тоқсанында шығарылған өніммен салыстырғанда
25, 8 % -ке артық болды.** [6, 81-б.]. Еліміз бойынша
«*өнеркәсіпті әскери жағдайға бейімдеп қайта құру
1941 жылдың аяқ кезінде толықтай аяқталды. Ал
экономиканың барлық салаларын әскери жағдайға
бейімдеп қайта құру жылға жуық уақытта толықтай
қортындыланды*». Бұл ұйымдастыру жұмыстарының
күші мен басымдылығы бұрын уақытша жау басып
алған өлкелерден, немесе, майдан шебіне жақын
қалаларда орналасқан кәсіпорындарды тылдағы
өлкелерге көшіру кезінде айқын аңғарылды. Бұл
жұмыстардың ауқымы мен жылдамдығы айрықша
жоғары болды. 1941 жылдың шілде-қараша айла-
рының аралығында Шығысқа 1523 өнеркәсіп кәсіп-
орындары көшірілді [7, 125-б.].

Қазақстанға осы уақытша жау басып алған
өлкелерден көшірілген кәсіпорындардың басым бөлігі
орналастырылды. Соғыстың басталған кезінен бастап
1942 жылдың 6 қазанына дейінгі кезеңде Қазақстанға
142 кәсіпорын көшіп келді. Қазақстандықтар оларды
тез арада қабылдап алып, орналастырып, қайтадан
қалпына келтіріп, көшірілген кәсіпорындардың тез
арада өнім шығара бастауына қажетті шаралардың
барлығын да жасады. Көшіп келген үлкен кәсіп-
орындардың өзі келгеніне 6-7 ай өтісімен-ақ, жаңа
жерде өнімін шығара бастады. 1942 жылдың бас
кезінен бастап-ақ бұл көшіп келген кәсіпорындардың
басым бөлігі өздеріне белгіленген жұмыс жоспарын

орындады, тіпті оны асыра орындағандары да болды.

**Осы кезде Қостанай облысына да уақытша
жау басып алған өлкелерден бірнеше кәсіпорын
көшіп келді.** Олардың қатарында: Симферополь қла-
сынан көшірілген тері-аяқ киім комбинаты, Москва
облысының Клин қаласынан көшірілген жасанды жә-
не штапельді талшықтар заводы, Херсон қаласынан
көшірілген «Большевичка» тігін фабрикалары болды.

Облыс тұрғындары осы көшіп келген кәсіп-
орындарды қабылдап алып, олардың жаңа орында
жұмыс істеуі үшін қажетті ғимараттарға орналас-
тырып, құрал-жабдықтарын жөндеп, қалпына кел-
тіріп, осы кәсіпорындардың тез арада өнім шығара
бастауына қолайлы жағдайдың барлығын да жасауға
тырысты. Уақытша жау басып алған өлкелерден
көшірілген кәсіпорындарды тез арада қайтадан іске
қосуға арналған үкімет бағдарламасын басшылыққа
ала отырып, құрал-жабдықтарды орнатудың жә-
не жекелеген цехтарды іске қосудың арнайы кес-
тесі жасалды. Оларды жұмыс күшімен және электр
энергиясымен, шикізатпен жабдықтауда орын ал-
ған өзекті мәселелер тез арада шешімін тапты. Ең-
бекшілердің Қостанай облыстық кеңесінің депу-
таттарының жиналыстарында осы көшіп келген кә-
сіпорындарды іске қосудың кестесі талқыланып, бе-
кітілді [8, 375-п.].

1941 жылдың аяқ кезінде Қостанайға Симферо-
поль қаласынан көшірілген Ф.Э.Дзержинский атын-
дағы тері-аяқ киім комбинатының құрал-жабдықтар-
ының бір бөлігі жеткізілді. Комбинат ұжымы кәсіп-
орынды қайтадан іске қосуға бірден кірісіп кетті. Ал
Херсон қаласынан көшірілген «Большевичка» тігін
фабрикасы жаңа орнында 1941 жылдың соңынан бас-
тап толығымен жұмыс істей бастады [9, 330-331-п.].

**Осылайша, «Большевичка» фабрикасы 1941
жылдың күзінде барлық қажетті құралдарымен
Қостанайда өз жұмысын қайтадан бастады.** Ал-
ғашқыда кәсіпорынды көшірудің мерзімі тым қысқа
болып белгіленген болатын. Өнеркәсіп ошағын толық
көшіруге көптеген вагондар қажет болды. Фабрика
басшыларының айтуынша, кәсіпорынды төртке бө-
ліп көшіру көзделген екен. Қостанайға кәсіпорынның
154 жұмысшы мен қызметкері де бірге көшіп кел-
ді. Жергілікті басшыларға фабриканы орналастыру
мен жұмысшылар мен қызметкерлерді баспанамен
қамтамасыз ету және оларға қажетті жағдай жасау мін-
деті жүктелді. Кәсіпорын көшіп келерден бұрын оған
қажетті мәселелер қарастырылған 2 қабатты ғимарат
әзірленді. Фабрика директорының мәлімдеуінше, бұл
ғимарат кәсіпорынның жұмыс істеуіне қолайлы деп
танылған [10, 5-п.].

Фабриканың алып келген материалдары мен жаб-
дықтарының ішінде әртүрлі маркалы 223 тігін ма-
шинасы, оның ішінде: 31-сыныпты «Унион», «Зин-
гер», «Госшвеймашина» фабрикаларынан 175 тігін
машинасы, әртүрлі 16 сыныпты фабрикадан 10 маши-
на, 15-сыныпты 18 машина, түйме және ілгіш тігетін
19 арнайы машина, бір бүрмелеу машинасы, 119
шойын станинасы, 32 электромотор, 33 ажыратқыш,
ара бауы, кесетін машина және т. б. келді. Фабрика
өзімен бірге қосалқы қордан: түймеден – 76 мың
дана, машина инесі – 1900 дана, қол ине – 6400 дана
және әртүрлі жіп орауыштан – 32 мың дана әкелін-
ген еді. Барлық шикізаттан 10 мың метрлі жұмсақ
түкті матамен бөз сәтенді Қостанайға жеткізді [11, 27-
28-пп.].

**1941 жылғы төртінші тоқсанның жоспары бо-
йынша фабрика майдан және тыл үшін 30 300
дана жылы киім, 31 100 дана кең шалбар, 11 760**

дана ішкі киім жинақтамасы дайындалды. Фабрика қарапайым әдіспен киім-кешектер тігіп, соғыс жылдары үнемі әскери бөлімдерге жеткізіліп тұрды.

1942 жылы фабрика 1219, 3 мың сомға (1926-1927 жж. орта есеппен салыстырғандағы саны), ал 1944 жылы 1888, 4 мың сомға өнім шығарды. Соғыс жылдарында «Большевичка» фабрикасы 25 дивизияға киім-кешек тігіп, жөнелтті. 88 мың дана шинель, мақталы кеудеше, мундир және басқа да қажетті өнімдерді майдан үшін шығарды.

Қалған мата қалдықтардан көпшілік тұтынатын жергілікті тұрғындардың мұқтажына қажетті негізгі – балалар тауары, әйелдердің көйлегі және белдемшесі, ерлер костюмі, арнаулы киімдер мен ішкіімдер шығарды. Барлық сұрыпталған бұйымдарды әскери және азаматтық белгіленгендерді соғыс жылдарында игерілді [12, 10-п.].

Егер де 1942 жылдың 1 қаңтарында фабрикада барлығы 231 адам еңбек еткен болса, бір жылдан соң олардың саны 544 адамға жетті. Бұл соғыс жылдарында осы кәсіпорында ең көп жұмысшының болған кезеңі еді.

Уақытша жау басып алған өлкелерден көшіп келген кәсіпорындар Қостанай облысының халық шаруашылығына бірден кірігіп, оның экономикалық дамуын жаңа сапалы әрі өнімділігі жоғары сатыға

көтеруге өз үлестерін қоса бастады.

Өнеркәсіп ошақтарын Шығысқа көшіру мен оны тез арада қолданымға енгізу Кеңестер Одағының соғыста жеңіске жетуінде ерекше маңызды міндет атқарды. Халықтың тылдағы ерен еңбегінің арқасында Ұлы Отан соғысының майдан даласында түбегейлі өзгерістер туғызған материалдық негіз қаланды.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Костанайская область: прошлое и настоящее. – Ч. 2. / Под ред. И. К. Тернового-Костанай, 2007. – 508 б.
2. ҚОМА Қ. 72, Т. 10, Д. 28, П. 19; Шошенко А. В. Борьба партии большевиков за укрепление тыла в годы Великой Отечественной войны. Алма-Ата, 1951
3. ҚОМА Қ. 72, Т. 10, Д. 28, П. 20. ; Сталинский путь, 24 июня 1941 г.
4. Кустанай: вчера, сегодня, завтра. Алма-Ата, 1979
5. Правда, 10 июля 1941 г.
6. История Казахской ССР. - Алма-Ата, 1959.
7. История Великой Отечественной войны Советского Союза, т. 2 П. 148
8. ҚОМА Қ. 268, Т. 1, Іс. 345,
9. ҚОМА Қ. 268, Т. 1, Іс. 346.
10. ҚОМА Қ. 520, Т. 1, Іс. 2.
11. ҚОМА Қ. 72, Т. 6, Іс. 34
12. ҚОМА Қ. 520, Т. 1, Іс. 4.

ХАЛЫҚ АҒАРТУ ТАРИХЫНАН

БӨКЕЙ ОРДАСЫ МЕН ТОРҒАЙ ОБЛЫСЫНДАҒЫ МЕКТЕПТЕРДІҢ АШЫЛУЫ (XIX ғ. екінші жартысы мен XX ғ. басы)

Мәдина ҚАДЫРБАЕВА,
Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық
университетінің PhD докторанты

XIX ғасырдың екінші жартысы XX ғасырдың басындағы Ресей империясындағы халық ағарту жүйесіндегі реформалар қазақ өлкесіне енген ресейлік білім беру ісіне айтарлықтай өзгерістер алып келді.

XIX ғасырдың екінші жартысында облыс, уездік қалаларда приходтық мектеп, қалалық училище, орыс-қазақ мектептері, селолық бір сыныптық орыс-түземдік училище, приходтық училище, гимназиялар ашылды. 1864 жылы Ы.Алтынсаринның бастамасымен Торғай қаласында, кейін Ырғыз, Николаев, Електе орыс-қазақ училищелері, қыздар училищесі, қолөнер училищесі, болыстық училищелер ашылған еді. Уезд орталықтарында оқу орындары ашылғаннан кейін, енді Ресей империясы қазақ өлкесіне ішкерілей еніп, болыстарға, ауылдарға арналған мектеп аша бастады. Мұндай мектептерді ашу тәжірибесі алғаш Бөкей ордасы, Торғай облыстарында басталып, кейін Ақмола, Семей, Орал, Жетісу, Сырдария облыстарында жалғасын тапты. Әрбір облыс аймағында болыстық, ауылдық мектептердің ашылу ісінде өзіндік ерекшеліктері болды. Мысалы, Семей, Ақмола облысындағы кейбір ауылдық мектептер болыстық мектептер болып қайта құрылды. 1881-1901 жылдары Орал облысында – 6,

1887-1891 жж. Торғай облысында – 7 болыстық мектеп ашылды. Болыстық мектептің түлектері өз білімдерін 2 сыныптық орыс-қазақ училищелерінде (6 жылдық – К.М.) жалғастыра алатын. Қазақ жерінде ашылған орыс-қазақ, орыс-түземдік бастауыш сыныптық оқу орындарымен салыстырғанда болыстық, ауылдық мектептердің саны аз болды. Оған негізгі себеп, педагог мамандардың жетіспеушілігі, бөлінген қаражаттың аздығы мен мектеп бағдарламасының жүйелі болмауы болатын.

1841 жылы Бөкей Ордасындағы Жәңгір хан ашқан мектептен кейін аймақта бөлімшелік бір сыныптық мектептер желісі ашылды. 1866 жылдың 17 қазанында Бөкей ордасында Мемлекеттік Кеңес қазақ балалары үшін жергілікті басқармалар қарамағына тиесілі 7 бастауыш мектебін ашуға рұқсат берді. Бұйрыққа сәйкес Қамыс-Самар (1868), Нарын (1868), Талов (1868), Қалмақ (1868), Торғын (1869), Басқұншақ (1895) мектептері ашылды.

Бір мектептің ашылуына алғашқы кезеңде 1050 рубль қаражат керек болды. Мәселен, Таловқа – 1236 рубль, Нарынға – 1002 рубль, Торғынға – 1000 рубль, Қамыс-Самарға – 950 рубль, Қалмаққа – 960 рубль жұмсалды [1, 46-б.].

Қамыс-Самардағы мектеп Новая Казанка аймағында құрылды. Мектеп басшылығына Орынбор облыстық әкімшілігіне қарасты қазақ мектебін тәмамдаған Шенкин есімді қазақ мұғалімі тағайындалды. Дегенмен, мектепке, оқу бағдарламасына тиісті көңіл бөлінбеуі себебінен оқушылардың білім деңгейі жоғары болмады. Дәл осы уақытта ашылған Нарын бір сыныптық мектебі алыс орналасқандықтан, оқушылардың барып оқуына недәуір кедергі келтірді. Бұл мектепке 1877 жылдың қаңтарында қазақ тілін жетік білетін Алексей Скворцов есімді мұғалім тағайындалды. Талов бір сыныптық мектебіне мұғалім болып Бөкей ордасындағы қазақ мектебін бітірген Қарабаев тағайындалды. Мектептерге тексеру жүргізген В.В.Катаринский оны бүкіл Ордадағы өз ісіне жауапкершілікпен қарайтын таңдаулы мұғалімдердің бірі деп көрсетті. Оның түлектерінің басым көпшілігі Бөкей ордасында аудармашы, іс-қағаздарын жүргізуші болып қызмет атқарған [1, 49-б.].

Казанский «Народное образование в Астраханской губернии» деген мақаласында Бөкей Ордасында 1883-1895 жылдары ашылған бөлімшелік мектептер саны мен оқушылар санына талдау жасайды. Оның дерегіне сүйенсек, 1883 жылы 8 мектепте 168 шәкірт, 1889 жылы 8 мектепте 181 шәкірт, 1894 жылы 9 мектепте 307 шәкірт болған [2, 393-б.]. Бұл мәліметтерге қарасақ, аталған кезең аралығында білім алушылар саны айтарлықтай көбеймегенін байқауға болады. Казанскийдің санақ мәліметтерінен Бөкей Ордасындағы қазақ балаларының білім алуындағы қиындықтардың болғанын көреміз.

Басты қиындық Халық ағарту министрлігінің қаражат бөлмеуі болатын. Мысалы, «1892 жылғы инспекторлық есепте төмендегідей мәлімет беріледі: қазақтарда өздеріне тиесілі жаңа мектеп ашу қажеттілігі жыл сайын артуда. Жергілікті тұрғындар Халық ағарту министрлігінің қарамағындағы мектептерге балаларын бергісі келгенімен, мектепке керекті қаражаттың жеткіліксіздігі, интернаттарда орынның болмауы себебінен көпшілігі кері қайтарылды. 60-200 шақырым жерде тұратын ауыл балалары күнделікті мектепке келіп кете алмайды» [2, 394-б.]. Әрине, мұндай жағдайда қазақтардың арасында орыс мектебіне баратын бала санының өсуі мүмкін емес еді.

1883 жылы Бөкей Ордасында қазақ қыздарына арналған бір сыныптық мектеп ашылды. Мектеп мұғалімінің көмекшісі қыздарды сабақтан кейін екі сағаттай көлөнер жұмыстарына да үйретті. 1895 жылы Басқұншақ ауылында 50 қазақ баласына арналған тағы бір мектеп ашылды. Мектеп жанында интернат болмағандығына қарамастан, шәкірттердің үлгерімі жоғары болды. Бір жылдан соң оқушылардың басым бөлігі орыс әліпбиін түгел меңгеріп шыққан [3, 110-б.].

1893 – 1894 оқу жылының деректеріне сүйенсек, Ішкі Ордада 12 мұғалім болды, олардың 4-і орта білімді, 5-і мұғалімдер мектебін бітірсе, қалған 3-і арнайы педагогикалық білімсіз, тек төменгі сыныптарды бітірген. Соңғы 3-уі ауыл мектептерінде білім беруге рұқсат беретін арнайы құжатқа ие болды [1, 54-б.].

Казанский өз мақаласында Бөкей Ордасы мен Торғай облысындағы мектептердің өзгешеліктері туралы былай деп көрсетеді: «Әкімшілік құрылым бойынша Бөкей Ордасы 5 бөлік, 2 округтан тұрды. Олар өз кезегінде 85 старшинаға бөлінді. Орданың қандай да бір бөлігінде халықтан жиналған ақшаға мектеп ашу үшін қоғамның келісімі қажет болатын,

яғни келісімді старшындар берді» [2, 394-б.]. Торғай облысында мектеп ашу үшін тұтастай облыстан, яғни 12 старшынның келісімі қажет болса, Бөкей Ордасында тек бір ғана Қамыс-Самардың өзінен 16 старшынның келісімі қажет болатын. Бүкіл Бөкей Ордасы үшін 85 старшындықтың келісімі керек еді. Қазақтар мектеп ашқысы келген күннің өзінде бұл қиындықтарды жеңсе де, бұл уақыт және күш салуды талап етті. Сол үшін мектеп ашу мәселесі қазақтар арасында кенде қалып отырды [2, 394-б.].

Бөкей Ордасындағы бөлімшелік мектептер көшпелі қазақ ауылындағы балаларды тартуға мүмкіндік бермеді. Сондықтан да бөлімшелік мектептер ашу ісі тоқтатылып, оның орнына старшындық мектептер ашыла бастады. 1895 жылдың соңында ашылған старшындық мектептің саны 7-еу болды. Бір ескеретін жағдай, 7 мектеп те қазақтардың қаражатына ашылды [2, 394]. Бірінші ашылған мектептер Шұңғай (Қалмақ бөлігінде), Қарақой (2 старшындықта), Толыбай (Нарын бөлігінде), Сұналы (Торғын бөлігінде), Қойған құл, Есенбай (Талов бөлігінде), Абинск форпостында (Қамыс-Самар бөлігінде) болатын [3, 114-б.].

Бөкей ордасындағы старшындық мектептерге қазақтар балаларын қуана берді. Ордадағы мектептер туралы талдау жасаған инспектор 1895 жылғы есепте былай деп жазады: «Орданың әр бөлігіндегі қазақ басшылары мен қарапайым қазақтардан жаңа старшындық мектептер ашу туралы ұсыныстар көптеп түсті және жаңа 7 мектеп ашуға керекті қаражат жиналды» [2, 394-б.]. 1897 жылы Бөкей Ордасында старшындық мектептердің саны 14-е жетті деп көрсетеді Казанский [2, 394-б.]. 1895-1896 жылы 14 старшындық мектепке 253 бала оқыды [3, 93-б.].

Мектептер жертөлелер мен киіз үйлерде орналасты. Старшындық мектептің мұғалімдері 2 сыныптық мектепті бітірген және Қазан мұғалімдер семинариясындағы бастауыш сынып мұғалімі болуға сынақтан өткендер болатын. Старшындық мектептерге жасалған инспекторлық ревизия осы жердегі 1,5 айлық өткізген сабақтағы білім нәтижесінің бір сыныптық орыс-қазақ мектептеріндегі 3 айлық сабақпен тепе-тең екенін анықтаған. Тексеріс жасаған инспекторлар мұның себебін старшындық мектеп жанындағы интернаттардың болмауымен түсіндіреді. Өйткені бөлімшелік мектептердің жанында интернаттары болды, интернат мұғалімнің көп уақытын алатын. Мысалы, барлық бөлімшелік мектептер ішіндегі Басқұншақ орыс-қазақ мектебінің интернаты болмағандықтан, оқу басталғаннан кейінгі 20 күн ішінде 17 бала орыс әліпбиі бойынша жүргізіп оқып және жазуға жаттығып жатқандығына көз жеткізген. Ашылғанына 4 ай уақыт өткен соң бұл мектептегі қазақ балаларының саны 50-ге жеткен.

1900 жылдың соңында Бөкей Ордасында жалпы мектептердің саны 29 болды, оның ішінде интернаты бар 8 бір сыныптық мектеп, 2 екі сыныптық училище, 3 орыс мектебі, 14 старшындық және 2 ауылдық мектеп болды. Дегенмен, 1910 жылы ауылдық мектептердің барлығы бір сыныптық мектептер болып қайта құрылды. Осы орайда аталған мектептердің екеуі ғана мемлекет қаржысына, қалғандары жергілікті халық есебінен қамтамасыз етілгендігін атап өткен дұрыс.

Көшпелі болыстарда мектеп ашу тәжірибесі Торғай облысында да жүргізілді. Бөкей Ордасындағы көшпелі мектептер старшындық мектептер деп аталса, Торғай облысында жорықтық, кейін

ауыл, болыстық мектептер деп аталды. Осы жердегі бір ескеретін жағдай, салыстырмалы түрде алғанда Бөкей Ордасындағы старшындқ мектепті ашу шығыны, Торғай облысымен салыстырғанда 50 рубльге арзанға түсіп отырған. Мысалы, старшындқ мектепке 250 рубль бөлінсе, оның 120 рублі мектеп мұғалімінің жалақысына, пәтер жалдау шығыны – 60 рубль, жылыту және тағы да басқаларға – 50 рубль, оқу құралдарына – 20 рубль бөлінді. Торғай облысында ауыл мектептерін ұстау шығыны шамамен 350 – 400 рубль болды. Мектептің жиналмалы үйіне, яғни киіз үйге – 70 рубль, мұғалімнің жылдық жалақысы – 250 рубль. Мектептің парта, тақтасы, жалпы барлық жабдықтар жиналмалы болды, оны бір түйеге тиейтін [3,180-б.].

Торғай облысында көшпелі мектептердің екі типі ашылды, болыстық және ауылдық мектептер: 1) бастауыш мектеп бағдарламасына сәйкес келетін ауылдық мектеп; 2) ауылдық мектептің жалғасы болып табылатын бағдарламасы біршама кеңейтілген болыстық мектеп. Ауылдық мектепте оқу мерзімі – 2 жыл. Білім берудегі аздаған үзілістерді есептегенде жыл бойына жүргізілді. Қыста оқу жалға алынған жертөледе жүргізілсе, жаз бен күздің соңғы айларына дейін оқушылар ауылмен бірге көшіп-қонып жүрді. Ауыл қайда жүрсе, мектеп сонда. Жаз кезінде бір ауылдың өзі бір-бірінен әжептеуір қашықтықта орналасқан бірнеше топқа бөлінеді, мұндай кезде мектептен алыс ауыл балалары бағдарламадан қалып қоятын. Торғай облысының оңтүстік аймақтарында ауыл мектептерінде жаз кезінде бар болғаны 3-4 оқушы ғана қалды, қалған 10-15 оқушы 200-300 шақырым жерде қалатын. Боран болған кезде сабақ тағы да бірнеше аптаға тоқтап қалды. Оқушылар орыс тілін, арифметиканың 4 ережесі және орыс жазуымен танысты. Кейбір ауылдық мектептерде оқушылар мектепті аяқтаған кезде барлық алған білімін ұмытып та қалатын, себебі бір жыл бойына оқушы орыс тілін мүлдем қолданбады. Көбінесе болыстық аймақтарда жергілікті халық орыс ұлтының өкілін кездестіргенде таң қалысын жасырмайтын. Болыстық мектепті бітірушілер орыс жазуын сирек ұмытқанымен, оларда орыс тілін ары қарай жетілдіруге көбінесе мүмкіндігі болмады [2, 804-б.].

Облыста ашылып жатқан мектептер көшпелі болғандықтан, оның да екі түрлі типі болды. Қыс кезінде көшу мүмкін болмағандықтан біреуі жалдамалы үйлерде орналасса, ал кейбір мектептердің жеке ғимараттары болды. Мысалы, 1899 жылы болыстық, ауылдық мектептердің екеуінің жеке ғимараты болса (Берді және Томар-Өткел) қалған 33 мектеп жалға алынған. Мектептер қазақтардың көшпелі өмір салтына сай болды, жазда киіз үйде, қыс мезгілінде қыстауларда сабақ жүргізілді [4,27-б.].

1888 жылы Қараторғай болыстық мектебі ашылып, 25 шәкірт қабылданды. 1892 жылдың 15 шілдесінде №4 Кеңарал болысында Николай уезінде бірінші ауыл мектебі ашылып, жыл сайын мектепке қажетті қаражат ретінде 324 рубль жұмсалды [3,143-б.]. Жергілікті тұрғындардың тұрмыс жағдайына мейлінше бейімделгендіктен, қарапайым халық мектептің ашылуын қуана қарсы алды. «Тургайские областные ведомости» газетінде Орынбор оқу округі жасаған, мектепке қабылдау ережелері жарияланып, халыққа кеңінен таныстырылды [2,879-б.].

1893 жылы Торғайда 16 ауылдық мектеп ашылды. Николаев уезінде – 3, Торғай уезінде – 5, Ырғыз уезінде -5, Ақтөбе уезінде – 5 мектеп іске қосылды,

жалпы саны 34 мектеп [5, 24-б.].

Г.Хохлов Торғай облысындағы алғашқы көшпелі мектептің қалай құрылғандығы жөнінде былай деп жазады: «*Бірінші ауыл мектебінің ашылу салтанатына өзім, яғни мектеп мұғалімі, үй қожайыны бірігіп екі қой сойып, жиналған ақсақалдар мен оқушылардың ата-аналарына ас бердік. Тамаққа дейін, оларға көктайғақта жылқыға таға қандай қажет болса, қазақтар үшін де орыс білімінің де сондай маңызы жөнінде де айттым*» [6, 54-б.].

Бастапқы кезде оқушылар санының көп болғандығына қарамастан, көктемге қарай мектепте 10 бала қалатын. Ережеге сәйкес мектеп жабылып қалмауы үшін кем дегенде 10 шәкірт болуы керек еді, сондықтан да мұғалім және жалға алынған үй қожайыны мектепте шәкірттерді қалдыруға барынша тырысатын [6, 54-б.].

Ауыл мектебінің ашылған кезінде шәкірттердің көп болып, кейін азаюын мектептегі орыстандыру, шоқындыру саясатымен де байланысты болғанын ескеруіміз қажет. Мұны Хохлов өз мектебінде оқыған қазақ балаларына қатысты былай көрсетеді. «*Жыл бойы шәкірттермен бірге Қасиетті тарихты аудардық, оның ішіндегі тау уағызын (Нагорная проповедь – К.М.) қазақ балалары жаттап алды*», – деп жазады [6, 52-б.]. Хохлов балалар жаттап алды деп жазған кітап «Евангелиядағы» Иса пайғамбардың нақыл сөздерінің жинағы болатын. Сондықтан да ашылған болыстық, ауылдық мектептердің арасында Хохлов сынды қазақтарды шоқындыру мақсатын көздеген мұғалімдердің де болғандығын жоққа шығара алмаймыз. Әрине, мұғалімдері қазақ болған мектептерде мұндай үрдіс жүзеге аспады.

Ауыл мектептерінің мұғалімдері болыстық мектептердің меңгерушісіне және инспекторға бағынды. Меңгерушілер мұғалімдерді жалақымен қамтамасыз етіп, есеп-қисап жүргізіп отырды. Инспектордың уездегі барлық мектептерді аралап шығуға шамасы келмейтіндіктен, басты жауапкершілік болыстық мектеп меңгерушілеріне тиісті болды.

Ашылған ауыл мектебі екі сыныптан тұрды, 2 жыл ішінде оқушылар орыс оқу, жазуымен танысты, аздап орыс тілінде сөйлеп және арифметиканың төрт амал негіздерін түсінуі тиіс болатын. Мектепте оқу үрдісі қыстаудан көктеуге көшетін сәуір мен қыстауға көшетін қыркүйек айларынан басқа уақыттың барлығында тоқтаусыз жалғасты.

Ауыл мектептерін ашу Ресей империясының әкімшілігіне арзанға түсіп отырды, өйткені мектептердің негізгі бөлігі қазақтардың салығы есебінен қаржыландырылды. Жылына бір мектепке 384 рубль кетті, оның ішінде 240 рубль мұғалім жалақысына, 84 рубль үйді жалға алу мен оған қызмет көрсететін адамға, қалғандары кітап, оқу құралдарына жұмсалды [6, 55-б.]. 1900 жылдары мұғалімге 400 рубль жалақы төленді, 84 рубль мектепті жалға алу пәтерақысына, қалғаны оқуға керекті құрал-жабдықтарды сатып алуға жұмсалды [6,55-б.].

Жалпы мұғалімдер болыстық, ауылдық мектеп мұғаліміне төленетін жалақыны төмен деп есептеді, сондықтан да мұндай жалақыға жұмыс жасауға көбісі келісе бермейтін. Сонымен бірге мектеппен бірге көшіп жүру, ауылдың өмірі мен қиындықтары да оларға аса ұнай бермейтін және қандайда да бір мүмкіндік туған жағдайда олар қалаға кетуге тырысты.

1896 жылғы «Киргизская степная газетаның №29 санындағы «Аульная школа на выставке» деген мақалада Торғай облысындағы ауыл мек-

тебі жөнінде былай деп жазылды: «Облыстағы халықты оқыту ісі күннен күнге алға жылжып келеді. Қазақ халқы мектептердің ашылуына, жұмыс істеуіне белсене араласуда, ал кейбір қазақ байлары қайырымдылық шараларын жиі ұйымдастырып тұрады. Мектепте әдетте орыс ұлтының мұғалімдері сабақ береді. Жалақы мөлшері әжептеуір жоғары, жылына 240 рубль болғанына қарамастан, көбіне мұғалімдер шыдай алмай, еліне қайтып жатады» [2, 458-459-бб.]. Жоғарыдағы мәселелерді ескере отырып, газетте жарияланған мақала авторы ауыл мектептерінде мұғалімдік мектептерді бітірген мамандар сабақ беруі керек деп көрсетеді. Өкінішке орай, ондай мұғалімдер саны аз болды. Мұғалімдерді дайындайтын семинариялардың қазақ жерінде аз болуы, жалақының төмендігі, таза қазақ тілді мамандардың сирек болуы мектеп ашу ісінде көп қиындықтар туғызып отырды.

Мұғалімдер білім берумен бірге, шәкірттерді тәрбиелеуді қатар алып жүруге тырысты. Педагог мамандардың жетіспеушілігі себебінен барлық сабақтан бір мұғалім берді. Мамандардың жетіспеушілігі барлық облыстарға тән құбылыс болатын, оның ішінде қазақ тілінде сабақ беретін мамандардың аздығы қатты байқалды. Осыған орай Торғай облысының губернаторы мамандардың жетіспеушілігі мәселесін шешу мақсатында арнайы шараларды қолға алуды ұсынды: «*Бірінші кезекте мамандардың педагогикалық біліктілігін арттыру, педагогикалық дайындығы жоқ мамандарды мектептерге жібермеу, қазақ мектептеріндегі мұғалімдерге көмекке келуге педагогикалық білімі бар мамандарды орталықтан жіберу*» [7, 30-б.]. Осылайша облыс басшылығы мектептер ашу мәселесімен қатар мектептерде білім беретін мамандардың жетіспеушілігін шешу мәселесімен де айналысты. Торғай облысындағы мұғалімдер Орынбор мұғалімдер мектебінің шәкірттері болатын. Мұғалімдер дайындау үшін уез, облыс орталықтарында педагогикалық бір, екі жылдық курстар ашылды. Кейінгі мәліметтерге сүйенсек, мұғалімдер санының өсуіне байланысты болыстық, ауылдық мектептерде педагогикалық білімі бар мұғалімдердің саны көбейген.

1911 жылғы статистикалық есепке сүйенсек, Торғай облысындағы мектеп мұғалімдерінің жылдық жалақысы 360 рубль, болыстық мектеп меңгерушілерінің жылдық жалақысы 420 рубль болды [8, 102-б.]. Болыстық мектептердің мұғалімдері қосымша жүретін ән, дін сабағы есебінен жылдық жалақысы 500-560 рубльге дейін жетті [8, 102-б.]. Сонымен бірге статистикалық мәліметтен мұғалімдердің негізгі бөлігінің педагогикалық білімі бар екенін көруге болады. Болыстық мектептің мұғалімдері мұғалімдер семинариясы және мұғалімдер мектебінің түлектері болса, ал ауылдық мектеп мұғалімдері Қостанай педагогикалық курсын және Ақтөбе, Қостанай екіжылдық педагогикалық курсын бітіргендер және кейбір бөлігі қоныстандыру елді мекендеріндегі бастауыш училищеде мұғалім дәрежесін алу үшін қатаң емтихан сынағынан өткендер болатын [8, 102-б.]. Бұл деректер алғашқы облыста мектеп ашылған кезде кейбір мұғалімдердің педагогикалық білімі болмаса, 1900 жылдардан кейін болыстық, ауылдық мектептерде кәсіби мамандар санының өскендігін де көруге болады. 1912 жылы Ақтөбе мұғалімдер семинариясының ашылуы да облыстағы кәсіби мамандардың санын өсірді.

Енді қайта Торғай облысындағы болыстық,

ауылдық мектептердің ашылу тарихына келсек, облыс губернаторы өз есебінде былай деп жазды: «... мектептер жеткіліксіз, бірақ 1892 жылмен салыстырғанда (1892 жылы 30 мектеп болды – К.М.) 1,5 есеге өсті және бұл ауыл мектептерінің ашылуы арқасында жүзеге асты» [9, 79-б.]. Бұл мәліметтерден жыл сайын мектептер санының өскендігін көреміз.

1894 жылы Торғай облысында жалпы мектептердің саны 51 болса, оның ішіндегі 5-уі екі сыныптық орыс-қазақ училищесі, 11-і бір сыныптық мектеп (4-уі қыздар мектебі – К.М.), қалған 22-сі ауылдық мектеп және 8 орыс бастауыш мектебі болды.

1895 жылы 1 қаңтардағы есеп бойынша облыста 22 ауылдық мектеп болса, тағы да 10 ауылдық мектеп ашу көзделген. Жаңа мектептерге Халық ағарту министрлігінің қаржысынан 2260 рубль және облыстық басқару қаржысынан 158 рубль бөлінді- деп көрсетіледі [10, 60-б.].

1898 жылы Орынбор оқу округінің попечителінің мәліметі бойынша: 1898 жылы 12 қазанда Торғай облысының Арақарағай ауылдық мектебі 12 шәкіртпен, 21 қазанда Бестөбе ауылдық мектебі 11 шәкіртпен ашылды. 1898 жылы 20 қазанда Толағай ауылдық мектебі 22 шәкіртпен және Темір астау мектебі, 25 қазанда Сары ой ауылдық мектебі ашылған [11, 91-92-б.].

А.И.Степной Торғай облысының Бөрті болыстық мектебі, Аралтөбе болысындағы ауылдық мектеп шәкірттерімен әңгімесі жөнінде былай деп жазады: «*Кең далада құрылысы әдемі салынған мешіт және оның етегінде орналасқан мектеп бар. Тастан салынған мектептің ғимараты батысқа қараған. Мектеп ішінде мұғалімнің бөлмесі бар. Оқу үш жылға созылады. Сабақ орыс тілінде жүреді. Болыстық мектептің шәкірттері ауылдық мектептің түлектері. Олардың ауылдық мектептің жағдайына онша көңілі толмайды. Оларға үкіметтік мектептер ұнайды. Қабырғада шкаф, қара тақта, портреттер ілулі тұр. Ауыл мектептері қыстауларда ашылған, бөлме іші қараңғы болып келеді*». А.И.Степнойдың мәліметтерінен ауылдық мектептерге қарағанда болыстық мектептердің анағұрлым дұрысырақ жабдықталғанын көруге болады. Ауыл мектептерінің өзіне тиесілі ғимараттың болмауы салдарынан мектеп мұғалімі де шәкірттер де көп қиындық көретін. Айына бір ауылдық мектеп ғимаратын жалға алу құны 5 рубльді құрады, оның ішіне жарық, жылумен қамтамасыз ету кірді. Қосымша 2 рубль шаруашылыққа жауапты қызметкерге төленді. Ақысының төмен болуына байланысты көп адам үйін ауыл мектебіне немесе жалға беруге құлықсыздық танытатын. Олар қосымша ақы сұрап немесе мұғалімнен сөзге келіп қалу себептерінен, үйлерін тартып алу жағдайлары жиі кездесті. Әр қазақтың үйі екі бөліктен тұрды – қонақ бөлмесі және өз отбасына арналған бөлік. Әдетте мектеп үшін қонақ бөлмесін жалға берді, бұл жағдай сабақтың дұрыс өтуіне көп кедергі келтіреді. Міне, осындай қиындықтарға байланысты қазақтар көп шоғырланған қыстауларда екі бөлмеден тұратын тұрақты мектеп ғимаратын салу жөнінде ұсыныстар түсті. Мектеп үйі екі бөліктен тұруға тиіс болатын, мұғалімге арналған бөлме және оқушылар бөлігі, әр бөлікке 150-170 рубль жұмсау жоспарланды. Бұл істі шешу ауқатты қазақтар құрамынан құрылған «мектептің құрметті қорғаушылары» араласуы тиіс болды. Олар мектепті өз қаражаттарына немесе қайырымдылыққа жиналған қаражат есебінен салуы тиіс болатын [10, 62-б.]. Облыс аумағында бар-

лық мектептерге қаражат көзі бірдей табыла бермеді. Деректерде жекелеген тұлғалардың мектепке қаражат бөлгендігі туралы мәліметтер кездеседі. 1893 жылы Қостанай уезі, Шұбар болысының қазағы Хакімжан Мыңайдар болыстық мектеп құрылысына 1000 рубль ақша аударып, жеке қаражатына мектеп салдырды деп көрсетіледі.

1900 жылы болыстық мектептер ішіндегі жеке ғимараттары бар мектептер: Әулікөл, Жетіқара-Шұбар, ал жалдамалы ғимараттарда орналасқан Қараторғай, Меңдіқара мектептерінің жағдайы қанағаттанарлық деп көрсетіледі есептерде [12,24-б.]. Ауылдық мектептердің 3-інің жеке ғимараты болса, қалған 37 мектеп ғимаратты жалға алған. Әулікөл болыстық мектебі Қостанай қаласынан 110 шақырым жерде, Аман-Қарағай жанында, Әулікөл көлінің жағасында салынған еді. Мектеп Қостанай мен Торғай ортасындағы 420 шақырымдағы жалғыз мектеп болды [2,864-б.]. Болыстық мектепте оқитын шәкірттердің барлығы да қазақ балалары болмады. Мысалы, Әулікөл болыстық мектебіндегі 46 оқушының 31-і қазақ баласы, Жетіқара-Шұбар болыстық мектебіндегі 39 оқушының 31-і қазақ баласы, Меңдіқара болыстық мектебіндегі 41 оқушының 26-сы қазақ баласы болды.

1900 жылы облыстағы ауыл мектептерінің саны – 13-ке артып, оқитын қазақ ер балаларының саны – 1534, ал қыздар – 88 болды. Ал 1905 жылы ауылдық мектептерде оқитын қазақ қыздарының саны – 100-ге жетті. [13,5-б.].

1905 жылы ауылдық мектептер саны 94 болды, жаңадан 3 ауылдық мектеп іске қосылды. Торғай уезінде Сарықопа, Жыланшық, Қостанай уезінде Наурызым ауылдық мектебі [14, 20-б.]. 1907, 1908 жылдары өңірдегі ауылдық мектеп саны 100-ге жетті [15, 20-б.]. 1910 жылы Ырғыз уезінде 5 ауыл мектебі ашылды. Олар: Басқақов, Жарымбетов, Талды, Аққолтық, Қаңбақты, ал Торғай уезінде Аққұм, Құртторғай, Мойылды, Ақкөл, Қоңыраулы ауылдық мектептері болатын [13, 20-б.].

1909-1915 жылдар аралығындағы Торғай облысындағы ауылдық мектептердің ашылу көрсеткіші 7 жыл ішінде 100 мектептен 126 мектепке дейін жетті. Төмендегі кестеде ауыл мектептерінің ашылу мағлұматтары берілген.

1-кесте. Торғай облысындағы 1909-1915 жылдардағы ауылдық мектептердің көрсеткіші:

Уездер	1909	1910	1911	1912	1913	1914	1915
Қостанай	29	27	27	27	29	33	33
Ақтөбе	27	27	27	27	35	35	35
Торғай	19	26	26	26	27	27	27
Ырғыз	25	30	30	30	31	31	31
Барлығы	100	110	110	110	122	126	126

Кестедегі мәліметтен 1909-1915 жылдар аралығында Торғай облысының Қостанай уезінде 4 мектеп, Ақтөбе уезінде 8 мектеп, Торғай уезінде 8 мектеп, Ырғыз уезінде 6 мектептің ашылғанын көреміз. Салыстырмалы түрде алғанда, Қостанай уезіндегі осы кезеңдегі мектептердің аз ашылуын уезд аумағындағы қазақтардағы көшпелі мал шаруашылығы динамикасының басқа уездермен салыстырғанда төмен болуымен және орыс қоныстанушыларының көбірек қоныстануымен байланыстыруға болады.

XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басындағы Бөкей Ордасы мен Торғай облысындағы старшынддық, болыс, ауылдық мектептердің ашылу тарихын зерттей келе мынадай қорытындыларға келдік. Торғай облысындағы орысша білім беретін ауылдық, болыстық мектептердің саны Бөкей Ордасымен салыстырғанда көбірек болды. Торғай облысында XIX ғасырдың екінші жартысында кәсіби педагогикалық білімі бар мұғалімдер аз болса, кейін облыс басшылығы тарапынан арнайы ашылған педагогикалық бір-екі жылдық курстардың ұйымдастырылуы және Орынбор мұғалімдер мектебінің түлектері мен Ақтөбе мұғалімдер семинариясының ашылуы облыс аумағында кәсіби мамандардың санын бірте-бірте көбейтті. Болыстық, ауылдық мектептердің саны көп болғанымен бірақ мектепте оқитын шәкірттердің саны және мектепті бітірушілердің сандық көрсеткіші жоғары болмады.

РЕЗЮМЕ

В статье рассказывается об истории открытия старшинских, волостных, сельских школ в Бөкей-ординской, Тургайской областях. Отмечается основные проблемы, с которыми столкнулись при открытии волостных, сельских школ: нехватка педагогических кадров, отсутствие системной программы и недостаток средств, выделенных школе. В статье анализируется тот факт, как работали школы, сроки обучения, учебные дисциплины выездных школ в Тургайской области. Проанализированы показатели аультных школ Тургайской области за 1909-1915 гг.

The article tells about the history of the opening of senior, parish and rural schools in Bokeyorda and Turgay regions. The main problems encountered when opening parish and rural schools are noted: the lack of teaching staff, the lack of a systematic program and the lack of funds allocated to the school. The article also analyzes how the work, terms of training, and academic disciplines of exit schools in the Turgay region worked. The indicators of rural schools in Turgay region for 1909-1915 are analyzed.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Абдрахманова Р.Л. История становления и развития народного образования Западного Казахстана (1814-1941 гг.) – Уральск, 2010 г. –150 с.
2. Алекторов А.Е. Указатель книг, журнальных и газетных статей и заметок о киргизах. – Казань, 1900 г. – 936 с.
3. Тажиев Т.Т. Просвещение и школы Казахстана во второй половине XIX века. – Алматы, 1962 г. –507 с.
4. Обзоры Тургайской обл. за 1899 г. – Оренбург, 1900 г. –36 с.
5. Обзоры Тургайской обл. за 1893 г. – Оренбург, 1894 г. –26 с.
6. Хохлов Г. Тургайская обл. –Санкт-Петербург, 1906 г. –96 с.
7. Обзоры Тургайской обл. за 1892 г. – Оренбург, 1893 г. –31 с.
8. Обзоры Тургайской обл. за 1911 г. –Оренбург, 1912 г. –136 с.
9. Айтмұхамедов А.А. Народное образование и формирование казахской интеллигенции серверо – западного Казахстана во второй половине XIX- начале XX вв. – Омск, 2000 г. –265 с.
10. Обзоры Тургайской обл. за 1894 г. – Оренбург, 1895 г. –67 с.
11. Журнал Министерства народного просвещения. Часть 321 (2). – Санкт-Петербург. 1899 г. –352 с.
12. Обзоры Тургайской обл. за 1900 г. – Оренбург, 1901 г. –30 с.
13. ҚР ОММ 25-қ. 1-т. 924 а-іс. 3,5,6-бб.
14. Обзоры Тургайской обл. за 1905 г. – Оренбург, 1906 г. –22 с.
15. Обзоры Тургайской обл. за 1907 г. – Оренбург, 1908 г. –23 с.

ӨЛКЕ ТАРИХЫНЫҢ ҚАЙНАР КӨЗІ

Сәуле МӘЛІКОВА (Маликова),
Солтүстік Қазақстан мемлекеттік архивінің
директоры, тарих ғылымдарының кандидаты

Қазақтың ұлттық баспасөзінің тарихында елеулі орны бар, республиканың көне газеттерінің бірі – Солтүстік Қазақстанның облыстық газеті – «Солтүстік Қазақстанға» 100 жыл толып отыр.

Газеттің тарихи қалыптасуына келсек: «Кедей сөзі» (1920), «Бостандық туы» (1921-1928), «Кеңес ауылы» (1928-1932), «Ленин туы» (1932-1993), «Солтүстік Қазақстан» (1993 - қазіргі күні).

Петропавл қаласы Қазақ автономиялық республикасының құрамына 1921 жылы губерния орталығы ретінде енді. Мұндағы архивте еліміздің басқа аймақтарымен салыстырғанда мол деректер шоғырланған. Менің тоқталғым келген құжаттар – газеттер, оның ішінде өлке тарихының қайнар көзі саналатын «Кедей сөзі», «Бостандық туы» газеттері.

«Кедей сөзі» газетінің бірінші саны 1920 жылғы 22 ақпан, жұма күні жарыққа шықты. Алғашқы редакторы – Мұқан Айтпенев [1]. Сондай-ақ «Кедей сөзі» газетінде С.Сәдуақасов, М.Жұмабаев, Д.Әбілов, Ә.Әбішев, С.Шаймерденов, Қ.Кемеңгеров, Ғ.Малдыбаев, М.Дәулетбаев сынды азаматтар жұмыс атқарды.

Көптеген жылдар бойы «Кедей сөзі» газетінің бірінші саны іздеу салып, хаттар жолданғанмен табылмай келген. 2019 ж. тамызда «Архив – 2025» бағдарламасы аясында облыс архив қызметкерлерінің Санкт-Петербургтің архив және кітапханаларында іздеу жұмыстары нәтижелі аяқталды. Сөйтіп, «Кедей сөзі» газетінің бірінші саны әкелініп, өлкеміздің зиялы қауымы бір дүр сілкінді.

Атақты жерлесіміз Мағжан ақын өзінің халқына деген, қазаққа деген адал ниетін газет оқырмандарына бейнелі сөзбен жеткізді. «Кедей сөзінде» 1920 жылы 26 тамызда жарияланған «Қазақ автономиясы» мақаласының басындағы «Автономия кімдікі?» деген сұраққа мынадай айқын да тұжырымды жауап береді:

«Айлы, күнді, қанды отты тарихы бар; кең, бай, терең тілі, әдебиеті бар; басқаларға үйлеспейтін төресі, шаруасы бар – қазақтікі. ...Жүз жылдар орыс ақсүйектері мен байларының тепкісінде елдігін ұмытпаған Алаштікі. «Аязды күні айналған, Бұлтты күні толғанған, Құрығын найзадай таянған, Қу толағай жастанған, Ер қазақтың автономиясы бұл!» [2].

XX ғасырдың 20-30-жылдарындағы «Бостандық туы» газетінде қазақ елінің тарихына қатысты, оның ішінде солтүстік өңірдің тарихы жайлы сыр шертетін тың материалдар бар. Осы құнды деректер «Бостандық туы» газеті беттерінде Қазақ тарихының кезеңдері, Абылай хан туралы, Қызылжар қаласының атауы және оның тарихы, 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілістің Солтүстік өңіріндегі көрінісі және т.б. тақырыптар төңірегіндегі мақалаларда көрініс тапқан.

Абылай хан – «Ақ табан шұбырындыдан» кейінгі қазақтың басын біріктіруші, кемеңгер саясатшы, қолбасшы ханы. Біздің мемлекетіміздің тарихы үшін сонау заманда елді біріктіріп, оның тұтастығын сақтап қалған тұлға жайлы әрбір деректің біз үшін маңызы зор. Әсіресе, сол кезеңдегі тарихи дәуірдің құжаттарына баға жетпейді. Ертеден Сарыарқаның қиырларындағы «Абылайдың ақ үйі» аңызы айтылып келеді. Ресей патшасының өзі Абылайға деп үлкен үй, кеңсе және меймандарға қонақүй салғызғаны ауыздан-ауызға көшіп, ұрпақтан-ұрпаққа жеткізіліп келді. Сол кезеңдердегі ақын-жазушыларды осы аңыз толғандырғаны анық. Мәселен, Сарыарқаның саңлағы, жерлесеміз Үкілі Ыбырайдың «Абылайдың ақ үйінде» деген өлеңі «Бостандық туы» газетінің 1926 жылғы 6 наурыздағы санында жазылған:

«Абылайдың ақ үйі

Қызылжар деген қалада

Жарға жақын салынған, –

деп басталатын өлеңінде 20-жылдары балалар коммунасы мен белсенді әйелдердің курсы орналастырған Абылайдың ақ үйінің жаңа көрінісін көрсетеді. Сөйтіп, осы тың материал, белгілі ақын Үкілі Ыбырайдың еңбегі арқылы бізге жетіп отыр [3].

«Бостандық туы» газетінде жарияланған тарихымыз жайлы деректердің бірі – 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліс. Бұл көтеріліс қазақ халқының азаттық қозғалысының шежіресіндегі ең бір жарқын белес болып табылады. Сол кездегі Қазақстанды зерттеу қоғамы деп аталған ұйымның ынтасымен көтеріліске байланысты құжаттар мен естеліктер жиналған. Оның ішінде Ақмола губерниясының орталығы болған Петропавл қаласындағы өлкетану ұйымы да өз тарапынан әрекет жасап, жергілікті мұғалімдерге, қызмет адамдарына үндеу жолдап, көтерілістің басталуы, өрістеуі және күшпен жаншылуы туралы материалдарды жіберуді сұраған. 1926 жылы «Бостандық туы» газеті 1916 жылғы оқиғаға байланысты газет бетіне хабарландыру шығарады. Хабарландыру бойынша жерлердегі мұғалімдер, хат танитын көзі ашық оқырмандар 1916 жылғы оқиғаларға байланысты көрген-білгендерін, естігендерін жазып жіберуі сұралады. Мұндай хаттардың бірқатары сол 1926 жылғы газеттерде басылып шығарылған. Бұл материалдар өте құнды, себебі оларды жинағандар облыстық газеттің қызметкерлері, болашақ үлкен қалам қайраткерлері. Солтүстіктен шыққан қадірлі азаматтардың қолтаңбалары сақталғаны бүгінгі ұрпаққа үлкен олжа болмақ. Газет бетіне шығарылған өлеңдердің сипаттамасы, көбіне соғыс майданына қазақтардан қара жұмысқа жігіттердің алынуы, саяси езгі жайында болып отыр.

«Бостандық туы» газетіндегі мақалалардан, өлең шумақтарынан 1916 жылғы көтерілістің біздің өңірімізге де кең жайылғанын көреміз. Мәселен, Қызылжар болысы 9-ауылдан жинаушы Ж.Айсаұлы

деген азамат Ыбырай Оразұлының алты бет өлеңін тапсырған. Газет бетіндегі «Бейнетқор болысында» деп аталатын мақалада сол кезде Қызылжардан 19 бен 31 жас аралығындағы жігіттерді алып кету керек деген бұйрық түседі. Бейнетқор болысынан 60 жігітті Булаев станциясына «котлован» қазуға алып кеткен. Бұл жарлықтан кейін Петропавлдағы ел ақсақалдары бас қосып жиналысқан болатын. Сондағы мақсат – патша жарлығына мойынұсынбай, құрал күшімен оған қарсы тұру. Осы өлкеде болған қарсылықтар жайлы «Бостандық туы» газетінде тарихи өлеңдер мен мақалалар арқылы жазылған, дегенмен Петропавл мен Атбасар уезіндегі көтеріліс жедел және тез арада басып тасталғаны жайлы да осы газет беттерінде баяндалады.

Архив құжаттарындағы ақпарат бойынша Солтүстік Қазақстан өлкесіндегі ұлт-азаттық көтерілістің басшылары: Құсайын Байдашов, Малдыбай Байбарақов, Тоқсан Тілемісов, Нұрпейіс Тастамбеков, Мұхаметжан Тоқанов, Жаппархан Күшіков, Оспан Жүсіпов, тағы басқалар. Сонымен қатар құжаттарда өңірдегі ауылдарда басқа да түрлі қобалжулардың болғандығы баяндалады [4].

Тағы бір ескеретіні – Қазақстанның басқа аймақтарында, мысалы, Торғай, Жетісу, батыс өлкелерде болған оқиғалар біршама зерттеліп, ғылыми және көркем әдебиет түрінде жарық көрді. Ал, біздің солтүстік аймақтағы оқиғалар ескерілмей, көтерілістің тиісті бағасы берілмей қалғандығы өкінішті. Әрине, уақыт өтіп кетсе де, ұлт тарихындағы мұндай аса елеулі құбылыстар халық жадынан өшіп қалмауға тиіс.

Азаттық үшін күресті тарихи кезеңде жаңа сапалық деңгейге көтерген басты фактордың бірі – ұлттық газет-журналдардың шығарылуы. Қоғам тынысы, халықтың мұң-мұқтажы, өзекті мәселелері

баспасөз арқылы көрініс тауып, зиялылардың үні қазақ даласына жетті. «Бостандық туы» газеті өлке тарихының айнасы болды. Газет бетіндегі ақпараттар арқылы солтүстік өңірдегі сол кезеңдердегі тарихи оқиғалар жинақталып, қазіргі таңда сапалы түрде жас ұрпаққа жеткізілуде. Баспасөз арқылы қазіргі қоғам сол кезеңдегі өңірімізден шыққан атақты ақын-жазушыларды, батырларды, баспасөз қызметкерлерін танып-біліп жатыр.

РЕЗЮМЕ

На основе архивных материалов автор составила обзор первых номеров областной казахской газеты «Кедей сөзі» (Слово бедняка), издававшейся в г. Омске группой казахских интеллигентов в начале 1920 года и переименованной через год на «Бостандық туы» (Знамя свободы). Архивные данные проливают свет на неизвестные исследователям страницы истории края и являются очень ценным источником.

On the basis of archival material the author presents the review of the first issues of the regional Kazakh newspaper “Kedei sozi” (The poor’s word) which was published in Omsk at the beginning of 1920 by the group of Kazakh intellectuals and later was renamed to “Bostandyk tui” (Banner of freedom). The archival documents are a valuable source that helped to shed light on the unknown pages of the region history.

ӘДЕБИЕТТЕР МЕН ДЕРЕКТЕР

1. «Кедей сөзі» газеті №1 1920 жыл 22 ақпан.
2. «Кедей сөзі» газеті 1921 жыл 12 қаңтар.
3. «Бостандық туы» газеті 1926 жыл 6 наурыз.
4. «Бостандық туы» газеті 1926 жыл 25 шілде.

ҚАЗІРГІ ЗАМАН: ТАРИХ ЖӘНЕ ҚОҒАМ

ЕЛБАСЫ Н. НАЗАРБАЕВТЫҢ «ТАРИХ ТОЛҚЫНЫНДА» ЕҢБЕГІ ЖӘНЕ ЖАСТАРДЫҢ ТАРИХИ САНАСЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ МӘСЕЛЕСІ

Минсара ҚАРАМАНОВА,
тарих ғылымдарының кандидаты, доцент,
Сәуле ЕСЕНГЕЛДИЕВА,
Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік
университетінің 2-курс магистранты

Бүгінгі отандық тарих ғылымының басты міндеттерінің бірі – қазіргі ұрпағымызды қазақстандық патриотизм рухында тәрбиелеу. Ал патриотизм рухында тәрбие беру қоғамның өткені мен бүгінін байланыстыратын тарихи сананы қалыптастырмайынша мүмкін емес. Тәуелсіз елдің мүддесін әлемдік қорғау үшін өткенді біліп, бүгінгіні таңдап, болашақты болжау керек. Демек, тарихи сананы қалыптастыру өмір мүддесінен, тәуелсіз мемлекет мүддесінен туындайды.

Елбасы Н.Ә. Назарбаев «Тарих толқынында» атты еңбегінде тарихымызға терең сипаттама

жасайды, халқымыздың өткен өмір белестері жайлы өзіндік ой сараптайды. Елбасының ата тарихына саясаткер санатында үңілгендігінің негізгі мақсаты – *«тарихтағы өз орныңды білу, бабаларыңды ру төмпешігінің деңгейінде емес, жалпыұлттық өреде мақтан тұту, ұлан байтақ Евразия тарихында ұлы істерге ұйытқы болған қазақтар мен бабаларының өзіндік орнын танып түсіну, ұлттық қадыр-қасиетінді қорлайтын жаттанды жалалардан арылу».* Автордың кәсіби тарихшылардан тағы бір өзгешелігі – ол Отандық тарихқа биік тұғырдағы әлемдік замана қайраткерле-

рінің көзқарасы. Бұл еңбекте тәуелсіздікті баянды ету жолында ата тарихының тағылымына үңілу, түсіну, түйіндеу, «*мемлекеттікке жол салып берген халық, ел ішіндегі ахуалдың бүгінгі мен болашағы жолындағы жауапкершілікті арқалауға дайын болуы*» керектігін азат азаматтардың санасына жеткізу. Еңбек 8-тарауға бөлінген. Әр тараудың өзіндік ерекшелігі бар және бір-бірімен мазмұндық-мағыналық сабақтастықта. «Ұлттық келбетті ұлықтайық» атты тарауда ұлттың стратегиялық мүддесі, ұлттық жүйе ұғымдары төңірегінде кеңінен әңгіме қозғайды.

Әсіресе, еліміздің тәуелсіздік алуын ұлттық сананың жаңғыруымен байланыстырады: «*Ақырында ұлттық тарихтың соңғы он жылы, дәлірек айтқанда, ғасырлар бойы мемлекеттігімізді тарихқа кеткен есесіне, өтеу болған соңғы жеті жыл, міне, бұл кезеңнің өзіндік ішкі логикасы бар, қазірдің өзінде ұлттық санаға өшпестей болып түскен ізі бар. Бұл кезең құқықтық, экономикалық және саяси жаңалықтарға қоса, ұлт психологиясына түбегейлі өзгерістер енгізіп, тарихтағы орнын танып білу сезімін орнықтырады*» [1, 16-б.]. Ұлтымыздың бірлігі, тәуелсіздікті сақтау, мемлекетіміздің негізгі даму бағыттары, Қазақстанның аумақтық тұтастығы, қазақ тілін дамыту, оның мемлекеттік мәртебесін нығайту жайында көптеген келелі ойлар қамтылған. Қазақ этносы, ұлттық мәдени жаңғырудың тетіктері, ұлттық бірлестігінің қуаттылығы тұжырымды пікірлермен түйінделген.

Нұрсұлтан Әбішұлы «қазақ болмысының бір ерекшелігі – оның тарихшылдығы», – деп санайды. Қазақ қауымында «кең құлашты сана болған»... «*қатардағы сахара қазағы өз халқының тарихымен біте қайнасқан*...» [1, 28-29-бб.], – деген автордың тұжырымдары тарихи шындық. Бұл болса ел перзентінің халықжандылығын танытады. Күнде көріп, күнде естіп жүрген фактілерді философиялық талдаудан өткізіп, ойшылдар биіктігіне көтеріледі. Еңбекте қазақ болмысының жаңалық атаулыны жатсынбайтыны, жанының сергек-сезімталдығы, қазақ сахарасындағы табиғи қауымдастықтарының – отбасының, рудың, тайпаның, тайпалар одағының, жүздіктердің, халықтың, сонымен бірге ақсақалдар, жеті ата институттарының Отан тарихындағы рөлі жөнінде өз ойларымен бөліседі. Әдет, ғұрып, салт-сана, сезім, ар-ұят, махаббат сияқты категориялардың ұлт өміріндегі «мен» дегізгерлік қасиеттерін зерделейді. Бір сөзбен айтсақ, автор ұлттық менталитет – қарекет, ұлт портретін жасауға ұмтылыс етеді.

Н.Ә.Назарбаев өз еңбегінде ұлттық бірегейлік туралы сыр шертеді. Ол бірегейліктің тұғырын іздейді. Ислам дінінің ұлтты бірегейлендірудің пәрменді тәсілі емес, тек бір бастау көзі екенін аңғартады. Әлемдік саясаткер қатарынан табылатын автор қазақстандық бірегейліктің нақты үлгісі – азаматтық және саяси қауымдастық ретінде бірінші деңгейде Қазақстан халқының қалыптасуын ұсынады. Ол болса – басты саяси құндылық – ұлттық мемлекеттік идея негізінде бүкіл қазақстандықтардың Отаны болып табылатын бірыңғай, аумағы тұтас, іргесі берік, тәуелсіз Қазақстан төңірегінде қалыптасады. Қазақ халқы ұлттық нығаю жолында шыңдалып, бірегей этникалық сапасын түлету, нығайтуы абзал. Автордың «*Ұлттық бірліктің патриотизм деген жансыз бірдеңе ғана болып қалады*», – деп түйіндейді автор [1, 192-б.]. Сөз жоқ, Қазақстан мемлекеті саяси тағдырымыз бен барша азаматтардың тағдырымен бірдей дәрежеде қолдап, ел бірлігін, орнықтылығын ұштастыратын, жарастыратын болады. Осы негізде

бүкіл қазақстандық патриотизмді мәпелейді.

Елбасы кітабының құндылығы туралы айтқанда аттап өтпеуге болмайтын проблема, ол – ұлттық идея. «*Ал енді ұлттық идеяға келетін болсақ, оның іргетасы мүлдем басқа. Ол ең алдымен өзінің ұлттық тұтастығын айқын түсінуге негізделеді. Ұлттық идея қоғамның өз ішінде пісіп жетіледі. Онда сырттан таңылған сипат болмайды. Ұлттық идея идеология жәдігәйлерінің ашқан жаңалығы емес, миллиондаған адамдардың өздерінің ұлттық міндеттерін түсінуінің жемісі болып табылады*».

Кітапта ұлттық идеяның бір көрінісі «мемлекеттік ұлтшылдық» [2, 260-264-бб.] туралы терең ойлар айтыла келе, автор тәуелсіздік идеясы және ұлттық мүдде мәселелерімен ұштастырған. Алайда, бұл мәселелерді қағаз бетіне түсіру бір басқа да, нақтылы әлеуметтік-өмір тәжірибиесінде, мемлекетті құрып нығайту ісіндегі тіптен кейде болжап білмейтін қиыншылықтарға апаратынын автор былайша түйіндейді: «*Ұлттық тәуелсіздік жарияланған жас мемлекет өзінің ұлттық мүдделерін мәлімдейді. Міне, осы тұста әртүрлі қақтығыстар тууы мүмкін, себебі жаңа мемлекеттер дамыған сайын ұлттық мүдделердің аумағы өсе береді де, олардың келісу рәсімдерін қатты қиындатады. Ел басшылықтарының өзара келісудің іс жүзінде жұмыс істейтін жүйесін жасауға деген саяси еркі болмаған жағдайда басқа мемлекеттердің ұлттық мүдделерімен арада сөзсіз жанжал туады. Ал мұның өзі әртүрлі жағдайда көрініс беруі, тіпті, әскери текетіреске дейін баруы мүмкін*». Осы проблемаға шешім іздеу кітаптың өне бойынан кездеседі.

Елбасы еңбегінің сүбелі бір бөлімі Дала өркениетіне – түркі тектес тайпалар дәуіріне арналған. Н.Ә.Назарбаев зерттеулерінде Ақын Мағжанның қазақ даласының ұлы түркі елінің қара шаңырағы деген тезисін жан-жақты жандандыра түскен. Түркі халықтарының әлемдік өркениетке қосқан үлестерін дәлелдеу арқылы жалпытүркілік рухани негіздегі қасиетті қазыналар жасалғанын, «*рухани мұрагерлік жалғасын тауып, әрі сонау ғасырлардың терең түкпірінен ұлы түркі еліне жасампаздық серпін бере білді*», – деп қорытады.

«Орталық Азияның тәуелсіз мемлекеттері және тарих тағылымдары» атты тарауда кешегі кеңестік кезеңдегі стратегиялық саясат астарынан алынған ащы сабақтарды жүйелеп, саралап, басты үш тарихи тағылымды тұжырымдайды. Кітапта автор руханияттың алты мың жылғы дамуын 12 кезеңге бөліп талдайды. Әл-Фараби, Жүсіп Баласағұн, Махмуд Қашқари, Қожа Ахмет Иассауи, Абылай хан, Төле би, Қазыбек би, Әйтеке би сияқты ұлы тұлғаларымыздың қасиетті істері мен өнегелі өмірін ұрпақтар ұлағатына ұсынады. Абай, Шоқан сияқты ғұлама ойшыл, дана тұлғаларымызды «рухани жұлдызға» теңеп, олар жайлы пайымды ойлар айтады.

Монографияның бір тарауы «Тоталитарлық тәртіп пен ұлттық ұғымдар» деп аталады. Соңғы кезде баспасөз бетінде қазақ тарихы тек трагедиядан тұратындай көрініс бар деген сөздер айтылып жүр. Автор тоталитаризм – жадағай ұғым емес екендігін, тарих дегеннің тек өткеннің ғана сабағы емес, белгілі бір дәрежеде болашақтың көрінісі деп қарайды. Автор тарих тағылымының бүкіл Орта Азия аймағының Шығыс пен Батысты жалғастырған стратегиялық буын екеніне назар аударады. Осы тұста Елбасы Ортаазиялық ықпалдастық (интеграция) – бұл осы аймақтың дүниежүзілік көлемдегі әскери-саяси,

экономикалық тәуелсіздікке жету жолы екендігін әділ көрсетеді. Қазіргі кезеңде отаршылдықтың не бір әккі түрлері бой көрсетіп жатқан кезеңде Елбасының ұлттық мүддені аймақтық мүддемен ұштастыруды күн тәртібіне қоюы саясаткер – қайраткер жанның замана сырын өте биік тұғырдан зерделейтінін танытады.

Н.Ә.Назарбаев монографияның соңғы тарауында біз ел-мемлекет болғымыз келсе, өзіміздің мемлекетімізді ұзақ уақытқа меңзей құрғымыз келсе, онда халық руханиятының бастауларын түсініп, тарихтан тағылым алуымыз керек деп біледі. Қазақ ұлты ұлтының рухын жаңғыртып, өз болмысын танытуға мүмкіндік алды, ал сол мүмкіндікті шындыққа айналдыру қажеттілік түрінде қойылып отыр. Басқаша айтқанда, тарихта ұлттың болмысын биік тұғырға қондыру, әлемдік тарихтың жасампаз жарқын жұлдызды етіп жандыру мүмкіндігін іске асыру – ұлт парызы. Ол оның болашағы, біздің әрқайсымыз осы тарихи миссияның алдында, ата-баба аруақтарының алдында жауапкерміз.

Қорыта айтқанда, Н.Ә.Назарбаевтың, «Тарих толқынында» атты еңбегінің жастардың тарихқа деген құлшынысын оятып, Отансүйгіштікке, ұлтжандылыққа тәрбиелеуде маңызы зор. Қазақ халқының тарихын білу арқылы тарихи сана қалыптасады, тарихи сана арқылы ұлттық сана өсіп жетіледі, ұлттық санамыз биік деңгейге көтерілсе,

егемендігіміз тұғырлы болатыны анық.

Қазіргі таңда Елбасының тапсырмасы бойынша «Халық тарих толқынында» атты арнайы тарихи зерттеулер бағдарламасы әзірленіп, жүзеге асырылуда. Бұл бағдарламаның негізгі мақсаты – Қазақстанның тарих ғылымын алдыңғы қатарлы әдіснама және әдістеме арқылы сапалы серпілісті жүзеге асыруына жағдай жасау, бірінші – қазақтың ұлттық тарихының көкжиегін кеңейту; екінші – ұлттық жаңа тарихи дүниетанымын қалыптастыру [2, 19-б.].

РЕЗЮМЕ

В данной статье описывается роль книги Елбасы Н.Ә.Назарбаева «В потоке истории» в формировании исторического сознания молодежи.

This article describes the role of the book of Elbasy N.A.Nazarbayev "in the flow of history" in the formation of the historical creation of youth.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Назарбаев Н.Ә. Тарих толқынында. А.: Атамұра, 1999.- 296 б.
2. Ұлттық тарихты зерделеу тур. А.: Литера-м «ЖШС» 2013.- 320 б.

АДАМ КАПИТАЛЫ ТҮСІНІГІ МЕН ТҮРЛЕРІ және оны қалыптастырушы факторлар

Досан ҚАУМЕН,
Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университетінің докторанты,
Тілеген САДЫҚОВ,
тарих ғылымдарының докторы, профессор

Жаһандану заманында мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық дамуын адам капиталының әлеуетінің тұрғысынан қарастыру, елде орын алған экономикалық мәселелерді тәжірибелік жағдайда шешу барысындағы әрекетін бірінші орынға қояды. Бүгінгі таңда өндіріс саласындағы жеке тұлғаның орны мен рөлін «орталықтандырып» қайта қараған жөн. Себебі қазіргі кезде адам дамуының басты қағидасы ретінде қалыптасқан жұмысшы күшінің рөлі азайып, оның жалпы жүйені бақылау және басқару деңгейіндегі функциялары артып отыр.

Бүгінгі таңда экономикалық өсудің көптеген модельдері мен теориялары жасалып, өзара екі топқа біріктірілген:

1. *Өсу динамикасын қамтамасыз ететін негізгі фактор мен шарттарды негізге ала отырып, қайта өндіруді қарастыратын теориялар.*

2. *Әлеуметтік тенденцияның өсуін қарастыратын институционалды-әлеуметтік теориялар.* Бұл ретте «институционалды құрылымының» рөлін, оның тиімділігін қамтамасыз ету қарастырылады [1].

«Адам капиталы» теориясы адамның, жеке тұлғаның дамуына инвестиция салумен байланысты болатын факторларға бағытталады. Экономикалық өсудің жаңа түрінің динамикасы өн-

дірісте қолданылатын материалдық жағдайға ғана емес, сонымен қатар, «адам» ресурсының ақпараттық және басқарушылық салаларын дамытуға байланысты болады. Бұл жеке тұлғаның қажеттілігі мен мүмкіндігін әмбебап түрде дамытуды қажет етеді. Жұмыскерлердің жеке тұлға ретіндегі әлеуетін дамытуға, оның индивид ретінде қоғамдық өндіріс іс-әрекетіне енгізуге бағытталады. Сонымен қатар, әлеуметтік қажеттіліктің бүкіл саласын қамтамасыз ету үшін бағытталған инвестиция экономикалық өсудің жаңа белесін қамтамасыз ететін шарт ретінде танылады. Адамды экономикалық талдаудың негізі ретінде қарастыру «жоспарлы экономика» бағытындағы ғылыми-техникалық прогреске қойылған ставка кезіндегі нақты бейнесін ашады. Жұмыс барысында адамның дамуы бейжай түрдегі ғылыми-техникалық прогресс емес, адам капиталының нақты бағыттағы іс-әрекеті ретінде танылады. Сондай-ақ материалдық қордың негізін құрып, ғылыми-техникалық орталығын кеңейте отырып, оны нақты мақсатта тұтынуға қажетті мүмкіндікті қоғамдық қажеттілікке сәйкес келетін жүйенің құрылымын, сонымен қатар, оның жалпы сипатын кеңейтеді.

Кез келген бағыттағы экономикалық өсудің жаңаша түрін қалыптастыру көп жағдайда шығармашылық

пен бейімділікке тәуелді болып келеді. Осы ретте жеке адамның шеберлігі, еңбекке деген ынталылығы, кәсіби түрдегі мамандану деңгейінің жоғарылығы және тағы басқалары жоғары деңгейде бағаланады. Бұл ретте жаңаша типтегі шаруашылық жүйесі туралы мәселе туындайды. Бірінші орынға тәрбие беру, білім беру сапасы, демалысты ұйымдастыру, мәдениетті дамыту, денсаулық пен қоғамның жалпы жағдайы, адамдардың көшбасшылық қасиеттері, шаруа жүргізудегі жекеменшікті қолдау мәселесіне бағытталған әлеуметтік-экономикалық ортаның ұстанымдары, т.б. мәселелер басты орында болады.

Индустриалдық даму бағытының орнына келген нарықтық экономика бағытының өсуін жаңаша көзқараста қарастыруға болады:

1. Өндірістің материалдық жағдайына емес, адамға жұмсалған инвестициялардың артуы;

2. Материалдық жетістікпен салыстырғанда қоғамда оған қарама-қарсы болатын интеллектуалдық, ақпараттық факторлардың басымдығының артуы;

3. Адамның өзіне қажетті материалдық құндылықтарды қанағаттандыру деңгейі, бірінші орында шығармашылық, еңбек етудегі еркіндіктің басым болуы.

Бұл экономикалық өсудің жаңа түрін анықтап береді де, сонымен қатар адамның жеке басының дамуына бағытталған мақсаттарды айқындайды [2].

Мемлекеттің экономикалық даму бағытында адам факторын бағалау жеке адамды өндіруші, сондай-ақ тұтынушы ретінде де әлеуметтік-экономикалық механизмнің бастау көзіне орналастыруға болады. Бұл экономика ғылымының өз алдына тиесілі жеке категориясының қалыптасып, онда нақты өзгерістер болатынын байқатады. Бұл бұрыннан келе жатқан категорияларды қайта ойластыруға емес, оның орнына жаңаша бағыттарды енгізуге, оның ішінде қоғамдық өндіріске сай келетін фундаменталды категорияларды қалыптастыруға мүмкіндік тудырады. Осы категориялардың қатарында «Адам капиталы» ұғымы да бар.

Әлемдік экономикалық ғылымдардың зерттеулерінде адам капиталы түсінігі белсенді түрде қолданылады. Бұл жеке адам, оның зияткерлік әрекетінің рөлі, адамның жеке басына салынған инвестицияның жоғары болуы және оның қажеттілігі, жалпылама түрдегі адамның жеке өмірі сипатының негізгі формасы туралы айтылады. Адамның жеке тұлғасы мен өзінің қоршаған ортасына өзгеріс жасау жолында әрекет етуіне мүмкіндік беретін сапалық жақтары, күш-қуаты, мүмкіндіктері үнемі экономикалық және әлеуметтік ғылымдар назарында болды. Адам капиталы тұрайтұндай өзіндік белгілері және өзіне тән болатын айырмашылықтары анықталды. **Адам капиталы теориясы жөнінде ресейлік ғалым С.А.Дятлов бұл құбылыстардың төмендегідей ерекшеліктерін көрсетті:**

1. *Инвестициялардың адам капиталына қайтарымы оның иесінің өмір сүру мерзіміне (еңбекке қабілетті кезеңнің ұзақтығы) тікелей қатысты болады. Адамға жұмсалған салымдар неғұрлым ертерек жасалса, ол соғұрлым тезірек қайтарым жасай бастайды. Бұл жерде ескеретін бір жайт, салынған инвестициялар қаншалықты сапалы және ұзақ мерзімді болса, оның нәтижесі де сондай деңгейдегі жоғары және ұзақ уақыттық болады.*

2. *Адам капиталы тек табиғи және моральдық тозуға ғана душар болмайды, сонымен бірге ол*

жинақталу мен көбеюге де қабілетті. Адам капиталының тозуы, біріншіден, адам организмі мен оған тән психофизиологиялық қызметтердің табиғи тозу дәрежесімен, ал екіншіден, білімнің ескіруінің немесе алған білім құндылығының өзгеруі салдарынан болатын моральдық (экономикалық) тозу дәрежесімен анықталады. Адам капиталының толықтырылуы қызметкердің қайта оқу және өндірістік тәжірибе жинақтау, заманға сай біліктілікті арттыру үдерісінде жүзеге асырылады. Егер осы үдеріс үздіксіз жүрсе, онда адам капиталын пайдалану шамасына қарай оның сапасы және саны жөніндегі сипаттамалары (сапа, көлем, құндылық) жақсара түседі және өседі.

3. *Адам капиталының қорлануы, оның табыстылығы белсенді еңбек қызметінің (белсенді еңбекке қабілетті жас) жоғары шегімен шектелетін белгілі бір межеге дейін артады да, содан соң күрт төмендейді.*

4. *Капиталды жасау кезінде «екі жақты көбейткіш нәтиже» орын алады.*

Оның мәні, оқу үдерісінде тек оқитын адамның ғана емес, сонымен бірге оқытушының да мінез-демесі мен қабілеті жетіледі, өсе түседі, ол кейіннен білім алушының да, сондай-ақ, оқытушының да табыстарын өсіреді.

5. *Адамға жасалатын инвестициялардың барлығы бірдей адам капиталының салымдары болып таныла бермейді. Бұл ретте, тек қоғамдық мақсатқа сай және экономикалық қажеттіліктерді өтейтін түрі ғана осындай жұмсалымға жатады. Мәселен, қылмыстық әрекетке байланысты шығындар адам капиталына жасалатын инвестициялар болып саналмайды, өйткені олар қоғамдық тұрғыда мақсатқа сай емес және қоғам үшін зиянды.*

6. *Адамға жасалатын салымдардың сипаты мен түрлері тарихи, ұлттық, мәдени ерекшеліктерден және дәстүрлерден тарайды. Мәселен, білім деңгейі мен балалардың мамандық таңдауы едәуір шамада отбасылық дәстүрлерге және олардың ата-аналарының білім деңгейіне байланысты болады.*

7. *Капиталдың өзге әр түрлі нысандарына жасалатын инвестициялармен салыстырғанда адам капиталына жұмсалатын инвестициялар жеке дара тұрғысынан да анағұрлым пайдалы. Себебі, одан алатын пайданың көрсеткіші жоғары болып табылады [3].*

Адам капиталына қажетті параметрлер өмірге қажетті барлық салаларды қамтиды. Сондай-ақ оның ғаламдық сипаттағы өзгерістердің әсерінен модернизациялауға ұшырайтынын ескеру қажет. Жаһандану дәуіріндегі өзгерістер жүйесінің элементтерін өзгертуге болады. Олар: ғылым мен мәдениет, өркениет пен дін. Адам жаһандық өзгерістер әсерінен үздіксіз дамуға ұшырайды. Бұған әлемдік сипатта өркениет пен дін, ғылым мен мәдениеттің дамуы кеңінен әсер етеді.

Жаһандану дәуірінде адам өз өмірін «дәл осы жерде және осы уақытта» сипатында қабылдай алатын дәрежеде болуы, оның жоғарыда аталған төрт параметрі, яғни өркениет, ғылым, мәдениет, дін ұғымы үнемі дамып отыруы керек. Ондай болмаған жағдайда, адам жеке тұлға ретіндегі қалыптасу жолындағы бәсекелестік қабілетінен айрылады. **Адам капиталының жаһандану дәуіріндегі өзгерістерге бейімделуі оның бойынан табылатын бірқатар белгілерге тән болады:**

- оқуға деген қабілеттілігі;
- өмірлік көзқарасы;

- өмір сүру салты
- өмірлік ұстанымдары.

Адам капиталының ғылыми-тәжірибелік маңыздылығы халықаралық дәрежеде әлеуметтік-экономикалық сала ғалымдарының берген бағасы арқылы сипатталып, өзіндік баға беріледі. Адам капиталын бағалаудың нақты нәтижесі оның бойындағы жеке қасиеттерін психологиялық тұрғыдан қажетті өлшемдерін қолданбай, өз кезегінде қалыптасқан мәліметтері сай келмейді. Түрлі ұйымдарда адам және оның мүмкіндіктерінің даму бағытын анықтайтын арнайы психолог мамандардың болмауы, адам капиталы мәселесінің теориялық және практикалық мәнін ашып көрсетілмеуімен түсіндіруге болады [4].

Адам капиталы ұғымының төрт түрлі психологиялық қасиеті зерттелген (В.А.Ганзен): жұмысқа қабілеттілігі, оқуға қабілеттілігі, өмір сүру қабілеттілігі, инновацияларға қабілеттілігі.

1. *Индивидтің сипаттамаларының жиынтығы адамның өмір сүруге қабілеттілігінің көрсеткіші ретінде саналады.*

2. *Субъект сипаттамаларының жиынтығы адамның жұмыс істеуге қабілеттілігінің көрсеткіші ретінде саналады.*

3. *Тұлғаның сипаттамаларының жиынтығы адамның экономикалық-саяси инновацияларға қабілеттілігінің көрсеткіші ретінде саналады.*

4. *Жеке тұлғаның сипаттамаларының жиынтығы адамның оқуға қабілеттілігі ретінде саналады.*

Жұмыс қабілеттілігі, оқуға қабілеттілігі, өмір сүру қабілеттілігі, инновацияларға қабілеттілігінің көрсеткіштерінің жиынтығы адам капиталы қасиеттерінің интегралды көрсеткішін береді (АҚЖИК) [5].

Адам өзінің қоршаған ортасында қалыптасқан инновациялық өзгерістерге бейімделуі оның қабілеттігін көрсетеді. Бұл ретте, қоршаған ортадағы инновацияларға бейімделу қабілеттілігі көрсеткіштерінің ең маңыздысы – әлеуметтік сипаттағы жеке тұлғаның психологиялық бейімделу потенциалы (ТБП), ол жеке тұлғаның бейімделу мүмкіндігін, психологиялық және әлеуметтік даму көрсеткішінің ерекшеліктерін анықтайды және осыған орай психологиялық және физиологиялық, сондай-ақ әлеуметтік сипаттамалардың негізінде бағаланады.

Адам капиталының өзіне тән ерекшеліктері бар. Олар төмендегідей жіктеледі:

- адам капиталы қазіргі қоғамның басты құндылығы, сонымен қатар елдің экономикалық сипаттағы өркендеуінің басты факторы;
- адам капиталын қалыптастыру қоғамның және жеке адамның тарапынан бірқатар шығындарды талап етеді;
- адам капиталы тұлғаның қабілеті мен дағдыларының жиынтығы немесе қоры ретінде танылады;
- адам капиталы қалыптасқан жеке тұлғаның сипатын қарастыру жағдайынан бөлінбейді.

Жалпылай алғанда, адам капиталы жеке тұлғаның өмір сүруі мен және дамуы деңгейінің басты факторы болып танылады. Оған жоғары дәрежеде дамуы үшін арнайы инвестициялар керек. Мысалы, білім беру, кәсіби тәжірибесі, денсаулығы, географиялық орналасуы, т.б.

Адам капиталын экономикалық даму факторына салынған инвестиция түрінде қарастыру, қазіргі уақытта тұтынушы немесе тұлғаның білім алу үдерісінде ерекше даму жолын қалыптастырады. Халықаралық нарықта орын алған мемлекеттер білім беру деңгейін

сапалы түрде ұйымдастыруға мүмкіндік береді. Ұлттық білім беру жүйесінің даму көрсеткіші мемлекеттің саяси-экономикалық шарттарымен қоса, әлемдік экономика сипатымен де байланыс орнатады. **Адам капиталын қалыптастырушы фактордың өзін 4 топқа бөлуге болады:**

1) *генетикалық, әрбір адам ата-анасынан ген арқылы берілетін белгілі бір табиғи қабілеттерімен туылады;*

2) *тәрбиелік, балалар тәрбиесіне жұмсалатын уақыт пен игілік. Ата-аналардың білім деңгейі үлкен әсер етеді: жоғары білімді әйелдер балаларының тәрбиесіне орта арнайы білімді адамдармен салыстырғанда 1,4 есе, ал орта білімді адамдармен салыстырғанда 1,6 есе көп уақыт жұмсайды;*

3) *білімділік, отбасындағы табыс көлемі баланың білім алу мүмкіндігін анықтайды;*

4) *адам капиталы жекелеген шығындардың, мемлекеттің, фирмалардың салымдарының нәтижесінде реттеледі.*

Адам капиталын қалыптастыруға әсер ететін факторларды әлеуметтік-демографиялық, институционалды, интеграциялық, әлеуметтік-менталдық, экологиялық, экономикалық, өндірістік, демографиялық, әлеуметтік-экономикалық өзіндік топтарға біріктіруге болады. Осылайша, адам капиталы мәселесі, ұлттық, аймақтық, салалық деңгейлерде, сондай-ақ кәсіпорын деңгейінде және жеке тұлғаның деңгейінде ескерілуі тиіс [6]. Макроэкономикалық деңгейде адам капиталы аймақтың, мемлекеттің білім беру жүйесіне, кәсіби дайындығына, біліктілігіне, денсаулығын жақсартуға т.б. жұмсалған үлесін қарастырады. Өндірістік деңгейде қарастыра берсек, адам капиталы факторы оның барлық жұмыскерлерінің біліктілігі мен жұмысқа деген қабілеттілігінің жиынтығы есебінде танылса, жеке тұлғаның деңгейінде – білім, біліктілік, тәжірибе және басқа да адам баласының өз өміріне қажетті кіріс табуға мүмкіндік беретін кәсіби дайындығы мен практикалық тәжірибесі ескеріледі.

Макроортаның негізгі факторлары ретінде демографиялық, экономикалық, табиғи, ғылыми-техникалық, мәдени қоршаған аумақты қарастыруға болады.

Ұлттық деңгейдегі адам капиталының қалыптасуы мен дамуына әсер ететін факторлар:

- Мемлекеттің экономикалық дамуының деңгейі;
- Экономикалық дамудың тарихи кезеңдерінің ерекшеліктері;
- Ағымдағы жүріп жатқан экономикалық саясаттың ерекшеліктері;
- Мемлекеттің қаржылық жүйесінің жалпы жағдайы мен ерекшеліктері.

Ал, Қазақстан Республикасындағы адам капиталының жағдайына әсер ететін негізгі ықпал етуші аймақтық факторлар:

- экономикалық-географиялық орналасуы;
- табиғи-климаттық жағдайы;
- табиғи-ресурстық әлеуеті;
- тұрғындардың демографиялық әлеуеті және құрылымы;
- шаруашылық мамандануы мен құрылымы;
- қаржылық ауқаттылығы;
- аймақтың әлеуметтік-экономикалық дамуы деңгейі.

Ұлттық және аймақтық деңгейдегі сыртқы орта факторларын екі негізгі топқа бөліп қарастыруға болады: тікелей және жанама ықпалдағы факторлар. Тікелей ықпал етуші факторларға еңбектік, қаржылық, ақпараттық, материалдық, т.б. ресурстарды ұсыну-

шылар мен тұтынушылар, бәсекелестер жатады. Жанама ықпал етуші факторларға экономикалық тұрақтылықты арттыратын немесе керісінше кемітетін факторлар рөл атқарады. Бұл топқа елдегі экономиканың, табиғи жағдайдың, әлеуметтік-экономикалық, нормативті-құқықтық факторлар жатады [7].

Еліміздегі адам капиталының құндылығына ықпал ететін ең маңызды фактор – қазіргі жаһандану заманындағы модернизация. Себебі, ол адам капиталының дамуына, сапасының артуына тікелей әсер ететін, кәсіби біліктілік деңгейін өзгертетін, инновациялық қызмет аясымен тығыз байланысты. Білім беру экономикасы деңгейіне өту барысында негізгі басымдылық интеллектуалды еңбек етуші мамандықтар үлесіне келеді. Бұл ретте инновациялық экономика – білім беру және жоғары сапалы адам капиталын қалыптастыру кезінде тиімді болатын жаңаша инновациялар (патенттер, лицензиялар, ноу-хау, сырттан әкелінген немесе іште өндірілген жаңа технологиялар) экономикасы. Алайда, тиімді, заман талабына сәйкес білім жүйесі, инфрақұрылымы және бәсекеге қабілетті еңбек нарығы болмаған жағдайда тиімді инновациялық жүйеге, білімнің сипатына сай келер экономика қалыптастыру мүмкін болмайды.

Адам факторының жаңа белеске көтерілуін біршама уақыт аралығындағы жеке тұлғаның істеген істері мен атқарған еңбегінің нәтижесіне орай, оны әлеуметтік және психологиялық аспектілері тұрғысынан талдау жасау қажет. Осындай кезде кез келген кәсіпорын өзінің экономикалық мүмкіндіктері мен техникалық сипаттағы жабдықталу деңгейінің өсуін ғана емес, сонымен қатар, қызметкерлерінің біліктілігі сапасын арттыру мақсатында жаңадан қалыптасқан білім беру жүйесін қолдана отырып, өз қызметкерлерінің ойлау қабілетін ерекшелеп, жаңа сападағы адам факторын қалыптастырады. Осы ретте байқайтынымыз, адам капиталы жинақталған сонымен қатар, белгілі бір дәрежеде инвестициялар салу арқылы мамандардың біліктілік дәрежесінің өсуіне жол беретін, қоғамның дамуына әсер ететін белгілі бір саланың жұмысына қолданылып, өндірістегі еңбек сапасының артуына әсер ететін және ең басты негіздеме – қызметкердің еңбек табысының артуына

ықпал ететін денсаулығының, білім сапасының, дағдылары мен қабілетінің, алға жетелейтін мотивациясының қоры ретінде қалыптасады.

Мемлекет ішінде сапалы адам капиталын қалыптастыру қазіргі уақыттың талабы, алға қойылған стратегиялық жоспарын жүзеге асыру бағытында нақты әрекет ету үшін өте қажет фактор. Соған орай, оған бөлінетін инвестиция көлемі де тиісті дәрежеде жоғары болуы тиісті. Жеке тұлғалар еңбек нарығының талаптарына сай өз білімдерін жетілдіріп, үнемі біліктілікті дамыту үстінде болғандары жөн. Бұл олардың еңбек нарығындағы сұранысын және де жеке басының сапасын арттырады.

Адам капиталы түсінігінің жалпылама және жүйеленген түрдегі белгілері: адамның білімі, сонымен қатар біліктілік деңгейі, дағдысы, шеберлік деңгейі, кәсіптік қызметіндегі жан-жақты дайындығы; адамның өз ортасындағы мобильділігі, абыройы мен денсаулығы; шығармашылық мүмкіндіктері және т.б. құндылықтар болып табылады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Экономикалық теория. Құрастырушысы –Құрманбаев С.Қ., Аитимова Ш.Т., Молдакенова Е.К. Алматы, 2011. - 334 б.
2. **Мамыров Н.Қ., Акчура Ф.** Қазақстандағы адам дамуы. Алматы: «Taimas Printhouse». 2004., - 412 б.
3. Адамның дамуы // <https://7kun.kz/adam-damuy-ekonomika/> Дятлов С.А. Теоретические и методические аспекты исследования влияния образования на экономический рост // Экономика образования. № 4. 2015.- С. 29-33.
4. **Бреслав Л.Б.** Человеческий капитал: организация и эффективность накопления в условиях формирования рынка труда. СПб. ОАО «ПФЛ», 2002. – 162 с.
5. **Ганзен В.А.** Системные описания в психологии. - Л.: ЛГУ, 2013. – 176 с.
6. **Матвеева Т.Ю.** Введение в макроэкономику [Текст]: учеб. пособие/ Т.Ю.Матвеева; Гос.ун-т - высшая школа экономики. - 3-е изд. - М.: Изд.дом ГУ ВШЭ, 2009. - 510 с.
7. **Оношова И.В.** Факторы обеспечения конкурентоспособности человеческого капитала в современной экономике // Вестник университета «Туран». - 2012. - №4 (56). - С. 95-98.

FTAMP 05.41.03

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ІШКІ КӨШІ-ҚОН АХУАЛЫ

**Ерке КОНБАЙ,
Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік
университеті, Ақтөбе қаласы, Қазақстан**

Демографиялық саясаттың құрамдас саласы – көші-қон. Көші-қонның өзі сыртқы және ішкі көші-қон болып бөлінеді. Сыртқы көші-қон негізінен алыс-жақын елдердегі этникалық қазақ диаспорасын туған жеріне көшіріп алу, мүмкіншілігінше қазақтардың аз қоныстанған аймақтарына орналастырып азаматтық алу, материалдық, әлеуметтік жағынан қамтамасыз ету.

Тәуелсіздік жылдарында Қазақстанда көші-қон мәселесі Қазақстан үкіметінің 2008 жылы 2 желтоқсанда қабылданған «Нұрлы көш» бағдарламасының негізінде іске асып келеді. Бұл бағдарла-

маның негізгі мақсаты – шеттегі қандастарымызды қабылдап, қоныстандыру болса, сондай-ақ еліміздің кейбір аймақтарында халықтың тығыз орналасуына байланысты жұмыссыздықтың пайда болу, әлеуметтік жағдайдың төмендеуі, ал кейбір аймақтарда жұмыс күшінің жетіспеуін реттеу еді. Демек, көші-қонның екі жағы бар екен. Әр көші-қонның өз проблемасы мен міндеттері және оларды шешудің жолдары бар. Біздің мақсатымыз ішкі көші-қон туралы болмақ.

Тәуелсіздік алғалы бері Қазақстандағы демографиялық саясатты зерттеуге толықтай мүмкіндік туды. Осы бағытта демография ғылымына айтар-

лықтай үлес қосылды. Олардың ішінде академик М.Қ.Қозыбаевты, М.Х.Асылбеков, Ә.Ғали, М.Б.Тәтімов [1] сынды ғалымдарды атауға болады.

Ішкі көші-қонның елдің демографиялық саясатына әсері зор. Қазіргі таңда Қазақстанның кейбір өңірлерінде халық өсімі шапшаң жүріп жатса, енді бір өңірлерінде, керісінше, тұрғындардың өсімі баяулай түскен. Бұлардың өзі өңіраралық миграцияға теріс көзқарас қалыптастырып отырғаны анық ішкі көші-қон ерікті түрде жүзеге асуы керек. Заңсыз көші-қонның ербуі өңірлерде халықтың әлеуметтік қарсылығын туғызады. Сол себептен де үкімет Қазақстандағы көші-қон саясатына жаңа мазмұн беретін жұмыстарды қолға алуда. Оның ең бастысы ішкі миграцияны жолға қойып, оңтүстіктен солтүстікке қоныс аударудың демографиялық, әлеуметтік-тұрмыстық жайларын реттеу. Ондағы мақсат – ел азаматтарын ерікті түрде еңбек ресурсы тапшылығы сезіліп отырған аудандарға қарай экономикалық тұрғыдан оңтайлы етіп орналастыру. Соның ішінде ішкі көші-қон үрдісіне қатысатын халықтан бастап, этникалық көшіп келушілерді, яғни оралмандарды да орналастыру күн тәртібіндегі өзекті мәселенің бірі болды.

Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігі миграциялық үдерістерді орнықты ету үшін арнайы заң қабылдады. 2012-2017 жылдар аралығында елдің демографиялық ахуалына жүргізілген болжамдарға сүйенсек, Қазақстан халқының саны 2030 жылға қарай 20,3 млн адамнан асады екен. Сөйтіп, 2012 жылмен салыстырғанда 2030 жылы Қазақстан халқының саны 3,3 млн адамға немесе 20 пайызға өсетіні болжанған. Ал, әлемдік демографиялық болжамдар керісінше, 2030 жылға қарай дамыған елдерде халықтың өсімі баяулап, бұл көрсеткіш 6-3 пайызды құрайтынын көрсетіп отыр. Егер осы болжам іс жүзіне асса, Қазақстан халқының өсуі қарқынды болатыны қуантады. Халықтың қарқынды өсуінен елдің өңірлік құрылымдарына орналастыру проблемасы туындайды. Жоғарыда келтірілген 20,3 млн адамның басым бөлігі немесе 52,7 пайызы негізінен еліміздің бес өңіріне шоғырланады екен. Мәселен, қазіргі үрдіспен айқындалатын болжам бойынша, 2030 жылға қарай Алматы облысында 2,5 млн, Жамбыл облысында 1,249 млн, Оңтүстік Қазақстан облысында (қазіргі Түркістан облысы) 3 млн 660 мың, Астана мен Алматы қалаларында 3,3 млн адам болмақ. Яғни, бүкіл Қазақстан халқының 10 миллионнан астамы бүгінгідей қарқынмен өсе берсе, жоғарыда аталған бес өңірдің тұрғындары көбейіп [2], керісінше осы кезең ішінде Ақмола, Қарағанды, Қостанай, Павлодар, Солтүстік Қазақстан облыстарында халық саны кеми түсетіні болжанған. Бұл дегеніміз көші-қон үдерісін өзгертпесек, онда оңтүстік өңірлерде туу және басқа аймақтардан қоныс аударуға байланысты халық саны артып, ал солтүстік өңірлерде төмендей беретіні ақиқат. Демек, оңтүстік өңірлерде еңбекке қабілетті адамдар саны арта түссе, ал солтүстік облыстарда жұмыс күшінің жетіспеушілігі туындап отыр және туындай береді.

Қазақстан үкіметі 2018-2022 жылдарға арналған өз еркімен қоныс аударушыларды ынталандыру, ішкі көші-қон саясатын жүзеге асыру мақсатында «Оңтүстік-Солтүстік» жобасын дайындап, рет-ретімен іске асыруда. Себебі Республикамыздың солтүстік облыстары (Солтүстік Қазақстан, Шығыс Қазақстан, Қостанай, Павлодар) халқының саны жыл сайын кеми түсуде. Ресми деректерге жүгінсек, соңғы бес-

алты жылдың көлемінде оңтүстікте халық саны 272,8 мыңға немесе 24 пайызға артып, бүгінде тұрғындар 2861,3 мың адамға (оның ішінде жұмыссыздар саны 62,7 мың) жетті. Сөйтіп, республика халқының 16,1 пайызын құрап отыр. Ішкі көші-қон (миграция), яғни халықтың бір облыстан көшуі мен екінші облысқа келуі барысындағы айырмашылықты қоса алғандығы көрсеткіштің өзі өсу динамикасын байқатады.

Әрине, еліміздегі әзірше үшінші мегаполис (Алматы мен Астанадан кейінгі) болуға ұмтылған және бүгін оған қол жеткізген (қала халқының саны бір миллионнан асты) Шымкент халықтың шоғырлана түсуі заңды құбылыс. Шымкент қаласына қоныс тебушілер қатары көбейіп, бүгінгі таңда тұрғын үй салуға жер телімін алуға 173 мыңнан артық адамның өтініші тіркелсе, 49 мыңға жуық адам баспана кезегінде тұр. Осыған әлі де болса құжаттарын тіркеуге тұрып үлгермегендерді қосыңыз. Өңірдің экономикалық белсенді немесе еңбекке қабілетті халқының жұмыспен қамтылғаны 1147,2 адам екен. Оның құрамында өздігінше жұмыспен қамтылғаны 502,8 мың адамнан асады.

Облыста ішкі көші-қонды реттеу бойынша бірнеше ауданда қоныс аударуға ниетті адамдарды анықтау шаралары жүргізілді. Оған 5780 азамат қатысып, 672 отбасы (2019 отбасы мүшелерімен) қоныс аударуға ниет білдіргендері анықталды. Осы азаматтардың 1008-і еңбекке қабілетті болса, олардың 116-сы ауыл шаруашылығында, 98-і кәсіпкерлікпен, 794-і мемлекеттік кәсіпорындарда жұмыс істеуге талап танып отырғандары анықталды. Нәтижесінде ерікті түрде қоныс аударуға 618 мүшесі бар 177 отбасының тізбесі анықталған [3].

Түркістан облысы статистика департаментінің мәліметі бойынша, **2017 жылдың 1 қазанына дейін өңірде тұратын халықтың саны 2914054 адам екен.** Бұл республика халқының алтыдан бірі түркістандықтар деген сөз. 2017 жылы 2016 жылмен салыстырғанда облыс халқының саны 1,2 пайызға немесе 34023 адамға көбейген. Осы қарқынмен өсім жалғаса берсе, алдағы бір-екі жылда облыс халқының саны 3 миллионға жетеді деген болжам жасауға болатын сияқты. Салыстырмалы түрде алсақ, республикада бір шаршы шақырымға 6,6 адамнан келсе, оңтүстікте бұл көрсеткіш 24,8-ге жетіп отыр.

Статистердің мәліметінше, оңтүстіктің демографиясындағы оң өзгерістерге табиғи өсім мен көші-қон әсер етіп отыр. Облыста 2017 жылдың тоғыз айында халықтың табиғи өсімі 47917-ге жеткен. Бұл өткен 2016 жылдың осы кезеңімен салыстырғанда аз болғанмен, Түркістан облысы республика бойынша туу көрсеткішінен бірінші орында болды. 2017 жылдың тоғыз айында республикада дүниеге келген сәбилердің 20,2 пайызы немесе 59061-і оңтүстіктің еншісіне тиді. Өңірдегі табиғи өсімнің жақсаруына ана мен баланың денсаулығын қорғау бағытындағы жұмыстардың да оң әсері тиіп отыр.

Соңғы жылдары оңтүстікке қоныс аударушылардың саны да артып келеді. Тек, 2017 жылы өңірге өзге облыстардан қоныс аударушылардың саны екі есе өссе, ТМД елдерінен көшіп келгендердің саны 22 пайызға артқан. Ел халқының қазір 38 пайызы оңтүстік облыстарда (Түркістан, Жамбыл, Алматы, Қызылорда) тұратынын, егер мұндай жағдай одан ары сақтала берсе, онда болжамға сәйкес, 2050 жылға қарай оңтүстік өңірлердің халқы 5,2 млн адамға жетіп, солтүстік өңірлердің халқынан төрт есеге асып

түсетінін білуге болады [4].

Демография ғылымы, тіпті демографиялық саясат өткен ғасырдың 60-жылдарының ортасына дейін қазақ қоғамы мен казак ұлты үшін беймәлім тақырып болды. Ең алдымен ұлттың өз демограф мамандары болған жоқ. Бұл орайда Мақаш Тәтімовтың айтарлықтай еңбегі сіңгенін жалпы қазақ біле бермесе де, ғалымдар біледі, хабардар. Ғалымның пікірі бойынша, қазақ ұлтына байланысты демографиялық мәліметтер XIX ғасырдың басынан бар. Бірақ оны жүргізген, санағын алған қазақ ұлтының өз өкілі емес, бөтендер, орыстар. Олар «екінші сортты» ұлттардың демографиялық көрсеткіштерін әдейі кемітіп көрсетуге тырысқан.

Демограф Өмірзақ Мұқайдың 1913 жылы баспадан шыққан «Туркестан: краткое географическое описания» деген кітабында түркі халықтарының саны туралы төмендегідей мәлімет берген: Сонда бірінші орынға, әлбетте Осман түріктері, ал екінші орында сол кездің өзінде 4 миллион 600 мың болған қазақтар тұрған екен. Өзбектердің саны сол кезде бар-жоғы 900 мыңдай ғана болған [5,137-б.]. Миллионға толмайтын өзбек этносы қазір 30 есе өсіп, 33 миллионнан асты деген деректер айтылып жүр. Сонда дейміз-ау, жоғарыдағы 4 миллион 600 мыңды отыз есе көбейтсе, қазақтың саны бүгін қанша болатынын ой елегінен өткізіп көріңіз. 2017 жылдың қыркүйегіндегі деректер бойынша, Қазақстандағы барлық ұлттарды қосқанда 18074100 адамға жеткен [6]. Қазір информбюроның мәліметі бойынша, 18353818 адам [3]. Әрине, өзбек ұлтының өскенін қызғанбаймыз, бірақ ұяламыз. Барлық империялық державалар сияқты кешегі КСРО-да құрамындағы ұлттардың саяси-әлеуметтік, демографиялық мәселелеріне көңіл бөлмей, бөлмей емес-ау ақиқаттарын қасақана бұрмалап көрсетіп отырды деуге толық негіз бар. КСРО құрамында болған жылдардың ішінде қазақтың санының ең төменгі деңгейге жеткен 1979 жылы республика халқының 36,02 пайызын құраса, орыстар 40,80 пайызын құрайды. Қазақ санының республикада азаю үдерісінен 2009 жылы Тәуелсіз Қазақстанда алғашқы халық санағының қортындысы бойынша аздықтан құтылып, қазақтар 10096763 адам болып 63,1 пайызын құрады. 1991 жылы 40 пайызға жетер-жетпес (39,69 пайыз) болса, қазір 70 пайыздан асты [6].

Қазақта «көп қорқытады, терең батырады» деген мәтел бар. Халықтың өскені дұрыс. Бірақ, жер шарында адам саны күрт өсіп кетсе ше? Ондай үдеріс байқалады. Қазақстан қазір тұрғындар саны жөнінен әлемде 63-ші орында болса, тығыздық бір адамға ілгеріде атағанымыздай 6,64 шақырым, бұл орайда еліміз әлемдік рейтингте 184-орында тұр. Демек, жеріміз кең болғанмен, халқымыз аздау.

Әлемде халықтың өсуімен байланысты планета тарлығы, оларды асырау проблемасы туындауы әбден мүмкін ғой. Әлем халқы 1990 жылы – 5,3 миллиард, 2017 жылы – 7,6 миллиард, 2030 жылы – 8,6 миллиард, 2050 жылы – 9,8 миллиард, 2100 жылы – 11,2 миллиард өсуі болжамы бар. *“Сонда жер қанша миллиард адамды асырай алады”* деген сауалдың да туындауы заңды. Әлем елдері сияқты Қазақ елі үшін де демографиялық өсімінің үлкен саяси әлеуметтік-экономикалық мәні бар деген сөз. Осы тұрғыдан алып қарағанда ұлттық демография саясатымызды оңды шешу үшін еліміздің әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштерін жоғары деңгейге жеткізуіміз қажет.

Демографиялық саясаттағы басты мәселенің бірі елдегі халық санының өсуіне тікелей байланысты мәселе дүниеге нәрестенің келуі. Тәуелсіздік алғаннан кейін дүниеге республикада 7 миллионнан астам нәресте келген. Сол 7 миллионның 1,5 миллионнан астамы оңтүстік өңірге тиесілі. Түркістан облысында 1502632, Алматы облысында 826196, Жамбыл облысында 556168 бала туылған [4]. Демографиялық саясатта жасты ұлғайту, адам өлімін азайту, халық денсаулығын арттыру, қол жұмысын азайту сияқты мәселелердің де маңызы бар.

Ішкі көші-қон бағдарламасының басты мақсаты – солтүстіктегі елдің санын қайтсек көбейтеміз, ауылдарды қалай қазақыландырамыз деген ойға жетелейді. Еліміздің оңтүстігі мен батыс аймағында халық санының өсу деңгейі байқалса, солтүстік облыстарда керісінше кему байқалады. Мысалы, кейінгі жылдарда Солтүстік Қазақстанда 15,2 пайызға кемісе, Қостанайда 3,6, Шығыс Қазақстанда 4,1 пайызға кеміген. Ал енді оңтүстік пен батыс өңірді алсақ, жағдай мүлдем басқаша. Қызылорда облысында тұрғандардың саны 19,3 пайызға молайса, Оңтүстік Қазақстанда 22,5, Маңғыстауда 42,9, Алматыда 28,4 пайызға өскен.

Қазір әлем бойынша көші-қон, **оның ішінде жастар** көші-қоны – өзекті мәселелердің бірі болып отыр. Бүгін әлемнің кез келген жеріне көшуге мүмкіндіктер бар. Тек соңғы ширек ғасырда дүниежүзіндегі көші-қон көлемі 2,5 есе өсіп, мигранттар саны 250 миллионнан асқан. Қазақстан ЕЭО елдерімен, көрші Қытай, ЕО елдерімен экономикалық, мәдени ынтымақтастықты болуымен еңбек нарық, білім, ғылым дипломдарын өзара мойындау, т.б. келісімдерді жүзеге асырып келеді.

Көші-қонның негізгі қатысушылары – 16 мен 35 жас аралығындағы жастар. Орталық Азия елдері бойынша, 2017 жылы Қазақстанда 14 – 29 аралығындағылар халықтың 33 пайызын, Өзбекстан мен Пәкістанда 18 – 24 аралығындағылар халықтың 31 пайызын құраған [7.43-б.]. Көші-қонда халықтың осы бөлігі белсенділік танытып, аталған елдердің жастары өзара ынтымақтастыққа бейім екенін көрсеткен. Бүгінгі таңда мигранттар саны күн сайын артып келеді. Оған негізгі себептер: туу көрсеткіші жоғары мемлекеттердің тұрғындары туу көрсеткіштері төмен елдерде жұмыс табу, білім алу мүмкіндіктеріне қол жеткізу.

Ішкі көші-қон бағдарламасының іске асуы Үкімет тарапынан соңғы жылдан бері қолға алынып жатқаны белгілі. Бұл бағдарламаны жоспарлы түрде жүргізіп, аяқсыз қалып қойып жүрмесе қоғам тірлігі үшін аса қажеттілігі айтпаса да белгілі. Біріншіден, халық өте тығыз орналасқан оңтүстік өлке әлеуметтік жағынан біраз жеңілденіп қалар еді. Екіншіден, ежелден қандастарымыз аздау қоныстанған терістіктегі аймақ әжептәуір қазақыланып, бұл жақтағы рухани тірлік жаңғырып, келешекте терістік өңірдің еңбек ресурсына да әсер етеді деген сөз. Оқырмандарға түсінікті болу үшін халықтың қоныстануы жайлы мәліметтер келтірелік. Түркістан облысында бір кентте немесе үлкен бір ауылда 15-30 мыңға дейін адам тұрса, солтүстік облыстардың кейбір аудандарында 15-20 мың, тіпті оданда аз халық тұрады. Мысалы, Павлодар облысының Май ауданында 12 мыңға жетер-жетпес халық тұрады екен. Бұған қоса әр жыл сайын терістік өңірдің аудандарында ауылдар тарап кетіп жатыр. Олардың басым көпшілігі – қазақ ауылдары. Осы

қазақ ауылдарын жандандыру ниетімен солтүстік өңірдегі облыстар өздерінің мүмкіншіліктерін есептеп, оңтүстіктен қанша адам қабылдайтындарын анықтап, оңтүстік аймақтарға өкілетті делегациялар жіберіп, жергілікті халықпен кездесулер өткізуді ұйымдастырып, оларға көшіп барғанда кездесетін қиыншылықтарды жасырмай жеткізіп отыруды әдетке айналдырған.

Жаңа қоныстанған аймақтарда кездесетін қиыншылықтар жер, тұратын баспана болса, алған жеріңді өңдеп, оны пайдалану үшін техника мен егістік тұқымы, басқадай да қажеттіктер туындайды. Оны сатып алуға қаражат керек екені белгілі. Тағы бір оңтүстік адамдары үшін қиындық – солтүстік өңірдің суығына, құбылмалы ауа райына бой үйрету. Оңтүстік пен солтүстіктегі тірлік екі басқа. Шымкентте өткен қоныс аударушылардың жәрмеңкесіне қатысушылардан 110 адам Павлодар облысына көшуге ниет білдірді. Олардың 52-сі Мақтарал, 33-і Сарыағаш аудандарынан еді [4].

Солтүстікке қоныс аударушылар үшін Солтүстік Қазақстан, Ақмола, Павлодар, Қостанай, Шығыс Қазақстан облыстары белгіленсе, ал оңтүстіктен қоныс аударушылар үшін Оңтүстік Қазақстан, Жамбыл, Қызылорда, Маңғыстау облыстары белгіленді. Осы облыстар көші-қон бағдарламасы аясында делегациялар алмасып, бос орындар жәрмеңкесін өткізіп, біраз жұмыстар атқарған. Осының нәтижесінде Солтүстік Қазақстан облысына Алматы, Оңтүстік Қазақстан, Жамбыл облыстарынан 2015 жылы 12 отбасы көшіп келсе, 2016 жылдың жарты жылында 83 отбасы, барлығы 362 адам көшіп барған. Олардың 78 отбасы Оңтүстік Қазақстаннан, Алматы облысынан – 3 отбасы, Жамбыл облысынан – 2 отбасы. Жергілікті билік бұларға 38496 көтерме қаржы бөлген [6].

Қоныс аударушылардың жас шамасы мен мамандықтары да әртүрлі. Араларында жұмыскерлер, мұғалімдер, медицина саласының мамандары бар. Олардың бәрінде тірлік жасауға деген талпыныс күшті дейді жергілікті халық. Мысалы, 2015 жылы бір отбасы қаздың 100 балапанын сатып алып, 2 сиырды қарызға алып, балапандарды өсіріп сатып, екі сиырдың қарызынан құтылса, 2016 жылы 2 миллион теңге несие алып, тағы 9 сиыр, 400 балапан сатып алған.

Солтүстік Қазақстанда оңтүстіктен еліміздің азаматтарын қоныстандыру жоспар бойынша 2019 жылы – 600, 2020 жылы – 1000, 2021 жылы – 1400 отбасы. Оларға арнап баспана тұрғызылмақшы. Болашақта қоныс аударып көшіп келген қызметкер мен жұмыс беруші арасында 20 жылға ұшжақты келісімшартқа қол қою көзделген. Қоныс аударушыға бес жыл өткеннен кейін тұрғын үйді жекешелендіріп алу құқығы беріледі. Осы уақыт ішінде жалға алу төлемін жасау ұсынылады. Бұл шамамен 10 мың теңгені құрайды. Келесі 15 жылда төлем шамамен 20 мың теңге болады және ол негізгі қарызды өтеу құнына кіреді [6].

Солтүстікке қоныс аударуда Маңғыстау облысы да шет қалмаған. Еліміздің солтүстік өңірлеріне қоныс аударушылар үшін ҚазАқпараттың дерегі бойынша 156 квота бөлінген. Өңірде 2017 жылы басталған «Нәтижелі жұмыспен қамту және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған бағдарламасы» аясында 70-тен астам отбасы өзге өңірлерге қоныс аударған. 2018 жылда солтүстік өңірлердегі 27 жұмыс беруші мекемелер

білім беру, денсаулық сақтау, мемлекеттік басқару, ауылшаруашылық және құрылыс салалары бойынша 2430 бос жұмыс орын ұсынып отыр. Мұнайлы елдің тұрғындарының көпшілігі Солтүстік Қазақстан, Қостанай, Павлодар және Шығыс Қазақстанға көшкен [7].

Қазіргі демографиялық көші-қон үдерістері сақталса, алдағы бес жылда солтүстік облыстарда еңбекке жарамдылар **167 мыңнан астамға азаюы мүмкін**. Ал оңтүстік облыстарда еңбек ресурсы, халықтың саны көбейіп жатыр. Республикадағы демографиялық ахуалды шешу үшін 2018-2021 жылдары оңтүстік өңірден солтүстік өңірге 59 мың жанұяны көшіру жоспарланып отыр.

Деректерге сенсек, 2017 жылдың тоғыз айында оңтүстіктен солтүстікке көшіру бағдарламасы бойынша 114 отбасы, яғни 461 адам солтүстікке қоныс аударып, жұмыспен қамтылған. Мұның сыртында тағы 1200 отбасы оңтүстіктен көшуге ниет білдіріп отыр.

Қоныс аудару бағдарламасында түйіні тарқамаған, түйткілдері бар мәселелер де бар. Осылардың ең бастысы – келген жеріндегі баспана мәселесі. Қоныс аударушылар, әрине, жағдайға түсіністікпен қарап, біреулері баспананы жалдап тұрып жатса, екіншілері бұрынғы тұрған жеріндегі баспаналарын сатып, шағын да болса үй сатып алған, үшіншілері тума-туыстарында уақытша тұрып жатқан жағдайлары бар.

Бұл көш – Қазақстан үшін аса маңызды тарихи оқиға. XX ғасырдың басында атақты Столыпиннің аграрлық реформасынан кейін ішкі Ресейден қоныс аударушылар қазақтың осы бір шұрайлы аймақ, қоғалы көлдері мен суларын күштеп тартып алып еді. Енді міне, бір ғасырдан астам уақыт өткенде бауырларымыз өз жеріне иелік ету үшін, ол жерді гүлдендіріп, тіршілігін жасау, тұрмысын жақсарту үшін солтүстік өңірге орныға бастады. Бұл – Тәуелсіздіктің жемісі.

Тәуелсіздік жылдары ішкі көші-қон сияқты мемлекеттік маңызы зор мәселенің оң шешім табуына іргелі қадамдар жасалып, көштің көлікті болуының ұтқыр жолдарының жан-жақты ойластырылуы өз нәтижесін беріп келеді деген қорытынды жасауға болады.

АННОТАЦИЯ

В статье рассматривается демографическая политика в Казахстане, связанная с переселением с юга на север республики, в связи с нехваткой рабочей силы. Переселение этнических групп населения в северном регионе в соседнюю Россию и Европу. Рассматривается вопрос сокращения численности населения и рождаемости в Южном и Западном регионах Казахстана.

Анализируется проблема трудоустройства и образования жителей регионов с высоким уровнем рождаемости по прогнозом демографической ситуации с 2012 по 2017 годы мигрирующих в страны с низким уровнем рождаемости. Упомянуты преимущества государственных программ по улучшению социально-экономических условий мигрирующих на север.

Ключевые слова: демография, переселение, юг, север, семья, хозяйство, местопребывание.

The article discusses the demographic policy in Kazakhstan, associated with the relocation from south to

north of the republic, due to the lack of labor. Relocation of ethnic groups in the northern region to neighboring Russia and Europe. The issue of population reduction and fertility in the regions of Southern and Western Kazakhstan is considered. Predicting the demographic situation in the country between 2012 and 2017, the population with high birth rates will focus on finding work and gaining access to education for people with low birth rates. The advantages of government programs to improve the socio-economic conditions of those who migrated to north are mentioned.

Key words: demography, resettlement, south, north, family, household, location.

ӘДЕБИЕТТЕР

1.Қозыбаев М.К. Демографические исследования в Казахстане: итоги и перспективы. // Вестник НАН РК, 1991, №11. Асылбеков М.Х., Галиев А.Б. социально-демографические

процессы в Казахстане (1917-1980 гг.). Алма-Ата. Фылым. 1991. С.192.

2.Татимов М.Б. Развитие народонаселения и демографическая политика. Алма-Ата. 1978.С.143.

3.Құдайбергенова А.И. Тәуелсіздік жылдарында Қазақстанда көші-қон мәселесінің зерттелуі. // Отан тарихы. 2011. №1.

4.Кәпқызы Е. Әрбір алтыншы қазақстандық оңтүстікте тұрады. // Жас алаш. 2017. №11.

5.Мұқай Ө. Ұлт "қартайып" бара ма?. // Жас алаш. 2017.№14.

6.Сайт. <https://www.inform.kz>.

7.Мұқай Ө. Туркестан: краткое географическое описания. Наука. Алматы.2019. №3.

8.Байбосын С. Оңтүстіктен солтүстікке көшіп келген ағайындарымыз тіршілікке кірісіп кетті. // Егемен Қазақстан. 2016.№7.

9.Ерімбетова Қ., Бақытжан М. Қазақстандағы көші-қон және жастар мәселесі. // Қазақ тарихы. 2018. №5.С.180.

ПРОФЕССОР ӘБУ ТӘКЕНОВТІҢ ТУҒАНЫНА – 90 ЖЫЛ!

ТАРИХШЫ-ҒАЛЫМ ӘБУ ТӘКЕНОВ және отандық тарихты жаңаша зерделеу мәселелері

Ұзақбай ИСМАҒҰЛОВ,
тарих ғылымдарының докторы,
Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік
мемлекеттік университетінің доценті

Тәуелсіздікке қол жеткізу саяси, әлеуметтік-экономикалық және рухани-мәдени өмірімізге зор өзгерістер әкелгені белгілі. Әсіресе, қоғамдық-гуманитарлық ғылымдарда, оның ішінде тарих ғылымында жаңа бір серпін пайда болды. Күн тәртібінде тарихтың, әрине, тәуелсіз Қазақстан тарихының жаңа теориялық-методологиялық негізін қалыптастыру, осы жолда тарихымыздың бұрын жабық жатқан «ақтаңдақ» беттерін толтыру, тың деректер мен материалдарды ғылыми айналымға тарту арқылы кеңестік тарихтағы оқиғаларды жаңаша зерделеу, кезінде «халық жауы» ретінде жалған айыпталған, жазаланған ұлт өкілдерінің тыйым салынған еңбектерін қайта жариялау, т.б. сияқты мәселелер тұрды.

Еліміздің тарихшы-ғалымдары осы мәселелерге белсене араласты. Отан тарихы мәселесін бұрынғы стереотиптік көзқарастардан арылтып, жаңа парадигмалық ұстанымдарды негіздеу жолында М.Қозыбаев, К.Нұрпейісов, М.Қойгелдиев, Т.Омарбеков сияқты ғалымдарды ерекше айтып өтуімізге болады. Міне, осындай ғалымдардың ішінде Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің профессоры, тарих ғылымдарының докторы Ә.С.Тәкеновтің өзіндік орны болған еді.

Профессор Әбу Тәкенов тәуелсіздіктің алғашқы жылдарынан-ақ ұлт тарихының жаңаша мазмұндалуына ерекше еңбек сіңірді. Әрине, ел тарихын зерделеудің жаңа теориялық-методологиялық тұжырымдамасын жасақтау дерек-

тер мен материалдар қорының кеңдігіне де байланысты. Әсіресе, коммунистік партия мен кеңестік биліктің өктемдігімен қуғын-сүргінге ұшыраған ұлт өкілдерінің еңбектерін қайта баспадан шығару ғалымның ел тарихын жаңа мазмұндағы сапалық деңгейге көтерудегі баға жетпес үлесі болып табылмақ және оған ешкімнің таласы жоқ деп ойлаймыз.

Баршаға аян, ғалымның бастамасымен, тікелей араласуымен (алғы сөздерін, негізінен өзі жазған) Е.Бекмахановтың (1992 ж., 1994 ж.), С.Асфендияровтың (1993 ж.), М.Шоқайдың (1993 ж.), М.Тынышпаевтың (1993 ж.), С.Қожановтың (1994 ж.), Т.Шонанұлының (1995 ж.), т.б. еңбектері жарыққа шығып, халқына қайта оралды.

Профессор Ә.С.Тәкенов түрлі ғылыми журналдарда, мерзімді басылым беттерінде тың деректер мен материалдар негізінде мақалалар жариялап тұрды. Әсіресе, ғалым үшін «Қазақ тарихы» журналының орны айырықша болды. Жарыққа шыққан кезінен бастап (1993 ж.) журналмен тығыз байланыс орнатты, Ақылдастар кеңесінің құрамына қабылданды. 1993 жылы жарық көрген алғашқы нөмірінен бастап өмірінің соңына дейін, яғни 1997 жылға дейін журнал бетінде ғалымның ғылыми құндылығы жоғары, тағылымды, тәлімді мақалалары жиі-жиі жарияланып тұрды. Жарық көрген мақалалары арқылы тарихшылар, қалың оқырман қазақ тарихының түрлі кезеңдері, М.Шоқай, Е.Бекмаханов, сондай-ақ Зәки Валиди, Б.Хайт

сияқты тарихи тұлғалар жайында алғаш рет тың мәліметтермен танысты. Ол мақалалардың құндылығы мектеп мұғалімдері, орта арнаулы, жоғары оқу орындарының оқытушылары үшін Қазақстан тарихын жаңа мазмұнда оқыту жолында таптырмас материалдар болғандығында екендігіне шүбә жоқ.

Сөзіміз дәлелді болу үшін ғалымның кейбір мақалаларына тоқталып өтсек, артық болмас деп есептейміз. Жалпы, 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліс кеңестік тарихнамада объективті деңгейде талданған деп айта алмаймыз. Оның себебі, айтпаса да түсінікті. Көтерілістің басшылары төңірегіндегі мәселелер, көтеріліске ұлттық интеллигенцияның ұстанымы, қара жұмысқа тартылған қазақтар саны, т.б. жаңа бағасын алуы қажеттілігі туындады.

Ғалымның «Қазақ тарихы» журналының алғашқы номерінде (1993 ж.) жарияланған «Он алтыншы жылғы ойран» мақаласында ұлт-азаттық көтерілістердің жай-жапсары тың деректер арқылы талданады. Ғалымның өзі көрсеткендей *«...қанды оқиғалардың белгісіз, ескерусіз жақтарының», «коммунистік идеологияның бір жақты, субъективті, үстірт бағаланып кеткен мәселелер»* көтеріліске жаңаша көзқарас болуын тудырғаны анық.

Ө.С.Төкенов көтеріліс болған аймақтарда жекелей басшылардың сайланғанын, патша әкімдері оларды әдетте «хан» деп атағандарын, ал ол негізінен «басшы», «көсем» мағынасында болғандығын ескертеді және кеңестік зерттеушілер осы мәселенің мәніне бармай оларды феодалдық құрылысты көк-сеушілер қатарынан қарастырғандығын келтіреді.

Мақалада сондай-ақ қазақ зиялыларының көтеріліске қатысы мәселесі, тыл жұмысына алынған қазақтар саны жөнінде де айтылады. Бірінші жағдайда қазақ зиялыларының көтерілісті қолдамауы патшаға жағынудан емес, керісінше қауқарсыз қалың бұқараның бос шығынға ұшырамауы пиғылынан туындағаны дәлелденсе, келесі жағдайда бұрыннан белгілі 100-150 мыңның орнына қара жұмысқа алынғандар саны 250-300 мыңдай болған деген мәліметтер келтіреді [1, 56-57-бб.]. Ғалым мақаласына еліміздің Мәскеу, Балтық жағалауы елдері мұрағаттарының деректерін кеңінен пайдаланған.

Баршаға белгілі, азамат соғысы кезінде Қызыл Армияға көмек ретінде 1918 жылы «Әскери коммунизм» саясаты, кейін, соғыс аяқталған соң, 1921 жылы жаңа экономикалық саясат қабылданған еді.

Жасыратыны жоқ, осы екі саясаттың жүргізілуі кеңестік тарихнамада бірыңғай дәріптеліп келді, қайшылықты жақтары айтыла бермеді. Бұл жағдай, әсіресе, екі саясаттың да негізі болып саналған азық-түлік саясатына қатысты болды.

Ғалымның авторлық бірлестікте жариялаған «Кеңес өкіметінің Қазақстандағы азық-түлік саясаты (1920-1922 жж.)» мақаласында (Қазақ тарихы, 1995, №2) тың деректер негізінде аталмыш саясаттың Қазақстан халқына тигізген ауыр зардаптары жан-жақты ашып беріледі.

Сонымен қатар мақалада елден азық-түлік жинау диктаторлық жолмен жүргендігі, билік орындарынан жергілікті жерлерге *«...репрессиялық шаралар қолданыңдар, қаруланған азық-түлік отрядтарын дайындаңдар, ...салғыртты күштеп орындатудан тайсалмаңдар»* деген нұсқаулар беріліп отырғаны келтіріледі.

Ғалым 1920 жылы астық жинаудың тым ретсіз жоспарынан Қазақстан бойынша 20 млн. пұт кем орындалғанын, 1921 жылы қабылданған жаңа экономикалық саясаттың өзі еш жеңілдік әкелмегенін, керісінше осы жылы 1920 жылы алынбай қалған 20 млн. пұт астықты жинап алу міндеттелгенін көрсетеді.

Сондай-ақ мақалада билік орындары алдына қойған міндеттерін қалай да болса жүзеге асыру үшін 1921 жылғы аштыққа байланысты азық-түлік салығынан босатылған аудандардың берілген жеңілдіктерін жойып, оларды ет салығын тапсыруға мәжбүрлегендігі айтылады. Сөйтіп, мақалада Кеңес өкіметінің азық-түлік саясатының қолға алынуы, жүрісі, нәтижелерінің қайшылықтары жан-жақты әшкереленеді.

Профессор Ө.С.Төкенов қазақ тарихын оқыту мәселесіне де көңіл аударған. Журналдың 1996 жылғы №1 санында «Қазақ тарихының зары» атты мақаласы жарық көрді.

Бұл мақаланың жазылуына себеп тәуелсіздік алғанмен қазақ тарихын оқытуда байқалған келеңсіз жағдайларға байланысты болған еді. Сондықтан да қазақ тарихына деген ұстаным, көзқарас мәселесі ғалымды зор толғанысқа түсіргені анық.

Ғалым әлемнің бірқатар елдерінде мемлекет басшылары өз елдерінің арғы-бергі тарихына қаншалықты көңіл аударғанын келтіре отырып, осы мәселенің республикада әлі де болса сын көтермей отырғандығын ашық айтады және *«бұл тек бір министрдің құзырындағы кезектегі жай мәселе емес, мемлекеттік маңызы бар іс»*, – деп көрсетеді [2, 5-б.]. Шынымен де солай екендігі айтпаса да түсінікті. Яғни, ғалымның өз сөзімен айтқанда *«...еш мемлекет идеологиясыз өмір сүре алмайды және идеология тарихты жазумен, тарихты оқытумен тікелей байланысты»* болады [2, 5-б.].

Ғалым тәуелсіздік кезеңінде еш кедергісіз шешілуі тиіс Қазақстан тарихын оқытуды ұйымдастыру, оқыту, маман дайындау жолында кеңестік кезеңдегі проблемаларға арнайы тоқталып өтіп, әлі де болса қайшылықтарының болып отырғанына қынжылыс білдіреді.

Қазақстан тарихын оқып-игерудегі қиыншылықтарды шешу үшін өз ұсыныстарын да айтып өтеді. Ұсыныстарында Қазақстан тарихының міндетті түрде дербес пәндік мәртебесі болуы керектігі, пәнді нағыз мамандар жүргізуі тиістігі, басқаша жағдайда мамандану үшін біліктілік көтеру, қайта даярлау курстарынан өту қажеттігі сияқты мәселелер көрсетіледі.

Білім министрлігінің назарына арнап жазылған осы мақала мектеп мұғалімдерінің, жоғары оқу орындарының оқытушылары тарапынан қолдау тапты, журналдың кезекті номері беттерінде талқылаулар болды, жоғары оқу орындарында Қазақстан тарихы пәнінің жүргізілуі барысы, проблемалары жайында кездесулер жүргізілді, проблемалары талқыланды. Мақала кезінде белгілі бір дәрежеде Қазақстан тарихы пәніне деген көзқарастарға өз ықпалын тигізе алды деп айтуға болады.

Қорыта келгенде профессор Ө.С.Төкенов тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында отандық тарих ғылымының жаңа деңгейге көтерілуіне ерекше еңбек сіңірген, ғылыми ортада өзіндік орны бар тамаша тарихшы-ғалым болып саналады.

ПРЕЕМСТВЕННОСТЬ ИДЕЙ ИСКУССТВА САКОВ в символах независимого Казахстана

Талдыбек НҰРПЕЙІС,
кандидат исторических наук, доцент кафедры истории
Казахстана КазНУ имени Аль-Фараби
Жұмахан АРЫНОВ,
кандидат исторических наук, старший преподаватель
кафедры истории Казахстана КазНУ имени Аль-Фараби

Государственные символы – есть неоспоримые свидетельства суверенитета и независимости Республики Казахстан, единства народа и власти.

Основа современных символов заимствована из глубины сакской культуры и выражает идеи преемственности: небесно-голубой флаг украшен полосой казахского орнамента и изображением степного орла; ведущими элементами национального герба стали крылатые кони из древних мифов и шаңырақ; гармония гимна – возвышенного обращения к седой древности.

Возникновение флага как государственного символа имеет давнюю историю. Первые рисунки людей с флагами встречаются на наскальных изображениях, обнаруженных на территории Казахстана, что свидетельствует о древних традициях использования символики в формировании свободлюбивого духа народа.

Главным элементом государственного флага является его **цвет**. Существует понятие **о национальном цвете и колорите**. Это цвет, который наиболее близок душе, природе и миропониманию каждого народа, который имеет глубокие исторические корни и традиции. Национальный цвет во многом свидетельствует о природе, сущности, характере данного народа.

Цвет нашего флага – **светло-голубой**, воспринимается как единство земли и неба. Сочетание в государственном флаге голубого и золотого цветов символизирует небо и солнце, связь с древним казахским культом бога неба.

Солнце – источник жизни и энергии. По закону геральдике силуэт солнца является **символом богатства**. Поэтому при внимательном рассмотрении лучи солнца на нашем флаге одновременно имеют форму зерна – основы изобилия и благополучия.

Не случаен и **силуэт орла** на флаге. Для казахов это символ свободы, независимости, стремления к цели, к высоте, полет в будущее. **Изображения орла** в искусстве древних саков встречаются чаще всего. При раскопках могильника Тасмола была найдена небольшая фигурная пряжка из маральего рога, напоминающая по очертаниям стилизованную голову фантастического орла. В сакской культуре степной орел зачастую выступал в образе тотемного предка того или иного рода или племени [1, С. 84-85].

Элементом, придающим новизну и неповторимость нашему флагу, является параллельная его древку полоса, состоящая из **национального орнамента** «қошқар мүйіз – бараньи рога».

Это глубоко символично. Во-первых, если убрать

экономического и социального строя, повиноваться одним и тем же всеобщим законам и следовать тем же побуждениям». Результатом такой политики ожидалось не столько уничтожение различий в культурах, сколько установление «тождества интересов» в экономических, политических и социальных отношениях [4, с. 280-281].

В России в политике «сближения/слияния» главная роль отводилась «великорусской народности», которая должна была способствовать объединению империи. Согласно официальной точке зрения, великорусский народ являлся частью «ядра» империи, к которому также относились малороссы и белорусы. Проблему составляли и сами этнические русские, которых необходимо было иногда «удерживать» в их «русскости». Так, например, русские чиновники и миссионеры неоднократно отмечали факты «слабого развития национального достоинства у русских, их неспособности к распространению своей культуры среди нерусских соседей [5, с.104-105], и даже податливости русских к культурной ассимиляции другими народами (как, например, их «онемечивание», «обурячивание» и т. д.)

Что касается «инородцев», то содержание этого понятия претерпело существенные изменения на протяжении XIX начала XX столетий. Как показал исследователь Д.Слокум [6], в качестве юридического понятия эта категория появилась в 1822 г. в связи с изданием Устава об управлении инородцев и включала в себя группы восточных народов, отличавшихся «стилем жизни» (преимущественно кочевым и полукочевым), что ставило их в особые отношения с государством. Постепенно этот термин расширил свое значение и был применен ко многим другим группам населения, не включавшимся в разряд инородцев первоначально (в 1835 году к инородцам были причислены евреи), затем в ходе разработки образовательной политики правительства - организации инородческих начальных школ, к инородцам были причислены все остальные «нерусские» народы империи. В основу этой классификации был положен этнический принцип. В такой интерпретации термин инородцы получил распространение со второй половины XIX столетия как в официальных документах, так и печати.

Это вызывало возмущение со стороны тех, кого, таким образом, относили к инородцам. Так, в 1905 г. уполномоченные мусульманского общества Казани в записке, адресованной председателю Комитета Министров, обращали внимание властей на неправомерное причисление татар к инородцам. В представлении уполномоченных, это означало перевод татар в разряд неполноправных граждан и, следовательно, их уравнивание с «малокультурными племенами» [7, с. 57-58].

В связи с этим политика «сближения» имела свою специфику, в зависимости от того, по отношению к каким народам западным или восточным - она применялась. Если на западе империи, в Польше, Прибалтийском крае и Финляндии, предстояло объединение «разнородных элементов, которые в культурном отношении не уступают коренному составу государства», то на восточных окраинах «русская народность» представлялась носителем высшей культуры, поэтому политика «сближения» здесь состояла в «слиянии» местных «низших» культур с «высшей» [8, с.4-5]. Политика «сближения» в отношении «культурных» народов понималась не как денационализация инородческого населения, а как приобщение его к «общему течению русской государственной жизни». В отношении же народов, находящихся на «низкой ступени развития»,

предполагалась их ассимиляция [9].

Таким образом, со второй половины XIX в. Российская имперская политика претерпевает изменения. По замыслу властей, средством решения инородческих вопросов должна была стать политика сближения. Имея определенную специфику по отношению к различным инородцам, эта политика фактически заключалась в сочетании ограничительных мер с мероприятиями, направленными на распространение русских учреждений, русской культуры и, прежде всего, русского образования. Школы представили собой прекрасное средство для проведения русификаторской политики, следствием которой стало появление молодых «инородцев», ставших русскими по образованию, духу, лишившихся своих национальных корней, верно служившие царской России.

Для достижения указанной цели предполагалось воздействовать на умы коренного населения, чтобы сделать из инородцев преданных людей в этой отдаленной окраине империи. Отсюда вытекали определенные выгоды. С одной стороны, для русского чиновника не возникало необходимости знать язык киргизов, их обычаи, традиции, к тому он и не утруждал себя в этом деле. С другой стороны, киргиз, научившись русскому языку, впервые получал *«правильные сведения о русском Государстве, о русском народе и распространяет полученные знания среди своих соплеменников»* [10, Л.40].

Для решения инородческого вопроса на одной из отдаленных окраин империи был образован в 1874 г. Оренбургский учебный округ, впоследствии его открытие и дальнейшая деятельность, несомненно стали показателем всей глубины реализации национальной политики империи, начиная с 1870-х гг., что позволила раскрыть богатую фактическую историю мусульманского и правительственного секторов просвещения в крае, эволюции школы, четко представила основные направления и результаты политики царизма, в области школьного образования по линии Министерства народного просвещения.

Понятно что, спецификой вышеуказанного учебного округа стал его пестрый этноконфессиональный состав населения, обусловленный, прежде всего его трансграничным положением, размещением на стыке Европы и Азии. Округ населяли более 15 народностей: 62 % - русские, 38 % - инородцы [11]. Соответственно задачей новообразованного учебного округа являлось *«сплочение разнородных частей в одно целое тело, проникнутое одними понятиями и чувствами»* [12, с.12-15].

По мнению правительства, школа являлась не только «рассадником просвещения и проводником идей русской государственности», но и средством объединения многочисленных народностей, населявших империю. При этом важное место отводилось государственному языку, как одному из важнейших факторов государственного единства [13, с.3]. Меньше внимания правительство уделяло распространению такой части русской культуры, как православия. Несмотря на неоднократные заявления православного духовенства о важности православной веры в деле духовного сближения инородцев с русскими, власти на практике лишь заботились о поддержании православия в среде уже крещеных и не особенно содействовали миссионерским устремлениям православной церкви [14].

Веруя в силу русского языка, как основного средства сближения (даже когда распространение русского языка шло не очень успешно или вызывало сопротивление нерусского населения), власти неожиданно столкнулись

с ситуацией, когда надежность этого средства была поставлена под сомнение. Это было связано с Мусульманским вопросом, обострение, которого, по мнению правительства, было связано с распространением среди мусульман русского образования, а через него и «вредных», с государственной точки зрения, национальных идей [15, Л.309-311 об.].

Имеющиеся современные российские исследования подчеркивают, что значительную часть правительственной политики на окраинах составляли административно-правовые мероприятия. Нередко их рассматривают как проявление русификации. Поэтому в настоящий момент в изучении истории национального вопроса в Российской империи назрела настоятельная необходимость провести границу между политикой русификации и деятельностью правительства по рационализации системы государственного управления, вычленив собственно русификаторские мероприятия и меры по укреплению единого административно-правового пространства империи. В этой связи особое значение приобретает вопрос о геополитической роли окраин Российской империи. Изучение их места во внешней политике, в решении задач обороны государства позволит сделать более объективные выводы об «окраинной» политике Российской империи.

В России XIX - начала XX вв. «понятия «нации» и «империи» оказались нераздельно взаимосвязанными. Эта взаимосвязь обеспечила то, что нерусские народы не противопоставлялись русскому как народы колоний народу метрополии, но «инкорпорировались» в состав русского государства. Процесс культурного, языкового и религиозного включения нерусских народов в империю, по их мнению, имел двойные последствия: с одной стороны, стимулировал политику русификации, *«проводившуюся с тем большей бесцеремонностью, что все народы империи символически как бы уже были приобщены к русскому государству»*, с другой - давал возможность *«развития местной национальной культуры, национальных административных и религиозных институтов»* [16, с.17]. Также рядом авторов было высказано мнение о том, что в законодательстве Российской империи практически отсутствовали ограничения по этническому признаку, за исключением ограничений для евреев и поляков, поэтому в *«России не было национального угнетения, не было господствующей нации»* [17, с.174].

Наряду с вопросом о «колонизаторской» и «цивилизационной» роли Российской империи в отношении окраин, национальный вопрос в России рассматривается сквозь призму проблемы «русификации». К концу XIX века в рамках историографии либерального направления появился термин «русификация». Его употребление носило преимущественно политизированный характер. Авторы, употреблявшие понятие «русификация», трактовали его в самом разнообразном смысле и использовали преимущественно для негативных оценок российской национальной политики [18, с.355]. С середины 30-х годов использование этого понятия надолго прекратилось под влиянием утвердившейся в историографии концепции «наименьшего зла».

В зарубежной исторической науке понятие «русификация» было ключевым для характеристики и описания российской и советской национальной политики вплоть до конца 70-х годов. С начала 1990-х как под влиянием зарубежных исследований, так и в связи со стремлением к опровержению историографических оценок предшествующего периода понятие «русификации» стало вновь активно использоваться в российской историографии. В 1994 г. Л.И.Семенникова

в качестве основных составляющих национальной политики России выделила «русификацию, задержку развития национальной культуры, усредненности, стирание самобытных различий и так далее», следствием чего, по ее мнению, на территории Российской империи стала долговременная стабильность.

С другой, признание за российской национальной политикой «русификаторского» подхода было шагом вперед, поскольку с конца 1930-х вплоть до середины 1980-х гг. в отечественной исторической науке преобладали историографические оценки сталинского периода, основанные на концепции А.Шестакова. Важным является также то обстоятельство, что в отечественной исторической науке первой половины 90-х гг. использование термина «русификация» независимо от положительного или отрицательного контекста практически никак не пояснялось. Преимущественно под понятием «русификация» в отечественных работах подразумевалась государственная политика, направленная на культурную и языковую ассимиляцию народов Российской империи. Э.Хобсбаум ввел понятие «государственный национализм», под которым подразумевал государственную политику, направленную на укрепление национального патриотизма и формирование «однородной массы граждан, гомогенизированной... в лингвистическом и административном отношении» [19, с.221]. Таким образом, Э.Хобсбаум констатировал появление во второй половине XIX в. государственной политики языковой и административной ассимиляции населения как средства укрепления государства.

Основываясь на этих выводах, А.И.Миллер рассмотрел попытки проведения ассимиляторской политики самодержавия в малороссийских губерниях. «В рамках государственного национализма государство стремится минимизировать внутреннюю этническую разнородность». Для этого оно активно утверждает единый язык «высокой культуры, администрации и образования, а также общенациональной идентичности, которая могла подавлять региональные отличия, а могла и терпеть их, но лишь как подчиненные» [20, с.27]. Таким образом, А.И.Миллер вернулся к господствовавшему в российской историографии конца XIX в. понятию государственной ассимиляции. Ассимиляционная политика государства предстает в работе Миллера не как злое «русификация», а как закономерность в развитии полиэтнического государства конца XIX - начала XX века, направленная на достижение государственной стабильности.

В итоге, в последние годы значительная часть исследователей приходит к выводу о том, что в российской этнополитике доминировал не русификаторский курс, а вполне закономерное стремление к укреплению административно-территориальной целостности государства. Формируется новый взгляд на имперское прошлое России. «Русификация» превращается в политику ассимиляции, направленную на обретение государственной властью независимости от этнополитических элит путем отказа от признания их автономности и самоценности, обеспечение условий для развития государственного целого. При этом большинство российских авторов считают, что политика самодержавия в отношении отдельных этносов вплоть до конца XIX в. была весьма продуманной, основывалась на сохранении этноконфессиональных особенностей и местной специфики в организации управления.

АНДАТПА

Бұл мақалада XIX ғасырдың екінші жартысындағы

орыс этносаясатының мәселелерін зерттеу тұжырымдамасы қарастырылған. Зерттеуші Ресей империясында нақты тұжырымдалған ұлттық саясат концепциясының болу, болмау мәселесіне тоқталады.

Қазіргі уақытта Ресей империясындағы ұлттық мәселенің тарихын зерделеу кезінде орыстандыру саясаты мен үкіметтің мемлекеттік басқару жүйесін рационализациялау іс-әрекеті арасындағы аражігін ажыратып алу мәселесі көтеріліп отыр.

This article discusses the formulation of the study of the problems of Russian ethnopolitics of the second half of the XIX century. The question arose before the researcher: did a clearly formulated concept of national policy exist in the Russian Empire.

At the moment, in studying the history of the national question in the Russian Empire, there is an urgent need to draw a line between the policy of Russification and the activities of the government to rationalize the public administration system.

ЛИТЕРАТУРА

1. Градовский А. Национальный вопрос в истории и литературе. – Санкт-Петербург, 1873. - 9-10 с.
2. Московские ведомости. 1863. 10 сентября. № 196.
3. Записка статс-секретаря барона Н.А.Николаи по вопросу о преобразовании центрального управления на Кавказе. Октябрь 1882 г. // Библиотека РГИА, Пз. 263, - 3 с.
4. Больё Л. Колонизация новейших народов. – Санкт-Петербург, 1877, - 280-281 с.
5. Отчет уфимского епархиального комитета Православного миссионерского общества за 1891 год. - 104-105 с.
6. John W. Slocum. Who, and When, Where the Inorodtsy? The evolution of the Category of «Aliens» in Imperial Russia. // The Russian Review 57. April 1998.
7. Записки и прошения, поданные Председателю Комитета Министров по инородческим вопросам. Март, 1905 // Библиотека РГИА. Печатная записка 255 п., 57-58 с.
8. Записка статс-секретаря барона Н.А.Николаи по вопросу о преобразовании центрального управления на Кавказе. Октябрь 1882 г. // Библиотека РГИА, Пз. 263, - 3 с.
9. Миropиев М.А. О положении русских инородцев. - Санкт-Петербург, 1901.
10. О необходимости знаний о русском государстве // ЦГА РК Ф.64, Оп.1, Д.5835.
11. Галиуллина С.Д. Правительственное попечение о народном образовании в России (на примере Оренбургского учебного округа. 1874-1917 гг.): автореф... доктора . ист. наук. – Москва, 2012.
12. Исторический очерк народного образования в Оренбургском учебном округе за первое 25-летие его существования (1875-1899 гг.). Выпуск 1.- Оренбург, 1901, - 12-15 с.
13. Кэмпбелл (Воробьева) Е.И. «Единая и неделимая Россия» и «Инородческий вопрос» в имперской идеологии самодержавия. // Пространство власти: исторический опыт России и вызовы современности. – Москва, 2001.
14. Воробьева Е.И. Христианизация мусульман Поволжья в имперской политике самодержавия // Имперский строй России в региональном измерении (XIX начало XX века). Сборник научных статей. Российские общественные науки: Новая перспектива. - Москва, 1997.
15. РГИА Ф. 821, Оп. 133, Д.576.
16. Казань, Москва, Петербург: Российская империя под взглядом из разных углов. - Москва, 1997.
17. Национальная политика России: история и современность. - Москва, 1997.
18. Корнилов А.А. Курс русской истории России XIX века. - Москва, 1993.
19. Хобсбаум Э. Век империи. 1875-1914. - Ростов на Дону, Феникс, 1999.
20. Миллер А.И. «Украинский вопрос» в политике властей и русском общественном мнении (вторая половина XIX в.). – Санкт-Петербург, 2000, - 27 с.

ИСЛАМ ЖӘНЕ ОТБАСЫ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫ

Динара ИГЕНБАЕВА,
№74 жалпы орта мектептің директоры, тарих пәні мұғалімі

Тақырыбы	«Ислам және отбасы құндылықтары»
Мақсаты	Дәстүрлі Ислам дінінің құндылықтары туралы түсінік бере отырып, мейірбандыққа, имандылыққа, адалдыққа, еңбекқорлыққа баулудың отбасында жүзеге асу жолдарына ортақ көзқарас қалыптастыру.
Нәтижесі	Діни жат ағымдарға деген көзқарасы өзгереді. Жүректеріне мейірімділік, имандылық сезім ұялайды. Дәстүрлі Ислам діні бойынша өзіндік ой-пікір қалыптасады.
Түйінді идея	Жастарымыздың жат ағымдардың күрмеуіне түспеу жолдарын ата-аналар және теолог мамандармен бірлескен тәжірибелік тренингтерді дамыту мақсатында мұғалімдер бірлесіп жұмыс істеу керек. Бірлесіп жоспарлау, өзара қатысу мен талқылау оқытуды жақсартуға көмектеседі.
Тренинг барысы	
Ұйымдастыру. 5 мин. «Кел танысайық» жаттығуы.	«Кел танысайық» жаттығуы. Қатысушыларды жаттығу жасату арқылы топқа біріктіру. Топқа «Ата-аналар», «Ұстаздар», «Дінтанушы мамандар» сөздерін шеңбер бойында кезекпен айтып, сол сөздер арқылы 3 топқа біріктіру.
Миға шабуыл. 3 мин. Сұрақ-жауап. 2 мин.	«Отбасындағы тәрбие» бейне жазбасы көрсетіледі. Бейне жазбадағы түйінді ойларын топта талқылайды. Сұрақтар: -Бейне жазбаны көру барысында нені байқадыңыздар? -Айтылған кеңеске тағы қандай ұсыныстар енгізер едіңіздер? -Бейне жазбаның бүгінгі тренингпен қандай байланысы бар деп ойлайсыздар?
«ПОПС» формуласы. 5 мин.	“Әке баласына жақсы тәрбиеден артық мирас қалдыра алмайды” Мұхаммед Пайғамбар (с.ғ.с.) хадисінен. 1-сөйлем: “Менің ойымша...” 2-сөйлем: “Себебі, мен оны былай түсіндіремін...” 3-сөйлем: “Оны мен, мынадай фактілерімен дәлелдей аламын...” Соңғы сөйлем: “Осыған байланысты мен мынадай қорытынды шешімге келдім...”
«Постер» әдісі. 15 мин.	“Ата-аналар” тобына: «Ислам және отбасы құндылықтары» “Ұстаздар” тобына: «Қоршаған ортаның бала өміріне тигізетін әсері» “Дінтанушы мамандар” тобына: «Жастардың жат ағымдарға бой алдыру себептері».
Бейне жазба. 2 мин.	Бейне жазба. “Өзгелерге сөзің өтімді болу үшін не істеу керек?” Сұрақтар: -Бейне жазбаны көру барысында нені байқадыңыздар? -Айтылған кеңеске тағы қандай ұсыныстар енгізер едіңіздер? -Сіздердің бала тәрбиесіндегі тәжірибелеріңізбен бөліссеңіздер...
Кері бай/ныс. 7 мин.	Ислам дінінің отбасы өміріндегі маңызды орны.

Түркістан облысы, Сайрам ауданы, Қарасу ауылы.

КӨҢІЛ АЙТУ

БОЛАТТАЙ БЕРІК БОЛЫҢЫЗ!

Редакция алқасы ұзақ жылдар бойы Алматы қалалық мұғалімдер білімін жетілдіріу институтында жан-кештілікпен еңбек етіп, Алматы қаласындағы, қала берді республикадағы барша тарихшы ұстаздарға үлгі-өнеге көрсеткен ұлағатты ұстаз, қағылез әріптесіміз, Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің профессоры, тарих ғылымдарының кандидаты, журналдың ақылдастар кеңесінің мүшесі Құнапина Қайыркен Құдайбергенқызына өмірлік қосағы, нақсүйері

ОРШЫБЕКОВ ӘБУБЕК ТӨРЕҚҰЛҰЛЫНЫҢ

қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады. Жатқан жері жайлы, иманы жолдас болсын! «Тас түскен жеріне ауыр» деген. Елу жылдай қол ұстасып бірге ғұмыр кешкен азаматтан айырылу оңай емес, әрине! Алайда, Қайыркен Құдайбергенқызы, біз Сізді оңайлықпен жігері мұқалмас, рухы мықты жан деп түсінеміз! Алланың маңдайға жазған тағдырына, кесімді ажалға еш пенде қайран қыла алмаған. Ендеше

болаттай берік болыңыз! Марқұмның топырағы торқа, алды пейіш, арты кеніш болсын!

Редакция алқасы.

ЖАҚҚАНЫ ШЫРАҚ, МІНГЕНІ ПЫРАҚ БОЛСЫН!

Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің профессоры, өнегеліліктің өрнегін салған ұлағатты ұстазымыз Құнапина Қайыркен Құдайбергенқызына өмірлік жолдасы

ОРШЫБЕКОВ ӘБУБЕК ТӨРЕҚҰЛҰЛЫНЫҢ

қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтамыз.

Марқұмның топырағы торқа, жатқан жері жарық, жаны жәннатта болсын! Жаққаны шырақ, мінгені пырақ, нұры пейіште шалқығай. Артында қалған бала-шағасына мықты денсаулық пен ұзақ өмір тілейміз!

Ізгі-ниетпен, Алматы қаласының тарихшы ұстаздары!

ҚАШЫҚТАН ОҚЫТУ – БҮГІНГІ КҮННІҢ ТАЛАБЫ

Бибігүл ЖӘКИЕВА,
Ақтөбе қаласындағы Назарбаев зияткерлік
мектебі, Қазақстан тарихы пәні мұғалімі

Жаһандағы соңғы оқиғалар адамзатпен қатар біздің елімізді де дүр сілкіндірді. Елде күтпеген өзгерістер еніп, карантинге жабылу, қоғамдық шаралардың кейінге қалуы, мектептердің қашықтан және онлайн оқуға көшуі орын алды. Әлемді шарлап кеткен коронавируc індетін тоқтату мақсатында елімізде кеңінен жүргізіліп жатқан ауқымды шараларға сәйкес соңғы тоқсанда мектеп оқушылары «сырттай» оқуды бастады.

Ақпараттық технологияның, әсіресе, ғаламтор технологиясының қарқынды дамуының көрсеткіші – қашықтан оқыту. Бұл демократиялық, қарапайым және ақысыз оқыту жүйесі. Ол Ұлыбританияда ойлап табылған және қазірге дейін әлем халқы қосымша білім алу үшін белсенді қолданылып келді. Тәжірибелік тапсырмаларды үнемі орындайтын оқушы тұрақты автоматтандырылған жаңа дағдыларға ие болуда [1].

Қашықтан оқыту – тек қана ғаламторды пайдалана отырып оқу тәсілі емес, ол білім алушы мен педагогтың бірлескен өзара іс-қимылы негізінде ақпараттық-коммуникациялық және телекоммуникациялық құралдарды қолдану нәтижесінде, оқу процесінің үздіксіз жүруіне әсер етуші заман талабының “жаңа жаңалығы” [2].

Бүгінде еліміз қашықтан оқытуды пайдалана отырып білім беру, алу процестерін жалғастыруда. Қашықтан оқыту жағдайында мұғалімдердің пайдаланып жатқан білім беру платформалары мен онлайн сабақтардың педагогикалық дизайны жан-жақты. Видеодерістер мен вебинарлар және кері байланыстар ZOOM, Hangouts, Skype, LMS MOODLE, Google classroom, Webex, Microsoft Teams платформалары мен сервистерінде жасалуда. Осы сервистердің мүмкіндіктері мен тиімділігі жан-жақты талданып, мұғалімдер өзара тәжірибелерін ортаға салып, әдістемелік көмектер алмасып, кері байланыс жүргізуінің тиімді тәсілі ретінде тандалынып алынды. Бұл қосымшалар компьютермен де, ұялы телефонмен де кіруге ыңғайлы. Ұялы телефонға алдын ала бағдарламаны жүктеп алу қажет. Мұғалімдер де, оқушылар да gmail пошта арқылы тіркелу қажет. Тіпті, мектепті де тіркеуге болады. Бұл мектеп өкімшілігі үшін мұғалімдер мен оқушылардың жұмысын қадағалап отыруға ыңғайлы болары сөзсіз. Мұғалім ретінде тіркелгеннен кейін сіз өз пәніңізге арнап арнайы курс ашу мүмкіндігіне ие боласыз. Курсты сыныптар мен пәндерге қарай бөліп ашуға да болады. Әр курстың өзінің коды болады. Оқушылар курсқа сол код арқылы тіркеле алады. Курста өтілетін тақырыпты күн сайын жариялап отыруға немесе алдын-ала дайындап, сабақ кестесіне сай күнді, уақытты белгілеп, жоспарлап жариялауға мүмкіндік бар. Яғни, бір сыныпқа арналған сабақтардың барлығын дайындап, сабақтың шығатын кестесін белгілеп қойсаңыз, ол өзі автоматты түрде жарияланып отырады. Оқушыларға тапсырмаларды тест түрінде, бейнематериал немесе презентация түрінде бағалау критерийлерін енгізе отырып ұсынуға болады. Оқушы жұмысын жібергенде сізге хабарлама келеді және олар бір-бірінің жұмыстарын көре алмайды. Мұнда оқушымен кері байланыс жасау мүмкіндігі де қарастырылған. Әр оқушының жұмысына өзі ғана көре алатын жеке түсіндірме (комментарий) қалдыруға болады. Оқушы жұмысын дәптерге орындап, сізге суретке түсіріп жіберсе, оның қателерін белгілеп, пікір қалдыра аласыз. Ең бастысы, бұл қосымшада арнайы журнал болады. Кімнің қай уақытта тапсырғанын, қанша ұпай алғанын қадағалап отырасыз. Сонымен қатар оқушылардан келген

файлдардың барлығы Google дискіде сақталып, кез келген уақытта қолжетімді болады.

Telegram – бәрімізге белгілі мессенджер. Барлық оқушының жылдамдығы жоғары ғаламторға шығатын мүмкіндігі болмаса, мессенджерлерді пайдалануға болады. Соның ішінде ең тиімдісі – telegram. Оған компьютер және ұялы телефонмен кіруге мүмкіндік бар. Мұнда канал ашып, оқушыларға сол каналдың сілтемесін жіберуге және күнделікті сабақтарыңызды, тапсырмаларды жариялап отыруға, сауалнама ұйымдастыруға мүмкіндік жасалынған. Оқушылар сұрақтарын жеке хат арқылы жолдайды. Бұлардан басқа да қашықтан оқытуға арналған бағдарламалар өте көп. Дегенмен, бұл ұсынылған қосымшалар ең тиімді және қолжетімді деп саналады.

Қашықтан оқыту – компьютерлік және телекоммуникациялық технологияларға негізделген оқытудың құралдары мен түрлері, білім беруде қызмет көрсетудің маркетингтік көзқарастарын кеңінен қолданатын ғылыми-технологиялық революцияның жоғары технологиялық өнімі. Қашықтан оқыту компьютерлік және интернетте оқыту технологиялары ретінде саналып отыр. Заманауи технологиялар мыңдаған километр бөліп тұрған оқушы мен мұғалім арасын байланыстыруда. Оқыту корпоративтік желіде, ғаламтор желісінде, электрондық пошта арқылы және басқа заманауи байланыс құралдарын пайдалану арқылы жүргізіледі [3].

Қашықтан оқыту жүйесі дербес компьютер (ДК), ноутбук көмегімен және ғаламторға шығу арқылы қажетті дағдылар мен жаңа білім алуға мүмкіндік береді. Компьютердің орналасқан жері маңызды емес, сондықтан сіз үйде, жұмыс орнында, онлайн-кафеде немесе ғаламтор байланысы бар және жоқ жерде кез-келген басқа жерде пайдалана аласыз. Бұл дәстүрлі (кластағы) оқу формалары алдында қашықтан оқудың басты артықшылығы.

Сыныптағы білім беру формасымен салыстырғанда онлайн-оқытудың артықшылықтары:

– Ғаламтор желісіне қосылу мүмкіндігі бар компьютермен кез келген уақытта және кез келген жерде оқуға мүмкіндік береді.

– Денсаулығына байланысты сабаққа келе алмаған оқушы үшін де білім алуға мүмкіндік береді.

– Оқушының оқу барысында да, одан кейін де мұғаліммен кеңесуіне мүмкіндік береді. Онлайн оқуда деректер, ресурстарға байланысты мәселелер ғаламтордың мүмкіндіктері арқылы шешіліп жатады.

– Білім алушы оқуға қабылдағаннан бастап қажетті оқу материалдарының жиынтығына қол жеткізе алады.

– Онлайн оқыту ғаламтор, білім, дербес компьютерге, ноутбукке немесе ғаламторға қосылған басқа гаджетті пайдаланып білім мен дағдыларды игеру. Бұл форма қашықтан оқыту саласында пайда болды және ғаламтордың және цифрлық технологиялардың дамуымен оның логикалық жалғасы бар.

– Онлайн-білім беру оқушыларға білім беру ортасына толығымен енуіне мүмкіндік береді – сабақты оқу, оқып тұндау, тапсырмаларды орындау, мұғалімдермен кеңесу және желіге қосылу арқасында сыныптастармен сөйлесу.

Онлайн оқыту мен қашықтан оқытудағы ұқсастықтар мен айырмашылықтар.

– Негізгі ұқсастық – өз бетінше білім алу, яғни жаңа білім мен дағдыларды алу үдерісі. Аудиториядан тыс және мұғалімдермен тікелей байланыста болған бұл үдеріс

оқушылардан өзін-өзі тану және хабардарлықты арттыруды талап етеді.

-«Қашықтан оқыту» түсінігі оқушы мен мұғалім арасындағы қашықтықтың бар екенін көрсетеді. «Онлайн-оқыту» тақырыбы ғаламтор-байланыс арқылы жүреді. Яғни, мұғалім мен оқушы бір-бірінен бөлек тұрады.

-Жаттығу қарқыны – топтар мен бағдарламаларға қарамастан, өзіңіздің қарқынды материалдарыңызды оқуға болады.

-Икемді кесте – күндізгі немесе түнгі кез келген уақытта жұмыс істейді, бұл жұмыспен қамтудың жоғары деңгейі мен уақыт айырмашылығының мәселелерін шешеді.

-Ұтқырлық – оқу кезеңінде мұғалімдерден тиімді кері байланыс.

Америкалық ғалымдардың зерттеулері көрсеткендей, қашықтан оқыту нәтижелері офф-лайн білім беру нәтижелерінен кем емес, немесе одан да жоғары емес. Қашықтан білім алушы оқу материалдарының көпшілігін өз бетінше оқиды. Бұл тақырыптарды есте сақтау мен түсінуді жақсартады. Ал білімді практикада, жұмыста бірден қолдана білу оларды шоғырландыруға көмектеседі. Сонымен қатар оқу үдерісінде жаңа технологияларды қолдану оны қызықты етеді [4].

Мұғалім үшін қашықтан оқытқанда оқушының үлгерімін бақылау оңайырақ. Себебі оқу бағдарламасына сәйкес ыңғайластырылған тапсырма жүйесі мен тест, статистикалар ұсынады. Сабаққа ешкім кешікпейді, мобильді қосымша арқылы кез келген жерде жүріп-ақ қосылып сабаққа қатыса алу мүмкіндігі бар. Қашықтан оқытын оқушы материалды қашан және қанша уақыт бөлуге болатынын өзі шеше алады. Ол үшін жеке жаттығу кестесін құрастырады, яғни өз іс-әрекетін жоспарлауға дағдыланады. Сонымен қатар презентациялар, тесттер, бейнематериал, чат, экрандағы дисплей және сабақты қайта-қайта қарау мүмкіндігі оқушы үшін ыңғайлы пайдалану құралдары болып табылады.

Қашықтан оқытудың тиімді жақтарының бірі – оқу материалдарының қолжетімділігі. Қашықтан білім алушы БЖБ мен ТЖБ кезінде де академиялық шыншылдықты сақтай отыра орындайды. Тапсырманың жауаптарының дұрыстығын тексеретін жүйе оқушының пәндегі үлгерімін

анықтауға мүмкіндік береді. Тапсырманы орындау барысында ең тиімді әдіс – бейнебақылау. Қашықтан оқыту кезінде оқушылардың бір-біріне және мұғаліммен жеке байланыстары аз болады. Сондықтан оқытудың бұл формасы сыпайылық, сенімділік, қандайда жұмыс істеу дағдылары аса ерекше байқала бермейді.

Енді осы қашықтан сабақ жүргізетін мұғалімнің меңгеруі тиіс дағдыларына тоқталсақ, алдымен мұғалім электрондық оқыту платформасын қолдануды үйренуі керек. **Екіншіден**, онлайн сабақтарды тиімді өткізу техникасын игеру керек. **Үшіншіден**, әр сабақты тапсырманы техникалық тұрғыдан дайындаған жөн. Сонымен қатар әр мұғалімнің оқушылардың назарын аудару әдістерін қолдануы да маңызды. Мұғалім ғаламтор арқылы вебинарлар немесе семинарлар өткізу мүмкіндігіне ие болу қажет. Оған бір уақытта бірнеше мың адамды шақырып, вебинар сайттарында дәрістер мен практикалық сабақтар өткізуге болатынын меңгерген жөн. Сонымен қатар әр оқушыны жеке оқытатын бағдарлама құруға және электрондық пошта арқылы жаңа ақпарат пен материалдарды алуға мүмкіндік болатынын есте ұстаған жөн.

Жаңа заманның заманауи мұғалімдері қашықтан оқытудың жаңашыл әдістерін және ғаламтор, ақпараттық құралдарды жетік меңгеріп, сапалы білім беру – заманның талабы екенін ұғынады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Білім беру ұйымдарына электрондық оқыту жүйесін енгізу жағдайында педагогтардың біліктілігін арттыруды ұйымдастыру әдістемесі / Ахметова Г.К., Караев Ж.А., Мухамбетжанова С.Т. // Алматы: АҚ «ҰБАО «Өрлеу», 2018.
2. Қазақстан және ТМД елдеріндегі білім беруді ақпараттандырудың IV Халықаралық форумының ғылыми мақалалар жинағы (18-19 бет. 38-39 бет. 118-119 бет. 460-461 бет).
3. Журнал «Мектеп» № 11 (6 бет).
4. <http://e.edu.kz/>
5. <http://stud.kz/>
6. <http://adilet.zan.kz/>
7. <https://bilimdinews.kz/?p=96339>
8. <https://www.azattyq.org/a/kazakhstan-distance-work-issues/30516845.html>

ЖАРҚЫН БОЛАШАҚҚА БАСТАМА...

Светлана ТӨЛЕГЕНОВА,
Манашы орта мектебі бастауыш сынып мұғалімі

Бүгінгі әлем дамуында мәдениетіміз, білім беру жүйесі, экономикамыз мейлінше жаңа өзгерістермен бейімделуді талап етуде. Қазіргі әлем білім экономикасын құру бағытында, тіпті қазіргі қоғам білім қоғамы десек те артық емес-ау, сірә! Қазіргі таңда әлемде болып жатқан тосын жағдайларға байланысты экономикамызда өзгерістердің бір қатары орын алуда. Әрине, ол өзгерістер білім беру жүйесінен де айналып өткен жоқ. Білім беру жүйесінде де жаңа ақпараттық технологиялар кеңінен қолдана бастады. Оқу форматтарының барлығы дерлік қашықтықтан оқыту бағдарламасына ауысты.

Қашықтан білім беру – ғаламтор көмегін, яғни әлеуметтік желіні пайдалана отырып, жаппай білім беру үдерісі. Демек, бұл – ақпараттық-инновациялық технологияларды заманауи талаптарға сай білім алуға жаңаша серпіліс деген сөз. ХХІ ғасыр – мүмкіндіктер кезеңі. Жаңа ақпараттық жүйелердің өркендеп, ғарыштап дамыған заманы болғандықтан, осы уақытша келеңсіз жағдайларға мойымай, керісінше өз мүмкіндіктерімізді тиімді пайдалануға мүмкіндік туғандай. Оқу базасында тек оқу құралдарын пайдаланып қана қоймай, ақпараттық технологияларды және компьютерлік желі көмегі

арқылы сайттармен жұмыс жасау, әр түрлі электрондық оқулықтармен, бейнежазбаларды қарау арқылы ой өрісімізді дамытып қана қоймай, көптеген өмірлік тәжірибе жинауымызға мүмкіндік береді. Оқытудың заманауи технологияларын шебер меңгеріп, оны кәсіптен ұштастыра отырып, оқушының жаңа тұлғасын қалыптастыру қазіргі күннің көкейкесті мәселесі болып отыр. Әрине, жарқын болашағымызды өркендететін, елімізге өз үлесін қосатын саналы ұрпаққа сапалы білім бере отырып, адамгершілік рухани асыл қасиеттерді бойына дарыту – ең алдымен үйдегі ата-ананың, содан кейін біздің, яғни ұстаздардың басты міндеті.

Әлемдік тәжірибелерді саралап қарасақ та, педагог кадрлардың орны ерекше. Саналы, терең білімді меңгеруге талпынған өскелең ұрпақтың жеткілікті дәрежеде білім алуы және мүмкіндіктерді нәтижелі қолдану ұстаздың біліктілігі мен біліміне, тәжірибесіне байланысты екені хақ. Сондықтан да шәкірттерімізге саналы, нәтижелі білім беруді мақсат ете отырып, өз тәжірибемізді жаңашылдық арнасына бағыттауға, тынбай еңбектенуге шақырамын.

Маңғыстау облысы,
Бейнеу ауданы.

САҚ ПАТШАЙЫМЫ ТОМИРИС

(Ежелгі Қазақстан тарихы, 5-сынып)

Қаныш САДЫР,
Х.Нұрымғалиев атындағы орта мектептің тарих пәні мұғалімі

Ұзақ мерзімді жоспар бөлімі: 5.3А Сақтар		
Тақырыбы	Сақ патшайымы Томирис.	
Зерттеу сұрағы	Тарихи деректерде Томирисің бейнесі қалай сипатталған?	
Мақсаты	5.3.2.1 сақ, сармат тайпаларының халықаралық аренадағы орнын анықтау.	
Сабақтың мақсаты	Тарихымыздағы Томирисің рөліне баға береді, сақтардың тарихта алған орнын сипаттайды, маңызына тоқталады.	
Бағалау критерийлері	Сақ-парсы қатынасын анықтайды. -Томирисің ел қорғаудағы рөліне сипаттама береді. -Сақтардың тәуелсіздік үшін күресіне ой-пікірін білдіреді.	
Тілдік мақсаттар	Пәнге қатысты лексика мен терминология. Тайпа, тайпалық бірлестік, абыздар, жауынгерлер, егіншілер мен малшылар. Мемлекет, көсем, патша, әскери демократия, археология, оба, қорған, ескерткіш, ат әбзелдері. Жазылымға арналған тіркестер: Мемлекет, көсем, патша, әскери демократия, батырлық, жауынгерлік, патшайым, қорған, массагет.	
Құнд/рға баулу	Осы тақырыпты оқыта отыра оқушыларды елін, жерін, Отанын қорғауға, ынтымақтастыққа тәрбиелеу.	
Пәнар. байланыс	Дүние жүзі тарихы. Томирисің дүние жүзі тарихындағы рөлін анықтайды.	
АКТ қолдану.	Сабақ кезінде оқушыларға тақырыпқа байланысты бейнеролик, презентация көрсету.	
Бастапқы білім	Берел қорымынан табылған олжалар сақтардың мәдениетін қалай сипаттайды.	
Сабақ барысы		
Сабақ кезеңі	Сабақтағы жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың басы. Қызығушылықты ояту. 3 мин.	Оқушылармен сәлемдесу. «Шатасқан сөздер». Сабақ тақырыбын оқушылар осы әдіс арқылы анықтайды. Оқушылардың ойларын тыңдағаннан кейін сабақ тақырыбы мен оқу мақсаттары айтылады. Оқушыларды топқа бөлу. Оларға «патша», «патшайым» деген сөздер жазылған стикерлер таратылады. Оқушы таңдауы бойынша сәйкес топқа отырады.	https://www.youtube.com/watch?v=DML1MwqeH0E
Сабақтың ортасы. 10 мин. 6 мин. 10 мин. 7 мин. 4 мин. 2-сабақ. 10 мин. 5 мин.	Топтарға тапсырмалар беріледі. Мәтін мен жұмыс жасайды. 1-топ. Патша: Кир патшаның сақтарға жорық жасаудағы басты мақсаты қандай? 2-топ. Патшайым: Томириске Кирді жеңуі үшін қандай қолайсыз жағдай түрткі болды? Бейне ролик. Оқушылар бейнероликті көріп болғаннан кейін, жұптық жұмыс жасайды. Жұптық жұмыс: Диалог құру. (Мұғалім, оқушы.) Сөйлеу дағдысы. 1-сұрақ. Кир туралы айтып беріңіз! 2-сұрақ. Кир патшаның әскерінің ерекшелігі неде? 3-сұрақ. Кирдің сақ патшайымы Томириске қарсы жорығы неліктен сәтсіз аяқталды? 4-сұрақ. Томирис әскері бұл ұрыста қалай жеңіске жетті? Әр жұпқа әр түрлі сұрақ беріледі. Диалог жазуға пайдалы сөздер тізбегі: Мемлекет, көсем, патша, әскери демократия, батырлық, жауынгерлік, патшайым, қорған, массагет. «Диктоглосс әдісі». М Оқушыларға бейнематериал ұсынып, төмендегі сұрақтар қойылды. 1.Бейнематериалдағы негізгі кейіпкерлерді атаңыз. 2.Қандай оқиға желісі баяндалған? 3.Сақ патшайымы Томирисің Кирге берген жауабын түсіндіріңіз. Бейнематериалда қандай маңызды идея қарастырылған? Мағынаны тану кезеңі «Тарихи тұлға». 1-қадам. Суретті пайдалана отырып, Томирисің ел қорғаушы ретіндегі рөлін тізбектеп жазыңыздар. 2-қадам. Томирис сөзінен басталатын 4 сипаттама сөйлем құрастырыңдар. Томирис..... Томирис..... Томирис..... Томирис..... «Сен маған, мен саған» әдісі арқылы оқушылар өз пікірлерін ортаға салды. Критерий. Томирисің ел қорғаудағы рөлін сипаттайды. Дескриптор. 1. Томирисің ел қорғаушы ретіндегі рөлін тізбектейді. 2. Томирисі сипаттайтын сөйлем құрастырады. 3. Томирисің рөлі туралы өз пікірлерін білдіреді. Сұрақтар: 1. Томирис Кир патшадан жеңілді. 2.Кир патшаның әскері екі есе күшті болды. 3.Томирис – сақ ханшайымы. 4.Кир – Македония патшасы. 5.Томирис тәуелсіздік үшін шайқасты. Ақиқат Жалған	https://www.youtube.com/watch?v=2kmPE0sz-gc https://www.youtube.com/watch?v=DML1MwqeH0E
Сабақтың соңы. Қорытындылау кезеңі. 15 минут. 10-мин.	Жұптық жұмыс. Венн диаграммасы арқылы Кир патшамен Томирис ханшайымға сиппаттама беру, ортақ қасиеттерін анықтау. Айырмашылығы: Ұқсастығы. Айырмашылығы: Кері байланыс: 1.Бүгінгі сабақтағы басты оқиға? 2.Не қызықты болды? 3.Бүгінгі сабақтан не үйрендіңіздер, қандай жаңалық алдыңыздар? 4.Томирисің орнында өзің болғандағы іс-әрекетің қандай? Оқушылар бағаланды.	
Сабақ бойынша рефлексия.	Оқу мақсаттары дұрыс құрылған. Барлық оқушылар бүгінгі сабаққа белсене араласты. Сабақ мақсатына жетті деп ойлаймын.	

Батыс Қазақстан облысы, Жанақала ауданы, Жуалыой ауылы.

Ғайзат ЕЛУБАЙ – Алматыдағы А.Байтұрсынов атындағы №139 мектеп-гимназияның үздік оқушысы, әрі әдебиет пен кітап оқуға жаны құмар шәкірттің бірі. Ол қазақ және әлем әдебиетіне бірдей құмартып, Абай атамыз бастатқан қазақ ақын-жазушыларының, шығыс және батыс классиктерінің танымы терең тұңғыық жырларынан қатар сусындауда. Ұстаздары болашағынан зор үміт күтетін талапкер ақын бірнеше рет аудандық және қалалық деңгейдегі айтыстарға қатысқан, әрі өзі көптеген олимпиада мен жарыстардың жүлдегері көрінеді. Редакция қызметкерлері талапкер жасқа қасиетті өнер жолына жасаған қадамы құтты болсын деп, сәт сапар тілейді.

ТАРИХЫМНЫҢ ТҰЛҒАЛАРЫ

Ежелгі сақ-ғұндардың тамырымыз,
Білге қаған, Тоныкөктің қыз-ұлымыз.
Уақытында Жошы хан билік еткен
Алпауыт Алтын Орда тұрғынымыз.
Әйгілі ғұламасы түркілердің,
Екінші ұстаз атанған күллі әлемнің
Әл-Фараби – ойшылы шығысымның
Кітабыңа бар ғылымды еншіледің.
Ой түзеді түйсікте қара сөзі,
Ілімі адамдықтың қайнар көзі.
Асылы ақындардың Абай атам –
Тұнып тұрған тәлімнің тура өзі.
«Қазағым» деп жасалған қарекеті,
Ұлтыменен ұлықталған әрекеті.
Ілияс, Сәкен, Жүсіпбектер –
Халқымыздың басындағы берекеті.
Қазағымда жоқ-ау бұлбұл Бибігүлдей,
Жайнаған сахнада раушан гүлдей.
Фариздай дүлдүл ақын таба алмаспын,
Тарихыңның тұлғаларын біліп жүргей.

КАРАНТИН

Шаршадым бір орында отырғаннан,
Бір бөлмеде күннің жүзін батырғаннан.
Ауыр індет әлемді әурелеген
Жоқ болсыншы тезірек, ізі қалман.

Сағындым серуенді көктемдегі,
Әнге жалғап үнімді өкпемдегі.
Аңсаймын мектептегі сәттерімді
Ерте тұра реттеген дәптерімді.

Қайда кетті көшедегі кептелістер?
Адам толы автобуста тербелістер.
Дәрігерге алғыс айту міндетіміз,
Қорғау үшін өлімнен бәрін істер.

Шыдау керек мойымай бұл сынаққа,
Демеуім бұл тіл бітіп сөз-шумаққа.
Қаламымнан төгілген бұл өлеңім
Қолдау болсын қамыққан шартарапқа!

ҰШҚЫН

Ойшыл адам жанып тұрған сіріңке,
Білем десең ашық саған қыр-өлке.
Жақындасаң тұтанарсың сен де ертең
Ақыл қусаң шығар сенен бір Мөңке.

Оқымысты оқу танып, ой білген,
Жасы келе қой қуарын кім білген?
Сан таныған – тілге жасық мәңгүрт боп,
Күлкі болып тілшілерге тіл мінген.

Кітап сүйген қор болар деп кім айтқан?
Алды ма екен өнеге олар бұл жайттан?

Абай түйген ғылымды қуған қазақ,
Сан додадан олжалы боп мың қайтқан.

Кейбіреулер қашады өмір жүгінен,
Шешім іздеп қу арақтың түбінен.
Төбелердің көзі соқыр төменге,
Төменгілер пұлын іздер күнінен.

АЗАТТЫҚ ТАҢЫ

Ғасырлар бойы тер төгіп,
Азаппен жеткен азаттық.
Аштықтан азып, бек шөгіп.
Көз-жаспен жеткен азаттық.
Қаһарын көріп қалмақтың,
Куәсі болдық зұлматтың.
«Алашым» деп ұрандап,
Жоңғарыңды жалмаппын.
Заманында қазағым,
Зар заманнан өтіпті.
Ол кезеңді ақындар
Өлеңінде өрбітті.
Махамбет пен Исатай
Әділдікті қолдады.
Кенесары-Наурызбай
Бар қазақты қорғады.
Тар заманда Әлихан ел болуды ойлады,
Азаттық үшін арыстар өз рухын қайта қайрады.
Ахметтің мақсаты – білім беру қазаққа,
Ұлты үшін ұлдарым қанатын қағып қомдады.
86 қысында жастарым шықты алаңға,
Бірігіп бірге қазағым қарсы тұрды ойранға.
Қонаевты қайтар деп жан-жұртым басты айқайға,
Әскерің ұрып соқса да қашпады қазақ қыр, ойға.

Азаттық үшін төккен тер
Қазағым, зая болмады.
Қанша қанмен жеткен жер
Бір өзіңді қолдады.

МҰҢАЙҒАНДА

Күрсінемін күркіреп күн тәрізді,
Жұлқынамын асау жүрген тай тәрізді,
Мұңайған мысық мінез тап бергенде
Аңқайған ақ көңілім сағым түзді.
Қылжақпас, күлкі көңіл ұмыт болды,
Жанарым жалын болып жасқа толды.
Түңіліп түтін болды тілектерім,
Босаңсыды күшке толы білектерім,
Қабағы қарауытқан қатал өмір
Жүректі қайта-қайта түртпектеді.

Ғайзат ЕЛУБАЙ,
А.Байтұрсынов атындағы №139 мектеп-
гимназияның 9 «В» сынып оқушысы.
Жетекшісі: Ұлжан НЕСІПБЕКОВА.
Алматы қаласы.